



«МЕКТЕПТЕГІ ТАРИХ ПӘНІ: БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢАША ТРЕНД, РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚ, ТАРИХИ САНА»

тақырыбындағы республикалық тәжірибелік
конференциясының материалдар

ЖИНАҒЫ

Ақтау қаласы
25 мамыр 2023 жыл

ӘӨЖ 373
КБЖ 74.268
М 11

Редакциялық кеңес:
Үмбетова Жаңагүл Жұмахметқызы (төраға)
Жұмабаева Жеміскүл Жеткізгенқызы
Мамаева Ақмоншақ Серікқызы
Жаңбырова Марал Нұрымбетқызы
Жәмиева Гүлдана Мұратқызы

Маңғыстау облысы білім берудің оқу-әдістемелік орталығының 19.05.2023ж.
№1 хаттамасымен мақұлданған және баспаға ұсынылған

«Мектептегі тарих пәні: Білім берудегі жаңаша тренд, рухани құндылық, тарихи сана» республикалық тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы – Ақтау қ. 2023ж. 370 б.

ISBN 978-601-02-1685-4

«Мектептегі тарих пәні: Білім берудегі жаңаша тренд, рухани құндылық, тарихи сана» тақырыбында тарих пәні мұғалімдерінің республикалық тәжірибелік конференциясының материалдар жинағына конференция қатысушыларының тарих пәнін оқытуда қолданылатын инновациялық технологиялары, шығармашылық жұмыстары еніп отыр.

Жинақ білім беру ұйымдарының тарих пәні мұғалімдеріне арналған.

ӘӨЖ 373
КБЖ 74.268
М 11

ISBN 978-601-02-1685-4

© Умбетова Жаңагүл Жұмахметқызы
Жұмабаева Жеміскүл Жеткізгенқызы
Мамаева Ақмоншақ Серікқызы
Жаңбырова Марал Нұрымбетқызы
Жәмиева Гүлдана Мұратқызы

МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ПӘНІНЕН ОЛИМПИАДАҒА ДАЙЫНДАУ ҮШІН ҰСЫНЫМДАР <i>Б.С.Айманов</i>	7
СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ОРГАНИЗАЦИЙ РАБОТЫ ШКОЛЬНЫХ МУЗЕЕВ <i>Ж.К.Базарбаева</i>	15
ТАРИХ - ҒАСЫРЛАР КУӘСІ <i>Д.А.Оразгулова</i>	23
ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДА ОЙЫН ӘДІСТЕРІН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ <i>Я.Қ.Аталиков</i>	34
ӘЛІМХАН ЕРМЕКОВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ <i>А.Д.Тілегенов</i>	45
ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА БАУЛУ <i>Г.М.Сарсенбаева</i>	50
ТҮПҚАРАҒАН АУДАНЫНЫҢ САКРАЛЬДІ ЕСКЕРТКІШТЕРІН ОҚЫТУ ТӘЖІРИБЕМ <i>А.Ә.Ізмағанбет</i>	54
С.ҚОНДЫБАЙДЫҢ МИФОЛОГИЯ ӘЛЕМІНДЕГІ ӘЙЕЛ ОБРАЗЫНЫҢ ТҮРКІ ДҮНИЕТАНЫМЫМЕН ҮНДЕСТІГІ <i>А.А.Тілекбаева</i>	61
МУЗЕЙДЕ БІР КҮН <i>М.Қ.Үсенбеков</i>	72
ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БОЙЫНДА ЗЕРТТЕУШІЛІК ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУ <i>Ж.К.Хамзин</i>	89
РАЗВИТИЕ ИСТОРИКО-ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ УЧАЩИХСЯ НА ОСНОВЕ КОНЦЕПТУАЛЬНОГО ПОДХОДА: МЕТОДЫ И ПРИЕМЫ <i>Ли Галина</i>	97
ВЛИЯНИЕ АКТИВНЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ НА РАЗВИТИЕ РЕЧЕВЫХ НАВЫКОВ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ ИСТОРИИ <i>Б.М.Мубаракова</i>	110
ТАРИХ САБАҚТАРЫНДА КЕРІ БАЙЛАНЫС АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ АЙТЫЛЫМ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ <i>А.Т.Буркитова</i>	115
ЖЕКЕ ТҮЛҒА ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ДАМУДАҒЫ АКТ - НЫҢ РӨЛІ (ҰБТ) <i>А.Н.Коржумбаев</i>	120
БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ - ЗАМАН ТАЛАБЫ	

<i>Ж.Ғ.Бейсенғалиева</i>	124
ТАРИХ ПӘНІ ОЛИМПИАДАСЫНА КҮРДЕЛІ ТАПСЫРМАЛАРДЫ ОРЫНДАУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРИХИ ФАКТІЛЕРДІ ТАЛДАУҒА БАҒЫТТАУ <i>А.Т.Смағұл</i>	127
ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ПӘНІНЕН ОЛИМПИАДАҒА ЭССЕ ЖАЗУ ҮЛГІСІ <i>Ж.Н.Таласова</i>	137
ҰБТ-ҒА ОҚУШЫЛАРДЫ ДАЙЫНДАУДЫҢ ІС-ӘРЕКЕТТЕГІ ЗЕРТТЕУЛЕРІ <i>М.А.Ауесбаева</i>	142
РОЛЬ ОЛИМПИАДЫ В РАЗВИТИИ ИСТОРИЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ УЧАЩИХСЯ» <i>А.Ж.Ибрагимова</i>	157
ЖАҢА ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ <i>Г.К.Ағатаева</i>	162
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАРИХИ САНАСЫН ДАМУДАҒЫ ТҮРЛІ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ РОЛІ <i>А.Кокенай</i>	168
ТАРИХ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙЛІ СҰРАҚ ҚОЮҒА БЕЙІМДЕУ <i>А.С.Хайруллин</i>	172
ТАРИХ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ <i>А.Ағниязова</i>	175
ТҮЛҒАНЫ ЖАН-ЖАҚТЫ ДАМУДАҒЫ БАСТЫ КӨРСЕТКІШ – ҚҰЗЫРЕТТІЛІК <i>Ф.Б.Суатова</i>	180
QUNDY» ҚОСЫМША ҮСТЕЛ ОЙЫНЫ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ПӘНДЕРДІ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ ТИІМДІЛІГІ <i>К.С.Смадияр</i>	190
ТАРИХ ПӘН МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ПӘНДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ-БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУДАН БАСТАЛАДЫ <i>А.А.Рубилова</i>	195
СКАФФOLDИНГ НЕМЕСЕ ОҚУШЫЛАРҒА «КӨПІРШЕЛЕР» ТҮРҒЫЗУ ОҚУ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ТИІМДІ СТРАТЕГИЯСЫ <i>Н.Е.Укубасов</i>	205
ЦЕЛИНОГРАД АУДАНЫ БОЙЫНША ТАРИХ ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ІЗДЕНІСТЕРІ МЕН ЖЕТІСТІКТЕРІ <i>А.К.Нұрахмет</i>	212

ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ МАРШРУТТЫҚ КАРТАНЫҢ ТИІМДІЛІГІ <i>Ж.К.Аманбаева</i>	217
РАЗВИТИЕ ИСТОРИКО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫХ НАВЫКОВ УЧАЩИХСЯ ЧЕРЕЗ АКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ <i>Ж.Ж.Султанхамитова</i>	222
ТАРИХ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАРИХИ ТАНЫМЫН АРТТЫРУДА САНДЫҚ ҚҰЗЫРЛЫҚ ӘДІСТЕРІН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ <i>А.А.Байгазиева</i>	232
ТАРИХ САБАҚТАРЫНДА ЗАМАНАУИ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ <i>А.П.Батырхан</i>	236
АКТУАЛЬНОСТЬ ОРГАНИЗАЦИИ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ КАК ОДИН ИЗ ШАГОВ К ФОРМИРОВАНИЮ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ УЧАЩИХСЯ <i>А.Н.Бекжанов</i>	243
ТАРИХ САБАҚТАРЫНДА ДЕРЕКТЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУДІҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ <i>М.Ж.Жеткізгенова</i>	249
ЭФФЕКТИВНОСТЬ ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ ИСТОРИИ В РАМКАХ О БНОВЛЕННОЙ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ <i>М.Ж.Джамекова</i>	260
ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ БІРІ – БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУ <i>А.Ш.Нуржанова</i>	268
ЖАҢАША ОҚЫТУ- ЖЕТІСТІК КӨЗІ. «NEARPOD» ПЛАТФОРМАСЫ» КОУЧИНГ <i>Ж.Ж.Узахбаева</i>	275
ТАРИХ САБАҒЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӨМІРЛІК ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ <i>Г.М. Урлеубаева</i>	279
МЕКТЕПТЕГІ ТАРИХ ПӘНІ: БІЛІМ БЕРУДЕГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ТАРИХИ САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ <i>А.Ж.Архыматаева</i>	281
«МЕКТЕПТЕГІ ТАРИХ ПӘНІ: ТАРИХ ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІ КЛИОНЫҢ ҚЫЗМЕТІНДЕ» <i>Б.С.Айманов</i>	298
СЕМИОЛОГИЯ ІЛІМІ (СЕМИОТИКА) ЖӘНЕ АРҒЫҚАЗАҚ РУ-РУНОЛОГИЯ ТАҢБАЛАРЫ <i>М.М.Ақмырзаев</i>	302
ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ОҚЫТУ ҚАЖЕТТІЛІГІ	

<i>С.А.Еділханова</i>	310
БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ТАРИХИ САНАСЫН ЖАНДАНДЫРУ, ТАРИХИ ОЙЛАУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МЕН ДАМУ ЖОЛДАРЫ	
<i>А.С.Сейниханова</i>	314
КЕЙС-СТАДИ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНУ	
<i>Г.А.Абикенова</i>	327
ӨЛКЕТАНУ ЖӘНЕ МУЗЕЙ САБАҚТАРЫ ТӘЖІРИБЕСІНЕН	
<i>А.Б.Абилкадыров</i>	331
ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ АЛУАН ТҮРЛІЛІГІ-УАҚЫТ ТАЛАБЫ	
<i>Б.Т.Аушахманова</i>	336
ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ БІРІ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ТҰЛҒА ТӘРБИЕЛЕУ	
<i>Н.Б.Бердибаева</i>	341
ҰБТ-ҒА ОҚУШЫЛАРДЫ ДАЙЫНДАУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ	
<i>Т.К.Кайрова</i>	343
ТАРИХ САБАҒЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӨМІРЛІК ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ	
<i>Ш.С.Касенова</i>	347
ТАРИХ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ШАРТТАРЫ МЕН ТАЛАПТАРЫ	
<i>Г.Ш.Нұрмағанбет</i>	353
МУЗЕЙНО - ЭКСКУРСИОННАЯ ПЕДАГОГИКА – ИННОВАЦИОННЫЙ МЕТОД ДЛЯ ФОРМИРОВАНИЯ У УЧАЩИХСЯ ГУМАНИСТИЧЕСКОЙ ЦЕННОСТИ В ЖИЗНИ»	
<i>Ә.А.Әбуталиева</i>	358
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТУҒАН ӨЛКЕ ТАРИХЫНА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУДАҒЫ «ӨЛКЕТАНУ» КУРСЫНЫҢ РӨЛІ	
<i>А.А.Айтказина</i>	365
ТАРИХ САБАҒЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	
<i>Б.Ш.Журасова</i>	368



«Қазақстан тарихы пәнінен олимпиадаға дайындау үшін ұсынымдар»

*Айманов Бауыржан Сағидуллаұлы
Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы,
«Ақшұқыр мектеп-лицейінің тарих пәні мұғалімі*

«...Жұртқа ғылым үйренумен, көрумен, білумен жайылады. Білімнің бас құралы – кітап. Қазақ арасына білім жайылуына, әуелі, оқу үйрететін орындар сайлы болу керек, екінші, білім тарататын кітаптар – жақсы боларға керек һәм халық арасына көп жайыларға керек. Осы мақсатқа жетуге зор себепкер болатын істің бірі – білім жарысы».

А.Байтұрсынұлы, «Білім жарысы» мақаласынан.

Қайырлы күн! Конференцияға қатысушы әріптестер.

Мұғалімнің де, оқушының да білім шыңы болып есептелетін жалпы білім беретін пәндер бойынша «Қазақстан тарихы» пәнінен оқушылармен олимпиадаға дайындық жұмысының жүруі, олимпиада кезеңдері мен тапсырмаларының құрылымы туралы, қандай әдебиеттермен жұмыс жүргізу қажеттігі жөнінде өз тәжірибеммен бөліскім келіп отыр. Бірнеше жылдан бері үзіліссіз облыстық, республикалық пәндік олимпиадаға өзім еңбек еткен мектептің оқушыларымен бірге «Дарын» облыстық оқу-әдістемелік орталығында республикаға жолдама алған оқушыларды да жаттықтырып келемін.

5-8 сынып оқушыларын олимпиадалық резерв ретінде, 9-11 сынып оқушыларын негізгі пәндік олимпиадаға дайындау үшін «Қазақстан тарихы» пәнінен жүргізілетін арнайы курстардың тиімділігі жоғары. Себебі, мұндай курс жоғары сынып оқушыларын өз елінің тарихын білуге қызықтырып қана қоймай, олардың пәндік білімінің тереңдеуіне, күн санап өсіп келе жатқан тарихи ақпараттарды өз бетінше игеруіне ықпал ететін әмбебап әдістер қызметі мен жүйесін қалыптастыруға, алдында тұрған мәселелерді оңтайлы шешуге, өз-өзіне баға бере алатын полимәдениетті тұлға қалыптастыруға бағыттайды.

Уақыттың алға жылжуымен оқушылар арасында өткізілетін жарыстар мен конкурстардың тапсырмаларын дайындау деңгейі де

жоғарылап келеді. Осындай білім додасының қатарында ішінде «Қазақстан тарихы» бар жалпы білім беретін пәндер бойынша өткізіліп тұратын олимпиадаларды атап өткен жөн. Бұл жарыстардың басты

мақсаты өз бетінше ойлай алатын, әртүрлі ақпараттарды іздеу, таңдап алу, оған талдау жасап қолдана білуге дағдыланған талантты балаларды іріктеу болып табылады.

Оқушымен олимпиада дайындығын жүргізетін мұғалімде «Дарын» РҒПО-ның тарапынан шығатын арнаулы курс бағдарламасы және пәндік олимпиаданың кезеңдерін ұйымдастыру мен өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар болуы тиіс. Сондай-ақ олимпиадаға оқушы дайындауды неден бастауды, қалай бастауды, қалай жүргізуді білмейтін жас мамандар үшін де аталған бағдарламалар қажетті деп ойлаймын. Оның бірнеше себептері бар.

Біріншіден, «Қазақстан тарихы» пәні бойынша олимпиадалық тапсырмалар ҚР мемлекеттік стандарты мен тарих бойынша білім беру бағдарламаларына сәйкес дайындалады. Алайда, олимпиадалық қозғалыстың ішкі құрылымы ескеріле отырып тапсырмалар оқушыдан терең ойды, талдау жасай білуді, тарихи үрдіске жан-жақты сипаттама беруді, деректік, тарихнамалық, фактологиялық және теориялық материалдарды (концепциялар, түсініктер, терминдер және т.б.) білуді, тарихи мәселелерге ерекше көзқарас білдіру және тұжырымдар мен қорытынды жасауды талап етеді.

Екіншіден, оқушыны пәндік олимпиадаға дайындаушы мұғалім әрбір кезеңнің мақсаты мен міндеттерін білуі тиіс. Себебі, олимпиаданың мектепішілік және аудандық деңгейінде оқушылардың мектеп бағдарламасына қатысты білімі, дағдылары мен біліктілігі нақты анықталады. Ал олимпиаданың облыстық және республикалық кезеңінде жеңімпаз оқушылардың деңгейін анықтауда аталған критериден де жоғары талап қойылады. Мектепішілік және аудандық кезеңдегі тапсырмаларды дайындауда оқушылардың сол мерзімге дейін өткен немесе алдыңғы сыныптағы қайталау материалдары енгізіледі. Облыстық және республикалық кезеңде оқып жатқан сыныптың, кей жағдайда алдағы сыныптың материалдары негізінде тапсырмалар жасалады.

Үшіншіден, барлық кезеңдегі олимпиада тапсырмаларының маңызды принципіне мектеп оқулықтарынан тыс тарихи ақпарат беретін

әртүрлі ғылыми еңбектер материалдарынан тапсырмалар дайындау жатады. Сондықтан олимпиадаға дайындаушы пән мұғалімі мен дайындалушы оқушы мектеп бағдарламасымен шектелмеуі тиіс. Жаттықтырушы пән мұғалімі академиялық деңгейдегі ғылыми еңбектер, монографиялар, зерттеулермен теориясын шындау арқылы оқушының білім көкжиегін кеңейтеді. Оқушыны дайындауда тарихи тақырыптарға шығарма жазу мен ауызша әңгімелесу арқылы білімін анықтауды тиімді жолға қою тиіс.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиада I-IV кезеңдерден тұрады.

I кезең: «Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқушы мектепішілік олимпиадада жазбаша жұмыс және тест тапсырмаларын орындайды;

II кезең: аудандық кезеңде жазбаша жұмыс, тест тапсырмасы және бонустық тапсырма (тарихи сөзжұмбақ) орындайды;

III кезең: олимпиаданың облыстық кезеңінде жазбаша жұмыс (әрқайсысы 10 ұпайға бағаланатын 5 сұрақтан тұрады), екінші айналымда тест сұрақтарына жауап береді (әрқайсысы 1 ұпаймен бағаланатын 30 сұрақтан тұрады). Аталған кезеңге қатысушылар мәтіндегі бос жылдарды толтыру (әрқайсысы 1 ұпаймен бағаланатын 10 сұрақтан тұрады) арқылы бонустық тапсырма орындайды;

IV кезең: олимпиаданың соңғы республикалық кезеңі екі турдан құралып 4 күнге созылады. Бірінші күні қатысушылар тапсырмада көрсетілген сұрақтарға тарихи шығарма түрінде жазбаша жұмыс жүргізеді. Екінші күні оқушылар бірінші айналым нәтижелерімен танысады, координация жүргізіледі. Үшінші күні екі айналым жүргізіледі. Бұл күні қатысушылар тест сұрақтары мен қосымша логикалық тапсырмаларға жауап береді. 20 минуттық үзілістен соң алқа мүшелері оқушылармен ауызша әңгімелесу жүргізеді. Әңгімелеу берілген тақырып пен жоспарға сәйкес жүргізіліп, максимальды 20 ұпаймен бағаланады. Қосымша (бонус) тапсырмалар адам аттары, артығын анықтау, біріктіру немесе сәйкестендіру (мысалы, автор мен оның еңбегі, оқиғалардың мерзімі бойынша орналастыру), мәтіндегі бос жылдарды толтыру (мерзімі, терминдер, оқиғалар, адамның аты-жөні), көзқарастың дұрыс немесе қателігін анықтау, тарихи деректердің үзінділерін толтыру, иллюстративті бейнелерге талдау жасау және т.б. Тапсырмаларды орындауда оқушының ластаған, сызған жауаптарды

әділқазылар бір мәнді жауап емес деп қабылдайды және дұрыс жауаптарды есептеуде назарға алынбайды.

«Қазақстан тарихы» пәнінен бірінші айнылымның негізгі тапсырмасы берілген тақырыпқа тарихи шығарма немесе эссе түрінде жазбаша жұмыс орындау болып табылады. Оның да өзіндік бағалау критеріі бар. Бірінші айналым тапсырмасын тексеруде соңғы үш жылдағы өзгеріп отырған бағалау критеріін назарыңызға ұсынамын:

2018 ж. бағалау критеріі	2019, 2021 жж. бағалау критеріі	2022-2023 жж. бағалау критеріі
<p>1. Жазбаша жұмыста оқушы берілген нақты жеке тақырып, кейде әртүрлі өзекті мәселелер бойынша тарихи шығарма түрінде жауап жазады;</p> <p>2. Әрбір жеке сұраққа берілген жауап 10 ұпаймен мынадай критеримен бағаланады.:</p> <p>2.1. Нақты мәселені білуі және оның мәнін ашуы – 5 ұпай;</p> <p>2.2. Тарихи деректі пайдалану және одан үзінді келтіріп, сол әдебиетке сілтеме жасау – 1 ұпай;</p> <p>2.3. Қисынды және талдамалы ойлау, сауаттылық,</p>	<p>1. Нақты мәселені теориялық білуі – 1 ұпай;</p> <p>2. Қазақстандық авторлар-дың еңбектеріне сілтеме жасау – 1 ұпай;</p> <p>3. Тарихи деректерге шолу (қытай, орыс, араб-парсы, археологиялық деректер), талдау жасай білуі – 5 ұпай;</p> <p>4. Жүйелілік пен баяндау, стиль – 2 ұпай;</p> <p>5. Сындарлы қорытынды жасау және түйіндей білуі – 1 ұпай.</p>	<p>Ескерту: Жауап берілген тақырып сұрақтары бойынша жазбаша жұмыс түрінде беріледі. Жауапта Отандық тарихнаманың ресми тұжырымдамалары ғана емес, сонымен бірге олимпиадаға қатысушының жеке ұстанымы да көрсетілуі керек. Жазбаша жұмыс құрылымы үш тақырыпшадан тұрады. Жұмысқа қойылатын талап – пән бойынша жақсы білім көрсету. Жұмысты жазу кезінде қатысушы келесі талаптарды ұстануы тиіс:</p> <p>1. Таңдалған тақырыпқа қатысты</p>

<p>баяндаудағы жүйелілік пен стиль – 2 ұпай;</p> <p>2.4. Сындарлы қорытындылар жасау және түйіндей білу қабілеті – 2 ұпай.</p> <p>3. Көрсетілген талаптарға толық сәйкес келмегенде толық емес ұпай (мыс.: 0,5 ұпай) қоюға болады;</p> <p>4. Жазбаша жұмыс тек бірінші айналымда ғана жүргізіледі. Жауап жазу астрономиялық 2 сағатқа (120, 150, 180 минут) созылады.</p>		<p>тарихи фактілерді толық және дәл көрсетеді және оны жан-жақты ашуға тырысады (1 балл);</p> <p>2. Тарихи оқиғалардың уақыты мен орындарын, тарихи тұлғалардың есімдері мен қоғамдық жағдайларды нақты атау (2 балл);</p> <p>3. Ғылыми тарихи ұғымдар мен терминдерді сауатты қолдану (2 балл);</p> <p>4. Тарихи оқиғалар, құбылыстар мен процестер арасындағы себептік байланыстарды қолдану және оларды қатаң түрде осы себеп салдарына сәйкес баяндау (3 балл);</p> <p>5. Таңдалған тақырыпты қысқаша кіріспе бөліммен (талданатын тарихи мәселенің тұжырымдары, сипаттамасы) таныстыруды бастау, негізгі мазмұнды логикалық және дәйекті түрде</p>
---	--	---

		баяндау, эссені қысқаша қорытындымен (негізделген қорытындымен) аяқтау (2 балл) . 6. Эссе көлемі: 300-500 сөз . 7. Мәтін ұқыпты, түсінікті қолжазбамен жазылуы керек. 8. Плагиатқа тыйым салынады.
--	--	---

Демек, олимпиадаға дайындаушы пән мұғалімі мен оқушы әрбір кезеңнің тапсырмаларымен жұмыс жасай отырып, жоғарыда берілген критерий бойынша дайындық жүргізуі тиіс. Жоғарыда берілген ұсынымдарды қабылдай отырып, берілген критерий бойынша жұмыс жасаған мұғалім мен оқушының біріккен жұмысынан оң нәтиже шығары сөзсіз.

Қазақтан шыққан тұңғыш тарих ғылымының докторы Е.Бекмаханов: *«...Тарих рецептпен жасалмайды. Оқигаларды бағалағанда біз нақты тарихи жағдайларға, қолдағы бар деректерге сүйенуіміз керек. Не нәрсенің де мәнін түсінуге бастайтын кілт – сол»*, - деп, тарих пәнін меңгеруде деректанудың негізгі рөл атқаратынын баса айтқан болатын. Сондықтан, олимпиадаға дайындық жүргізу үшін алдымен деректік қордың болуы маңызды. Оны төмендегідей бағытпен топтастыруға болады:

1. Ежелгі заманнан қазіргі кезеңге дейінгі мектеп оқулықтары (5-11 сыныптар аралығы).
2. Археология бағытындағы еңбектер (археология бағытындағы ғылыми-зерттеу институтының зерттеулері).
3. «Мәдени мұра» сериясымен жарық көрген антик авторларының, мұсылман (араб, парсы), орыс, қытай, түркі жазбаларындағы Қазақстан тарихы.
4. Қазақ ССР тарихы: көне заманнан бүгінге дейін. 1-5 томдықтар.

Алматы: Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1983 ж.

5. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. Алматы: «Атамұра», 2010 ж.

6. Қазақстан тарихы туралы жазылған баспасөз материалдары, ғаламтор деректері.

Аталған деректік қорды пайдалана отырып олимпиадаға дайындау барысында оқушының назарын «нені оқу қажет» деген түсініктен «қалай оқу керек» деген көзқарасқа итермелейтін оқыту методы ерекше маңыз атқарады. Яғни, білім мен танымды арттыруда өз бетінше игеру тәсілдерін үйренуге итермелеу. Оқушы тарихи деректерді пайдаланып, олимпиада тақырыптарымен жұмыс жасау арқылы өзіндік көзқарасын қалыптастыруды мақсат етуі тиіс.

Жоғарыда айтқанымдай, 2015 оқу жылынан бері облыстық “Дарын” оқу-әдістемелік орталығында пәндік олимпиаданың облыстық, республикалық кезеңіне оқушыларды тұрақты дайындап келемін. 2015-2021 жж. аралығында 22 оқушы пәндік олимпиаданың республикалық кезеңінің I, II, III орын жеңімпаздары болды.

Мұғалімнің мектептегі білім беру қызметімен қоса атқарған қоғамдық жұмысы да еленбеуі мүмкін емес. Білім шыңы болған олимпиадаға дайындықтың нәтижесі мені республиканың «Үздік педагогі» қатарынан көрінуіме де себепші болды.

Пайдаланған әдебиеттер.

1. Гуманитарлық пәндер бойынша оқушылардың республикалық олимпиадасының I – IV кезеңдерін ұйымдастыру мен өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар. – Астана: «Дарын», 93 б., Қазақстан тарихы, Жәкішева С.Ә., 65-86 бб.
2. Қазақстан тарихы пәнінен олимпиадаға дайындау үшін нұсқаулық. «Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал». - 2008 ж., №12 (65), 63-81 бб.
3. Хайруллина И., Оқушыларды олимпиадаға дайындау жолдары. «Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал». - 2011 ж., №10 (109), 29-34 бб.
4. Оқушыларды әртүрлі деңгейдегі олимпиадаларға дайындау бойынша арнаулы курс бағдарламасы (Қазақстан тарихы). – Астана: «Дарын», 2013 ж., 40 б.
5. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1, 2, 3, 4, 5-том. – Алматы: Атамұра, 2010.
6. Қазақ ССР тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. I, II, III, IV, V томдықтар. Алматы: Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1983.
7. Қазақ мемлекеттілігінің тарихы (ежелгі және ортағасырлық кезең). Монографиялық зерттеу. – Алматы: «Адамар» ЖШС, 2007. – 432 б.



«Современные подходы в организации работы школьных музеев»

*Базарбаева Жанат Куандыковна
учитель истории, педагог-исследователь
Карагандинская область, город Темиртау
КГУ «Женская гимназия»*

В последнее время в республике и в нашей области заметно активизировалось движение по созданию школьных музеев, однако можно выделить несколько проблем в данном вопросе. Первая проблема встречается чаще всего и связана с тенденцией формального применения школьного музея, когда его используют чаще всего для показа комиссиям и почетным гостям. Образовательная и воспитательная функции музеев в данном случае не выполняются. Вторая проблема связана с недостаточной исследованностью в отечественной науке вопросов создания и развития школьных музеев, поэтому процесс формирования настоящих, «живых» музеев все еще остается в руках малого количества энтузиастов. Отсюда возникает необходимость в обмене опытом по данному вопросу.

Музей женской гимназии «Арқаның асылдары» был открыт 13 декабря 2022 года. Работа над созданием музея длилась почти 2 года. Поскольку женская гимназия является уникальным учебным заведением Карагандинской области, где обучаются только девочки, все экспозиции музея связывает идея об особой миссии и важной роли женщин в нашем обществе. Целью музея является: Формирование у учащихся уважения к национальной традиции и культуре – истории страны на основе духовных ценностей, языка и истории многонационального Казахстана.

Экспозиции музея: «Ана тәрбиесі – ұлт тәрбиесінің негізі», «Қыздар әлемі», «Өнегелі өмір» связывают идеи об особой миссии и важной роли женщин в нашем обществе. Первая экспозиция под названием «Ана тәрбиесі – ұлт тәрбиесінің негізі» (Воспитание матери – основа воспитания народа) посвящена матерям и основам воспитания девушек. На первом стенде представлена история известных личностей – матерей в истории Казахстана. Любовь к стране и героические подвиги таких деятелей, как Томирис, Зарина, Бегим, Бопай,

Карашаш, Домалак ана, Абак ана, Айганым, Кунбике, Зере, сохранившиеся в народной памяти, всегда будут помнить будущие поколения.

Особую роль в истории Сарыарки играет Қарқабат Ана. По преданию, младший сын Каркабат Болаткожа был прозван Каракесеком. Имя матери сыновей (от великого Казыбек би до героя-космонавта Токтара Аубакирова), оставивших след в истории казахского народа, никогда не будет забыто. Каркабат-ана – один из символов единства народа, патриотизма и добропорядочности. Каркабат-ана называют великой матерью всех матерей. Она олицетворение всех добрых качеств матерей казахской степи, мать всего народа. Мудрость, жизненный путь и образ Каркабат-ана станут примером для подрастающего и будущего поколений. В честь нее в сентябре 2021 года был установлен памятник в поселке Каркаралинск Карагандинской области.

Кроме Каркабат ана здесь можно познакомиться с историей Домалак ана, Бопай ханшайым Гаухар, Сапуры, Улбике, Сары Тастанбеккызы, Дины Нурпеисовой и многих других. Всех их связывает нравственная чистота, ответственность за воспитание подрастающего поколения и любовь к Родине.

Гимназия является учебным заведением, в котором учатся девушки разных народов, поэтому в музее представлены информация и экспонаты, характеризующие модели воспитания казахского народа, славянских, тюркских, кавказских и других этносов, проживающих в Казахстане. Кажется, разные народы, разные обычаи и традиции, разные религии, но общим в моделях воспитания девушек является понимание особой миссии - воспитания девочек как будущих матерей, хранительниц очага, эталонов нравственности и чистоты.

Центральное место в музее занимает этнографическая экспозиция «Қыздар әлемі». Этнографические предметы в разделе: национальная одежда, украшения, женское рукоделие, предметы быта женщин, музыкальные инструменты представлены 5 манекенами. Манекены в национальной одежде по возрастным признакам показывают высокое искусство казахских мастеров и способствуют пониманию изящества казахской культуры.

1. Мир маленькой девочки
2. Мир девушки
3. Мир невесты

4. Мир снохи

5. Мир бабушки

Эти миры показывают стадии становления и развития девушек в обществе, вне зависимости от места работы или карьеры. Еще один мир, который может возникнуть в случае угрозы независимости Родины - Мир девушки-воина. Ярким примером девушек воинов служат Томирис, Алия Молдагулова, Маншук Маметова и многие другие.

Основная экспозиция: «Өнегелі өмір» (нравственная жизнь) состоит из 4 частей. Первая часть экспозиции посвящена истории выдающихся женщин Сарыарки в 1917-1990 гг. На территории Карагандинской области располагался Карагандинский исправительно-трудовой лагерь. Он был создан 19 декабря 1931 года. За весь период существования Карлага в нем побывали более 1 миллиона заключенных. Женщин во всех отделениях лагеря было не менее 43%. Среди узниц Карлага были женщины оказавшие большое влияние на формирование духовно-нравственного, образовательного потенциала Караганды в послевоенные годы. К примеру, Анна Владимировна Ланина – бывший сотрудник Всесоюзного института животноводства в Москве. Она прибыла в Карлаг в 1939 году, работала главным зоотехником отдела животноводства лагеря. В стенах Карлага Анна Владимировна вывела новую породу коров – казахскую белоголовую, которая давала 40 литров молока в сутки. За успехи в животноводстве по выведению новой породы крупного рогатого скота ей было присвоено звание Лауреата Государственной (Сталинской) премии.

Нельзя обойти вниманием участниц второй мировой войны, женщин, прославившихся своим героизмом. Вера Захаровна Хоружая, Кошкумбаева Рахима Жанкуловна, Горбунова Ксения Петровна и многие другие. Особо стоит отметить Карсыбекову Гулимжан Рахымжановну, награжденную Орденами Ленина и Красной Звезды, прослужившую до 1946 года, после войны посвятившую свою жизнь медицине.

Важную роль в развитии региона сыграли карагандинки – деятели культуры: Куляш Байсеитова оперная певица, народная артистка СССР, Жұбатова Забира Қыдыралыңқызы, певица, народная артистка КазССР, Жәмила Нұрмағанбетқызы Шашкина певица, народная артистка КазССР, Асаинова Сәкіш Шайтановна, Заслуженный деятель культуры КазССР, Жандарбекова Шолпан Исабекқызы, народная артистка СССР.

Они прославили регион не только в Республике, но и за его пределами.

Вторая часть экспозиции «Өнегелі өмір», посвящена женщинам, состоявшимся в годы независимого Казахстана. В 1991 году Казахстан объявил о своей независимости. Начались годы молодой Республики, в становление которой внесли свой вклад и карагандинки. Омарбекова Рымбала заслуженный деятель Казахстана, награжденная орденом «Парасат», почетный гражданин Каркаралинска, Бейсенбекова Нұрсахан Ахметқызы доцент кафедры археологии, этнологии и Отечества КарГУ им академика Е.А. Букетова, директор научно-исследовательского центра «Тұлғатану» награжденная нагрудными знаками «За вклад в науку РК», «Алимхан Ермеков», Почетный работник сферы образования Карагандинской области, Досмагамбетова Раушан Султановна ректор Карагандинской медицинской академии награжденная медалью «Ерен еңбегі үшін» и многие другие .

Третья часть экспозиции «Өнегелі өмір», посвящена женщинам нашего города – города Темиртау. Темиртау получил статус города в 1945 году Участие женщин в экономической и социально-культурном развитии города, сыграло важную роль в формировании современного облика Темиртау. Во второй половине XX века, были заложены основы успешного развития и процветания города уже в Независимом Казахстане. На сегодняшний день Темиртау крупный промышленный центр Республики Казахстан, где сосредоточены основные предприятия индустрии Центрального Казахстана. В городе Темиртау имеется университет, действуют 30 школ, колледжи. В городе работают множество учреждений культуры. И везде работают женщины, труд которых подчас незаметный, но эффективный делает наш город уникальным, непохожим на другие.

Почетные граждане города Темиртау Захарова Пелагея Григорьевна, Вахитова Нина Тимофеевна, Бидайбекова Куляй Тиметаевна, Орлова Лидия Васильевна, Веричева Берта Яковлевна состоялись в разных сферах экономической и общественной жизни общества, способствуя процветанию родного города. Особо хочется отметить Почетного гражданина Темиртау Султанову Шолпан Кубаевну, которая прошла путь от рабочей до заместителя акима города Темиртау. В 1995 году, когда в городе шел процесс оптимизации, возник вопрос о закрытии 26 школы на 2-м микрорайоне. Шолпан Кубаевна занимала пост руководителя отдела образования, по

ее инициативе, школу не только не закрыли, но на ее базе создали одно из первых инновационных учебных заведений города - женскую гимназию. Так началась история женской гимназии.

Ахметова Дарига Камзиновна директор первой казахской школы города Темиртау, открывшейся в 1991 году. Жалғасова Шамсибану Браловна, Стекольников Любовь Павловна, Польшина Любовь Иосифовна, Сыздыкова Майра Әубәкірқызы, Шаймерденова Құралай Жүнісқызы, Аманжолова Сауле Гайролловна и многие другие женщины Темиртау, которые могут служить образцом для подражания подрастающего поколения.

Четвертая часть экспозиции «Өнегелі өмір» посвящена истории женской гимназии. Она была основана на базе 26 школы в 1996 году. Первым ее директором была Шпакова Ирина Владимировна, в 2020 году директором назначена Кусаинова Алмагуль Шаметовна. Особую роль в становлении гимназии сыграли педагоги Епифанцева Любовь Васильевна, Ловчинская Татьяна Зигмунтовна, Нукушева Бакыт Куанышевна и другие. Выпускницы гимназии работают в различных сферах общества, внося посильный вклад в развитие нашей страны. История гимназии еще не закончена и продолжает пополняться.

Практически каждым музеем ведётся собственный поиск инновационных форм экскурсионного обслуживания. При их разработке необходимо учитывать существующие и доступные музею ресурсы и технологии, уровень подготовки экскурсантов, их интересы, изучать их запросы и потребности, обеспечивая обратную связь «музей – посетитель», а также дифференцированно подходить к организации, содержанию, методике подготовки и проведения экскурсий для различных возрастных и социальных групп. Такая работа ведется и в нашем музее, буквально с момента создания.

Большую роль во внедрении инноваций играют наши партнёры Областной краеведческий музей, Учебно-методический центр управления образования Карагандинской области, Историко-культурный центр Первого Президента, Совет ветеранов города Темиртау, Казахский национальный женский педагогический университет города Алматы и т.д.

В нашем музее работа по внедрению инноваций ведется по 4 направлениям.

1. Организация новых форм взаимодействия с посетителями;

2.Использование современных информационных и мультимедийных технологий;

3.Создание регулярных проектов, связанных с музеем

4.Расширение информационного присутствия музея в городе, регионе, стране

Важно отметить, что успешность современного музея определяется его способностью эффективно взаимодействовать с собственной аудиторией, быть привлекательным для посещений. В условиях школы и ограниченной государственной поддержки (или даже полном её отсутствии) проблема привлечения посетителей является основной. Успешный музей – музей, который является частью современности. И это означает, что успешный музей постоянно предлагает своему посетителю новые ощущения и впечатления». Другими словами, средством для достижения цели по привлечению посетителей становится именно инновационная деятельность музеев. Инновации в экскурсионно-туристическом обслуживании, направленные на организацию новых форм взаимодействия с посетителями, связаны с коммуникационными процессами в музее (использование социальных сетей, механизмов «обратной связи», технологии «соучастия», «вовлечения», «комментирования»), а также с применением новых технологий в культурно-просветительской деятельности музеев (использование технологий синтеза, интерактивности, партнёрства и другие). Организация новых форм взаимодействия с посетителями проводится через:

- Приобщение экскурсантов к экскурсиям через организацию квестов, интерактивных уроков, встреч;

- Использование современных информационных и мультимедийных технологий. Использование терминала, в котором может храниться вся информация, касающаяся музея – фотографии, документы, презентации, уроки, видеоролики, фильмы и т.п.;

- Использование QR- кодов. Через QR коды можно разместить информацию. Которая не вошла в стенды музея. Так, например, через QR код, расположенный на стенде нашего музея можно посмотреть фильм о Дине Нурпеисовой.

Современное оформление музея – каждый нюанс должен иметь значение. Идея нашего музея – воспитание девушек. Люстра в виде «шолпы» показывает значимость воспитания для девушек, передает

национальный колорит нашего народа. В перспективе планируется создание виртуального музея.

Создание регулярных проектов, связанных с музеем также является показателем «жизненности» музея.

Проекты:

- «Школа юного экскурсовода» мы обучили первых экскурсоводов нашего музея и ставим задачу для них – обучить других, цепь не прерывается;

- «Гимназия – наш общий дом» - поиск информации по истории педагогов, выпускников гимназии;

- Исследовательские – проекты детей и педагогов, совместные с родителями. Созданы на базе музея проекты: «Каркабат-ана», «Нравственные ценности в системе воспитания Зейнеп Ахметовой», «Женщины древнего мира», «Женщины Темиртау ы 40-90-е гг. XX века», «Принцесса Диана – повелительница сердец», «Королева Елизавета» и другие;

- Создание авторских программ, к примеру «Музееведение», «Мир женщины», «Тұлғатану».

Подводя итоги, следует отметить, что перспективы успешного развития музеев в современном мире тесно связаны с изменением их имиджа; с превращением музеев в социальный институт, создающий и предоставляющий нужную информацию и массовую доступность к интеллектуальному, историко-культурному и природному наследию; с развитием разнообразных форм культурно-образовательной деятельности музеев, ориентирующихся на индивидуальные предпочтения, творческие склонности, интересы, уровень подготовки и другие особенности различных категорий посетителей.

Прежде чем стать гражданином и патриотом Родины, школьник должен научиться быть гражданином и патриотом своей школы, своего города, знать историю своего края. Мы живём в непростое время. Всё труднее учить добру и милосердию, находить образец для подражания, проводить трогающие душу встречи, праздники, уроки. Но делать это надо во имя будущего. Жизнь продолжается, и по-прежнему необходимы людям доброта, любовь к Родине, своим родным и близким. Память о прошлом, желание и стремление к преобразованию, т.е. формирование активной жизненной позиции и высокой нравственности - эти понятия должны жить, не устаревая,

передаваясь от поколения к поколению. И это удастся делать наиболее эффективно в школьных музеях.

Список литературы

1. Тулеуова Б.Т., Шотбакова Л.К. и др. «Вклад женщин Центрального Казахстана в развитие региона» (30-90-е годы XX века)
2. <https://www.zakon.kz/4912754-gendernaya-politika-respubliki-kazahstan.html>
3. https://adebiportal.kz/ru/news/view/velikie_zhenshchiny_v_istorii__19838
4. https://www.inform.kz/kz/kazak-dalasyndagy-alemdi-tandandyrgan-abzal-analar-men-ukili-kyzdar-foto_a2865691
5. <https://el.kz/aza-ty-alyptanalarymen-a-arman-lyzdary41030/>
6. <http://www.relga.ru/Environ/WebObjects/tgu-www.woa/wa/Main?textid=5556&level1=main&level2=articles>



«ТАРИХ - ҒАСЫРЛАР КУӘСІ»

*Оразгулова Дина Айнуровна
Қызылорда облысы, Арал қаласы, № 2 облыстық
мамандандырылған мектеп - лицей - интернатының
тарих пәні мұғалімі, сарапшы - педагог*

Тарих - біздің істеріміздің өткенінің куәсі, қазіргіміздің үлгісі мен өнегесі, ал болашағымыздың асыл қазынасы.

Мигель де Сервантес

2004 жылғы «Мәдени мұра» бағдарлама негізге алып, өзіміздің өлке тарихын зерттеуге мүмкіндік алдық. Қазіргі таңда «Мәңгілік ел», «Рухани жаңғыру» аясында тарихи оқиғалармен және жергілікті жерлерді тарихи ескерткіштерді жаңғыру мақсатында балаларға жергілікті жерімізді кіші отан ретінде таныту мақсатында курстық авторлық бағдарлама құрастырдым. 2 жыл өз тәжірибемде пайдаланып келемін. Бұл курстық бағдарлама 5 – сыныпқа арналған.

Туған еліміздің тарихын білу – әрбір саналы азаматтың қасиетті борышы. Сондықтан білім алып алып жүрген әрбір оқушының тарихи санасын бүгінгі заман талабына сай қалыптастырудың маңызы зор.

Курстық бағдарламының өзектілігі: Ежелгі заманнан күні бүгінге дейінгі және жергілікті кіші Отанының тарихи оқиғаларын зерттеп, зерделеу.

Мақсаты: Қазақстан тарихын оқып үйренуде тарихи тың деректерді негізге ала отырып, жаңа ақпараттық көздері пайдалану, жетілдіру, зерттеу.

Ежелгі заманнан күні бүгінге дейінгі тарих беттерінен мәліметтерді қолдану және жергілікті кіші Отанының тарихымен байланыстыра отырып, тереңірек білім алушыларға мүмкіндік жасау.

Міндеттері:

- Оқушылардың тарих пәніне ғылыми көзқарасын қалыптастыру;
- Ежелгі Қазақстан мен жергілікті кіші Отанының тарихы туралы деректермен таныстыру;
- Жергілікті жерден табылған тарихи тұрақтар, жәдігерлер, ескі

қалалар және есімдері тарихта із қалдырған тұлғаларларды, ерекше оқиғаларды танып білуге, түсінуге көмектесу;

-Отаны мен халқы алдындағы жауапкершілігін сезінетін жас ұрпақтың азаматтық ұстанымын қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

1. Оқушының жеке тұлғалық сипатын айқындап, оларды кәсіпке бейімдеудің алғы шарттарын дамытады

2. Пән олимпиадасына қатысады, жоба қорғайды, өзін-өзі бағалай алады.

3. Тарих пәніне деген қызығушылығы, жергілікті кіші Отанына құрметі артады.

4. Оқу дағдылары дамиды, ізденеді, ойларын жеткізеді

5. Жаңа ұғымдардың мәнін дұрыс түсінеді, орынды қолдану біліктілігі артады.

6.Тарихи картадан түрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстан территориясында болған өзгерістерді, тарихи ескеркіштердің аймақтарын, тарихи – географиялық орналасқан орындарды көрсете біледі.

Курстық авторлық бағдарлама 4 – бөлімнен тұрады.

1 – бөлім «Тарих ғасырлар куәсі» бағдарламасы;

2 – бөлім Тақырыптық мазмұны;

3 – бөлім Қысқа мерзімді жоспары;

4 – бөлім Оқушының жұмыс дәптері

Курстық бағдарлама 5 – сыныпқа арналған, жылына – 34, аптасына 1 – сағат, VI бөлімнен тұрады. VI бөлімдегі тақырыптар оқушыларға нағыз тарихшы ретінде, түп-деректермен жұмыс жасауда таптырмас материал деп санаймын. Сондықтан бөлімдерді Тарих әлемі бөлімінде тарих пәнінің оқытатын салалары, Тарихқа саяхат бөлімінде жергілікті жердің тұрақтары мен қалалардың тарихы туралы қарастырып, Біртұтас қазақ мемлекетінің құрылуы бөлімінде қазақ хандығының құрылуымен билеген хандардың саясаты, Қазақстанның басты оқиғалары бөлімінде 1917-1986 жж оқиғалар қарастырылды, Тәуелсіздіктің ғажайып жылдары бөлімінде тәуелсіздік жылдарын жеткен жетістіктері, Кіші Отанымның тарихы бөлімінде туған жердің тарихымен байланыстырып алдым. Оқушылардың ғылыми жүйелі және бірізді білім алуына мүмкіндік туғызып, сабақтарымда барынша оқытудың жаңа технологияларын пайдаланып, жүзеге асырып келемін.

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Күні
1	Кіріспе. Тарих пәні туралы	1	
I бөлім. Тарих әлемі – 4 сағат			
2	Тарихтың қайнар көзі – деректер	1	
3	Өлкетану дегеніміз не?	1	
4	Тарих және уақыт	1	
5	Тарихи карталар	1	
II бөлім. Тарихқа саяхат (Әр дәуірдің тұрақтары, патшасы, қалалары) – 10 сағат			
6	Адамның пайда болуы туралы көзқарастар.	1	
7	Адамзат тарихы	1	
8	Сексеуіл неолит тұрағы.	1	
9	Түгіскен және Ұйғарақ қорымдары	1	
10	Сақ патшалары	1	
11	Шірік – Рабат мәдениеті	1	
12	Бәбіш молда орталығы	1	
13	Қарғалы диademасы	1	
14	Көк – Мөрдан – ежелгі қалашық	1	
15	Орта ғасырлық Сыр бойы қалалары	1	
III бөлім. Біртұтас қазақ мемлекетінің құрылуы – 5 сағат			
16	«Ұлыдаланың дара тұлғалары»	1	
17	«Ұлы дала хандары»	1	
18	Қазақстан және Ресей	1	
19	<i>Тарихта өшпес із қалдырған хан</i>	1	
20	XIX ғасырдағы тәуелсіздік үшін күрес жылдары	1	
IV бөлім. Қазақстанның басты оқиғалары – 4 сағат			
21	Ресей империясының құрамындағы Қазақстан	1	
22	Қазақтың ұлт зиялылары	1	
23	Ғарыш қырандары	1	
24	Желтоқсан шежіресі - елімнің мәртебесі	1	
V бөлім. Тәуелсіздіктің ғажайып жылдары – 5 сағат			
25	Тәуелсіздік дәуірі	1	
26	Елбасы және тарих	1	
27	Рәміздер сыр шертеді	1	
28	"АтаЗаң – Азат елдің ар-намысы"	1	

29	«Теңге – мемлекеткелбеті»	1	
ҮІ бөлім. Кіші Отанымның тарихы – 4 сағат			
30	Аралдың ғасырлық тарихы	1	
31	Сыр өңірінің атақты батырлары.	1	
32	Ұлы Отан соғысындағы Сыр өңірінің ерлігі.	1	
33	Жәдігерлер сыр шертеді. Аудандық мұражайға саяхат сабағы	1	
34	Қорытынды – қайталау	1	

2 – бөлім. Тақырыптық мазмұны бойынша 33 сабаққа арналған мәтіндер берілген. Мәтінмен жұмыс жасау тақырыптағы құнды мәліметтер танысады. Үлкен әрі ауқымды тақырыпты оқыту мен меңгерту кезінде, оқушылар мәтінді бөлікке бөліп оқиды, бір - біріне түсіндіреді, өзара бірін -бірі оқытады, дұрыс сөз саптайды,ойлау қабілеттері артып, белсенділіктерін көрсетеді.

Ерекшелгі QR код бағдарламасы арқылы оқи алады, бұл дегеніміз оқушы үшін үлкен мүмкіндік қажетті ақпаратты алады.



3 – бөлім. Қысқа мерзімді жоспары

Ұлы ғұлама Ж.Аймауытов сөзімен айтқанда: **Сабақ беру - үйреншікті жай ғана нәрсе емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер.** Осы нақыл сөзді үнемі басшылыққа алып жүріп, әрбір сабағыма үлкен жауапкершілікпен қараймын. Себебі, білім алушылардың бойында ең бастысы тарихи сана, қазақстандық патриотизм, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастыру, зерттеушілік, ойлау, коммуникативті дағдыларды дамыту болып табылады.

Әдістемелік нұсқаулықта сабақ жоспарының үлгілері берілген. Курсты оқыту барысында қысқа мерзімді жоспармен қатар, лекция, интеллектуалдық ойын, ізденіс – сайыс, дөңгелек үстел, саяхат сабақ түрлері беріліп отыр. Сабақтың жоспарында сабақтың төмендегідей әдіс – тәсілдері таңдалды:

Топтық жұмыста «Ара ұясы» әдісі, «Еркін сөйлеу» әдісі, Тарихи дөңгелек, Джигсо әдісі, «Т» әдісі, «Үш бұрыш» әдісі, Симннид әдісі, Веер әдісі, Ізден-бөліс әдісі, Оқы, талқыла әдісі, Кластер әдісі, W әдісі, Түйіндеме әдісі

Тапсырмаларды орындауда: термин сөздер, кестелер, сызбалар,

конверт сұрақ суреттер сөйлейді, эссе, тарихи сынақ хат, салыстырмалы кесте, сиқырлы нүктелер, ақиқат/жалған, семантикалық карта ашық және жабық тесттер, сәйкестендіру тесті венн диаграмасы, тарихи тұлғаға хат жазу, математикалық ойын, тарихи лото, балық қаңқасы, таза тақта және рефлексия түрлері т.б.

Learningapps.org сайты, Plikers.com, ZipGrade программасы тапсырлары да енгізілді



Сіздерге бір сабағыма таныстырылым жасап өтейін: (слайд)



9 – сабақ

Бөлім:	Екінші бөлім. Тарихқа саяхат
Сабақтың тақырыбы	Түгіскен және Ұйғарақ қорымдары
Оқу мақсаты:	Түгіскен және Ұйғарақ қорымдары түсінік қалыптастыру
Сабақтың мақсаты	Темір дәуіріне жататын Түгіскен және Ұйғарақ қорымдарын сипаттайды Қорымдардың жерлеу ғұрпының ерекшеліктерін анықтайды
Бағалау критерийі	Түгіскен және Ұйғарақ қорымдарын сипаттайды Қорымдардың жерлеу ғұрпының ерекшеліктерін анықтайды
Тарихи концепт	«Дәлел»
Ойлау деңгейі	Білу, түсіну. Қолдану
Пәнаралық байланыс	География, Өлкетану

Сабақтың барысы


Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
10	«Сағат бойынша	Жылы		

<p>МИН</p>	<p>достар» тренингі бойынша жылы ахуал туғызу Learningapps.org сайты Пазл ойыны</p>   <p>Суреттен не байқадыңыз? Қандай ескерткіш болуы мүмкін? Бұл ескерткіштер Сырдарияның төменгі бойындағы Ұйғарақ және Түгіскен қыраттарында орналасқан обалар Сабақтың тақырыбы мен мақсаты таныстырылады</p>	<p>лебіздерін білдіреді</p> <p>Темір дәуірінің қорымдары на тиісті мәліметті орналастыру арқылы жасырылған суретті ашады.</p> <p>Суретке қарай отырып болжам жасайды</p>	<p>«Басбармақ»</p>	<p>https://learningapps.org/display?v=ps6fhhc0321</p> <p>https://kk.wikipedia.org/wiki/Түгіскен_және_Ұйғарақ_обалары</p>
<p>18 МИН</p>	<p>Мәтінмен жұмыс. Джигсо әдісі Мақсаты: бірлескен жұмыс арқылы тақырыпты меңгеру. Мәтінді өзі оқи отырып, өзгеге үйрету. Өзара топта 1 – ден 3 – ке дейін санауды тапсырамын.</p>	<p>Мәтінді талқылайды. Талқылағаннан кейін 1-лерді бір топқа (тсс 2-3) топтастыры</p>	<p>Өзара бағалау</p>	<p>Өлкетану 5-7 сынып https://kk.wikipedia.org/wiki/Түгіскен_және_Ұйғарақ_обалары</p>

7 мин	1 – лер: Қорымның құрылысы 2 – лер: Жерлеу ғұрпының ерекшеліктері 3 – лер Материалдық мәдениеті (Жж) « Сиқырлы нүктелер » әдісі	п, жұмыс жасайды Жұптар берілген әр нүктедегі сандарда жасырылған мәліметтерді талдайды Тапсырманың ақиқат немесе жалған екен табады	«Алақан – жұдырық» Смайликтер	Әне Ұйғарақ обалары Арнайы кесте парағы Таратпа материалдар								
	ҮІІ-ҮҒҒ IX-ҮІІІ Ғ 70 9/27 Ү Ғ 											
	(Ж) « Ақиқат/жалған » әдісі											
	<table><tr><td>Тапсырма</td><td>Ақиқат</td><td>Жалған</td></tr><tr><td>Сырдарияның төменгі бойындағы Ұйғарақ және Түгіскен қыраттарында орналасқан.</td><td></td><td></td></tr><tr><td>Қабір ішіндегі мәйітке арналған</td><td></td><td></td></tr></table>	Тапсырма	Ақиқат	Жалған	Сырдарияның төменгі бойындағы Ұйғарақ және Түгіскен қыраттарында орналасқан.			Қабір ішіндегі мәйітке арналған				
Тапсырма	Ақиқат	Жалған										
Сырдарияның төменгі бойындағы Ұйғарақ және Түгіскен қыраттарында орналасқан.												
Қабір ішіндегі мәйітке арналған												

	орын – лақаттар өте терең.						
	Сақтарды ң обалы қорымы 4 кешенге бөлінеді						
	Жерлеу құрылыст арының екінші үлгісі — жерден қазылған шұңқырл ар.						
	Оңтүстік Түгіскен б.з.д Y- YII ғасырға жатады						
	Ұйғарақт а жер қабірлерд ің Түгіскенд е жоқ түрі бар. Бұл негізінен бұрышта ры дөңгелені п келген						

	тікбұрыш ты тар молалар.						
	<p>Дескриптор</p> <p>Білім алушы</p> <p>- Сырдарияның төменгі бойындағы Ұйғарақ және Түгіскен қыраттарында орналасқан ақиқат/жалғанын анықтайды</p> <p>- Қабір ішіндегі мәйітке арналған орын – лақаттар өте терең ақиқат/жалғанын анықтайды</p> <p>- Сақтардың обалы қорымы 4 кешенге бөлінеді ақиқат/жалғанын анықтайды</p> <p>- Жерлеу құрылыстарының екінші үлгісі — жерден қазылған шұңқырлар ақиқат/жалғанын анықтайды</p> <p>- Оңтүстік түгіскен б.з.д V-VII ғасырға жатады ақиқат/жалғанын анықтайды</p> <p>- Ұйғарақта жер қабірлердің Түгіскенде жоқ түрі бар. Бұл негізінен бұрыштары дөңгеленіп келген</p>						

	тікбұрышты тар молалар ақиқат/жалғанын анықтайды			
3 мин	«Ұстазға хат» деп бүгінгі сабақтан түсінгендерін көгершінге жазып жапсырады	«Ұстазға хат» жолдайды		

Осы әдіс – тәсілдер арқылы оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттыру, ынталандыру және өзі мен өзгеге баға бере білуге үйрету көзделді. Бүгінгі талаптардың бірі оқушылардың белсенділігін арттыру, өзіндік жұмыстардың түрлі әдістерін қолдану арқылы олардың білім – біліктілігін көтеру, тарихын біліп, мәдениетін құрметтейтін азамат тәрбиелеу.

4 – бөлім. Оқушының жұмыс дәптері

Оқу процесінде дәптерді пайдалану қажетті білім жиынтығын ала отырып, оқушыларға сабақтар тақырыбын терең меңгеруге көмектеседі, оқылған материалды мақсатты қайталауды және пысықтауды қамтамасыз етеді. Тапсырмалар оқушылардың өз бетінші жұмысына, сонымен қатар мұғалім жетекшілігімен оқу әрекетіне бейімделген.

Тапсырмалар термин сөздер, кестелер, сызбалар, конверт сұрақ суреттер сөйлейді, эссе, тарихи сынақ хат, салыстырмалы кесте, сиқырлы нүктелер, ақиқат/жалған, семантикалық карта ашық және жабық тесттер, сәйкестендіру тесті венн диаграмасы, тарихи тұлғаға хат жазу, математикалық ойын, тарихи лото, балық қаңқасы, таза тақта және рефлексия түрлері т.б. Learningapps.org сайты, Plikers.com, ZipGrade программасы тапсырлары да енгізілді.

Қорытындылай келе 5 - сыныптарға арналған «Тарих – ғасырлар куәсі» курстық бағдарлама білім алушылардың рухани дүниесін кеңейтеді, ақыл – ойы мен сана - сезімін оятады.

Оқушылардың зерттеушілік, ойлау, коммуникативті дағдыларды дамытады

Тың, жаңа әрі шығармашылық ой-түсінік пен қатар өзінің пікірін айтып, дәлелдемелерді, нақты фактілерді, тарихи деректерді келтіре алады

Өмірмен байланыстыра отырып, біліп, түсінген білімін қолданудың жолын үйренеді, айтады

Бұл факультативтік сабақтар шәкірттеріміздің пәнге деген арттырып келеді. Мысалы, шәкірттеріміз (осы курсты оқыған) облыстық және республикалық шығармашылық байқауларға қатысып, жүлделі орындар алды.

Атап айтатын болсақ, Әкімшаев Әбілмансұр ІІ дәрежелі - «Дарын» облыстық қосымша білім беру орталығы, «Елбасы және тарих» тақырыбындағы қашықтан облыстық жас ғалымдар конкурсы, Өтеуова Айана ІІ дәрежелі Диплом - «Дарын» облыстық қосымша білім беру орталығы, Алтын Орданың 750 жылдығына орай «Көне тарих сыр шертеді» тақырыбында өткізілген облыстық сырттай шығармалар байқауы, Ақбалаев Әділжан Диплом – ІІІ орын «Дарын» облыстық қосымша білім беру орталығы, «Жау жүрек полк» (Бессмертный полк) тақырыбында ҰОС ардагерлерінің ерліктерін насихаттау бойынша қашықтықтан облыстық бейнеролик конкурсы. «Менің Кіші Отаным» V республикалық конкурсы облыстық кезеңі, «Менің кішкентай Отанымның тарихы» номинациясы бойынша Қайырлаев Берекет І орын, V республикалық зияткерлік конкурсының ІІІ орын дәрежелі диплом марапатталды

Олай болса, Тарих - біздің істеріміздің өткенінің куәсі, қазіргіміздің үлгісі мен өнегесі, ал болашағымыздың асыл қазынасы. Біз тарихтан кеменгерлікті үйренеміз дегендей тарихымызды қастерлей білейік.



«ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДА ОЙЫН ӘДІСТЕРІН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ»

Аталиков Якуб Қайырұлы

Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы,

*«Н.Оңдасынов атындағы №5 жалпы білім беретін
мектеп» КММ, тарих пәнінің мұғалімі, педагог-шебер*

Бүгінгі таңда заманның талабына сай орта мектептерде жаңа буын оқулықтарымен қоса оқытудың жаңа оқу-әдістемелік технологиялары көптеп ұсынылуда. Жаңа оқу үрдісі мынадай интерактивті әдістерді кеңінен қолдануды құптайды:

- проблемалық шығарма әдістері;
- презентациялар, пікірталастар;
- топпен жұмыс;
- тірек сигналдарын, схемалар мен кестелерді, кроссвордтар мен чайнвордтарды, ой сергіту мен викториналарды сабақта қолдану,
- миға шабуыл әдісі;
- сын тұрғысынан ойлау әдісі;
- викториналар;
- зерттеулер;
- іскерлік ойындар;
- рөлдік ойындар;
- оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту мен оқу;
- оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау;
- оқытумен оқуда АКТ-ны қолдану, т.б.

Бұл әдістер мен тапсырмалар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыратыны сөзсіз.

Осы тұста, тарих пәнін оқытуда ойын элементтерін пайдалану әдістерінің тиімділігі өз орнын жоғалтпағанын айта кеткім келеді.

Ойын арқылы оқушының ой-пікірі мен бастамасы, ұсынысы мен тапсырманы орындау шеберлігі, сөйлеу мәдениеті мен ой тұжырымы, пайымдаулары, талпыныстары мен ізденістері, қызығушылығы мен байқампаздығы, іскерлігі мен дағдысы, іске батыл, сеніммен кірісуі жүзеге асады. Мұнда бағыт-бағдар беру, істің дұрыс-бұрыстығын

анықтау мұғалім тарапынан болуы керек екенін де естен шығармау керек.

«Ойын ойнап ән салмай, өсер бала болар ма?» - деп, ұлы данышпан Абай Құнанбаевтың пікірінен бала өміріндегі ойынның маңыздылығын көруге болады. Ойын әрекеттері оқушылардың психикасының дамуына әсер ететіндігі туралы белгілі қазақ ғалымдары Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердіұлы, С.Торайғыров, Т.Тәжібаевтар өз еңбектерінде айтып кеткен. Ертедегі ұлы ойшылдар Жан Жак Руссо мен Г.Песталоцци ойын арқылы балаларды болашақ өмірге бейімдеу керек деп түсіндірсе, ойынға тек уақыт өткізу әдісі ретінде қарамай, оның тәрбиелік мәніне, оқу барысында алатын орнына мән беру керектігін К.Д.Ушинский мен П.Ф.Лесгафт, А.С.Макаренко мен Н.К.Крупская, В.А.Сухомлинский мен С.П. Шацкий сынды белгілі педагог-ғалымдар да өз ой-пікірлерін айтқан. Ең бастысы, ойын барысында оқушылар ешқандай мәжбүрлеусіз, өз еріктерімен пән бойынша білуге тиісті материалдарды түрлі жолдармен қайталап отырады, Сонымен қатар, оқушылар ойын барысында өз ара сайыса отыра тек қана жаттанды біліктілікке ұмтылмай, ойлауға, тиістіні қалдырып, артығынан бас тартып, салыстыруға, бағалауға тырысады.

Ойын – бұл адамның мінез-құлқын өзі басқарумен анықталатын қоғамдық тәжірибені қалыптастыратын іс-әрекеттің бір түрі. Ойын әрекеті қазіргі таңда бала тәрбиесі мен жастарды оқыту процесінде маңызы артып келе жатқан қызметтерді атқарады, атап айтсақ, коммуникативтік немесе қарым-қатынастық қызмет, диагностикалық қызмет немесе ойын барысында балалардың өзін-өзі тануы, коррекциялық өзін-өзі түзету қызметі, әлеуметтендіру қызметі, т.с.с. Ойынның адамның дамуына, қалыптасуына, тәрбиесіне байланысты функциялары әлі де болса толық зерттеліп болған жоқ.

Ойын процесстерін сабақта және сабақтан тыс шараларды ұйымдастыру кезінде пайдалану аясында жинақталған көпжылдық тәжірибем оқу-әдістемелік құралдар ретінде баспадан жарық көрген («Қазақстан тарихы» оқу-әдістемелік құралы, Алматы, 2007 ж., «Ойыннан білімге», оқу-әдістемелік құралы, Алматы, 2014, 2015 ж. - екі басылымда, «Ежелгі Қазақстан тарихы», сызбалар мен кестелерде. Тапсырмалар жинағы», Алматы, 2018 ж.),

2016 жылы Республикалық «Үздік авторлық бағдарлама-2016» конкурсында менің жобам үздік деп танылған.

2012 - 2013 оқу жылынан бүгінгі таңға дейін «Ойыннан – білімге» атты танымдық-зияткерлік бағдарламам қала, аудан, облыс деңгейінде оқушылар, студенттер, жас мамандар арасында жүзеге асуда.

Ойын – адамның дүниетанымының алғашқы қадамы. Сондықтан ойын арқылы оқушы жастар өмірден көптеген мәліметтер алып, білімін жетілдіреді.

Танымдық ойындарды оқу процесінде қолдануда мұғалімнің алар орны ерекше. Мұғалімнің қолдауынсыз оқушылардың көптеген қызықты бастамалары қиыншылықтарға кездесіп, жүзеге аспай жатады.

Сондықтан мұғалім танымдық ойындардың ұйымдастырушысы ғана болмай, оған қатысушы да болу керек. Өте жақсы ойын болса да, ойынға оқушыларды итеріп салып, мұғалім тек бақылаушы ретінде қалса, оқушыларда соншалықты қызығушылық туа қоймайды. Мұғалім

оқушылардың шығармашылық әрекеттеіне бастаушы болып, оларды алға тартуға міндетті. Алайда, мұғалім өз дегенін жасатып, оқушыларға таңдауға мүмкіндік бермесе тағы да болмайды, балалар ұжымының қалауымен міндетті түрде санасып, олардың көңілінен шыға білу керек.

Тарих пәнін оқытуда танымдық ойындар жиі қолданылатындықтан, ойын кезінде мұғалімдер бірте-бірте байқалмай қалуы да мүмкін. Бірақ ойынның басында ол ең жоғарғы тұлға, пайда болған келіспеушіліктерді шеше білетін қазы және ең белсенді қатысушы. Өз пәнін жетік білетін, көптүрлі жауаптары бар қиын сұрақтарды аша біле алатын мұғалімнің қасында болуы оқушы үшін өте маңызды. Тарих пәні көптеген хронологиялық даталармен байланысты, кейде жүзжылдық,

мыңжылдық кезеңдерге тиісті оқиғалардың қашан болғандығын мұғалімнің көмегінсіз ажырату қиынға соғады. Кейбір танымдық ойындарды мұғалімнің өзі басқарғаны дұрыс. Тарих пәнінің мұғалімі балалармен бірге танымдық ойындарды дайындаумен шектелмеу керек, ол оқушыларға ойынды таңдауға көмектесу керек, осы ойындарды жүргізуші ойыншылардың шеберлігін шыңдауға ықпал ету керек.

Қазіргі таңда Қазақстан мектептерінде қолданыстағы деңгейлі бағдарламалардың да негізгі түйіні баланы ойын арқылы оқыту десем, артық болмас.

Аталмыш әдісті тарих пәнін оқыту барысында бөлімдерді аяқтап, қайталау сабақтарын өткізуде, бөлімді жиынтық бағалау (БЖБ) кезінде пайдалануға кең мүмкіндік бар. Бұл әдісті барлық сыныптарда (5-11) қолдануға болады.

Бүгінде әріптестерім арасында тарату мақсатында өз тәжірибемде жиі қолданыстағы осы әдістің ережесін ұсынып отырмын (мұғалімдер ойынның тиімділігін арттыру мақсатында өз өзгерістерін енгізе алады).

«Ойыннан - білімге» атты жоба негізінде жасақталған танымдық сайыстың ЕРЕЖЕСІ

I. Пән: Қазақстан тарихы

II. Сынып: 6

III. Сабақтың тақырыбы: «Қазақстан XIII - XV ғасырдың I-ші жартысында» (*«Бөлім бойынша жиынтық бағалау» сабағы*).

IV. Сабақтың мақсаты:

4.1. Тақырып бойынша кең көлемді қызықты мәліметтерді қамтыған танымдық-зияткерлік сайыс арқылы жасөспірімдердің шығармашылық қабілетін дамыту, жан-жақты біліктілікке баулу.

4.2. Стандартты емес, логикалық ойлауды қажет ететін сұрақтар негізінде құрылған тапсырмалар арқылы оқушылардың ойлау диапазонын арттыру, тапқырлық қабілеттерін дамыту.

V. Жалпы шарттар.

5.1. Сайысты ұйымдастырушы және жүзеге асырушы: Пән мұғалімі

5.2. Сайысты ұйымдастыру реттеріне, ойын тәртібіне өзгеріс енгізуге мұғалім құқылы.

5.3. Оқушыларды 3 немесе 4 топқа топтастырып сайыстыруға болады немесе әр оқушы жеке қатысады

5.4. Ойынның тақырыбы күнтізбелік жоспарға сай болу керек.

5.5. Сайысты мұғалімнің өзі, немесе алдын-ала дайындалған оқушы жүргізеді.

VI. Оқушылардың сайысқа қатысу тәртібі.

6.1. Оқушы сайысқа жеке түрде қатысса, алдын-ала берілген парақшаға өз аты-жөнін, берілген сұрақтың жауабын жазып отырады.

6.2. Оқушылар топқа біріктірілсе (топ саны сыныптағы оқушылар санына қарай жасақталады), топ басшысы сайланады, алдын-ала топтың атауы, мүшелері жазылған парақшадағы сұраққа топ болып жауап береді, демек, бір парақша толтырылады.

VII. Сайыстың өтетін күні, уақыты және орны:

7.1. Сайыстың өтетін күні, уақыты: күнтізбелік жоспарға сай

7.2. Сайыстың өтетін жері: Сабақ өтетін кабинеттің нөмірі көрсетіледі.

VIII. Сайысты жүргізу тәртібі.

8.1. Жүргізуші сұрақтың нөмірін айтады, сұрақты береді де «Уақыт басталды» деп жария етеді, сол кезден бастап, талқылауға (ойлануға) 30 секунд таза уақыт беріледі. Уақыт өткен соң, жауапты параққа жазып үлгеру үшін қосымша 5 секунд беріледі, ол туралы жүргізуші белгі береді (ауызша немесе электронды технология арқылы). 5 секунд өткен соң, жүргізуші дауыстап «Уақыт, аяқталды!» дейді, сұрақтар қайталанып айтылмайды.

8.2. Сабақта орындау уақытын ескере отырып, оқушыларға (топтарға) берілетін сұрақтар толық қамтылу үшін олардың саны 10/12 немесе 15/16- дан аспау керек.

8.3. Топтық сайыс барысында сұрақты талқылау кезінде басқа топтарға кедергі жасауға, түрлі анықтамалар мен басқа әдебиеттерді, немесе техникалық құралдарды қолдануға, қарсылас топтың ойыншыларымен сөйлесуге, жүргізушімен пікір алысуға тыйым салынады.

8.4. Уақытында тапсырылмаған жауап қабылданбайды және қарастырылмайды.

8.5. Жауап мынадай жағдайларда дұрыс емес болып есептеледі:

- жауап нақты болмай, сұрақтың түйінін ашпаса;
- жауап сұраққа сай келмесе (не? деген сұраққа не екені, қашан? деген сұраққа оқиғаның қашан болғаны туралы жауап берілу керек);
- жауаптарда қателіктер болса (адамның аты, тегі, фамилиясы, немесе атаулар, даталар, т.б.), және олар жауаптың мазмұнын өзгертіп тұрса,
- жақша ішінде берілген мәлімет қабылданбайды.
- ең бастысы, оқушының (топтың) жауабы дұрыс жауапқа сай болу керек немесе мағынасы өте жақын болу керек (жауаптың дұрыс варианты мұғалімде болады).

8.6. Сайыс аяқталғаннан кейін жауап парақшалары мұғалімге тапсырылады, мұғалім (жүргізуші) дұрыс жауаптарды жария етеді.

IX. Сайысты қорытындылау тәртібі.

9.1. Ұпайлар санын анықтау шкаласы: 1 дұрыс жауап – 1 ұпай; дұрыс емес жауап – 0 ұпай.

9.2. Оқушының жинақтаған ұпай санына сай, бағалау шкаласы бойынша оған баға (балл) қойылады.

7.3. Топтық сайыста әр топтың қандай орын алғаны оның қанша дұрыс жауап бергеніне байланысты. Ең көп дұрыс жауап берген команда жеңімпаз атанады, топ мүшелеріне «5» - бағасына тиісті баллдар қойылады, келесі орын алған топтарға «4» немесе «3» бағаларына тиісті балл сандары қойылады (мұғалімнің пікірінше)

ҮЛГІ

Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша Білім бөлімінің «Н.Оңдасынов атындағы № 5 жалпы білім беретін мектеп» КММ.

«Ойыннан – білімге» атты танымдық-зияткерлік сайысы

Бөлім/ 6.3 «Қазақстан XIII - XV ғасырдың I-ші жартысында»

Тақырып: Монғол империясының құрылуы. Монғол басқыншылығының салдары. Моғолстан. Әбілхайыр хандығы.

Жоба авторы: Аталиков Якуб, тарихшы-өлкетанушы, тарих пәнінің мұғалімі, педагог-шебер.

Қатысушылар: 6-сынып оқушылары

2022-2023 оқу жылы

**«Қазақстан XIII - XV ғасырдың I-ші жартысында» бөлімі
бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар (III тоқсан)**

Тақырып	Монғол империясының құрылуы. Монғол басқыншылығының салдары. Моғолстан. Әбілхайыр хандығы.
Оқу мақсаты	6.2.2.3 Көшпелілердің әскери өміріндегі жетістіктерін сипаттау 6.3.2.5 Тарихи оқиғалардың өзара байланысын анықтап, Қазақстан аумағында XIII-XV ғасырларда құрылған мемлекеттердің сыртқы саясатын түсіндіру
Бағалау критеріі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Көшпелілердің әскери өнерінің жетістіктеріне сипаттама береді.• XIII-XV ғасырларда құрылған мемлекеттердің сыртқы саясатына түсіндірме жасайды.
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну Қолдану
Орындау уақыты	20 минут

Тапсырма

I. Түрлендірілген тапсырмалар

1. Шыңғыс хан құрған мемлекетті атаңыз:

- А) Алтын Орда мемлекеті;
- В) Ақ Орда мемлекеті;
- С) Монғол мемлекеті;
- Д) Найман мемлекеті.

Дұрыс жауап: С. Монғол мемлекеті;

2. Он мың жауынгерден тұратын әскери жасақты атаңыз:

- А) түмен;

- В) мыңдық;
- С) жүздік;
- Д) қанат.
- Е) ондық.

Дұрыс жауап: А. түмен

3. Оқиғаларды Моңғол мемлекеті құрылғанға дейінгі немесе моңғол мемлекеті құрылғаннан кейінгі кезеңдермен байланыстырыңыз (қажеттісін атап өту керек)

- А) Темучин бөржігін тайпасында дүниеге келген – **дейін, кейін;**
- В) «Яса» заңдар жинағы қабылданды – **дейін, кейін;**
- С) Монғолдар Жетісу жеріне басып кірді – **дейін, кейін;**
- Д) Монғол аймағында тұрып жатқан наймандар мен керейіттерді жеңді – **дейін, кейін;**

Дұрыс жауап: А.дейін; В.кейін; С.кейін; Д.дейін

4. Мәлімдемелердің дұрыстығын анықтаңыз:

- А) 1218 ж. «Отырар апаты» орын алды - **дұрыс / жалған;**
- В) Хорезмшах Мухамед Отырар билеушісі болған -**дұрыс / жалған;**
- С) 1220 жылдың наурыз айында Шыңғысхан Бұхараны басып алды - **дұрыс / жалған;**

Дұрыс жауап: А.дұрыс; В.жалған; С.дұрыс

5. Алтын Орда хандарын хронологиялық тәртіппен дұрыс орналастырыңыз:

1.	Өзбек хан	А)	1257-1266 гг.
2.	Жәнібек хан	В)	1312-1342 гг.
3.	Берке хан	С)	1342-1357 гг.

Жауап:

1.	
2.	
3.	

Дұрыс жауап: 1 - В; 2 - С; 3 - А.

6. Дұрыс жауабын беріңіз:

1.	Ақ Орданың бастапқы атауы	
2.	Ақ Орданың астанасы	
3.	Ақ Орданың соңғы ханы	

Дұрыс жауап: 1 – Орда Ежен ұлысы; 2 - Сығанақ; 3- Барақ.

II. Бір дұрыс жауабы бар тест сұрақтары

7. 1218 жылы моңғолдар жазалау мақсатында Жетісу жерлеріне басып кірді:

- А) наймандарды;
- В) орыстарды;
- С) қыпшақтарды;
- Д) қытайларды.
- Е) татарды

Дұрыс жауап: А

8. В 1236 ж. Батыс (Еуропа) жорығын басқарды:

- А) Орда Ежен;
- В) Батый;
- С) Шайбан;
- Д) Берке.
- Е) Тимур

Дұрыс жауап: В

9. Моғолстанның тұңғыш ханын атаңыз:

- А) әмір Поладшы;
- В) Тоғылық Темір;
- С) Ілияс Қожа;
- Д) әмір Камар ад-дин.
- Е) Қызыр Қожа.

Дұрыс жауап: В

10. Шайбан әулетінен шыққан Әбілхайыр хан тағына отырды:

- А) в 1428 ж.;
- В) в 1438 ж.;
- С) в 1448 ж;

Д) в 1458 ж.

Е) в 1468 ж.

Дұрыс жауап: А

11. Ақ Орда мен Моғолстан аумағына он шақты рет шабуыл жасады:

А) Тоқтамыс;

В) Мамай;

С) Әмір Темір;

Д) Әмір Камар ад-дин.

Е) Енке торе.

Дұрыс жауап: С

12. Жәнібек пен Керей бастаған тайпалар қоныстанды:

А) Моғолстанның батысына;

В) Моғолстанның шығысына;

С) Моғолстанның солтүстігіне;

Д) Моғолстанның орталық өңіріне.

Е) Моғолстанның оңүстік аумағына

Дұрыс жауап: А

БАРЛЫҒЫ:

12 балл

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кулагина Г.А. «Сто игр по истории» - Москва, «Просвещение», 1983
2. Құнапина Қ.Қ., Иісова М.З. «Қазақстан тарихынан ұлттық бірыңғай тестілеуге (ҰБТ) арналған әдістемелік құрал», Алматы, «Зиял Пресс», 2005
3. Аталиков Я.Қ. «Қазақстан тарихы: оқу-әдістемелік құрал», Алматы, 2007
4. Көшімбетова С. «Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері», Алматы, «Білім», 2008.
5. Аталиков Я.Қ. «Ойыннан – білімге», Әдістемелік құрал, Алматы, «Таугүл-принт», 2015

6. Учебно-методическое пособие для подготовки ВОУД СО: Учебно-методическое пособие, Астана: РГКП «Национальный центр тестирования», 2016
7. Омарбеков Т. Хабижанова Г. Қартаева Т. Ноғайбаева М. «Қазақстан тарихы», 6 сыныпқа арналған оқулық, Алматы, «Мектеп», 2018
8. Көкебаева Г. Мырзабекова Р. Қартабаева Е. «Дүниежүзі тарихы», 6 сыныпқа арналған оқулық, Алматы, «Мектеп», 2018
9. Аталиков Я.Қ. «Ежелгі Қазақстан тарихы кестелер мен сызбаларда. Тапсырма-лар үлгілері», Алматы, 2018
10. Байдулина З.С. «Қазақтардың шығу тегі», «Просвещение», республиканский научно-методический журнал, № 6 (62), 2022

Қосымша: Медиа-слайдтар - 5 кадр



«Әлімхан Ермековтің қоғамдық-саяси қызметі»

*Тлегенов Акжол Дауренович
Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы,
Үштөбе тірек мектебі (РО) КММ
мектебінің тарих пәні мұғалімі
гум. ғыл магистрі, педагог-зерттеуші*

Әлімхан Әбеуұлы Ермеков 1891 жылы Семей облысы Қарқаралы уезінде дүниеге келген. Алаш" партиясының негізін қалаушылардың бірі, қазақтың тұңғыш профессор-математигі[1,146]. Әлімхан Ермеков 1891 жылы Семей облысының Қарқаралы уезінде (қазіргі Қарағанды облысының Ақтоғай ауданы) орташа ауқатты отбасында дүниеге келгенхъ[2,196]. Арғын тайпасының қаракесек руының сары танас руынан шыққан. [3,376] Қарқаралы қалалық училищесін бітірген. 1905-1912 жылдары Семей ерлер гимназиясында оқыды. Гимназияны сәтті аяқтағаннан кейін Томск технологиялық институтына түсті [4, 536].

1917 жылы бесінші курс студенті бола тұрып, оқуын тастап, Семейге барып, Әлихан Бөкейхановқа жақындады. Ермеков "Алаш" партиясының мүшесі болды және осы партияның 2-съезінде 1917 жылы 5-13 желтоқсанда Орынборда Алаш автономиясының халық кеңесінің құрамына сайланды. 1918 жылдың көктемінде Алаш автономиясын мойындау мәселесі бойынша В.И. Ленин және И. в. Сталинмен тікелей телеграф бойынша келіссөздерге қатысты [5, 656].

1920 жылы Қырғыз ОСК мүшесі ретінде Мәскеуге жіберіліп, онда В.И. Лениннің қабылдауында болып, "жалпы қазақ өлкесінің жағдайы туралы, әсіресе шекара мәселесі туралы"баяндамамен сөз сөйледі. Осы пікірсайыстың нәтижелері бойынша Қазақстан құрамына бірқатар аумақтар кірді, олардың ішінде Каспий теңізінің солтүстік жағалауы, Ақмола және Семей облыстары болды.

1930-1935 жылдары Алматы ветеринариялық-зоотехникалық институтында сабақ берді. 1935 жылы Математика және теориялық механика профессоры атағына ие болды. 1935-1937 жылдары-Алматы тау-кен металлургия институтының Жалпы техникалық факультетінің деканы. 1937 жылдан-Куйбышев жоспарлау институтының математика кафедрасының меңгерушісі. 1930 жылдары математикадан оқу

құралдарын әзірлеумен белсенді айналысты.

Абайдың поэзиясы мен ғибратты қара сөздерін оқу оны ерекше бір сезімге бөлеп, рухани қанаттандырады.

Бұрынғы "Алаш" қайраткерлері, қазақ басқарушы элитасының, ғылыми және шығармашылық интеллигенция өкілдері қазақ мемлекеттілігінің іргетасын қалады. Олар қазақ жерлерінің шекарасын анықтау және біріктіру процесіне белсенді қатысты. Ә. Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М. Дулатов, А. Бірімжанов, М. Шоқай, ж. Ақпаев, М. Тынышпаев, А. Ермеков, ал кейінірек с. Ходжанов, Т. Рысқұлов, С. Мендешев, С. Сейфуллин, С. Асфендияров, с. Сәдуақасов және Н. Нұрмақов қазақ аумағының тұтастығын қамтамасыз ету үшін бар күшін салды.

1920 жылы А. Ермеков Қазақ КСР Орталық Атқару комитетінің мүшесі лауазымына Мәскеуге іссапармен жіберіледі, онда В. И. Лениннің төрағалығымен өткен отырыста баяндама жасайды.

Алашордашылдардың ісі бойынша жүргізілген тергеулерде көбі барлық алашордашылар Ермековты өте құрметтейді және ол ұлттық қайраткерлер арасында үлкен сенімге ие болған, олардың арасында өте ықпалды тұлға болып табылады. Халықтың қайсысы Ермековты – кедейлер, орташалар немесе байларды көбірек жақсы көреді деген сұраққа олар-бүкіл қазақ халқы деп мәлімдеген". [1, 286].

1926 жылдан бастап жоғары білікті мамандардың бірі ретінде ол Ташкент жоғары оқу орындарында (жоғары педагогикалық институт), содан кейін Алматы жоғары оқу орындарында жұмысқа тартылды. Ол Қазақ педагогикалық университетінде, Алматы зооветеринарлық институтында, математика кафедрасының меңгерушісі болып жұмыс істеді. [2, 3-466].

Әлімхан Ермеков Алаш қозғалысының жас, белсенді, талантты және жігерлі өкілдерінің бірі болды. Ол Ә.Бөкейханов пен А. Байтұрсыновтың батасы мен ілтипатымен мемлекеттік мүдделерді қорғаудың жоғары тарихи миссиясын орындауға сенімді болды. 1918 ж.19-21 наурызда Ә. Бөкейхановтың тапсырмасы бойынша Мәскеудегі Ленин және Сталинмен тікелей телеграф арқылы әңгіме барысында А. Ермеков пен х. Ғаббасов большевиктердің алдына қазақ аумағының тұтастығын тану және қазақ халқының болашақ өмірін автономия құқығында орналастыру мүмкіндігі туралы басты мәселе қойды.

Ал 1920 жылдың көктемі мен жазында Қырғыз ОСК (орталық атқарушы комитет) мүшесі бола отырып, Әлімхан Мәскеуге "жалпы қазақ өлкесінің жағдайы туралы, әсіресе шекара мәселесі бойынша"баяндамасымен делегат болды. Дәл сол кезде, Орталық аппараттың басқа да көптеген шенеуніктерінің пікіріне қарамастан, төрт айлық тынымсыз жұмыс барысында Ермеков Қазақстанға өте маңызды аумақтарды қайтарып алуға қол жеткізді. Осы аумақтардың ішінде Каспий жағалауын, Ақмола және Семей облыстарын ерекше атап өткен жөн. Бүгінде бұл біздің мемлекетімізге Каспийге шығуды және егемен Қазақстанның экономикалық және саяси болашағын айтарлықтай байланыстыратын мұнай мен газ қорларын иеленуді қамтамасыз етеді. Ақмола облысында мемлекетіміздің жаңа астанасы орналасқан. [3, 456].

Бірқатар авторлардың пікірінше, Әлімхан Ермековтың қызметінің елеулі және табысты нәтижелеріне "олардың құқық, этнос тарихы, экономикалық география мәселелерін терең білуі, ұлттық егемендіктің қажеттілігіне мызғымас сенімі, ойлаудың прагматизмі және салыстырмалы түрде жас шамасына (29 жас) қарамастан, қарсыластарын сендіре білуі"ықпал етті. Кезінде талантты ақын С.Торайғыров Алаш жетекшілеріне арнаған поэмасында: "жас Ермеков ұстамды және қырағы сұңқар сияқты қырағы..."деп сипаттаған. [6, 246].

Ермеков Алаш зиялыларының басқа көшбасшыларының қатарында күштеп және жедел ұжымдастыру бағытының қауіпті зардаптары туралы ескертті. Ұжымдастыру жылдарында көшпелі малшылар мен жартылай көшпелі малшыларды күштеп қоныстандыру, шаруашылықтарды тәркілеу қазақтарға ауыр зардаптар әкелді.

А. Ермеков ұлттық мүдделерді қорғау үшін баспа құралдарын пайдаланды. 1913 жылдан бастап Орынборда басылып шыққан "Қазақ" жалпыұлттық газеті қазақ халқының қоғамдық пікірінің жетекшісі болды. Әлімхан Әбеуұлы оның беттерінде Томск жоғары оқу орындарында қазақ студенттерінің оқуы туралы мақалалар басып шығарды, осы ұлттық газетті, алашордашылардың баспа органын "орыс ведомостары"сияқты өз заманының ең жарқын және озық газеті ретінде бағалады. Газет бүкілхалықтық деңгейде ағартушылық, әлеуметтік, шаруашылық-экономикалық, мәдени мәселелерді көтерді.

Ә.Ермеков Ленин басқарған Бүкілодақтық Халық комиссарлары Кеңесінің мәжілісінде (Мәскеу, 1920 ж. 17-тамыз) қазақ елінің шекарасы

туралы тұңғыш баяндама жасаған қазақ. Батыс Қазақстан өңірінің, Каспийдің солтүстік жағалаулары мен Семей, Ақмола облысының жерлерінің, кейіннен Коростелев даласының Қазақстанға қайтарылуына зор үлес қосады. Еліміздің саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени өміріндегі маңызды өзгерістерге басшылық жасап, Қарқаралыда халық ағарту ісімен айналысқан.

1921-1924 жылдары Семей губерниялық атқару комитетінің, губерниялық жоспарлау басқармасының, Қазақ АКСР-і Мемлекеттік жоспарлау комитеті төрағаларының орынбасары, өнеркәсіп секциясының меңгерушісі қызметтерін атқарады. Қазақ АКСР-інің 6-7 шақырылған Орталық Атқару комитетінің мүшесі болып сайланады.

Профессор Әлімхан Ермековтің «Ұлы математика курсы» оқулығы жоғарғы техникалық оқу орындары мен педагогикалық институттарға арналып, қазақ тілінде латын қарпімен 1935 жылы Қызылорда қаласындағы «Қазақстан» баспасынан жарық көрген. Кітапта жоғары математика элементтері аса қарапайым, жеңіл тілмен түсіндіріледі. Автор тілінің айқындығы, теориялық топшылаулары, есептердің шығарылу дәрежесі, келтірген мысалдары үйренушіні баурап алады.


Әлімхан Ермековтің математика саласы бойынша республикадан басқа жерлерде де еңбегі жоғары бағаланып, 1935 жылдың 5 қарашасында СССР ЦИК жанындағы Жоғарғы техникалық білім беру комитетінің Жоғарғы аттестациялық комиссиясы оған профессор атағын беруге және де ғылым докторы дәрежесін қорғауға ұсынды. Осылайша Ә. Ермеков – қазақтың тұңғыш профессор-математигі.

Әлімхан Ермековтың бүкіл өмірі мен қызметі-халыққа және республикаға жанқиярлық қызмет етудің көрнекі және лайықты үлгісі. "Алаш" ұрпағының ұлы тұлғалары Жарық көздер, өз ұлты үшін адамгершілік бағдарлар, жоғары адами рухтың және Отанға қызмет етудің өшпес үлгілері болды. 1937 жылғы қара бұлт Ә.Ермековтің басына тағы да үйіріліп, 1939 жылы сотталып, 1947 жылға дейін түрмеде отырып шығады. Түрмеден шыққаннан кейін жаламен қайта ұсталып, 1958 жылы босайды. 1957 жылы 26 қарашада толық ақталып, Қарағанды Мемлекеттік техникалық университетінде математикадан дәріс оқиды. 1970 жылы қайтыс

болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Аязбаева Г. Алаштың алғашқы математигі // Семей таңы . – 2011. – 31 мамыр. – Б.3
2. Әлімхан Ермеков (1891-1970): Алашорда Үкіметінің құрылғанына 90 жыл. – Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейі, 2008. – 16 б.
3. «Қаракесек шежіресі», екінші том, Павлодар, «ЭКО» ЖШС баспаханасы, Т.А. Еңсебаев . Кітаптың таралымы – 500 дана. 2017
4. Булғынбаева А.К. Алаш қайраткері – Әлімхан Әбеуұлы Ермеков // Алаш орда: қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуы және қазіргі заман. – Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ, 2016. – Б.160-169
5. Өскембаев Қ.С. Ә.Ә. Ермековтің қоғамдық-саяси және ағартушылық қызметі (1891-1970 ж.ж.). – Қарағанды, 2003. – 277 б
6. Садуақасов Ш. Әлімхан Ермековтің қазақ шекарасын анықтаудағы ерен еңбегі // Қазақ үні. – 2016. – 21 наурыз. – Б.4



«Ғылыми жобалар арқылы оқушыларды шығармашылыққа баулу»

Сәрсенбаева Гулжамила Мырзабайқызы
Маңғыстау облсы, Түпқараған ауданы
Маршал Әбдіхалықов мектеп- гимназиясының
тарих пәні мұғалімі, педагог зерттеуші

Тәрбиелеуде мұғалімнің өзінің не біліп, не істейтіні маңызды-ақ. Бірақ оның ықпалымен шәкірттерінің не біліп, не істейтіні онан да маңыздырақ...

Цицерон

Бүгінгі заман талабы іскер, белсенді, қандай жағдайда да жол таба білуге бейім жеке тұлға тәрбиелеуді қажет етеді. Соңғы жылдары оқытудың теориясы мен практикасында балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселесі ерекше өзекті болып отыр. Ол жеке тұлғаның білімге, шығармашылыққа деген ынтасын қалыптастырады, оқушылардың танымдық мүмкіндіктері мен шығармашылық белсенділігін кеңейтеді.

Білім берудің басты мақсаты – жас ұрпақты болашаққа, өмір беретін жаңа мүмкіндіктерге дайындау. Бұл мақсатты тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін қабілет – шығармашылық ойлау. Біз ақпарат ғасырында өмір сүріп жатырмыз, олай дейтініміз салыстырмалы түрде қысқа мерзімде қоғамда жылдам өзгерістер болды. Бұл өзгерістерге нақты тұрғыда жауап беру үшін адам өзінің шығармашылық қабілеттерін белсендіруі, өз бойындағы шығармашылықты дамытуы керек. Ал бұл мектептегі барлық білім беру процесінде балалардың шығармашылығын дамыту қажет етеді. Сондықтан, мектеп қабырғасында оқушының шығармашылық қабілетін дамытуға мән беріліп келеді. Шығармашылық жағынан жобалық іс-әрекет әрбір оқушының ойлауына, шығармашылық қабілеттерін дамытуларына мүмкіндік туғызады. Жобамен жұмыс істеу барысында оқушылар талдау дағдысын, өзін бағалауды және өзге ойларды бекітеді.

Оқушының ізденушілік қасиетін қалыптастыру мен шығармашылыққа баулу оқытудың түрлі формалары мен әдістері

арқылы жүзеге асырылады. Солардың ішіндегі ең тиімдісі – оқушыларды ғылыми жобаларға дайындау. Өздігінен іздену, зерттеу, болжамдар жасау арқылы оқушының бойындағы дарындылығы айқындалады.

Ғылыми жобаларға дайындауда арнайы факультатив, қосымша сабақтары болмағанына қарамастан, өз тәжірибемде оқушының дарындылығы мен шығармашылығын дамыту мақсатында тарих пәнінің гимназия компаненттері есебінен берілген сабақтарды және күнтізбелік-тақырыптық жоспардағы өлкетануға берілген сағаттарын пайдаланамын. Бұл сабақтарда оқушыларға түрлі тақырыптар беріліп жоспар құру, сол тақырып бойынша ізденіс жұмысын жүргізіп, оны қорғау және өздігінен тақырып таңдау арқылы жобалар қорғау жұмыстары жүргізіледі. Мысалы, 5 сыныптарда «Көшпелі шаруашылықтың қалыптасуы», «Қой тастар», «Шақпақ ата» т.б.

6 сыныптарға жер су атаулары ретінде «Каспий атауы», «Ауыл тарихы», 7 сыныптар «Адай көтерілісі» деп және жоғары сыныптарға жоба тақырыптарын саяси, экономикалық, әлеуметтік бағытында күрделендіре түсуге болады. Осындай жұмыстар нәтижесінде оқушылар арасынан жоба жазып қорғауға бейімді дарынды оқушылар қалыптасады.

Осы дарындылық пен шығармашылықты дамытудың түрлі жолдарының ішінде баланың өзіндік зерттеу тәжірибесі ең тиімді болып есептеледі. Зерттеушілік, ізденушілік – бала табиғатына тән құбылыс. Білуге деген құштарлық, бақылауға тырысушылық тәжірибеден өткізуге дайын тұру, әлем туралы жаңа мәлімет жинауға талпынушылық қасиеттер балаға тән дәстүрлі мінез.

Сонымен оқушымен шығармашылық жұмыс бастамас бұрын мұғалім өзіне төмендегідей талап қойғаны дұрыс:

- диагностикалық жұмыстар арқылы психологпен бірлесе отырып, ғылымға икемді, дарынды балаларды анықтау;
- дарынды баланың ата-анасымен педагог ретінде сөйлесе білуі;
- тәрбие жұмыстары арқылы оқушылардың ғылымға деген жағымды көзқарасын қалыптастыруға түрткі жасау;
- балаға шығармашылықпен жұмыс істеу үшін жаңа, тың тапсырмалар беру, орындалуына талап қою;
- жаңа технология элементтерін сабақта пайдалану;
- тапсырманың орындалу нәтижесін қадағалау;

- оқушылардың ғылыми қоғамы мұғалімдермен бірлесе отырып, балалардың ынтасы, қабілеттерін ескеріп, өз қалауларына жол ашып, іздену, зерттеу тақырыптарын алуды ұйымдастыру, ғалымдармен тікелей байланыса отырып, ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуі керек.

Сонымен бірге оқушыны таңдауда қойылатын талаптар:

- Оқушылардың өздігінен білімдерін көтеруге, жетілдіруге белсенді әрекет жасай алуы;
- Оқушы өзі таңдаған ғылым саласы бойынша өз бетінше білім-дағдыларын жетілдіру барысында жұмыс жүргізе алуы
- Оқушылардың ғылыми шығармашылық жұмысы оқушылардың оқу үдерісін жетілдіруге және мамандық таңдауда көмегінің болуы.

Оқушыны ғылыми - зерттеу жұмысына қатыстыру үшін алдымен, оны қызықтыра отырып, зерттеу талабын қалыптастыру керек. Яғни оқушы ақпаратты ала білуге, оны басқаларға хабарлай білуге талпынуы тиіс. Ең алдымен оқушыны өздігінен шешім қабылдауға, ақпараттар алуға, оны басқаларға жеткізе білуге үйрету қажет. Тақырыпты таңдағанда «мені не қызықтырады?» - деген сұраққа жауап беру керек.

Тек мұғалім оқушыға жоба жаза алатынын және жақсы идеялардың барлығы да жазу кезінде болатынын түсіндіріп, оқушының жазуға деген қызығушылығын арттырса сонда бала зерттеу жұмысын жазуға талпынады. Мысалы жобаны жазуға күнделікті сабақта тақырыпқа зерттеу сұрағын қоюды үйрету арқылы ғылыми жоба тақырыбын таңдауға шындалады. Ғылыми жобаны жазуға проблемалық сұрақтар қою арқылы сол тақырыпты зерттеуге деген ынтасы ашылады. Яғни күнделікті сабақта осылай жүргізіліп отырса оқушының жоба қорғауға деген ізденімпаздығы оянады. Жоба тақырыбын таңдағанда төмендегідей ережелерді орындаған жөн:

- тақырып оқушыларға қызықты, оларды тартатындай болу керек;
- тақырып орындалатын, шешімі зерттеуге қатысушыларға пайдасы тиетіндей болу керек;
- оқушылардың қызығушылығын ескере отырып, жетекші өзі жақсы білетін оқушы қызығатын тақырып аясын таңдау керек;
- тақырып шынайы болуы керек, онда жаңа дүниелер, күтпеген жаңалық, ерекшелік элементтері болу керек;

- тақырып ұзақ жылдарға созылмай, тез орындалатындай болу керек;
- тақырыптың бәрі түсінетіндей болу керек, әрине тақырып оқушының жас ерекшелігіне сәйкес болу керек;
- тілегі мен мүмкіндігінің ұштасуы.

Жүйелі жұмыс нәтижесінде оқушыларым түрлі жобаларға қатысып жетістікке жетті. Өз тәжірибемде бірнеше оқушы нәтижеге қол жеткізді: «Мәшһүр-Жүсіп оқулары ғылыми жоба» бойынша Жарылғапова Саягул республикадан 2 орын, ProEco экологиялық жобалар конкурсы» республикадан Қобыланов Азамат 1 орын, «Қазақстан балалары шексіз әлемде!» философиялық «Болмыс» тақырыбы Рысқали Қайсар республикадан 1 орын, Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай ұйымдастырған «Тәуелсіздік ұрпақтары» 3 000 000 грантын Нұрланқызы Азиза «Қазақ ертегілері мен батырлар жырларын анимациялау» жобасымен жеңіп алды, «Зерде» зерттеу ғылыми жобалар сайысы Қобылан Абзал облыстан 2 орын, «Серікбол әлемі» ғылыми тәжірибелік конференция Жусанбай Жарас облыстан 2 орын, Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсы Нұрланқызы Азиза облыстан 1 орын т.б. оқушылардың жетістіктерін атауға болады.

Қорыта келе, «Бұлақ көрсең көзін аш» деген ұлағатты сөзге сүйеніп, әрбір оқушының жүрегіне жол табу, әрбір баланың бойындағы қабілетті танып, оны жан жақты дамыту - мұғалімнің басты міндеттерінің бірі. Ендеше мектепте оқушыны ізденушілікке баули отырып, бәсекеге қабілеттерін қалыптастыра отырып ғылым мен техниканың жетістігіне сәйкес армандарына жетуге, өз жолдарын дәл табуға, ғылымға жетелеу арқылы өздерінің қабілеттерін ашуларына көмектесуіміз қажет.



“ ТҮПҚАРАҒАН АУДАНЫНЫҢ САКРАЛЬДІ ЕСКЕРТКІШТЕРІН ОҚЫТУ ТӘЖІРИБЕМ”

*Ізмағанбет Амангүл Әбуханқызы
Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы,
«Ғұбайдолла Айдаров атындағы №1 мектеп-
лицей» КММ тарих пәні мұғалімі,
педагог-зерттеуші*

«...Маңғыстау тұрғындарына көп адамдар өмірінде тым құрығанда бір рет болып көруді армандайтындай жерде тұру бақыты бұйырған. Осы бір қасиетті жерде көптеген әйгілі адамдар, әулиелер жаны тыныштық тапқан. Лайым олардың рухы сіздерді қоршап-қорғап жүрсін. Сіздерді қолдап жүрсін, бақытты өмір жолына бағдар берсін...» («362 әулиелі Маңғыстау» еңбегінен алынды)

Кіріспе сөз: - Армысыздар, бүгінгі «Мектептегі тарих пәні: Білім берудегі жаңаша тренд, рухани құндылық, тарихи сана» тақырыбындағы республикалық тәжірибелік конференция қонақтары және әріптестер! Сіздерге және өзіме сәттілік тілей отырып, сөзімнің кіріспесін

«... Маңғыстау тұрғындарына көп адамдар өмірінде тым құрығанда бір рет болып көруді армандайтындай жерде тұру бақыты бұйырған. Осы бір қасиетті жерде көптеген әйгілі адамдар, әулиелер жаны тыныштық тапқан. Лайым олардың рухы сіздерді қоршап-қорғап жүрсін. Сіздерді қолдап жүрсін, бақытты өмір жолына бағдар берсін...» деген қоғам қайраткерінің баталы сөзімен бастамақпын. Олай болса, Маңғыстау топырағына бірінші рет табан тіреп тұрған, құрметті қонақтар, бұл тілек сіздерге де арналады!

Конференция тақырыбы рухани құндылық пен тарихи санаға басымдық беріп тұрғандықтан, бүгінгі шеберлік сыныбыма Далалық өркениеттің тарихи және мәдени ескерткіштері тақырыбын таңдадым. Оқулық бойынша баршаңызға таныс оқу материалын оқушыға берген кезде, көбіне оқушы шартты түрде оқу материалы түрінде қарайды. Оқушы ғана емес мұғалімдер үшін де жаңа термин «сакральді» ұғымын кеңірек түсіне, түйсіне алу үшін және Қазақстан сакральді ескерткіштерінің төрт тобын өздері көзбен көріп, айналасынан кішкентайынан біліп жүрген ескерткіштерді жіктей, зерттеп отырған

оқушыға Қазақстанның одан әрі дүниежүзінің сакральді ескерткіштерін жіктеу, саралау оңай болады. Өлке тарихының құндылығын түсінген, өлке тарихының мемлекет тарихының бір бөлшегі екенін түсінген оқушылар ұлттық рухани құндылықты сіңіріп, тарихи санасы ашық болмақ.

Олай болса, мен бүгін сіздермен шеберлік сыныбымда «ашық аспан астындағы мұражайлар» атанған Маңғыстау сакральді ескерткіштерін, оның ішінде де ауданның ескерткіштерін оқушыға ұсына отырып, төрттік жіктеуге үйретіп барып, Қазақстанның сакральді ескерткіштерін өздеріне зерттеу жұмыстары етіп беріп жүргенімді бөліспекпін.

Шеберлік сынып жоспары:

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ	«МЕКТЕПТЕГІ ТАРИХ ПӘНІ: БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢАША ТРЕНД, РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚ, ТАРИХИ САНА»
Күні: 25.05.2023	Мұғалімнің аты-жөні: Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, «Ғұбайдолла Айдаров атындағы №1 мектеп-лицей» КММ тарих және қоғамдық пәндер мұғалімі, педагог- зерттеуші Ізмағанбет Амангүл Әбуханқызы
Қатысушылар	Облыс, республика бойынша конференция қатысушылары
Тақырып	Мұражай және экскурсиялық педагогикасы арқылы оқушылардың тұлғасын әлеуметтендіру
Секция	Оқу мен оқытудағы инновациялық шеберлік
Шеберлік сынып тақырыбы	Түпқараған ауданының сакральді ескерткіштерін оқыту тәжірибем
Шеберлік сынып мақсаттары	Далалық өркениеттің тарихи және мәдени ескерткіштері тақырыбын оқушыға өлке тарихынан бастап ұғындыру тиімділігіне көз жеткізе отырып, тарих пәні мұғалімдерінің құзыреттіліктерінің арттыру. Ұстаздардың кәсіби дамуына үлес қосу.

Шеберлік сыныптан күтілетін нәтиже:	1. Тұлғаның үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін құру арқылы тәжірибе алмасу. 2. Өздері оқушыдан талап ететін уақытқа бағыну. 3. Бір-бірімен жақын танысу, тапсырмаларды бірлесе ұйымшылдықта орындау.		
Барысы:			
Жоспарлан- ған кезеңдері, уақыты	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
	Мұғалім іс-әрекеті	Мұғалімдер іс-әрекеті	
Шеберлік сынып басы Ұйымдастыру кезеңі 1 мин	I. Ұйымдастыру. Амандасу Психологиялық тренинг «Танысу» - Сәлеметсіздер ме, мен Амангүл Әбуханқызы – атам заманнан Алашқа дейін, Алаштан Азат күнге дейінгі, бір сөзбен айтқанда ата-бабаның рухын оқушыларыма жеткізіп жүрген апаймын. - 4 түрлі сурет таңдап, топқа бөлініп отырады.	Амандасады , өз есімдерін атап, бас әріптерімен басталатын тарихи сөз тізбектерімен жеткізеді, сабаққа назарларын аударады. Топқа бөлінеді.	«Тамшалы», «Иса-Досан», «Сұлтан-Үпі», «Көк мектеп», т.б суреттер
<u>2 мин</u> <u>«Мюнстерберг»</u>	<u>Сауалнама беру арқылы мәселені айқындау</u> 1. Тақырыпты оқыту барысында кездесетін қандай қиындықтар	Әр топ сұрақтарға ауызша жауап береді.	Слайд

<u>әдісі</u> <u>2 мин</u>	бар? 2. Өз ұсынысың?		
<u>Таным арттыру</u> <u>2 мин</u> <u>1-тапсырма</u> <u>2 мин</u> <u>2-тапсырма</u> <u>5 мин</u>	«2017 жылғы мамыр айында «Сакральді Қазақстан» жобасы жасалды» сөйлемін адасқан әріптер арасына жасырады. Арвлрпваромипа2017р апврадплхшзшщжыла иргыпапрналомаэжщ вчраекгцщгешземырзн шенцукйайындакзкщ гнцмчопСакщунуекцч скыгашральдігншщззк Қазақбюпнгстанкщзц жобачсыкнцжасалды хшз. 3. Бейнефильм: «Сакральді Қазақстан- Маңғыстау- Түпқараған»	Оқушылар адасқан әріптер арасынан «Сакральді Қазақстан» жобасы жасалды сөйлемін табады. Бейнефильм мен танысады.	Слайд Үлестірмелі бетшелер <u>Бейнефильм</u>
	1. Маңызы бойынша саркральді орындар нешеге бөлінеді және қандай? 2. Өз үлгісі бойынша қасиетті орындар нешеге бөлінеді, қандай?	Сұрақтарға жауап береді	Суреттер, слайд

	<p>1) Берілген сурет пен қысқаша мәтінді оқи отырып, кезенді, оқиғаны таниды.</p> <p>2) Маңызы мен үлгісі бойынша жіктеу тапсырылады.</p>    	<p>Әр топ өздері тандаған суретке сипаттама береді, ол суретке ереже шығарады</p> <p>Интербелсенді тақтада көрсетілген кесте бойынша берілген ескерткіштер суреттерін сәйкесінше орналастырады.</p> <p>Дескриптор :</p> <p><u>1) Суретті таниды.</u></p> <p><u>2) Суретті маңызы мен үлгісі бойынша жіктей алады.</u></p>	
Соңы Кері байланыс 1 мин	«Бір сөйлеммен тұжырымдадым»	Әр мұғалім 1 сөйлеммен тұжырым жасайды	Стикер, маркерлер

Шеберлік сыныпта қолданылатын суреттер

3. Қасиетті діни қажылық орындар



Сұлтан Епе әулиесі



Сұлтан Епе әулиесі



Саназар әулие





Қошқар ата қорымындағы бейіт үсті қойтасы, XIX ғасыр

4. Тарихи тұлғалар мен саяси оқиғаларға байланысты жерлер



Иса-Досан ескерткіші



Саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіш



«С.Қондыбайдың мифология әлеміндегі әйел образының түркі дүниетанымымен үндестігі»

*Тлекбаева Айну́р Амангелдиевна
Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы,
С.Қондыбай атындағы №22 мектеп-гимназиясының
педагог-шебері, тарих пәнінің мұғалімі*

«Мені көптен бері қызықтыратын танымдық сала — осы мифология. Осы саламен жүзданыс болғанымға әлі бес жыл тола қоймаса да ол менің ойымды баурап та, жаулап та алды. Дағдыға айналған сауал — "неге басқада бар да, қазақта жоқ". Осы сауал әрбір жақсы киноны, мультфильмді, суретті көрген сайын, жақсы кітаптан ерекше оқиға туралы, ғұрып туралы, ерлік туралы, дарынды адамдар туралы оқығанда да, жақсы ән мен әуенді тыңдаған кезде де ойыма оралады. Осылардың бәрі неге қазақта жоқ? Әлде қазақ әлі күнге шейін өзін-өзі тани алмай жүр ме? Адасып жүр ме? Иә, уақыт пен кеңістікте, сөз тұңғышында адасып жүргендейміз. Білетініміз — бетіндегі қаймақ, білмейтініміз — түптегі тұнба. Сондай "белгісіз тұнбалардың" бірі — миф, мифология. Белгісіз дейтініміз, қазақта осы тақырыпта әлі күнге шейін өз зерттеушісі, өз кітабы жоқ. Міне, біз қазаққа өз мифін қайта таныстырғымыз келеді. Таныстыруды толықтай жүзеге асырмасақ та, азын-аулақ бет ашу жасауға мүмкіндігіміз бар», - деп, С.Қондыбай «Қазақ мифологиясына кіріспе» кітабында сөз бастап, мифология қойнауына кірісіп кетеді. С.Қондыбайдың мифология тақырыбына үңілген тақырыптарын зерделей отырып, қазақ дүниетанымындағы әйел образына тоқталуға қызығушылық туындады.

Зерттеудің мақсаты: Қазақ мифологиясындағы әйел образының түркі дүниетанымындағы орнын жас ұрпақтың санасына жеткізу. С.Қондыбайдың мифология тақырыбын зерттеу арқылы қазақ мифологиясын, оның ішінде әйел бейнесін зерделеу, түркі әлеміндегі тұлғалық орнын зерттеу бүгінгі күнде қажет.

Сондықтан бұл зерттеу жұмысының өзектілігі басым. Әйел бейнелерінің ішінде жағымды образдарды үлгі ете отырып, сол арқылы жас ұрпақтың толыққанды тұлға ретінде дамуына үлес қосатын қомақты еңбек. олардың Отанға, еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктері мен ұлттық намысын ояту болмақ.

Мақсатқа жету жолындағы алға қойылған міндеттерім:

- Әйел бейнелерін басқа халықтардың образдарымен салыстыра отырып қарастыру;
- Әйел бейнелерінің ерекшеліктерін көрсету;

Ұмай ана. Аты аңызға айналған аналар есімінің алдыңғы қатарын Ұмай ана есімі толықтырады. Қазақ тарихындағы әулие деп саналған алғашқы әйел адам болғандықтан, оның есімінің “Жүз тұңғыш” жинағына енуі заңды. Жинақта “Қазақтың ежелгі тарихында әулие атанған тұңғыш әйел. Қазақ әйелдерінің сыйынатын тұңғыш енесі”, -деп көрсеткен. Көне түркі мифологиясы бойынша, ол-ұрпақ жалғастығын жебейтін періште. Ертеде қазақтар қыздарын ұзатқанда, неке қиғызу рәсімінде, сондай-ақ әйелдер босанғанда Ұмай анаға жалбарынып, одан медет тілегені мәлім.



Ұмай ана бейнесі

Қанбибі - Адай атаның анасы.

Нұрбұлақ жерінде Адай атаны дүниеге әкелген ана. Аңыздар бойынша Қанбибі ана Нұрбұлақ жерінде, мәйелі терек ағашы түбінде күннен екіқабат болып Адай атаны тапқан.



Қанбибі бейнесі

От-ана. Ол бір аңыздарда Ұмайдың сіңлісі болып, тағы бір аңызда Ұмайдың табанынан жаралып, үйдегі ошақтың ішінде өмір сүреді делінген.

Отты жиі жарықпен салыстырып, кейін Ұмай образына ауысады, осының әсерінен көптеген түрік халықтарында солярлық культ қалыптасты. Егер Ұмайдың тотемдік образын айтар болсақ, оны жиі суда жүзетін құспен теңейді (үйрек, аққу, сонымен қатар қарама-қайшы прототипі- үкі)

От – ана бейнесі



Алтыншаш

Қазақтардың эпостық жырлары мен ертегілерінде Алтыншаш есімді сұлу қыз кездеседі. Ол – негізгі кейіпкердің қалыңдығы. Құламерген мен Аламанның әйелдерінің шашы алтын түсті болады. Барлық ертегіге ортақ сюжет: «Бір күні, ол өзен жағасында басын жуып жатқанда, оның алтын шашының бір талы өзен ағысымен ағып барып, ханның қолына немесе мыстан кемпірдің қолына түседі. Хан ерекше шаштың иесін көргісі келеді. Алтыншаштың үйіне кірген хан оның елден асқан сұлулығын көріп, есінен танып қалады. Хан оның күйеуінен құтылғысы келіп, оған түрлі қиын тапсырмалар береді. Бірақ Алтыншаштың күйеуі әйелінің ақылымен небір қиын тапсырмаларды мүлтіксіз орындап шығады». Бір қызығы, оның атының фольклорлық этимологиялық түсінігі "Аламан" ертегісінде берілген. Мұнда қыздың аты "Қарашаш" деп аталады, "олай деп аталуының себебі қыздың шашының алтын болуында екен". Көкжан батырға айдаһар-жылан алтыншашты қызды әкеліп беруді тапсырады. "Алпамыста" бұл атты қыз бірде күн, енді бірде батырдың өз шешесі ретінде айтылады.


Мифтік Алтыншаш — су иесінің қызы, Ол сақ-скифтердің, түркілер мен моңғолдардың, солт. кавказ халықтарының мифтерінде осы сипатта кездеседі. Ал ортағасырлық болғарлар мен

қыпшақтар сары шашты халық болған. Міне, сол замандағы сары шашты қыз сұлулықтың символы болса, кейінгі нәсіл өзгеруі оны албасты, марту образының белгісіне айналуы мүмкін.



Алтыншаш бейнесі

Пері — дүниелік өлшемнің сыртында, қатар өмір сүретін адам, жан-жануар бейнесіне ене алатын мифологиялық бейне. Пері кейде жын сөзінің парсы тіліндегі баламасы ретінде қолданылады. Перінің су перісі және дала перілері деген түрлері болады.



Перілердің бейнесі

Жалмауыз кемпір аңыз- ертегілерде мыстан кемпір және 7 басты жалмауыз образымен алмасып жатады.



Жалмауыз кемпір,мыстан кемпір бейнелері



Аққу ана. Өздерін аққудың («қазақ» этнонимінің халықтық этимологиясына сәйкес «ақ қаз» – белая лебедь) ұрпағымыз деп санайтын қазақ халқының басты ұлттық символдарының бірі. Мифтік кейіпкер, бейне ретінде барлық түркі халықтарында кездеседі.

Ежелгі аңыздарға сүйенсек,

қазақтардың ру басшысы Қалша Қадыр соғыс алаңында жаралы боп қалғанда, оған сұлу пері қызына айналатын аққу жәрдемдеседі.

Қалша Қадыр аққу қызға үйленеді, ол оған сакральді атқа ие болатын «Қазақ» атты ұл туады. Сондай-ақ қазақтың арғытасының бірі Алатайлы Аңшыбай жұртқа аққу кейпінде көрінетін сұлу перілерді әйелдікке алады.




Жылан әйел. Нага - жылан басты әйел бейнесі

Қазақ тіліндегі «нағашы» сөзі адамның шеше жағынан болатын туыстықты білдіреді. Бірақ осы сөздің астарын білеміз бе? «Нағашы» сөзінің көне мағынасы «арғы ана, әже» дегенді білдірген, яғни тек әйелдерге қатысты атау болған. «Ажи» - жылан – баба, әже – жылан дегенді білдіреді. Нага – жылан тұлғалы бірнеше басты тәңіртекті пенделер. Нагаларға жер асты дүниесі тиесілі, олар – абыздар, данышпандар. Олар өз бейнесін өзгерте алады және адамзат кейпінде адамдар арасында тұра алады. Сонда жылан бейнесі ежелгі түркілерде киелі тотемдік хайуан ретінде дәріптеліп келген болса, кейінгі Түркі қағанаты тұсында ұсақ наным-сенімдердің барлығы көк тәңірінің айналасына топтасып, тәңірі абсолютті жаратушы деңгейіне көтерілген соң, қуатты мемлекет құрылған тұста бұрынғы әртүрлі киелі аңдарға табыну салты әлсіреп, біртәңірлік діннің басқа нанымдарға күш бермей кетуі табиғи құбылыс деп қарауымыз керек. Түркі халықтарының мифтері мен ертегілерінен жыланның киелі, жарылқаушы рух бейнесінде көрініс табатындығы жайлы деректерді көптеп ұшыратамыз. Ондай аңызды Геродоттың «Тарих» атты кітабынан да кездестіреміз.


«Пробудившись, Геракл исходил всю страну в поисках коней и наконец, прибыл в землю по имени Гилея. Там в пещере он нашел некое существо смешанной природы – полудеву, полузмею. Верхняя часть туловища от ягодич у нее была женской, а нижняя-змейной. Увидев ее Геракл с удивлением спросил, не видела ли она где-нибудь его заблудившихся коней. В ответ женщина – змея сказала, что кони у нее, но она не отдаст их, пока Геракл не вступит с ней в любовную связь. Тогда Геракл ради такой награды соединился с этой женщиной». Осыдан соң әлгі жылан әйел үш ұл туады, кіші баласының атын Скиф қояды және ұлдарының кенжесі сол жердің қожасы болып қалады. "Мүйізді тағы жануар" деп отырғанымыз - қазақ дәстүрі жағдайында, ең алдымен "киік", "елік", "бұғы", "марал", "бөкен", "арқар", "бұлан" деген атауларға

ие мақұлықтар. Бұларға қатысты мынадай шарттылықтар бар: аталған мақұлықтар көп жағдайда бірінің орнын бірі алмастыра алатын кейіпкерлер болып табылады. Бұл, алдымен, жертараптық (ландшафтық) жағдайларға байланысты. Арғықазақтар, яғни, бүгінгі қазақ халқының негізін құраушы көне тайпалар әртүрлі табиғи ландшафтарда - құмды, сазды, тастақты, сортаң шөлдерде, ашық далада, аласа таулы өлкелерде, өзеннің қамысты жағалауында, орта биіктігі бар орманды тауларда өмір сүрген. Міне, сондықтан да "орташа сипатты" аңшы өзі өмір сүрген кеңістігінде мүйізді жануарлардың белгілі бір түрімен кездесіп тұрған. Соған сәйкес әр жертарапты мекендеген жұрттың фольклоры мен мифологиясында мүйізді тағылардың белгілі бір, ең алдымен кең таралған түрлері ғана тұлғалық-кейіптік үстемдікке ие болады.



С.Қондыбай шығармаларына үңіле отырып, әйел образының қазақ дүниетанымындағы ерекше ролі және санқырлылығы анықталды. Қазақтың түпкі кезеңінде қалыптасқан ырым-жоралғыларымыздың, қоғамдық үдерістеріміздің аңыз- ертегілерде әйел образдары арқылы сақталғандығына көз жеткіздім. С.Қондыбай зерттеулеріндегі әйел бейнелеріне шолу жасай отырып, әйел образдарын былай топтастырдым.

Жағымды әйел образдары



Жағымсыз әйел образдары:



Түркі халықтарының мифологиясындағы әйел бейнесі Түрік мифологиясында әйел бейнесі ең ежелгі архаикалық кейіпкерлердің бірі болып табылады. Ең алдымен аталмыш образ түріктердің жоғары құдірет Ұмаймен, алғашқы әйелді, ананы, отбасының ұйытқысын, зерттеушілер кейде Тәңірдің әйелімен теңестіреді. Басқаша айтқанда Ұмай - ол Еуразия түріктерінің дәстүрлі дүние танымында әйел бастауының бейнесі. Бұл құдіреттің басты функциясы Ұмайдың жаңа туылғандар мен балаларға қамқорлығы еді, осыған байланысты түрік халықтарында баласы жоқ отбасылары бала сұрап бата тілеген. Ежелгі аңызға сәйкес Ұмай Тәңірдің қалауымен Сумер тауында орналастырылған, оның қасында адамдардың жандарын жуындыратын Сүт көл бар. Әртүрлі түрік халықтарында Ұмай ана таулар мен аңшылардың қамқоршысы деп есептелді. Ұмайдың белгісі болып садақ бейнеленеді, онымен ол балаларды қорғайды. Бірақ әуел бастан ежелгі түрік аңыздарында Қара Ұмай жөнінде де түсінік қалыптасып, Ұмай

сонымен қатар өлім періштесі болып есептелді. Бұл жерде түріктердің түсінігінде жаратылыстың екі жақтылығы байқалады. Ұмай образы басқада әйел кейпкер От-анамен тығыз байланысты, ол бір аңыздарда Ұмайдың сіңілісі болып, тағы бір аңызда Ұмайдың табанынан жаралып, үйдегі ошақтың ішінде өмір сүреді делінген. Отты жиі жарықпен салыстырып, кейін Ұмай образына ауысады, осының әсерінен көптеген түрік халықтарында солярлық культ қалыптасты. Егер Ұмайдың тотемдік образын айтар болсақ, оны жиі суда жүзетін құспен теңейді (үйрек, аққу, сонымен қатар қарама-қайшы прототипі- үкі). Архаикалық дәстүрге сәйкес, жауыз рух образы әйелмен бейнеленеді. Еуразияны мекендеген көптеген түрік халықтарының сақталған аңыз – әңгімелерінде сұлу қыздар түріндегі фантастикалық мәні пері (пари, пайрика) деп аталды, аудармасында «мыстан» деген мағына барді. Ежелгі әңгімелерде перілер зұлымдық тасушысы болды. «Қорқыт ата кітабында» айтылғандай бақташы мен перінің махаббатынан жалғыз көзді циклоп туылып, оғыздарға көптеген қасірет алып келеді. Кейіннен перілерді жақсылық пен зұлымдықтың өкілі ретінде қабылдана бастады. Перілердің құпия образдары батырлар армандарының символдарына айналады. Бұл әдемі дауыстары мен көрікпелдік қасиеті бар, ұшатын бикештер. Перілердің мейірбан образдары жындар мен зұлым әзәзілдерге қарсы шығып, талқандайды. Кейде олар бір уақытқа жердегі адамдар образымен бірігуі мүмкін, олардан туылған ер балалардан халық батырлары шығып, ал бірақ қыз балалары туылса зұлым рухқа (албасты) айналады, олар шайтанға өте жақын болады. Зұлымдық қызметшілері перілер адамды сиқырлап есін білмейтін ауру адамға айналдыруы мүмкін. Перілердің зұлым образдары адамды қозғала алмайтындай етіп тастайды. Сырт бейнесінен адам образы болғанымен перілер зооморфты кескінді болуыда мүмкін. Көп жағдайда олар құстың аяқтары бар қыздарға, кейде ер адам бейнесі немесе кезкелген аң бейнесіне айнала алған. Перілердің арасында су стихиясына қатысты су перілері кездеседі, олардың ерекшеліктері «су иесі» қабілетіне ие болып, адамдарды суға шақырады. Егер де сондай тылсым күштің ықпалынан адам аман қалса, болашақта ол адам ерекше қабілетке ие бола бастайды. Пері образы ерте ортағасыр әдебиет ескерткіштерінде кездеседі. Бұл образ өзінің бастауын иран аңыздарынан алады деп есептеледі. Ерте эпикалық шығармаларда перілер басты кейіпкердің әйелі образында бейнеленеді. Танымал Кер-Оғлы дастаны осыған мысал бола

алады. Жердегі перілердің таңдауына іліккендер әдетте бақсыға айналып, перілер олардың көмекшісіне айналатын. Перілер оларды әруақтармен сөйлестіріп, ауларды емдейтін күш сыйлаған. Ырымға сенсек перінің таңдауына түскен адам бақсы болудан бас тартса, ол ауруға душар болып немесе өлім секілді жазаланатын болған. Ислам дәуірі өркендеп тұрған тұста перілер де мұсылман немесе «кәфір» деп бөлініске түсті. Қазақтарда перілердің құдайшыл адамның сенімін сақтап қалу үшін адам кейпіне ене алатыны туралы әңгімелер сақталған. Еуразияның түрік тілді халықтарының арасында албасты туралы ырым қатты сақталған. Албасты-су стихиясына қатысты әйел кейіпіндегі жын. Көптеген түрік халқының пайымдауынша албасты өзен немесе өзге де су көздерінде өмір сүріп, адамдарға судың жағасында шашын тарап тұрған бейнеде көрінеді. Бет-бейнесі ұсқынсыз, ашық түсті ұзын шаш пен кеудесі бар, оны арқасына лақтырып тұрады. Сиқырлы кітабы, тарағы және тиыны бар болады. Әзірбайжандықтар албастыны құстың тұяғындай аяұтары бар деп елестетсе, кейбір қазақ аңыздарында аяғының орнында тұяқ немесе аяғы кері аударылғандай болып тұрады. Тувин аңызы мен қазан татарларының түсінігінде албастының арқасында тері жоқ болып, ішкі ағзалары көрініп тұрады. Албастының образы ертеден бастау алады. Бірқатар зерттеушілердің пікірі бойынша, алғашқыда албасты жақсы кейіпке ие болып, отбасы ошақ қасы, дала жануары мен аңшыларды, жеміс пен молшылықты қолдайтын әйел құдай секілді еді. Уақыт өте келе, аңыздарда албастының ролі жын перісіне ұласты. Якуттар аңызына сәйкес, тағы саха халқындағы «абаасты» -«зимиян әйел» мағынасын білдіреді. Көп жағдайда албасты екіқабат және босану үстіндегі әйелдерге зиянын тигізеді.

Албасты ықпалынан бастырылып қалған әйел «жын ұрып» есінен алжысады. Татарлар пайымында албасты адамды ұйқы кезінде «бастырып» тұрады. Л.П. Потаповтың этнографиялық мәліметтерінде, албасты жындар мен перілердің және сары-экеннің түріне жатады. Албасты кешкі мезгілде серуендеп жүрген жүкті әйелді қарауылдаған. Егер де осындай әйел кешке бір өзі шықпаса, оның төсегінде өзге әйел болу керек еді, себебі наным бойынша албасты жүкті әйелдің орнын басып алады. Егер де мұндай жағдайдың орын алғанын елестетсек, жаңа туылған сәбиге қауіп төнетін еді. Мұндай жынның әсерінен арылу үшін оның бір затына алып қою керек. Тағы бір түрік аңыздарында кең тараған

әйел образы, түркітілді халықтардың ертегілерінде жиі кездесетін персонаж ол - Жалмауыз. Қазақтарда оны желмауыз-кемпір деп атайды, ол балаларды ұрлап әкетіп жейтін адамжегіш кемпір. Қырғыздарда да бар желмогуз кемпір. Қазан татарларында ол - ялмавыз, карчык, уйғыр мен башқұрларда – ялмауз, ялмауыз, өзбектерде-ялмовиз кәмпір. Өзге де әйелдер образы іспетті бұл кейіпкердің пайда болуы құдай-анаға табыну кезінен бастау алады. Исламизация үдерістері жалмауыз кемпірді (немесе мыстан-кемпір) адамдардың тұрағынан алыста мекендейтін, о дүниеге кіретін жерді қарауылдайтын жеті басы бар адамжегіш зымиян кемпір кейпіне айналдырды.

Жалпы, С.Қондыбай қазақтың аңыз-ертегі, жыр-дастандарындағы әйел образдарына жеке тоқталмаса да, сол ертегі, аңыздардың басты кейіпкерлерінің айналасындағы сұлу қалыңдық, ақылды аналардың кейіпкерлердің басынан өткен оқиғаларына тікелей әсерлері туралы жазған. Сонымен бірге әйел образдарының түркі және әлем халықтарының мифологиясындағы әйел образдарын, қазақтың ауызекі әдебиетіндегі әйел образдарымен салыстыра отырып зерттеген. Қазақ мифологиясындағы әйел образдарының жеке тұлғалардың қалыптасуына, негізгі оқиғалардың өрбуіне тікелей әсер етіп отырған образ екендігі белгілі. Қорыта келе, түркі әлеміндегі ақылды, батыр, ошақ иесі саналатын әйел образдары қоғамның дамуына өзіндік образбен еніп, қазіргі қазақ қоғамын дамытуға үлес қосып отыр дейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С.Қондыбай. Қазақ мифологиясына кіріспе. – Алматы: Зерде, 1999 жыл
2. С. Қасқабасов. Қазақтың халық прозасы. – Алматы, « Ғылым», 1984 жыл).
3. Қазақтың мифтік әңгімелері. Құраст. Ш.Ыбыраев. – Алматы: Ғылым, 2001
4. «Аңыз әлемі». Құрастырушылар: Т.Қоразов, В.Қалдина. – Ақтөбе, 2003 жыл
5. Ежелгі дәуір әдебиеті. Хрестоматия. – Алматы: Ана тілі, 1991 жыл
6. Б.Қанарбаева Қазақтың наным-сенімдері. – Алматы: Қағанат – ҚС, 1999 жыл
7. С.Қондыбай. Нұр, құдайы құдірет және символ // Әлемдік мәдениеттану ой-санасы. Он томдық. 3-том. – Алматы: Жазушы, 2005

жыл.

8.Ежелгі дәуір әдебиеті. Хрестоматия. – Алматы: Ана тілі, 1991 жыл

9. Агахи Мухаммед Риза мираб. Собрание султанских сообытий. М., 2010.

10.Андреев И.Г. Описание Средней орды киргиз-кайсаков. Алматы, 1998. 11.Артыкбаев Ж.О. Среднее Прииртышье в контексте основных проблем Евразийской истории//Еуразия этностары мен мәдениеттері: өткені мен бүгіні. Астана.,2013. 2 т. -158-164 бб.

12.Атыгаев Н. Проблема взаимоотношений Казахского ханства и сефевидского /кызылбашского/ государства в ХҮІ// Историко-культурные взаимосвязи Ирана и Дашт-и Кыпчака в XIII-XVIII вв. Алматы, 2004. сс.125-140.

13. Бөкейханов Ә.Н. Қара қыпшақ Қобыланды.//Шығармалары. Алматы,1994. 298-312 бб.

16.Қорқыт ата кітабы. Ауд. Ә. Қоныратбаев, М. Байділдаев. Алматы,1986. Құдайбердіұлы Ш.Түрік, қырғыз-қазақ һәм ханлар шежіресі. Орынбор, 1911. 17.Маргулан А.Х. Остатки оседлых поселений в Центральном Казахстане// Археологические памятники Казахстана. Алма-Ата, 1978. С. 3-36.

17.Qazaqstan tarihy порталына

Источник:<https://ehistory.kz/kz/publications/view/2997>© e-history.kz

18..https://massaget.kz/mangilik_el/tup_tamyir/kazak_handyigy_i_-_550_jyil/aytumar/48865/



Музей және экскурсиялық педагогика арқылы оқушылардың тұлғасын әлеуметтендіру

«Музейде бір күн»

(ғылыми бағытында жоба)

Усенбеков Марат Кабылханұлы

*Түркістан облыстық білім беруді дамыту
орталығының тарих пәні әдіскері*

«Қазақ үшін тоқымдай жердің өзі қымбат, бір уыс топырақтың өзі алтын», -деп Президентіміз Қ.К. Тоқаев айтқандай ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан мәдени-рухани мұралар, тастағы жазбалардағы өсиет, тәлім тәрбиені жасұрпақтың бойында отансүйгіштік, ерлік сезімді ұялатып, олардың туған жерге, өскен елге, ұлт мәдениетіне деген сүйіспеншілігін арттыру біздің міндет.

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрінің лауазымды 2019–2022 жылдар атқарған Асхат Аймағамбетов Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2022 жылы мемлекеттік бағдарламасына сәйкес тарих пәні мұғалімдер музейде сабақ өту ұсынылды.

Жобаны іске асыру мақсатында Түркістан облысындағы музейлерінде зерттеу сабақтарын өткізу жоспарланған. Музейде зерттеу сабақ өткізу арқылы оқушылардың бойында жәдігерлерді сақтау, өз өңіріндегі тарихына мақтаныш сезім қалыптасады.

Отансүйгіштік сезімнің кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады.

Оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің сан алуан жолдары бар. Солардың бірі – тарихи өлкетану бағытында музейде зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы тәрбиелеу.

Қазақ елінің кез келген аймағынан ежелгі, ортағасырларға және жаңа заманға қатысты тарихи жәдігерлерді немесе деректерді көптеп кездестіруге болады. Мәселе соларды танып біліп, табылған мәліметтерді жүйелеп, зерделеп, оларды жастар тәрбиесінде тиімді пайдалана білуді үйренуде.

Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр

шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс.

«Туған жер» бағдарламасының аясында білім беру саласында ауқымды өлкетану бағытында музейлерде жұмыстарын жүргізудің маңыздылығына назар аударылады.

Танымал тарихшы Мәмбет Қойгелдиев «Туған жер» бағдарламасын ауылдық жердегі мектептерде ұйымдастырудың төмендегідей қызықты бағдарламасын ұсынады.

Мектептегі тарихшы мұғалімдер: «бұл ауылда қандай зират бар? Жалпы ауыл қашан пайда болған? Негізін қалаған кімдер? Бұл ауыл қандай жолдан өтті? Ауылда қандай мықты әулеттер бар? Олардың тарихы қалай жалғасты?» деген мәселелер төңірегінде зерттеулер жүргізуі керек.

География пәні мұғалімдері: «ауылдағы тау, төбе, өзен, көше қалай пайда болған? Бастауын қайдан алады, соңы қайдан тұйықталады?» деген сұрақтарға жауап іздейді. Тіл және әдебиет пәні ұстаздары: «ол тау мен өзен не себепті бұлай аталады? Этимологиялық мәні қайда жатыр?» деген мәселенің тамырын ажыратады.

Биология пәні оқытушылары: «ауылда қанша түрлі өсімдіктер өседі, оның ішінде дәрілік шөптер бар ма, бұл өсімдіктер басқа аймақтарда кездесе ме?» деген сауалды зерттейді.

Елжандылыққа, ұлтжандылыққа тәрбиелеу осылай басталады. Сонда ел туралы түсінік осылай қалыптасады.

Тарихшы ғалымның осы қарапайым ұсыныстарының өзі-ақ жергілікті жерде өлкетанушылық жұмыстарды қалай ұйымдастыруға бағыт беріп тұрғандай.

Бұл бағытта еліміздің мектептерінде бұрыннан қалыптасқан тәжірибе бар. Қазақстанда тарихи өлкетануды жастар тәрбиесінде пайдалану тәжірибесі кешегі өткен кеңестік дәуірде біршама тәуір жүргізілгенін мойындауымыз керек. Кеңес дәуірінде барлық мектептерде, арнаулы орта және жоғары оқу орындарында тарихи, өлкетану, революциялық, жауынгерлік даңқ, археологиялық, этнографиялық т.б. музейлер көп болды. Олардың жұмыстары жақсы деңгейде ұйымдастырылып, орталықтан үйлестіріліп, бақыланып отырды. Осындай тәрбие ошақтарында түрлі семинарлар,

конференциялар, экскурсиялар жұмыс түрлері ұйымдастырылып жастарды тәрбиелеуде пайдаланылды. Олар тек сол заманның талабына сай коммунистік идеологияға жұмыс істеді.

Өлкетану бағытында музейде зерттеу сабақтар арқылы жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеудің бір жолы – туған аймақтың археологиялық ескерткіштерімен таныстыру. Даладан табылған көлемі үлкен, ауыр салмақты заттай ескерткіштерді мұражайға әкеліп қоя алмайтынымыз белгілі. Оларды сол орналасқан жерлерге барып қана көре аламыз. Әрбір жас өзінің кіші Отаны – туған аймағында тарихтан қалған қандай жәдігерлер барын, олардың мән-маңызын білгенде ғана туған өлке тарихын білуге, құрметтеуге деген сезімі оянады.

Жобаның мақсаты мен міндеттері

Мақсаты: теориялық білімін мен педагогикалық тәжірибені қолдана отырып музейде практикалық сабақ ұйымдастыру, тарих пәнді тереңдетіп оқыту арқылы білім сапасын арттыру.

Міндеттері:

- музейде сабақ өткізу бойынша ғылыми-зерттеу дағдыларың дамыту;
- шебер-сынып арқылы музейдің мәдени-білім жұмысында білім берудің ең тиімді әрі заманауи түрлерімен таңыстыру;
- музейдегі сабақтың құрылымын үйретуге, сонымен қатар педагог-маманмен музейлік сабақ интерактивті оқыту арқылы бір саласын түсіндіру;
- теориялық бөлім, жеке жұмыс пен мұғалімдер тәжірибесін ұсыну.

Жобаны жүзеге асырудан күтілетін нәтижелер

- музейлерде зерттеу сабақтары жүзеге асырылады;
- туған өлкесін тарихын терен тануға, зерттеуге қызушылық артады;
- музейде сабақ өткізу бойынша ғылыми-зерттеу дағдылары артады;
- музейдің мәдени-білім жұмысында білім берудің ең тиімді әрі заманауи түрлерімен таңысады;
- музейдегі сабақтың құрылымын үйренеді;
- теориялық бөлім, жеке жұмыс пен мұғалімдер тәжірибесіне талдау жасайды.

- әдістемелік өнімдер әзірленеді, баспа бетіне шығарылады, облыс педагогтеріне таратылады.

Өлкетану бағытында мектеп музей туралы ереже:

I. Жалпы ережелер

1. Мектеп мұражайы оқушыларға білім беру және тәрбиелеу мақсатында ғылыми-зерттеу жұмыстары үшін, оларды іздеу жұмыстарына жұмылдыру, Отанының табиғи мен тарихи-мәдени мұрасын қастерлеу, олардың бойында рухани құндылықтар қалыптастыру үшін құрылады.
2. Мұражайда сақталатын жәдігерлер мектеп қазынасы болып саналып, белгіленген шарттарға сай тіркеу мен сақтауды қажет етеді.
3. Мұражай өз қызметінде ҚР конституциясын, ҚР «Білім туралы» заңын басшылыққа алады.

II. Мұражай жұмысын ұйымдастыру

Мектеп мұражайын ашу мәселесі педагогикалық ұжым мен жергілікті Білім беру басқармасының келісімімен шешіледі.

Мұражай саласы қолда бар жәдігерлердің сипатына, мақсатына қарай айқындалады. Мектеп мұражайын жасаудағы іздеу-зерттеу, жинақтау жұмыстарына оқушылар мен ұстаздар ат салысады.

Жиналған мұражай заттарының жиынтығы инвентарь кітабына, картотека, каталогқа тіркеледі.

Мұражайға экспозиция жасау және ұстаздар мен оқушылар белсенділерінің жұмысына арнайы жабдықталған бөлме бөлінеді.

Мұражайға бұл сала тәсілдерін меңгерген педагог жетекшілік етеді.

III. Мұражай жұмысын басқару

1. Мектеп мұражайының жұмысын басқару мен жалпы бақылауды білім беру мекемесінің жетекшісі жүзеге асырады.
2. Мұражайдың ашылу немесе жабылу мәселесіне, оның жұмыс барысы, дамыту мәселелеріне қатысты сұрақтарға байланысты әрекеттер атқарушы ұйыммен келісімді түрде жүзеге асырылады.
3. Білім беру бөлімі мектеп мұражайы жұмысындағы ұйымдастыру-әдістемелік орталығы болып табылады.

IV. Мектеп директоры:

- мектеп мұражайы жұмысын ұйымдастыруға тарих пәнінің мұғалімін, кітапханашыны т.б тарта отырып, тікелей бақылау жасайды;
- педагогтар ұжымы ішінен еңбекақы мәселесін шеше отырып, мұражай жетекшісін тағайындайды;
- мұражай қорын сақтау жауапкершілігін алады;
- мектеп өмірінің барлық құрылымында мектеп мұражайын қолданудың бірыңғай жүйесін қалыптастыруға жетекшілік етеді.

V. Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

- педагогикалық ұжыммен мектеп мұражайының білім беру және тәрбие беру үрдісіндегі тәрбиелік әлеуетін жоспарлы зерделеуді қамтамасыз етеді;
- мұражай құралдары арқылы оқыту мен тәрбие үрдісін жетілдіру бойынша педагогтер жұмысының үздік тәжірибелерін зерделеуді, қорыта талдау мен таратуды ұйымдастырады;
- өлкелік үйірмелердің жұмысын, экскурсияларды және басқа да мектеп мұражайы қызметінің түрлерін жоспарлайды.

VI. Мектеп мұражайы жетекшісі:

- жоспарлы іздестіру-жинау, есепке алу-сақтау, экскурсиялық және көрме жұмыстарын жүзеге асыратын мектеп мұражайы оқушылар активінің жұмысын бақылайды және ұйымдастырады;
- мектеп мұражайына түсетін түпнұсқа материалдарды инвентарлық кітапқа есеп алуды жүргізеді, оларды жүйеге түсіруді, дұрыс сақтау және жәдігерлеуді қамтамасыз етеді;
- қала, республика мұрағаттарындағы жоспарлы ғылыми-зерттеу жұмысын, кітапханаларда мұражай қорын құжаттарын жинақтауды жүзеге асырады;
- мектеп мұражайының қала және республика мұражайларымен, Ұлы Отан соғысы ардагерлері Кеңесімен, педагогикалық еңбек ардагерлері Кеңесімен байланысын қамтамасыз етеді.

I Папка. Музейдің құжаттары:

1. Музейдің ашылуы туралы бұйрық

2. Мектеп музейінің жетекшісін және музей белсенділерін бекіту
3. Оқу жылына арналған күнтізбелік жоспар, айлық жоспарды бекіту
- 4 .Музейдің төлқұжаты
- 5 .Музейдің куәлігі
- 6 .Музейге экскурсия (бастауыш сыныптар 1-4 , орта буын 5-8, жоғары сыныптар 9-11)

Дәстүрлі аталып өтетін даталар:

- 1-желтоқсан
- 16-желтоқсан
- 8-Наурыз
- 22-Наурыз
- 18-Сәуір тарихи ескерткіштер күні
- 18-Мамыр Музей күні

Музей кеңесінің құрамы:

- 1.Музей төрағасы
- 2.Музей төрағасының орынбасары
- 3.Музей жетекшісі
- 4.Тарих пәні мұғалімі
- 5.Қазақ тілі пәні мұғалімі
- 6.География пәні мұғалімі
- 7.Бейнелеу пәні мұғалімі
- 8.Технология пәні мұғалімі
- 9.Ата-аналар комитеті

Музей кеңесінің отырысының хаттамасы (жылына 4 рет)

Музейдің кәсіби бағыттары

1. Тарихи өлкетану
2. Этнографиялық
3. Археологиялық
4. Мемориалды
5. Табиғи
6. Ұлттық

II.Папка Музейдегі жәдігерлерін тіркеу кітабы

№	жәдігер атау	сипаттамасы	табылған жері	берген күні	Өткізген оқушының аты-	Өткізген оқушы	қабылдаған қызметк	ескерт у
---	--------------	-------------	---------------	-------------	------------------------	----------------	--------------------	----------

	Ы				жөні	қолы	ер қолы	

Екі түрлі кітап болу керек

1. Негізгі қор
2. Қосымша

III.Папка Музейде өтілген іс-шараларды тіркеу кітабы

№	Іс-шара	күні	сынып	Сын жет	тақырыбы	Мұғ.қолы	Қызм.қолы

IV.Папка Музейде өткізілген іс-шаралардың материалдары (жоспары, баяндамалары, суреттері т.б.)

Құжаттар:

- 1.Бұйрық ашылуы туралы
 - 2.Төлқұжаты
 - 3.Куәлігі
 - 4.Бұйрық музей иен белсенділерінің құрамын бекіту
 - 5.Жоспары
 - 6.Хатталар
 - 7.Экспозициялық тақырыптарының безендірілуі, бөлімдері, жабдықтылуы
 - 8.Іс-шаралар өткізу кітабы
 - 9.Жәдігерлерлің орналасуы
- Талапқа сәйкес болуы, орналасуы

Үлгі

Түркістан облысы Сайрам ауданы

№ 49 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектеп музейінің төлқұжаты

Музейдің аты

Музейдің бағыты

Мемориалдық тарихи -өлкетану

№ 49 Ш.Уәлиханов атындағы
жалпы орта мектеп

Ауданы, қаласы Сайрам
 Облысы Түркістан
 Музейдің ашылған күні _____
 Музейдің ашылған күні _____
 Музей бөлмесінің сипаттамасы _____

Тақырыптық-экспозициялық бөлімдер

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.
- 5.
- 6.
- 7.

Экспозициялық тақырыптардың безендірілуі және құрал-жабдықтарымен жабдықталуы

Музейдің жетекшісі/қызметі, аты-жөні/

Музей белсенділері:

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.
- 5.

Негізгі қордағы экспонаттар саны және қысқаша сипаттамасы

Жылдары	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.	2024 ж.
Экспонаттар саны				
Оның ішіндегі түпнұсқасы				
Музей ісін жүргізу құжаттары				

**Қамқорлық жасайтын мемлекеттік музейлер
Экскурсиялар, көпшілік іс-шаралар**

	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.	2024 ж.
Жыл ішінде келген саны				
Саяхатшылар саны				
Лекциялар, сабақтар саны				
Кездесулер				

«Мектеп музейі» атағын беру жөніндегі комиссиясының қорытындысы

Куәліктің № « » 2021ж.


Комиссия мүшелері:

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.
- 5.

<p>«Мектеп музейі» атағына лайықты деп табылды « » 20 ж. Комиссия мүшелерінің қолы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. 2. 3. 4. 5. 	<p>«Мектеп музейі» атағына лайықты деп табылды « » 20 ж. Комиссия мүшелерінің қолы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. 2. 3. 4. 5.
<p>«Мектеп музейі» атағына лайықты деп табылды « » 20 ж. Комиссия мүшелерінің қолы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. 2. 	<p>«Мектеп музейі» атағына лайықты деп табылды « » 20 ж. Комиссия мүшелерінің қолы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. 2.

3.	3.
4.	4.
5.	5.

Әрбір үш жыл сайын мектеп музейі осы атаққа лайықты екенің дәлелдеуі, қорғауы тиіс. Бұл туралы құрылған комиссия мүшелерінің шешімі мектеп музейінің төлқұжатының «мектеп музейі атағына дайық деп табылды» деген кесіесіне ендіріледі.




САБАҚТАН ТЫС САЯХАТ САБАҚТАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ

**Виртуалді
музейге саяхат**

**Дәстүрлі сабақтағы
саяхат**

**Сокралды
орындарға саяхат**



Виртуалді музейге саяхат

<http://evgeniyvolkov.com/pano/turkistan/>
<http://www.3dsemey.kz/Virtyal?id=138&lang=ru>



Дәстүрлі сабақтағы саяхат





Ақмешіт үңгірі



Шілтер әулие



Қырық қыз тас мүсіні



Хантағы



Балбал тасы




Баба түкті Шашты Әзіз




Үкаша-ата




Көз-ата әулие



МАРШРУТ ПАРАҒЫ (үлгісі)
Сайрам Қ. Датқа – Бәйдібек «Ақмешіт үңгірі»





Өлкетану батындағы «Музейде бір күн» жобасы жалпы білім беруді жетілдіру үшін үлкен маңызы бар жаңа жұмыстар. Ғалымдардың зерттеулері оқу бағдарламаларының мазмұны, тарихи кітаптар, оның ішінде туған өлкенің тарихы туралы ескі көзқарастарды еңсеруге айтарлықтай көмек көрсетті, тарихқа және оның оқытуына көп факторлы көзқарасты практикада қолдануға көмектесті. Сонымен қатар бұл аймақтық зерттеулер оқушылармен жұмыс істеуде табысты қолданылады.

Оқушылардың ғылыми зерттеулерінің негізгі талаптары - бұл ізденіс, ғылыми сипаттама. Оқушылармен жұмыс жүргізуді ұйымдастыру үшін, олар проблема емес, нақты ғылыми мәселені көтеру қажет. Өлкетануда мұндай мүмкіндіктер кеңінен ұсынылады.

Келесі талап - мектеп оқушыларының ғылыми ізденістері ерікті принциптерге негізделуі тиіс.

Ғылыми зерттеу сабақтар арқылы ұйымдастыра отырып, мұғалім өз аймағының ерекшеліктерінен шығуы керек, зерттеулерге дайындалу кезінде белгілі бір тәжірибелік дағдылар қажет. Әрбір тарих пәнінің оқытушысы теориялық және іс жүзінде нақты ізденістерді, ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға дайын емес, әркім мұражайларды ұйымдастыру туралы білмейді. Бұл жағдайда біздің ұлы Отанымыздың кез-келген бұрышында қол жетімді тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі жұмыстарды шектеу қажет. Оларды анықтау және қорғау үшін жұмыс барлық оқушылар үшін жеткілікті.

«Музейде бір күн» жоба аясында зерттеулері туралы айтатын болсақ, оқушылардың танымдық деңгейлерін ажырата білу керек.

Шартты түрде үш деңгей туралы айтуға болады.

* Бірінші деңгейде оқушылар аймақ туралы «дайын» білімді мұғалімнің сөздерінен, оқулықтардан және бұқаралық ақпарат құралдарынан алады.

* Екінші деңгейде – бұл оқушылардың белсенді танымдық жұмысына жағдай жасайтын өзіндік білім алу (олар зерттеу барысында бұрыннан белгілі болған фактілер мен оқиғаларды, қоршаған орта құбылыстары мен заңдылықтарын «қайта ашуда»). Мұндай білім көздері оқу-әдістемелік құралдармен, танымал ғылыми әдебиеттерді, жергілікті және орталық мерзімді басылымдардағы басылымдардан, мектеп және мемлекеттік мұражай материалдары мен интернет-ресурстардан басқа болуы мүмкін.

*Үшінші деңгейде оқушылар өздерінің туған жерінің тарихын ғылыми қызығушылықты тереңдетіп зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Бұл жағдайда оқушылар шынымен жас ғалым-зерттеуші ретінде әрекет етеді. Әдетте олар жергілікті топтар мен оқушылардың ғылыми қоғам мүшелері, элективтердің тыңдаушылары.

Жергілікті зерттеулер мектеп оқушыларының әлеуметтік бейімделу мәселелерін шешуге, өз туған ауылында, облысында өмір сүруге және жұмыс жасауға дайын болуына, олардың дамуына, әлеуметтік-экономикалық және мәдени жаңаруына қатысады. Бұл біздің заманымыздың шұғыл әлеуметтік-педагогикалық міндеттерінің бірі.

Мектеп аймақтық зерттеулер қазір қалпына келтіру кезеңін бастан өткеруде, күшейе түсуде, оның формалары мен жұмыс әдістерін жетілдіреді. Оқу үдерісіндегі маңызды рөлі мектептегі өлкетану оқуының деңгейінің дамуын анықтайды. Ең алдымен, патриотизм мен азаматтылықты дамытуда жергілікті тарихтың маңыздылығын есте сақтау қажет. Отанға деген сүйіспеншілік әрдайым нақты: бұл сіздің үйіңізге, қалаңызға, ауылға, туған жеріңізге деген сүйіспеншілік.

Мұғалімнің жұмысы – жергілікті этнограф көп қырлы, таза ғылыми зерттеулер. Мұғалім материалды - жалпы ғылыми, жергілікті тарихты және оқу-ағартуды зерттеудің үш аспектісін үнемі есте ұстау керек. Мектеп мұражайларының, элективтердің, мектеп оқушыларының, мектептің оқу-тәрбие жұмысының арқасында оқушылармен жұмыс істеудің әртүрлі формалары мен әдістеріне, сондай-ақ оқушылардың тәуелсіз ғылыми-зерттеу жұмыстарына кең мүмкіндіктер ашылады.

Оқытушының басты міндеті – оқушыларды таным процесінде

қызықтыру. Егер қызығушылық туындаса, онда бұл тек дұрыс бағытта болуы керек.

Қорытындылай келе мектеп оқушыларды осындай тарихи-мәдени ескерткіштер орналасқан жерлерге, музейлерге апарып, ел мен жер тарихына деген сезімдерін ояту маңызды істердің бірі деп айтуға болады. Осындай бағытта тәлім-тәрбие алған оқушылар әрі қарайғы өмірінде елі мен жерінің тарихын білуге, насихаттауға және отансүйгіштікке құндылық қалыптасады. Сонымен бірге ата бабамыздан мұра қалған жәдігерлерімізді жинақтап көздің қарашығындай сақтауымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ашурков В.Н., Кацюба Д.В., Матюшин Г.Н. Историческое краеведение. М., 1980.
2. Матюшин Г.Н. Историческое краеведение М. 1987
3. Ахметова С.Ш. Историческое краеведение в Казахстане. А., 1982.
4. Громов Г. Методика этнографических исследований. М., 1966.
5. Акишев К.А., Байпаков К.М. Вопросы археологии Казахстана, А. 1979.
6. Байпаков К.М., Таймагамбетов Ж.К., Жумаганбетов Т. Археология Казахстана, А., 1993
7. Масанов Э.А. Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР. А., 1966.
8. Ақпарат дереккөзі:
<https://massaget.kz/okushyilarga/shyigarma/65915/>.
9. <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D3%A8%D0%BB%D0%BA%D0%B5%D1%82%D0%B0%D0%BD%D1%83>

Аннотация

«Музейде бір күн» тақырыбында ғылыми зерттеу жобасы кез келген мұғалімдердің бойында рухани ұлттық құндылықтарды терен түсіну, дәріптеу және өз тәжірибесінде практикада қолдану құнды материалдар болып саналады.

Сондай-ақ тарих сабақтарында Тұңғыш Президентінің «Рухани жаңғырту» бағдарламасы жүзеге асыруға бағытталған.

Аннотация

«Один день в музей» научно-исследовательский проект является ценным материалом для учителя понимания, пропаганды и практического применения национальных духовных ценностей на уроках истории.

По мимо этого сборник направлен на реализацию программы Первого Президента «Духовное возрождение» на уроках истории.

Annotation

The collection of articles for the regional scientific and practical conference "Spiritual Revival - the Great Force of National Progress" is a valuable material for any reader to deepen the understanding, promotion and practical application of national spiritual values in history lessons.

In addition to this, the collection is aimed at implementing the program of the First President "Spiritual Revival" in history lessons.



**«Тарихи деректермен жұмыс жасау негізінде
оқушылардың бойында зерттеушілік
дағдыларды дамыту»**

*Хамзин Женис Какибаевич
Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы,
«Дінмұхамед Қонаев атындағы
№44 мектеп-гимназиясы» КММ,
тарих пәнінің мұғалімі, педагог-шебер*

**«Зерттеу дегеніміз – бәрі көрген нәрсені көру және
ешкім ойламағандай ойлау»
Альбер Сент-Дьерди**

Оқушылардың сабақтағы зерттеу іс-әрекеті – олардың жалпы оқу дағдыларын дамытуын, зерттеу білігін қалыптастыруын, танымдық ынтасын дамытуын қамтамасыз ететін аса тиімді құралдардың бірі. Зерттеу қызметі тарих ғылымына деген қызығушылықтың бастауы бола алады. Зерттеудің стандартты емес жағдайлары оқушылардың белсенділігін арттырады, оқу ақпаратын қабылдауды белсенді, тұтас, эмоционалды, шығармашылық етеді.

Жаңа білім беру стандартына сәйкес зерттеу қызметі келесі тәсілдерге бөлінеді:

- өзін-өзі дамытуға және үздіксіз білім алуға дайындықты қалыптастыру;
- оқушылардың белсенді оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру;
- оқушылардың жеке жас ерекшеліктерін, психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін құру.

Тарихты тануда оқушылардың зерттеу дағдыларын кезең-кезеңмен, біртіндеп және жүйелі түрде дамыту өте маңызды. Оқу-зерттеу қызметінің нәтижелілігі дереккөздер мен жұмыстың сабақта дұрыс жоспарлануы мен оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытудың тиімді әдіс-тәсілдерінің қолдануына байланысты.

Тарихи дереккөздермен жұмысты сабақтың кез келген кезеңінде қолдануға болады. Мысалы, жаңа тақырыпты игеру кезеңінде «білім алмасу» моделі арқылы оқушылар жеке топтарда дереккөздерді зерттеп, бірлесіп, талдау нәтижесінде бір-бірін үйретеді. Әр топқа әртүрлі

дереккөз ұсынылады. Бір сабақта бір немесе бірнеше дереккөзбен жұмыс арқылы оқу мақсатына жетуге болады, кейде жаңа тақырыпты тек қана дереккөздермен игерту мүмкіндігі бар. Оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуда бір тақырыпқа қатысты тарихи дереккөздердің бірнеше типі мен түрлерін пайдалану оқушылардың қызығушылықтарын арттырады. Мысалы, бейнематериал, картина, ресми құжаттар, естеліктер, басылым материалдары тақырыпты жан-жақты қарастырып, оқушылардың білімдерін тереңдетуге жағдай жасайды.

Оқу бағдарламалары мен жоспарларын, оқушылардың оқу жетістіктерін саралау мен өзімнің көпжылдық педагогикалық тәжірибе барысында жинақталған әдістемелік идеяларыма негіздей отырып, дерекпен жұмыс жасау арқылы оқушылардың зерттеушілік дағдысын қалыптастырудың «қарапайымнан күрделіге бағытталған Зерттеудің 6 қадамын» ұсынуды жөн көрдім.

1. Тапсырманы анықтау: Нені зерттеу қажет екенін анықтау:

Мен нені анықтауым керек? Мен не істеймін? Мен қазір не білемін? Маған қандай лексика керек? Мен өз жұмысымды қалай таныстырамын?

Тиімді әдіс. «**Проблемалар ағашы**» әдісі. Бұл әдіс жағдайды талдау және оның себептерін толық түсіну үшін қолданылады. Қатысушылар жалпы тақырыпқа сәйкес проблемаларды анықтап, ағашқа орналастырады. Мәселен, сынып бір проблемамен немесе бірнеше проблемамен жұмыс істей алады.

Мазмұн. Сабақта қазір не істейтінін анық түсінген жағдайда (нақты мақсат бар, ол әрекет ететін жол анық) ғана оқушы өзін жайлы сезінеді. Болашақ жетістік мектепте тарих сабағын оқудың барлық кезеңінде оқу логикасы өзгермейтін алғашқы «қалыпты» тақырыптарын оқығанда қалыптасады. Бұл соғыстың, нақты бір шайқастың (ұрыс), тарихи тұлғаның, көтерілістің, жорықтың (экспедицияның), реформаның және т.б. сипаттамасы секілді тақырыптар. Бұл жұмыста пән бойынша әдістемелік оқулықтан табуға болатын оқушыларға арналған жаднамалар көмектеседі. Оларды сабақ басталар алдында партаға жайып қойып, сабақ басталғаннан қолдануға болады.

Тарихи тұлғаға сипаттама бергенде мынадай арнайы жадынаманы қолдану ұсынылады:

- тарихи қайраткердің сыртқы бейнесін суреттеу;

- тұлғалық белгілерін сипаттау;
- өмірінің ең жарқын маңызды фактілерін атау;
- тұлғаның тарихқа қосқан үлесіне баға беру.

Бұл тарихи тұлғалардың іске асырған ерекше әрекеттерінің білім алушының есінде ұзақ сақталуына мүмкіндік береді.

2. Ақпараттың орналасқан орны: Дереккөздердің орнын анықтау.

Мен ақпаратты қайдан таба аламын? Маған кім көмектесе алады?

Тиімді әдіс. «Шынжыр әдісі». Оқушыларға анықталған проблема бойынша «Кім?», «Не?», «Қайда?», «Қашан?», «Қалай?», «Неліктен?» сұрақтары бойынша талдауға немесе шешіп беруге тапсырма беріледі. Оқу жағдайына қарай сұрақтарды өзгертуге болады.

Жоспар құра білуге үйретудегі келесі қадам – қадам сайын бірге зерттеу жоспарын құру. Бұл үшін сұрақтар тізімі жасалады, олар мәселені (тақырып) зерттеу қисыны бойынша сап түзейді. Осыдан кейін, тақырыпты зерттеудің нақты жоспары құрылған сәттен салыстыру үшін кез келген деректен алынған немесе бұған дейінгі жылдардағы оқушылар мен мұғалімдер құрған осыған ұқсас тақырыпты зерттеу жоспары ұсынылады. Оқушыларға тақырып мазмұнына қарай деректі ықшамдап беріңіз. Яғни, оқушылардың жас ерекшеліктері мен дайындық деңгейін, қабылдау қабілеттерін ескеру керек. Мысалы, төменгі сынып болса, деректегі кілт сөздерді ерекшеліп белгілеу немесе топқа кадрлап оқыту секілді әдістерді, ал жоғары сыныптарға бірнеше дерек көздерін топтастыру немесе іріктеу тапсырмаларын қолдануға болады.

Оқу процесінде қолданылатын тарихи деректер пән мазмұнына, сабақ тақырыбына және оқу мақсатына сәйкес таңдап алынуы қажет. Сабаққа деректерді жинақтау келесі критерийлерге сәйкес айқындалады: тарихты оқытудың мақсаттары мен міндеттеріне сай болу; оқытылып жатқан кезеңнің негізгі фактілері мен оқиғаларын бейнелеу; тарихи білімдерді өзектендіруге жәрдемдесу; мазмұны мен көлемі бойынша оқушыларға қызықты, қолжетімді болу; оқушыларға белгілі бір эмоционалды әсер ету; әдеби және ғылыми құндылығы зор, ақыл-ой еңбегінің танымдық жетілдіруіне септігін тигізу.

Көне түркі жазуының маңызын түсіндіру

1 тапсырма. Берілген алгоритмді пайдалана отырып, деректі сипаттаңдар:

1. Деректің түрін, авторын, жазылған мерзімін анықтаңдар.

2. Дерек қандай мақсатпен жазылған?

3. Дерек кімге арнап жазылған?

2-тапсырма. Деректің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Күлтегін жазбасында айтылған көрші елдермен байланыс қалай сипатталады?

2. Түрік қағанатының әскері қандай болды?

3. Күлтегін мен Білге қағанның батырлығы қалай көрсетілген?

3. Тиісті ресурстарды таңдау: Сенімді ресурстардан деректерді жинау.

Бұл ақпарат пайдалы ма? Мен нені сақтауым керек? Маған нені өшіріп тастау керек? Ресурстар қаншалықты сенімді болып табылады?

Тиімді әдіс. IDEAL әдісі. Проблемалық жағдаяттар берілген ақпаратпен жұмыс істеуге қолайлы тәсіл:

Мысал: «IDEAL» Қазақ хандығының құрылуының себептерін талдаңыз.

I - мәтін мазмұнындағы проблеманы анықтау

D – проблеманы сипаттау

E – проблеманы шешу жолдарын анықтау

A – проблеманы шешу үшін әрекет жасау (мәселені шешу жолын көрсету)

L – қорытынды жасау және атқарылған жұмысқа рефлексия жасау

Дереккөзбен жұмыс барысында келесі есте ұстайтын маңызды қағида-дереккөздің шынайылығын анықтау. Тарихи шындық – бұл тарихи құбылыстың шындыққа жақын көрінісі. Барлық сенімді дереккөздер тарихи құбылысты қалпына келтіруге мүмкіндік бере бермейді, өйткені кей дереккөздерде құбылыстың «үзінділері» ғана берілуі мүмкін (мысалы, оқиғалардың қатысушыларының толық көрсетілмеу немесе оқиғаның реттілігінің бұзлуы т.б.). Мұндай жағдайларда тарихи шындықты қалпына келтіру бірқатар дереккөздерді салыстыру арқылы ғана мүмкін болады. Мұқият іріктелген тапсырмалар мен іс-әрекет түрлері арқылы оқушыларды ынталандырып отыру және проблемаларды шешу әдіс-тәсілдерін оқушыларға түсінікті жолмен көрсету. Оқушылардың қабілеті мен қажеттілігін ескере отырып, әр дағдыға байланысты деректі талдаудың нақты алгоритмін ұсыну қажет, ол оқушыларға түсінікті, ықшамды болуы шарт. Деректі жұмысты

сабақтың барлық кезеңінде қолдануға дағдыландыру маңызды болып табылады. Деректермен жұмыс алгоритмін дұрыс меңгерген оқушы зерттеу жұмысы барысында жақсы нәтижеге жетеді. Қолдауды қажет ететін оқушыларға дайын алгоритмдер берілсе, қабілеті жоғары оқушыларға алғашқыда алгоритмдер беріп, кейін алгоритмсіз жұмыс істеу дағдысына дейін жеткізу шарт.

4. Ақпаратты ұйымдастыру: Зерттеу нәтижелерін талқылау және түсіндіру.

Мен жазбаларды өз сөзіммен жаза аламын ба? Мен оларды қалай ұйымдастырамын? Мен ақпараттың қайдан алынғанын белгіледім бе? Мен жеткілікті ақпарат алдым ба?

Тиімді әдіс. «SWOT» талдау әдісі. Әдіс талдау және болжам жасау дағдыларын дамытуға бағытталған. «SWOT» талдау әдісі, біріншіден, күшті (Strengths) және әлсіз (Weaknesses), сонымен қатар мүмкіндіктер (Opportunities) мен қауіптерді (Threats) айқындауды, екіншіден олардың арасында байланыс орнатуды қарастырады.

SWOT-талдау барысында төмендегі нәтижелер анықталады		
ІШКІ ФАКТОР	МЫҚТЫ ЖАҒЫ	ӘЛСІЗ ЖАҒЫ
СЫРТҚЫ ФАКТОР	МҮМКІНДІКТЕР	ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР

Аналитикалық жұмыс парағын дайындау. Оқушыларға қандай да бір немесе бірнеше дерек түрлерін ұсынғанда, деректің түріне қарай талдауға арналған аналитикалық жұмыс парағын ұсыну керек. Себебі, оқушылар жеке жұмыс жасағанда жұмыс парағындағы жетелеуші сұрақтар деректі тарихи контекст шеңберіне салып, деректі топтастырып, деректі түсіну мен анализ жасауға, тарихи ақпарат ретінде бағалауға мүмкіндік береді. Аналитикалық жұмыс парақтарын жазбаша құжаттарды, суретті, артефакты, картаны дыбыстық жазбалар мен кинофильмдердің ерекшеліктері мен мазмұнына қарай ерекшеліктерін қарастырып, талдау сұрақтарын құрастыруға болады.

Оқушылардың тарихи құжаттармен жұмыс істеу дағдылары:

- 1) Дерек мәтінін мұқият оқып шығу;
- 2) Оның басты мәнін анықтау;
- 3) Негізгі түсініктері, деректері, атаулары, мезгілдерін анықтау;

4) Айтылып отырған құбылысты нақтылау мақсатында мәтінді талдау;

5) Автор аргументациясын талдау;

6) Мәтінге өзінің сұрақтарын даярлау;


7) Мәтіннің мазмұнын оқушылардың алған білімдерімен, сонымен қатар басқа да дерек көздерімен салыстыру;

8) Шыққан қорытындыны, себеп-салдарлы байланысты, өзіндік қорытынды мен пайымдаулардың логикалық тізбегін тұжырымдау;

5.Идеяларды ұсыну: Зерттеу болжамына сәйкес мәселенің шешімін ұсыну.

Өз жұмысымды таныстыруға қандай талаптар қойылады? Меноны қалай құрылымдауым керек? Мен өз жұмысымды кімдерге таныстыратын боламын? Мен тез тіл табыса аламын ба?

Тиімді әдіс. «Fishbone» әдісі. «Fishbone» стратегиясы («балық қаңқасы») – бұл проблеманы тұжырымдау мен шешудің моделі, бұл сізге егжейлі-тегжейлі сипаттауға және проблемалардың тұтас спектрін шешуге мүмкіндік береді (проблемалар өрісі).



Практикалық тапсырмаларда интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы дерекпен жұмысты түрлендіріп ұсынған жөн. Себебі, белсенді әдістер арқылы оқушылардың уәжін тудырып, зейінін, тарихқа деген қызығушылығы мен зерттеушілік қабілетін арттыруға өз кезегінде оң әсерін тигізеді. Мәселен, деректі жай ғана оқып қоймай, интерпретациялау – оқушының өздігінен жеке немесе ұжымдық талқылауға белсене араласып, деректегі басты мәселе не болмаса оқиғаның шешімін тауып, тың идеяларды негіздеуге итермелейді. Мысалы, бастапқы әрі қайталама деректерді ұсыну арқылы тарихи құжаттарды салыстыру, өзіндік көзқарасын білдіріп, фактілерге сүйеніп сенімділігі мен құндылығын анықтауға байланысты «көркемдік ассоциация» немесе «рольдік ойын» (оқушылардың бір тобы талдаушы, екінші тобы пікір білдіруші) әдістерін қолдануға болады.

6. Дайын өнімді бағалау: Пікір алмасу алаңын ұйымдастыру. Мен бірдемені қалдырып кеттім бе? Менің жұмысымның мәні бар ма? Мен өз жұмысымды оқыған адамның алдында мақтаныш сезіне аламын ба? Мен не үйрендім?

Тиімді әдіс. «Автомобиль» әдісі. Мақсаты – теория бойынша білімдерін бекіту, қатысушылардың әрекетін шығармашылық белсендіру, тақырып төңірегінде жаңа білімдер мен ойлардың туындауына жағдай жасау. Әдістің мәні – автомобиль бөліктерінің кескіндерін құрастыру, оқу материалына байланысты автомобиль бөліктерін бөлу және біріктіру: Не нәрсе оның моторы болады? Не нәрсе оның тежегіші болады? Не нәрсе оның кілті болады? Не нәрсе оның дөңгелегі болады? және т.б.

«Мұғалім-оқушы», «оқушы-оқушы» арасында пікір алмасу алаңын ұйымдастыру керек. Мәселен, оқушылар дерекпен жұмыс жүргізгеннен кейін деректен алынған ақпарат бойынша өзара талқылау ұйымдастыруға, бір-бірін толықтырып, бір-бірінің жұмысына кері байланыс беріп, өзара бағалау жүргізуге болады. Сонымен қатар мұғалім өз тарапынан оқушылардың жұмысына жеке-жеке кері байланыс берсе, оқушылар сындарлы түрде түсініктеме алып, қатемен жұмыс жасап, деректі сауатты талдауға дағдыланады. Бағалау парақтары алгоритмге сәйкес құрылса, оқушылардың дереккөзбен жұмыста қиындықтары анықталады, бұл өз кезегінде алгоритмді жетілдіруге және толықтыруға мүмкіндік береді.

Сабақта бірнеше дерекпен жұмыс істеген тиімді. Бұл оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуда жұптық және топтық, сыныптық жұмыс түрлерін қолдану жақын арада даму аймағын қалыптастыру өте тиімді. Кейбір сабақтарда мұғалім оқушылардың зерттеу жұмыстарын үнемі қадағалап және үйлестіре отырып, дереккөзбен жұмыс істеуді топтарға ұсына алады, содан кейін ғана сыныпта немесе үйде өздігімен зерттеу жұмыстарын жүргізуге тапсырма бере алады.

Зерттеу әрекеті дегеніміз мұғалім мен оқушы арасында белгілі тарихи мәселелер жиынтығының шешімін іздеу жөніндегі бірлескен шығармашылық үдерісті білдіреді. Оқу үдерісін осылай ұйымдастырудан күтілетін нәтиже тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру болып табылады (болжамдарды ұсыну, зерттеу үшін сұрақ құрастыру, дереккөздерді талдау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, қорытынды шығару, өзіндік ұстанымын анықтау). Білім алу

барысындағы зерттеу тәсілі оқушыларға сырттай келісілмеген құбылыстар мен фактілердің өзара байланысын, сондай-ақ тарихи үдерістің бүтін бейнесін көруге мүмкіндік береді.

Зерттеуге негізделген оқу – тарих пәні бойынша жаңартылған оқу бағдарламалары аясында зерттеуге негізделген оқу белсенді оқу қағидаттарын түсіндіретін қуатты педагогикалық құрал болып табылады. Сондай-ақ ол оқушылар дәлелдерді бірлесіп талқылап, оларды құрып және талдайтын тиімді орта болып табылады (Katchevich et al, 2013).

Қорыта келе, айтарым «Өзіңіздің жоспарларыңызды өзіңіз жүзеге асырып, жемісін көрген іске қуанғандай қуаныңыз. Қандай қарапайым болмасын, өз кәсібіңізбен үздіксіз шұғылданыңыз, оның жетістіктері туралы әрдайым хабардар болыңыз, өйткені бұл – сіздің қолыңызда бар дүниелердің ішіндегі ең асылы» деп Макс Эрман айтқандай, оқушылардың бойында зерттеушілік дағдыларды дамыту үздіксіз, бірінен кейін бірі жалғасатын үдеріс екені рас. Тарих сабақтарында зертеушілік оқытуды ұйымдастыру объективті қажеттілік болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ ПШО. Астана, 2016.
2. Шегенова З., Жанисов А. Развитие навыков исторического мышления на основе исторических концептов. Методическое пособие:-Астана, 2015.
3. Өстеміров К Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары.-А.: 2007.
4. Таубаева Ш. Мұғалімнің зерттеу мәдениеті. - Алматы: Әлем, 2000.
5. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық өлшеулер орталығы «Қазақстан тарихы» пәні бойынша сыртқы жиынтық бағалаудың тест спецификациясы 10- сынып АСТАНА, 2018.
6. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии: Учебное пособие.



**«Развитие историко-познавательной
компетентности учащихся на основе
концептуального подхода: методы и приемы»**

*Ли Галина, учитель истории
КГУ «Школа - лицей №6» отдела образования
города Экибастуза, управления образования
Павлодарской области*

Государственные общеобязательные стандарты основного среднего и общего среднего образования определяют ожидаемые результаты обучения как компетенции, выражающие, «что именно обучающийся будет знать, понимать, демонстрировать по завершении процесса обучения» [1]. Основываясь на идеях Хуторского А.В., историко-познавательная компетенция является образовательной компетенцией, отражающей предметно-деятельностную составляющую, необходимую для успешного освоения содержания предметов «История Казахстана» и «Всемирная история». Компетентность предполагает наличие минимального опыта деятельности в определенной сфере, в свою очередь компетенции должны быть представлены в деятельностной форме [2]. Для эффективного овладения предметным содержанием в соответствии с целями обучения в Типовых учебных программах по истории Казахстана и всемирной истории сформулированы процедурные концепты как инструменты мышления. Развивая в процессе преподавания умения, которые предполагают концепты, педагог создает предпосылки для того, чтобы ученик мог «перенести» их на другие учебные и жизненные ситуации. Этим объясняется актуальность концептуального подхода в преподавании истории. Целью настоящей работы является описание педагогического опыта развития историко-познавательной компетентности учащихся на основе концептуального подхода в преподавания истории в 5-9 классах.

Формирование исторического сознания школьников, как цель преподавания истории, осуществляется на основе базовых навыков исторического мышления, таких как интерпретация исторических источников, ориентация во времени и пространстве, навыки исторического анализа и объяснения. Часть концептов имеет универсальный характер и применима к другим сферам научного знания

(например, сходство и различие, причина и следствие, интерпретация). Фокус на концептах в преподавании и обучении позволяет педагогу развивать навыки исторического мышления на основе конкретного учебного материала. Ожидаемые результаты обучения на основе концептов как компоненты историко-познавательной компетенции выражают, что именно (какие умения) будет демонстрировать обучающийся:

- анализировать и оценивать исторические примеры непрерывности и изменения во времени и пространстве (концепт «изменения и преемственность»);
- анализировать и оценивать взаимодействие нескольких причин и влияний («причина и следствие»);
- анализировать особенности исторического источника, на основе анализа и оценки исторического свидетельства делать обоснованные заключения и соответствующие выводы («доказательство»);
- сравнивать связанные исторические события и процессы на местах, в течение определенного отрезка времени («сходство и различия»);
- определять значимость исторического события, явления, процесса для развития общества («значимость»);
- объяснять и оценивать различные точки зрения на определенное историческое событие («интерпретация») [3].

Эффективное планирование, опирающееся на идеи концептуального подхода в преподавании и организацию исследовательской деятельности на уроке, позволяет развивать историко-познавательные компетентность учащихся. «Помощь учащимся в создании концептуальных знаний [о прошлом] - это... главная задача учителей истории» (Дауни и Лонг, 2016) [4].

Алгоритм действий учителя по реализации концептуального подхода при подготовке к уроку может выглядеть следующим образом (на примере темы урока *Казахское общество во второй половине XIX века, 7 класс*)

1) провести обзор учебной программы, анализ целей обучения, исследовательского вопроса - на этом этапе целесообразно определить, какие ключевые идеи станут предметом изучения, исследования учащихся:

Исследовательский вопрос: Под влиянием каких факторов сформировались общественно-политические взгляды представителей «Зар заман»

Цели обучения: 7.2.1.2 анализировать негативное влияние колониальной политики на развитие национальных ценностей; 7.1.2.2 объяснять значимость формирования казахской интеллигенции

Ключевая идея: эпоха «Зар заман» - отражение кризиса традиционной культуры вследствие утраты национальной независимости

2) определить концепт/концепты, наиболее подходящих к целям обучения, исследовательскому вопросу и фокусирующих исследование учащихся на уроке:

Цели обучения: 7.2.1.2 анализировать негативное влияние колониальной политики на развитие национальных ценностей; 7.1.2.2 объяснять значимость формирования казахской интеллигенции

Концепты: цель 7.2.1.2 - *интерпретация*, предполагает анализ фактических данных первичных источников, рассуждение, определение контекста, оценку точек зрения, выраженных в источниках; цель 7.1.2.2 - *значимость*, подразумевает анализ влияния на процесс и будущее общества исторического события или роли конкретной личности. Дополнительно: концепт *доказательство* - определяя точку зрения и цель, ценности автора источника, школьники создают собственную интерпретацию

3) выбрать в соответствии с концептом наиболее подходящие методы, с помощью которых будет организовано преподавание и обучение; в приведенном выше примере темы урока может быть использован метод интерпретации литературных произведений в рамках культурно-исторической ситуации;

4) осуществить поиск необходимых ресурсов, которые будут предложены учащимся для исследования (тексты документов, визуальные источники, статистические данные и др.), формат ресурсов может быть различным с учетом возрастных особенностей учащихся - сплошные и несплошные тексты, тексты с избыточной и недостаточной информацией, тексты с явной и скрытой информацией. Важно, чтобы

ресурсы, используемые в качестве первоначального стимулирующего материала, позволяли создать проблемную ситуацию и перейти к исследовательскому вопросу темы урока. В указанном уроке используем фрагменты из произведений поэтов эпохи Зар - заман, фотодокументы о повседневной жизни казахов второй половины XIX в.

5) составить вопросы, поддерживающие исследование учащихся на уроке. При составлении вопросов полезно использовать типологию вопросов, предложенных McTighe J., Wiggins G. : открытые - направляющие, всеобъемлющие-тематические вопросы [5]. На этапе вызова открытые всеобъемлющие вопросы стимулируют мышление учащихся; на этапе осмысления направляющие всеобъемлющие и тематические вопросы позволяют включить школьников в исследование и обсуждение; на этапе рефлексии открытые тематические вопросы дают возможность самим ученикам конструировать смысл и глубокое понимание ключевых идей темы:

Цели обучения: 7.2.1.2 анализировать негативное влияние колониальной политики на развитие национальных ценностей. Концепт: *интерпретация*. После исследования учащимися предложенных ресурсов и выполнения заданий можно задать направляющие тематические вопросы:

- *В чем заключаются ключевые идеи творчества поэтов Зар Заман? Как мы можем подтвердить это?* При ответе ученикам необходимо подкреплять суждения ссылками на тексты источников, что способствует развитию навыка интерпретации исторических источников.

- *Как ключевые идеи творчества поэтов Зар Заман связаны с изменениями, происходившими в повседневной жизни казахского народа?* Ответы позволяют учителю выявить понимание учащимися ключевой идеи урока, а также связывают содержание урока с ранее изученными темами.

Цель обучения: 7.1.2.2 объяснять значимость формирования казахской интеллигенции. Концепт: *значимость*. На завершающем этапе урока можно задать вопрос: *Как вы думаете, насколько значима эпоха Зар Заман для дальнейшего развития общественной мысли? Почему? Как мы можем подтвердить это?* - направляющий всеобъемлющий вопрос, позволяет учителю связать понимание учениками ключевых идей урока с материалом

следующий разделов. Отвечая на вопрос, ученики интерпретируют и синтезируют информацию, установленную в ходе исследования информационных ресурсов и исторических источников (опора на концепт доказательство) и высказывают собственные оценочные суждения (версионного характера) о значимости взглядов поэтов эпохи Зар заман в последующем развитии общественно-политических взглядов казахской интеллигенции.

б) разработать продуктивные задания, дающие возможность формативного оценивания достижения всеми учениками целей обучения. Важно обеспечить согласованность не только целей обучения, критериев оценивания и заданий, но и подобрать соответствующий концепту инструмент (технику) для его выполнения. Например, можно предложить представить основные идеи эпохи Зар заман, раскрывающие негативное влияние колониальной политики на традиционное казахское общество второй половины XIX в., в виде ментальной карты. Обосновать значимость творчества поэтов по заданным критериям можно с помощью формулы ПОПС;

7) подобрать стратегии активного обучения, позволяющие реализовать запланированные виды деятельности на уроке и развивающие навыки сотрудничества и коммуникации: при работе с визуальными источниками (первоначальный стимулирующий материал) - «Вижу - Думаю - Удивляюсь»/«Вижу - Чувствую - Думаю», на этапе выдвижения гипотез - мозговой штурм, на этапе анализа и интерпретации - «Думай - В паре - Делись».

Практика преподавания на основе концептов позволила автору выделить наиболее эффективные методы и приемы. Так, для возникновения проблемной ситуации, постановки проблемного вопроса и перевода его в исследовательскую плоскость с учетом возрастных особенностей чаще всего используются: ситуации неожиданности или несоответствия (в 5-6 классах); ситуации неопределенности, предположения или версионного характера (в 7-9 классах). Для развития навыков исторического мышления на основе концептов применяются приемы (примеры заданий в приложении):

доказательство	формула НІРР, схема анализа письменных источников (понимание-классификация - интерпретация - оценка), схема анализа визуальных
----------------	--

	источников (наблюдение - комментирование - интерпретация)
изменение и преемственность	Формула РЕТТ, Линия континуума, График изменений, Диаграмма Венна
причина и следствие	Диаграмма причинности, Дерево причин, Схема «причины – эффекты», Классификация причин, Диамант, Формула IDEA
сходство и различие	Сравнительные органайзеры, Диаграмма Венна, Найди отличия (для визуальных источников)
значимость	Формула 5R, Формула GREAT, Пирамида значимости
интерпретация	Факт или мнение

Итак, концептуальный подход на уроках истории предполагает обучение, основанное на исследовании и способствует глубокому изучению предмета. Фокус современного урока истории ориентирован на осмысление идей и обобщений, связывающих фрагменты и эпизоды прошлого в целостное понимание истории как процесса, позволяющих ориентироваться в настоящем. Представленный подход к планированию уроков с использованием концептуального подхода позволяет перевести ученика в роль активного субъекта не только своего обучения, но и конструирования собственного понимания и отношения к историческому процессу.

Список литературы:

1. Государственный общеобязательный стандарт основного среднего образования, утвержденный приказом МП 3 августа 2022 года № 348 [Электронный ресурс] // Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан Эдилет. – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>

2. Хуторской А. В. Технология конструирования компетентностного обучения / А. В. Хуторской // Вестник Института образования человека. – 2011. – № 2. – С. 11.

3. Типовая учебная программа по учебному предмету «Всемирная история» для 5-9 классов уровня основного среднего образования. Типовая учебная программа по учебному предмету «История Казахстана» для 5-9 классов уровня основного среднего образования [Электронный ресурс] // Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан Эдилет. – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1300008424>

4. Downey M. What is Historical Literacy? [Электронный ресурс] // [https://www.historyliteracy.com/what-is-historical-literacy/#:~:text=%E2%80%9CHistorical%20literacy%20also%20can%20be,the%20past.%E2%80%9D%20\(p](https://www.historyliteracy.com/what-is-historical-literacy/#:~:text=%E2%80%9CHistorical%20literacy%20also%20can%20be,the%20past.%E2%80%9D%20(p)

5. McTighe J., Wiggins G. Understanding by design. ASCD; 2005. 370 p. [Электронный ресурс] // Режим доступа: <https://www.ascd.org/books/understanding-by-design-expanded-2nd-edition>

6. Развитие навыков исторического мышления на основе исторических концептов. Методическое пособие / Шегенова З., Жанисов А. - Астана, 2018. - 22 с.

Приложение

Примеры заданий с фокусом на исторический концепт

Концепт доказательство

Тема урока	Насколько был устойчив «Народный фронт» во Франции и Испании?
Цель обучения	8.3.1.1 анализировать влияние общественно-политических течений (социальный либерализм и консерватизм, марксизм и социал-демократия) на жизнь общества
Критерий оценивания	анализирует влияние общественно-политических течений на развитие Франции

Задание. Изучите фрагмент документа и выполните задание, используя информацию текста и знания по теме

Предвыборная программа (опубликована в «L ' Humanite», 11.I. 1936.) (фрагмент)

ПОЛИТИЧЕСКИЕ ТРЕБОВАНИЯ

I. Защита свободы

§1. Всеобщая амнистия.

§ 2. Против фашистских лиг:

а) Эффективное разоружение и роспуск полувоенных формирований, соответственно закону.

б) Применение предусматриваемых законом мер в случае провокации, убийства или покушения на безопасность государства.

§ 3. Оздоровление общественной жизни, в частности путем признания несовместимости парламентских мандатов с другими официальными функциями.

§ 4. Печать:

а) Отмена каторжных законов и чрезвычайных декретов, ограничивающих свободу мнений.

б) Реорганизация печати посредством законодательных мероприятий

в) Организация государственной радиопередачи с целью обеспечить точность информации и равенство политических и социальных организаций перед микрофоном.

Определите, когда, где и кем мог быть принят данный документ, ответ аргументируйте

Объясните, с какой целью был принят данный документ

Назовите целевую аудиторию, для которой был издан данный документ

Выскажите мнение, насколько документ раскрывает особенности общественно-политической ситуации в стране в тот период времени, аргументируйте ответ


Концепт изменение и преемственность

Тема урока	Почему в Китае до сих пор помнят опиумные войны?
------------	--

Цель обучения	7.3.2.6 характеризовать влияние европейской колониальной экспансии на традиционные общества Востока
Критерий оценивания	определяет влияние европейской колониальной экспансии на китайское общество

Задание. Изучи визуальные источники.


Китайские части с новым европейским оружием.
Фотография 1880-х годов



Китайский крейсер «Чаоюн» у верфей Армстронга в районе г. Ньюкасл.
Фотография 1881 года



Определи, какие изменения, произошедшие в китайской армии, в политике государства, в развитии экономики они иллюстрируют? Подумай, какие стороны жизни китайского общества подверглись изменениям в XIX веке под влиянием проникновения европейцев. А что оставалось неизменным? Приведи примеры изменений и преемственности в экономике, политике, социальной сфере, разместив их в соответствующей части схемы:




Концепт причина и следствие

Тема урока	Являлся ли Черный мор главной причиной
------------	--

	крестьянских восстаний и феодальных войн?
Цель обучения	6.3.2.2 определять причины и последствия антифеодальных восстаний в позднем средневековье
Критерий оценивания	определяет причины и последствия антифеодальных восстаний в позднем средневековье

Задание. Определи причинно-следственные связи между следующими фактами из истории Франции, заполни схему «Причина-Эффект»

Факты: Столетняя война, Жакерия, рост феодальных повинностей, сокращение численности населения, установление контроля государства над сбором налогов



Концепт значимость

Тема урока	Каковы итоги и уроки Второй мировой войны?
Цель обучения	8.3.2.3 анализировать причины, характер и последствия Второй мировой войны
Критерий оценивания	Дает оценку характеру и последствиям Второй мировой войны

Задание. Прочитай цитату из романа Лауреата Нобелевской премии А. Камю «Чума» и выполни задание.

«Когда разражается война, люди обычно говорят: «Ну, это не может продлиться долго, слишком это глупо». И действительно, война - это и впрямь слишком глупо, что, впрочем, не мешает ей длиться долго».

Приведи аргументы и факты, раскрывающие значимость 2 Мировой войны в истории человечества по предложенным аспектам:

А) Значительное/поворотное событие

Аргумент
Факт

В) Запомнившееся событие

Аргумент

Факт
С) Событие, имевшее широкое распространение
Аргумент
Факт
Д) Событие, повлиявшее на будущее
Аргумент
Факт

Концепт интерпретация

Тема урока	Социально-экономическое развитие Казахстана в 1965-1985 гг.
Цель обучения	9.4.2.1 определять состояние промышленности и делать выводы
Критерий оценивания	Оценивает состояние промышленности в года застоя

Задание. Изучи два предложенных фрагмента текстов и ответь на вопросы

Текст 1

<p><i>В республике не было застойных явлений. Это подтверждают данные Государственного комитета по статистике. Кстати, собираясь на пенсию, запросил у этого комитета статистические данные о том, какие изменения произошли в экономике республики с 1955 по 1985 г. В полученных официальных данных было указано, что за этот период объем промышленного производства в республике возрос в 8,9 раза, сельского хозяйства — в 6,2 раза, строительства почти в 8 раз. Таким образом, за этот период по своему экономическому потенциалу у нас как бы создано семь Казахстанов, а по объему промышленного производства - даже восемь. Население более чем удвоилось и составило в 1987 г. 16 млн. 244 тыс. Численность казахов, проживающих в республике, за это время возросла в 2,2 раза и составила около 7 млн. человек. Рассматриваемый период характеризуется весомыми достижениями в наращивании производительных сил в республике, подъеме материального благосостояния и культурного уровня трудящихся Казахстана. Темпы развития промышленности нашей</i></p>

республики за 1955—1985 гг. были одними из самых высоких среди союзных республик. Много, чрезмерно много говорили о застое в нашей республике. Это, видимо, выгодно тем руководителям, которые стремятся спрятать от людских глаз свои недостатки, особенно в сельском хозяйстве, в капитальном строительстве и снабжении населения продовольствием и промышленными товарами....» Кунаев Д. От Сталина до Горбачева

Текст 2

В начале 1970-х гг. происходило свертывание реформ, начатых в середине 60-х. Поднять эффективность общественного производства не удалось. Наращивание экономического потенциала осуществлялось за счет экстенсивного использования резервов республики, вовлечения в оборот сырьевых и топливно-энергетических ресурсов. За период с 1970 по 1985 г. общий объем промышленной продукции увеличился вдвое, а в машиностроении, химической промышленности - более чем втрое. В основе экономики лежал принцип директивного управления и диктат центра. Около 50 % промышленности Казахстана находились в ведении союзных министерств. Союзные министерства игнорировали интересы республики, развитие ее социальной сферы, подготовки национальных кадров, охраны окружающей среды. Сырьевая направленность экономики Казахстана привела к тому, что в 1970–1980-е гг. оставались слабо развитыми перерабатывающая промышленность и производство товаров народного потребления. Около 60% непродовольственных товаров народного потребления поступало из других союзных республик, причем часто они изготавливались из казахстанского сырья. Нарастание кризисных явлений в экономике выражалось в снижении темпов прироста промышленной продукции, уменьшении национального дохода. Планы развития страны не выполнялись. Если в 1970–1975 гг. среднегодовой прирост промышленной продукции составил 8,4 %, то в 1980–1985 гг. - 3,8. Командно-административные методы управления экономикой, игнорирование экономических стимулов, экстенсивное развитие, господство государственной формы собственности, отчуждение работников от средств производства, диктат центра привели экономику Казахстана в середине 1980-х годов к кризису.

<http://www.tarih-begalinka.kz/ru/history/postwar/history/>

В чем не совпадают оценки авторов предложенных текстов итогов развития промышленности в 1965-1985 годы?

Чем можно объяснить данное несовпадение?

В каком тексте, по-твоему, оценки итогов развития промышленности более аргументированы и почему?



«Влияние активных методов обучения на развитие речевых навыков учащихся на уроках истории»

*Мубаракова Балкия Муратбековна
Учитель истории, педагог-исследователь
КГУ «Школа-лицей №7 имени Н. Марабаева»
Мангистауская область, г. Актау*

Главной задачей современной школы является формирование конкурентоспособной, функционально грамотной личности, способной адаптироваться к различным социальным условиям, обладающей высоким уровнем знаний, внутренней культурой и развитыми коммуникативными способностями. В связи с этим возрастает роль навыков речи учащихся. Эта важная задача должна решаться не только на уроках гуманитарного цикла, но и на всех уроках.

Развитие речи школьников сегодня остается значимой проблемой. Уметь говорить, значит, уметь мыслить, рассуждать и выражать свое мнение. Актуальность изучения данной проблемы обусловлена еще и тем, что, как показывает практика, ученики не совсем корректно могут излагать свои мысли, не могут строить свою речь. Учитель в своей практике применяет различные методы и приемы, призванные решить эту проблему.

Большую помощь в развитии навыков говорения играют активные методы обучения. Активные методы обучения – это методы, побуждающие учащихся к активной и разнообразной мыслительной и практической деятельности в процессе обучения. [1]

В зависимости от целей урока, этапа урока своей практике я применяю различные методы.

На начальном этапе урока часто использую метод «Мозговой штурм».

Цель данного метода – генерировать максимальное большое количество идей. На доске или на слайдах записываются основные правила:

- ✓ Количество, а не качество
- ✓ Любые идеи, даже самые фантастические

✓ Не критикуем чужие идеи

Таким образом, дается возможность каждому высказать свою идею, ведь ученик не будет бояться, что его ответ будет неверным, или ему сделают замечание, или его идея кому покажется смешной или утопичной. Этот метод помогает «раскрыться» неуверенным в себе детям, учит проговаривать вслух свои мысли, слышать и слушать своих одноклассников.

Например, при изучении темы в 9 классе по всемирной истории «Как сформировалась биполярная система мира?», вопрос мозгового штурма «Что означает биполярная система?». Учащиеся предлагают свои варианты ответов, чем больше идей, тем лучше. Все идеи записываются, а затем обсуждаются и возможно систематизируются.

Еще один прием, который я часто использую в начале урока «Ассоциативный ряд». [2] Прием помогает на стадии вызова вызвать интерес к изучаемой теме.

К примеру, период нового времени связан с понятием «революция», тема по всемирной истории в 7 классе звучит: «Какое значение имела Английская революция середины XVII века?» Прежде чем начать урок, важно понять, как понимают учащиеся термин «революция»? Учащимся предлагается в течение фиксированного времени записать в столбик все слова, которые ассоциируются с словом «революция» и попробовать составить определение. По желанию озвучивают всему классу свои слова-ассоциации и составленное определение. Таким образом, у нескольких учащихся появится возможность составить и озвучить свои варианты и в результате сформулировать общее определение термина «революция», сравнить с модельным ответом, увидеть свои плюсы и минусы. Так как следующая тема звучит: «Как промышленная революция изменила мир?» можно провести «мостик» о различных значениях данного слова.

При изучении новой темы можно использовать методы составления *кластера*. [3] Суть данного метода в структурировании материала, нахождении логических связей. Большой плюс этого метода в том, что учащиеся могут графически изобразить, показать изученную тему, усвоенную информацию.

Например, при изучении темы по истории Казахстана в 9 классе «Казахстан в эпоху освоения целины» на стадии изучения нового материала даем задание составить кластер. Определяем ключевое слово

«целина» и далее сначала крупные блоки, и дальше детализация блоков. Крупные блоки могут быть: причины целины, области, процесс, итоги. Детализация включает, например в блоке «итоги»: положительные и отрицательные последствия, в блоке «области»: какие именно и почему и т.д.

Благодаря работе при составлении кластеров, развиваются навыки командной работы, мыслительные навыки, логическое мышление. И возвращаясь к нашей теме, развиваются навыки грамотной, аргументированной речи при защите кластера. Кроме этого, практикую при защите кластера подготовить вопросы для других групп, как «тонкие», так и «толстые». Особо обращаю внимание на правильную формулировку вопросов.

При работе по составлению и защите кластеров можно использовать метод взаимооценивания *«Две звезды – одно пожелание»*. Кроме очевидных плюсов данного метода, которые развивают навыки само и взаимооценки, этот метод также позволяет учащимся сформулировать положительные стороны кластера одноклассников и его защиты. Учащиеся учатся четко сформулировать свои мысли, корректно озвучивать рекомендации и пожелания, а не критиковать.

Метод *учебной дискуссии* – один из часто используемых методов. С помощью дискуссии учащиеся приобретают новые знания, укрепляются в собственном мнении, учатся его грамотно и аргументированно отстаивать. [4] У учащихся вырабатываются навыки правильно полемизировать, прислушиваться к иному мнению, особенно противоположному. В подготовке дискуссии большая роль отводится и учителю, так как прежде всего сам учитель должен обладать ораторским искусством, вопрос или проблема, выносимая на дискуссию, должны быть четко сформулированы и интересны. Учащихся нужно ознакомить с правилами ведения дискуссии, обязательно подводить итоги.

Например, при изучении II мировой войны в 8 классе, вопрос дискуссии может звучать следующим образом: «Была ли война неизбежна?»

Учащиеся используют не только материал учебника, но и дополнительные источники информации, составляют план, фиксируют аргументы. Можно пригласить экспертов, очень хорошо справляются с этой ролью учащиеся старших классов, особенно 11 классы, как показывает практика.

Какие практические навыки формируются и развиваются при применении этого метода:

- ✓ прежде всего, планирование, аргументация своего выступления;
- ✓ четкая формулировка суждения;
- ✓ анализ выступления оппонентов;
- ✓ умение задавать вопросы;
- ✓ уважительно относиться к чужому мнению;
- ✓ подводить итоги дискуссии, рефлексия.

В ходе дискуссии формируемые навыки речи заметны сразу. Чем мне еще нравится этот метод – максимальный охват учащихся с разным уровнем подготовленности. Очень важно ненавязчиво напоминать детям, что нужно уметь слушать оппонентов, гибко реагировать на изменения, не бояться поменять свою точку зрения.

На стадии закрепления новой темы можно использовать метода «*Лови ошибку*». [5] Суть метода в том, что задается текст с ошибками, это может быть неверная дата события, или фамилия, либо название местности, или ошибочные причины и выводы. Можно данный прием применять в парах, здесь особенно интересно озвучить условия. Например, по истории Казахстана в 10 классе при изучении темы «Особенности социальной стратификации традиционного казахского общества» на 2 уроке в парах составляют от 7 до 10 вопросов, в каждой паре равное количество вопросов. В одном предложении должна быть допущена только одна ошибка. Далее идет взаимопроверка с комментариями.

При работе в малых группах дается текст с неизвестным количеством ошибок, учащиеся обсуждают в группе, выбирают спикера, который выносит свой вариант текста на обсуждение класса. Данный метод вырабатывает навыки работы в парах, в группе, критически осмысливать информацию, а также навыки аргументированной публичной речи, четкого произношения.

На этапе завершения урока так же можно использовать метод «*Горячий стул*». [6] Например, на уроке всемирной истории в 10 классе при изучении темы «Направления и стили искусства в контексте исторических процессов» нужно запомнить названия и определения разных направлений и стилей. Как это можно проверить? Ученик сидит

на стуле спиной к доске, учитель или ведущий (может быть ученик) показывает понятие или термин, кто-либо из класса дает определение, ученик на «горячем стуле» должен назвать термин или понятие, или направление.

Таким образом запоминается информация, учащиеся проговаривают термины и понятия, проверяют себя и ученика. На «горячем стуле» могут посидеть несколько учеников.

В рамках выступления я привела лишь несколько активных приемов и методов обучения, призванных развивать речевые навыки учащихся. Каждый учитель работает над этой проблемой, используя многообразие техник, стратегий.

Важно достичь при этом результатов:

- ✓ развивать у учащихся грамотную речь, дикцию;
- ✓ логическое построение предложений, фраз;
- ✓ умение приводить аргументы;
- ✓ сделать речь богатой и яркой

Список использованной литературы:

1. <https://multiurok.ru/files/sbornik-aktivnye-metody-obucheniia.html> - Сборник "Активные методы обучения"
2. <https://daryn.online/article/1164#:~:text=%D0%90%D0%BA%D1%82%D0%B8%D0%B2%D0%BD%D1%8B%D0%B5%20%D0%BC%D0%B5%D1%82%D0%BE%D0%B4%D1%8B%20%D0%BE%D0%B1%D1%83%D1%87%D0%B5%D0%> - Применение активных методов обучения
3. <https://infourok.ru/metodi-i-priemi-na-urokah-1239255.html> - 111 методы и приемы на уроках
4. <https://urok.1sept.ru/articles/551118> - Дискуссия на уроках истории Сапожникова Татьяна Борисовна, учитель истории и обществознания
5. WWW. СРМ. KZ Активные методы преподавания и обучения, 2012
6. <https://www.1urok.ru/categories/8/articles/20950> - Использование активных форм обучения на уроках истории, Захарова О. Ф.



«ТАРИХ САБАҚТАРЫНДА КЕРІ БАЙЛАНЫС АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ АЙТЫЛЫМ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ»

Буркитова Акгуль Табылановна

*Маңғыстау облысы білім басқармасының Қарақия
ауданы бойынша білім бөлімінің «№4 жалпы білім
беретін мектеп» тарих пәнінің мұғалімі*

Жалпыға міндетті білім беру стандартындағы оқу пәніне байланысты енгізілген өзгерістері мен толықтыруларға сәйкес: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің және Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес 5-11-сыныптарда «Қазақстан тарихы» міндетті оқу пәні ретінде оқытылады.

Негізгі орта білім беру деңгейінде тарихты оқыту : білім алушыларда тарихи сананы, қазақстандық патриотизм, өз елінің тарихы мен мәдениетіне құрмет, өз ата-бабаларының жетістіктеріне деген мақтаныш сезімін қалыптастыру, ұлттық құндылықтарды дарыту, зерттеушілік, ойлау, коммуникативті дағдыларды дамытуға, білім алушылардың ұлттық және әлемдік мәдениет жетістіктерін, қазақ халқының мәдени және тарихи мұрасының құндылығы мен ерекшелігін түсіну, қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерде бағдарлану үшін тарихи білімдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Жалпы орта білім беру деңгейінде «Қазақстан тарихы» пәні мазмұны Қазақстан тарихының этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени негізгі мәселелері бойынша тереңдетілген білімді қалыптастыруға бағытталған.

10-11-сыныпта «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту түрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстанның мәдени-тарихи дамуының ерекшеліктері мен мәнін білім алушыларға түсіндіруді кеңейтеді және тереңдетеді.

Пән мазмұны Қазақстан тарихындағы оқиғаларды, құбылыстарды, процестерді талдау, жіктеу, жүйелеу, қорытындылау және бағалау үшін

қажетті тарихи ойлау дағдыларын дамытуды қарастырады. Осы оқу пәнінің мақсаты патриотизмді қалыптастыру, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға құрмет көрсетуге дағдыландыру болып табылады

«Қазақстан тарихы» пәндері бойынша оқу бағдарламасының басты мақсаттарының бірі – оқушылардың бойында тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру мен дамыту болып табылады. Сондықтан сабақта оқушылардың «тарихи ойлау» дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік беретін түрлі әдістәсілдерді (белсенді және проблемалық оқыту әдістері, зерттеу, жоба әдістері т.б.) қолдану ұсынылады. «Тарихи ойлау дағдылары әрбір сабақта олардың біртіндеп кеңеюі мен прогрессиясы негізінде дамытылуы тиіс. («2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатынан).

Жаңартылған білім беру мазмұны аясында білім беру бағдарламаларында оқушылар алған білім негізінде өз ойын дәлелдеу, мәтіндерге талдау жасау, баға беру дағдылары ұсынылған.

Мәселе: Оқушыларда тілдік дағдының дұрыс қалыптаспауы, ойларын толық білдіре алмауы, өз еркімен пікір айтпауы сияқты кедергілер сабақты зерттеуді бастауға түрткі болды.

Зерттеу сұрағы: Кері байланыс арқылы оқушылардың айтылым дағдыларын қалай дамытуға болады?

Зерттеу мақсаты :

Оқушы үшін: Кері байланыс арқылы оқушылардың айтылым дағдыларын жетілдіру.

Педагог үшін: Оқушылардың айтылым дағдыларын жақсартатын тиімді жолын анықтау.

Зерттеу әдістері: Баяндау, салыстыру , қажетті мәліметтерді саралау, деректерді жинақтау және ғылыми тұрғыда талдау.

Өзектілігі: Мұғалім кәсіби дамуына қолдау көрсету мақсатымен бірге оқушылардың оқу үлгерімін жақсарту шаралары тұр. Бұл орайда “жақсаруда қол жеткізуде ең ықпалды қару- кері байланыс”. Себебі : кері байланыс “мұғалім-оқушы-мұғалім” өзара әрекетестігін айқын көрсетеді.

«Баланың өзін мақтама, ісін мақта. Мақтағанда да мақтауға тұрарлық ісін мақта. Баланың жеңіл істерін мақтай беру балада

менмендік, ретсіз тәкаппарлық туғызады, қайта бір жеңіл, дұрыс ісі болса да, нашар шәкіртті мақтау керек. Ал енді жақсы оқуы, дұрыс құлқы үшін сый(награда) беру, үлестіру – тіпті дұрыс емес. Мұндайда сый алған бала сый алу үшін ғана тырысады, сый алмаған бала өзіне –өзі сенбейтін болады»-деп Мағжан Жұмабаев («Педагогика» еңбегінің авторы, еңбегіне Рубинштейн, Скворцов, Смирновтардың педагогика туралы еңбектерін пайдаланған) кері байланыс туралы айтады.

Мұғалімдердің жұмысының тиімділігін көтеру мәселесімен айналысқан Джон Хэтти өзінің «Көрінетін оқу» еңбегінде оқушылардың оқу еңбегіне әсер ететін 150 фактордың ішінде тиімдісі - оқушыларға кері байланыс беру екенін анықтаған. Сонымен, неғұрлым кері байланысты жиі берген сайын, оның дамуына күшті әсер ететінін анықтаған. Аталған факторлардың ең тиімдісі –«оқушы өзінің білім деңгейі туралы түсінігі және оқушының күтетін нәтижесі» кері байланыс арқылы сапалы көрінеді.

Күтілетін нәтиже:

Оқушы үшін – өз жетістіктерін білуге, кемшіліктерін аңғаруға және оны жоюға қажетті ақпараттарды алу.

Мұғалім үшін –оқытудағы жіберген олқылықтарын білуге және кәсіби өзгерістерді енгізуге (тиімді оқыту әдіс-тәсілдерін саралауға, оқыту стратегияларын және уақытты тиімді жоспарлауда) қажетті ақпараттарды жинау.

Тәжірибені іске асыру: Зерттеу барысында мұғалімдердің бірлесіп жоспарлауы, оқушылардың сабақтардағы айтылым дағдысына әсер ететін арнайы критерийлер анықталып, осы әрекеттерді сабаққа жоспарлау көзделді. Сабаққа іске асыру кезеңінде жоспарланған сабақтарда бақылау жүргізіліп, әр сабақтан кейін талдау болды.

Оқушылардың айтылым дағдыларын анықтау шарттары :

- Өз ойын, пікірін толық білдіре алуы;
- Өз пікіріне сілтеме жасай алуы;
- Сыныптасының сөзін тыңдай алуы;
- Байланыстырып сөйлеу қабілеттерін дамытуы;
- Жіберген қателер мен оларды түзету туралы пікірін айта алуы;

Кері байланысты жүзеге асырудағы тәсілдерге шолу

<p>«Дананың кілттері» (Thinker`s Keys) (Тони Райан) әдісі арқылы кері байланыс жасау оқушыны сабақ барысында тақырып бойынша орындатып, тапсырмалары арқылы оқушылар-ды сабаққа қызықтырады , сабаққа тартады.</p> <p>«Дананың кілттері» - табыс кілттері , себебі: тапсырмалар не сұрақтар оқушылардың талдау жасау, сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін ашуға мүмкіндік береді.</p>	<p>«Егер де» кілті – «егер де» деген сұрақ арқылы оқушы өз ойын жазады, оқып таныстырады. Ауызша өз ойын толық білдіре алады, өз пікіріне сілтеме жасай алады.</p> <p>«Жаңа дизайн» кілті (ағылшынның BAR АҚА/: (B-bigger) артық, (A-add)қосу ,(R-remove gerіase)алып тастау)- күнделікті сабақта оқушылардың өз пікіріне сілтеме жасауы, сыныптасының сөзін тыңдай отырып, сыныптасы сөзіне сілтеме жасай отырып, алған білімдерін байланыстырып, жіберген қателер мен оларды түзету туралы пікірін айтады.</p> <p>«Қиыстыру» кілті- қарама –қайшы оқиғаның не тұлғаның қасиеттерін санамалап, ортақ қасиеттерін біріктіріп, байланыстырып сөйлеу қабілеттері көрінеді.</p>
<p>«Ақылдың алты қалпағы» (Эдвард Де Боно) әдісі арқылы оқушылардың сын тұрғысынан ойлауды жаңа қырынан ашуға болады. Сабақ басында оқушыларға ойша алты түстің бірі таңдалып не жеребе арқылы бөлінеді. Сабақ үрдісінде оқушылар осы алты түсті түсті иеленіп, сабақ бойына кері байланыс береді. Бұл әдіс жоғары сынып оқушыларына өте тиімді: 5-сынып оқушылары жауап беруге қиналады.</p>	<p>«Ақ қалпақ» сабақ бойынша фактілер, нақты пікірлерді айтады.</p> <p>«Қызыл қалпақ» болжамды, тақырыпқа қатысты сезімді айтады.</p> <p>«Қара қалпақ» тақырыпқа, сабаққа , пікірге қатысты сын пікір , ұсыныс айтады.</p> <p>«Сары қалпақ» бүгінгі сабақ тақырыбының өмірмен байланыстылығын, қажеттілігін айтады.</p> <p>«Жасыл қалпақ» сабақтағы жаңа ұғымдар, өзіндік жаңа шығармашылық жұмыс айтылады.</p> <p>«Көк қалпақ» бүгінгі сабақта атқарылған жұмыстар, пікірлер, т.б. туралы қорытынды ой айтады.</p>

Зерттеу нәтижесінде сыныпта сапалық өзгерістер орын алды: I тоқсанмен салыстырғанда II тоқсанда сапа 47%-дан 52% -ға өсті, жеке пәндер бойынша : Қазақстан тарихынан 57,1%-дан 71,4%, өсті.

SWOT талдау	
Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
Сабақ үрдісінде оқушылардың сапалы білім алуына ықпал етеді, пәнге қызығушылығы артады. Өз-өзі дамытады, кедергілерді анықтайды, өз сұрақтарына жауап алады, өзара көмектеседі.	Оқушылар қорытынды жасауға, сұрақтар қоюға, дәлелдер айтуға, сілтеме жасауға қиналады, көпшілікпен өз пікірін бөлісуге жасқаншақтайды.
Мүмкіндіктері	Қауіп-қатерлері
Кері байланыс арқылы жұмысының қай жерін толықтыру, қай жерінде қателік жібергенін анықтауға мүмкіндік береді.	Кері байланыс мәнін түсінбеуінен мүлде орындамайды, дұрыс білімін қате пікірмен шатастырады.

Қысқаша қорытынды

Кері байланыс әдістерінің көмегімен мұғалім-оқушы-мұғалім қатынасы артқаны, оқушының өзін-өзі дамытуына, біліміндегі олқылықтарды тауып, өз сұрағына жауап іздеп жан-жақты білім алуына, бір-біріне көмек көрсетуіне ықпалы зор екені анықталды. Неғұрлым мұғалім тарапынан сабақ үрдісінде кері байланыс жиі берілсе, соғұрлым оқушылардың ауызша жауап беру, талдау, өз пікірін білдіру дағдылары жақсарады.

Оқушылардың айтылым дағдыларын жетілдіруге ықпал ететін кері байланыс берудің ерекшеліктері :

Кері байланыс саны емес, сапасы маңызды.

Ауызша кері байланыс тиімді.

Оқушыдан мұғалімге берілген кері байланыс оқушы өзінің білім деңгейі туралы түсінігі мен оқушының күтетін нәтижесін анықтайды.

Ұсыныс:

-Оқушылардың айтылым дағдыларын жетілдіру үшін тарих сабақтарында кері байланысты беру жиілігін арттыру, сабақта берілген шарттардың дұрыс түсінгендігін анықтау



«Жеке тұлға құзіреттілігін дамытудағы АКТ-ның рөлі (ҰБТ)»

*Коржумбаев Амангали Нурымович
Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы
№12 жалпы білім беретін мектебінің
тарих пәні мұғалімі*

Қайырлы күн, құрметті әріптестер!

Мен үшін жақсы **мұғалім** бәрінен де артық, өйткені **мұғалім**-мектептің жүрегі деп Ыбырай Алтынсарин жайдан-жай айтқан емес.

Ең алдымен оқушы дайындалатын әдебиеттер тізімін анықтап алғаны жөн. Өйткені қандай кітаптармен дайындалу керек екенін білгені абзал. Сонымен қатар оқушының энергиясын үнемдеп, күш-қуатын дұрыс бағытқа сермегені дұрыс болар. Әрбір жас түлек мектепте жыл бойы үздіксіз білім алу процесінен өтері хақ. Дегенмен ең алдымен оқушының жоспарын анықтап алғанымыз дұрыс болар!

1. Оқулықтар тізімін анықтап алу
2. Иллюстрациялық материалдар
3. Диагностикалық анализ
4. Сараптамалық жұмыстар
5. Қатемен жұмыс
6. Дыбыс мәтіндері
7. Өз-өзіне есебі
8. Платформамен жұмыс
9. Оқу-әдістемелік кешен жұмысы

«ҰБТ-ға дайындалу барысы мен бағыты қалай» деген сауалдың салмағы арта түсуде. Бұл сұрақ қазір мектеп бітіруші түлектерді, олардың ата-аналарын, мұғалімдер қауымын қатты толғандырады. ҰБТ-ға байланысты соның ішінде Қазақстан тарихы пәніне қатысты алыпқашпа пікірлер мен реніштер жыл сайын айтылады. Ал ҰБТ-да Қазақстан тарихы пәнінің мақсаты – мектеп саласындағы білім беруді объективті бағалап, оқушының білім алудағы жоғарғы нәтижелерге қол жеткізу талпынысын қанағаттандырып, ынтасын арттыру мұғалімнің міндеті.

Дегенмен, жыл сайын өткізіліп келе жатқан ҰБТ және кешенді тестілеу барысында жоғары оқу орындарына түсуден үміткерлер тарапынан Қазақстан тарихы пәніне деген кейде дұрыс, кейде бұрыс пікірлер легі толастар емес. Оның ішінде тест тапсырмаларына байланысты, педагог-тарихшылар тарапынан оларға баға беру, қайшылықтарына көңіл аудару, орынды пікірлердің айтылуы тест тапсырмаларын жетілдіре түсері анық.

Біріншіден, тест тапсырмалары оқушылардың өз білімін, таным-түйсігін, ой-өрісін ауызекі ашық түсіндіре жеткізуіне жол бермейді деген пікірге тест жүйесінің еш әсері жоқ. Бұл қазіргі кездегі компьютерлендіру, оқулықтан гөрі бала санасын жаулап алған интернет жүйесінің, ашық айтқанда тікелей қоғамның кінәсі. Оған ендігі жерде ешқандай тосқауыл жоқ, себебі, бұл қоғамның даму үрдісі. Бұл қоғам сананы тұрмыс билеген қоғам екенін ескеруіміз керек. Дей тұрсақ та, мектеп қабырғасында оқушының шығармашылық қабілетін дамытуына, білімін кез келген жағдайда көрсетуіне, өз ойын күнделікті сабақта ашық жеткізуіне, толық мүмкіндік бар, оған ешкім кедергі келтіріп отырған жоқ. Мектепте сабақ барысында маңызды тарихи оқиғалар туралы шығарма жазсын, мазмұнын айтып талассын, өз орталарында пікір сайысын өткізсін. Осыған орай «оқушы ойы шегеріліп қалды, балалардың санасына кері әсерін тигізіп жатыр» деген пікірлердің тест жүйесіне қатысты еш негізі жоқ. Керісінше, оқушының шығармашылық қабілетін арттыруға, мектеп қабырғасынан сапалы білім алып шығуына барлық мүмкіндік жасалуда, оны көрмейтіндер ғана көрмеуде. Сонымен қатар мұғалімдер білімін көтеру, оларға қойылатын талап та күшейтілуде. Оқушыға ешқандай қиянат жүрмейді, білім тек ізденумен, «инемен құдық қазған» еңбекпен және оған оқытушы тарапынан бағыт-бағдар көрсетумен ғана келеді. Сондықтан нәтижеге жеткісі келген кез келген талапкерге білімге құрмет, жан тазалығы, рухани күш-қайрат қажет.

Екіншіден, тест тапсырмаларының дұрыс құрастырылмауы, даталардың көптігі, кейбір Қазақстан тарихына қатысы жоқ тапсырмалардың енгізіліп кетуі деген пікірлер айтылып та, жазылып та келеді. Осы арада ескерер ең басты жайттардың бірі сапалы тест тапсырмаларын құрастыру үшін сапалы оқулық керек екендігі.

Үшіншіден, ең үлкен жауапкершілік ұстаз мойнында екенін ескеруіміз керек. Ұстаз міндетті түрде Ежелгі Қазақстан тарихынан

бастап, әрбір тақырыптың мазмұнын мұқият түсіндіріп, оқиғалар желісін бір-бірімен жүйелі түрде жалғастыра ұғындырып, бала түйсігіне жеткізуі керек және оқушылардың тарихи оқиғалардың себеп-салдарларын өздері ашып, өз бетімен шығармашылық жұмыс жасауына мүмкіндік беріліп, жетекке алынуы тиіс. Сабақ барысында оқушының сөйлеу, ойлау, түсінігін қорыту, ортамен жұмыс істеуі қатаң бақылауға алыну керек. Тақырыпты жүйелі түрде түсіндірмей тұрып жеке есімдер мен атаулы күндерді жаттата беру мұғалім тарапынан оқушыға жасалып отырған барып тұрған жауапсыздық (тіпті қылмыс) деп бағалаған орынды болар. Тарих тек тест тапсырмаларын жаттатумен өлшенбейді. Сіз түсіндірген материалдан оқушы қуанып шығып, оны өзі талдай отырып, одан оқушыға рухани пайда түсуі қажет. Тарих пәнінен атаулы күндерге қатысты сұрақтар өте көп деген пікірлерге келетін болсақ тарихтың өзі белгілі оқиғалар мен уақыт кеңестігіндегі жылнамалар жинағы екенін ескеру керек. Оған қарап даталарды жинап алуда емес. Қазіргі кезде Қазақстан тарихында логикалық тапсырмалар көптеп енгізілуде. Мысалы, «Ерте орта ғасырда Қазақстанның батыс аумағында орналасқан мемлекет» дейтін болсақ, оқушы бұл жерде ең бірінші «Ерте орта ғасырдың» қай ғасырлар аралығын қамтитынын және сол дәуірде солтүстік-шығыста, оңтүстікте қандай мемлекеттердің орналасқанын ажырата білуі керек, сол арқылы салыстыра отырып анықтауы тиіс. «Батыс Сібір генерал-губернаторлығының солтүстігінде орналасқан уезд» деп алынған болса талапкер біріншіден бұл генерал-губернаторлықтың қай жылы құрылғандығын оның құрамындағы уездерді және олардың қай аумақта орналасқанын айыра білуі қажет болады.

Төртіншіден, оқимын деген баланы ешкім тоқтата алмайды, тек оған бағыт-бағдар көрсетсең болғаны. Келесі бір шәкірт көп қадағалауды қажет етеді. Ондай оқушыны өзгемен салыстырып, ұрысып-жекудің қажеті жоқ. Оқушы дайындық барысындағы қателіктен қорықпауы қажет, ол ҰБТ-ны тапсырып отырған жоқ, ҰБТ-ға дайындалып отыр. Кеткен қатесін түзетуге мүмкіндігі бар, ең бастысы қатесін түзетуге тырыспайтын оқушыдан қорқыңыз. Қазіргі кезде біздің балалардың көпшілігінде сыныптасы сабақ айтып тұрғанда оны тыңдамайды, тақта алдында тек мұғалім мен оқушы арасында ғана диалог өтіп жатады. Бұны айтып отырған себебіміз, бірде «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы Алматы қалалық филиалының

директоры Берік Асубаевтың Жапонияға барған іс сапарларының бірінде «Беке, жапон балаларының біздің балалардан артықшылығы бар ма?» деген сауалымызға, «Жапон елінде сабақ айтып тұрған оқушыны қалған 25-27 оқушы бар шын-ықыластарымен беріле тыңдайтындықтары қатты сүйсіндірді және таңғалдырды» дегені бар еді. Сондай ықыласты біздің де басымызға берсін. Алда талай қайырлы істер, жұлдызды сәттер күтіп тұрғанын ескеріп, оқушыға ең бастысы өзіне деген сенім ұялату керек.

Бесіншіден, тағы бір ескерер жайт – оқушы тағдырын тек қана мектеп мұғалімдерінің мойнына артып қоймай, ата-ананың жауапкершілігін арттыру қажет. Барлық жауапкершілікті мұғалімге артып кінәлаудан бұрын, әрбір ата-ана өз деңгейінде баласына қандай бағыт беріп отырғанын ұмытпауы керек. Білім алуға мүлдем құлқы жоқ баланы мұғалім қалай оқытады. Ұстаздардың бәрі бірдей емес қой. Мұғаліммен қатар ата-ана оқушының өзіне деген сенімін бекіту керек. Кейбір ата-аналар баласының көзінше мұғалімді жамандап, тырнақ астынан кір іздеп, оқушының мұғалімге деген жағымсыз пікірін қалыптастырғанша баланың дайындық жұмысын жетілдіріп, мұғалімге көмектесуі қажет. Оқушы тест тапсырмаларымен күн сайын айналысып, үнемі білмеген аса керекті сөздер мен сұрақтарды дәптерге бірден жазып жүру керек және сол сұрақтарды қайталап оқуға тырысып-бағуы қажет. Мұғалімнің берген тапсырмасымен шектеліп қалмай, қосымша материалдармен жиі танысқаны да дұрыс. ҰБТ кезінде көбінесе үздік оқушылар қатты алаңдайды. Өйткені мектептің, ата-ананың балаға үміті зор, бала сол сенімді ақтай алмай қаламын ба деп те алаңдайды. Сол үшін мектепте психологиялық тұрғыда жұмыстар жүргізілу керек. Жалпы бала тест тапсыру барысында қобалжып, сасқалақтамай, белгіленген уақытты дұрыс пайдаланғаны жөн.

Сөз соңында айтарым, Ұстаз жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, еш нәрсені ұмытпайтын алғыр да әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсеттің, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек деп Әл-Фараби айтқандай ұстаз бойынан осы қасиеттердің табылуын тілеймін!



«Біліктілікті арттыру заман талабы»

*Бейсенғалиева Жазира Галымжановна
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Рудный қаласы білім бөлімінің Міржақып
Дулатұлы атындағы жалпы білім беретін
мектебі»*

КММ тарих пәнінің мұғалімі

Кәсіби біліктілік - пән мұғалімінің әдіснамалық және әдістемелік құзіреттілігінің жеке траекториясын құрудан басталады. Оның негізгі құралы кәсіби даму жоспары деп білемін. Пән мұғалімнің кәсіби даму жоспары, білім алушыға пәнді терең оқытудың, стратегиялық жоспардың фундаменталды негізін қарастырады. Яғни, жоспарлау, кезеңдеу, саралау, бағалау әдістері нақты әрекеттер арқылы жоспарда анықталады.

Әлемдік және отандық тарих контексіндегі тарихты оқыту процесінде жеке құзіреттілікті дамытудың міндеттерін шешу қоғамның маңызды талаптарының бірі болып отыр. Осы талаптарға сәйкес тарих пәнін оқытуда бағдарламаның ерекшеліктерін ескере отырып, оңтайлы тәсілдер туралы білімімді кеңейттім. «Мектептегі тарих сабағы-басымдықтар мен жетілдіру стратегиялары» біліктілікті арттыру курсына алған тәжірбием толықтай тарихты жаңаша оқытуға деген көзқарасымда өзгертті. Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін, тарихи концепті негізінде зерттеуге негізделген тәсілдемені тиімді қолдануды мақсат етіп қойып, кәсіби даму жоспарыма өзгеріс енгіздім.

2021-2023 оқу жылына «Тарихты оқытуда зерттеу сұрақтарының контекстінде зерттеуге негізделген тәсілдеме арқылы, оқушылардың оқу әрекетін белсендіру» әдістемелік тақырыбында жұмысты жүзеге асырудамын.

Мақсаты: концептуалдық тәсіл негізінде зерттеу сұрақтарының міндеттерін шешу зерттеу әдістерін қолдану арқылы, тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру. Білім алушылардың бойында тарихи сананы қалыптастырудың дағдыларын жүзеге асыратын бірден бір тәсіл – тарихи концептілер негізінде зерттеуге негізделген оқыту менің негізгі жұмыс жүйем ретінде алдым. мен оқытуда, зерттеу сұрақтарының

қойылуы.

Тәсілдемені тиімді қолдану, сабақтарымды оңтайлы жоспарлауды қамтамасыз етеді. Нәтижелігі: тарихи сананы қалыптастыруда білім алушылардың зерттеу дағдыларын дамыту, сыни талдау, кереғар көзқарас, интерпретациялау, ой қозғау, түйіндеу, идея ұсыну т.б дағдыларды жетілдіруде бірқатар нәтижелі жұмыстарға қол жеткіздім.

Кәсіби даму жоспардың міндеттерін жүзеге асыруда бастапқы практикалық жұмыстар жасауда қолданылатын зерттеудің қадамдарын жүзеге асыратын материалдар қоры жинақталды. Өздік білімді жетілдіруде Е.Е Вяземский және О.Ю Стрелова «Қазіргі мектепте тарихты қалай оқыту керек: теориясы мен әдістемесі», М.В Короткованың «Тарих сабақтарында көрнекілік» атты әдістемелік құралдарымен танысып, өз тәжірбиеме қолдану үшін ең тиімді әдістерін анықтадым.

Жаңартылған білім бағдарламасының пәнге қатысты ерекшеліктері тарихи концепті негізінде зерттеу сұрақтарының шешімін табу, оқу мақсаттары, ойлау дағдыларымен байланыстыру т.б міндеттерді жүзеге асыру арқылы нәтижеге жетуде КӨМҚ талдау кестесі, НІРР формуласы, 5 R маңыздылық кестесі, ИДЕАЛ, ЭСӨТ талдау кестесі тарихи процестерді талдауда жоғары ойлау дағдыларын қамтамасыз етеді. Сабақта дереккөздермен жүйелі жұмыс жасау, тарихи процестердің тұтастығын көрнекі түрде қолдану, оқу мақсатына сәйкес ҚБ тапсырмаларын құрастыру, ойлау дағдысына сәйкестігін анықтау, білім алушылардың жас ерекшелігін ескеру сияқты кешенді іс әрекеттер білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырды.

-Тарих сабағында зерттеуге негізделген оқытуды белсенді ұйымдастыру үшін әдіс-тәсілдерді қалай таңдаймын?

- Оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту үшін қандай әдіс-тәсілдерді таңдаймын? деген сұрақтар туындады;

- оқушының адамзат мәдениетінің кез-келген саласындағы қызметтің жаңа тәсілдерін өз бетінше, шығармашылықпен игеру және қайта құруға дайындығын және қабілеттілігін қалыптастыру;

- сабақта зерттеу сұрағының шешімін табу шеңберінде, оқушылардың тарихи дереккөздерімен және құжаттармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;

- оқушылардың тарихи дереккөздерімен және құжаттармен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмаларды әзірлеу.

Оқытудың міндеттерін шешу күнделікті қмж жасауда тиімді жүзеге асырылды. Тарихты оқытуда қосалқы дереккөздермен, иллюстриция, карикатура, картиналар, үндеу хаттар т.б жұмыс түрлеріне ашық сұрақтар алгоритмін құрастыру арқылы ОМ жетудің міндеті қойылды. Білім алушылардың зерттеу дағдыларын дамыту үшін қолданылған тәсілдерге қызығушылықтары жоғары және саралау мүмкіндігін жүргізуге қолайлы.

Зерттеуге негізделген оқытудан күтілетін нәтиже: «оқушы өз оқуын реттей алады, сенімділігі артады, кереғар көзқарастарын беттестіруден, өзіндік интерпретация жасауға мүмкіндігін арттырады, оқушылардың қажеттіліктері тарихи ойлау дағдыларын дамытады»

Практикалық жұмыстар слайдтарда ұсынылды.

Қорытынды: мақсатыма жету үшін, өздік білім жұмыстарын күнделікті сабақты жоспарлауда ізденісте болу, 3 жыл аралығында оңтайлы әдістемелік құралды жинау.

Жарты жылға жоспарланған жұмыстардың орындалу деңгейі:

- ҚМЖ әзірлеуде дереккөздермен жұмыс түрлері; (алгоритм, графикалық органайзерлер)
- Зерттеуге негізделген оқыту теориясы, әдістеме авторлары т.б;
- Мектепшілік әдістемелік кеңеске баяндама ұсыну.



«Тарих пәні олимпиадасына күрделі тапсырмаларды орындауда оқушылардың коммуникативті дағдысын қалыптастыру және тарихи фактілерді талдауға бағыттау»

Смағұл Айман Тілеубергенқызы

*Қызылорда қаласы. Е. Әуелбеков атындағы
№4 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей
интернатының тарих пәні мұғалімі, «Үздік
педагог-2015», тарих ғылымдарының магистрі,
педагог – шебер, «Өлкетану» оқулығының авторы*

Пән олимпиадасы білім беру мекемесінің жұмысын айқын көрсетіп, оқушылар мен ұстаздардың бірлескен еңбегін бағалайтын, білім сапасына қол жеткізетін өте дәл көрсеткіш болып табылады. Бала бойындағы дарындылықты ашуда әрбір ұстаз өз сабағында жаңашыл әдіс-тәсілдерге сүйеніп, сабақ жүргізсе өскелең жастың өмірге нақты көзқарасын қалыптастыра алады. Қалыптан тыс сабақтарды оқушылармен жүйелі өткізу олардың сол пәнге деген қызығушылығын арттырады. Оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін сабақты түрлендіріп, өмірмен байланыстырып, қазіргі заман талабына қажетті білім алуға жағдай жасауға тырысамын,

Менің тәжірибемдегі негізгі педагогикалық идея - дарынды оқушылардың барынша жоғарғы жетістіктерге қол жеткізуіне қолайлы орта туғыза отырып, олардың кең ауқымда жалпы зияткерлік, академиялық қабілеттерін шыңдауға бағытталған, яғни **«Тарих пәні олимпиадасына күрделі тапсырмаларды орындауда оқушылардың коммуникативті дағдысын қалыптастыру және тарихи фактілерді талдауда бағыттау қалай бағыттау болады?»** тақырыбына арналады

26 жылдық педагогикалық жұмыс тәжірибемде жас ұрпаққа сапалы білім беру мен табысты оқыту кілті идеясы бағытында жұмыс атқарумен келемін. Сабақ процесінде дарынды оқушылардың креативті идеяларына ерекше мән беремін. ҚР Президенті Қасымжомарт Тоқаевтың **«Тәуелсіздік бәрінен қымбат»** мақаласында: **«XXI ғасыр – білім мен біліктің дәуірі. Әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіптерді игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелік қабілетін арттыра алады. Білім мен технология, жоғары еңбек**

өнімділігі ел дамуының басты қозғаушы күші болуға тиіс. Бұл туралы ұлы Абай: *«Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық»* деген жолдар бар . Осы бағытта елімізде кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатқан білім жүйесіндегі бағдарламалар білім беру мақсатын өзгертумен қатар оқыту әдістерін де түбірімен жаңартты. Жаңартылған білім мазмұны бойынша білім берудің негізгі маңызды түйіні де дарынды оқушылардың қабілеттерін дамыту бағытында екені белгілі . Дарынды оқушылар кең өрісті қабілетке ие. Логикалық және сараптамалық ойлау жүйесі дамыған, табанды және жұмысты бар ынтасымен атқаратын , өз бетінше жұмыс істегенді жақсы көретін, есте сақтау қабілеттері жоғары, күрделікке деген сүйіспеншілігі мықты оқушыларды дарынды және талантты оқушылар сипаттамасына жатқызатынымыз анық. Әлемдік тәжірибеге сүйенетін болсақ, Ренцулли мен Райс (1985) дарынды және талантты балалар күрделі қабілеттердің иелері әрі олар адам қызметінің кез келген құнды саласында өз қабілеттерін көрсетуге бейім деген пікір білдірді.

Тақырыптың **өзектілігі:** оқушыларды тек сабақ үдерісінде ғана емес, пәндік олимпиада, ғылыми жобалар сайысында жалпы айтқанда сабақтан тыс барлық іс-шараларға қатыстырып шыңдай отырып өзін-өзі бағалауға , мақсатқа жетуге жетелеу болып табылады.

Ең басты мақсатым- оқушының академиялық қабілетін шыңдап, жоғарғы нәтижеге қол жеткізу болды. Ол үшін тек мектеп бағдарламасындағы , яғни білім беру стандартындағы көрсетілген білім мазмұнын оқытумен шектелмей , аса күрделі тапсырмаларды орындай алатын, жеке болжам жасап өзінің қорытынды ойын айта алатын, сыни ойлай алатын оқушыларды дайындай отырып, ғылыми жобалар мен пәндік олимпиадаларда биік көрсеткіш көрсету.

Бұл жұмысты жүзеге асыруда алдыма мынадай **міндеттер** қойдым:

- Нақты жоспар бойынша іске кірісу;
- Жаңартылған білім мазмұнына сай жаңа тарихи деректерді әзірлеу;
- Оқушы пікірімен санасу;
- Оқушыға әрдайым мотивация беріп отыру;
- Тарихи тілде қорытынды жасай алуға , тарихи деректерді пайдалана білуге , тарихи оқиғалар мазмұнына сай жаза білуге үйрету;
- Тілдік дағдыларын дамыту, ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыру;

- Әр сыныптан олимпиадаға қатысатын оқушымен сыныптан тыс жүргізілетін жұмыс уақытын белгілеу, мектептің сабақ кестесін ескере отырып;

- Оқушыны АКТ-мен жұмыс жасауға үйрету;(google chrome, youtube, электронды оқулықтар т.б)

Тарих сабағында оқушыларға мынадай талаптар қоямын:

- біріншіден, үйге берілген тапсырманы оқулық бойынша оқуды;

- екіншіден, оқыған материалды тарихи тілмен мүдірмей айтып беруді;

- үшіншіден, тақырыпқа байланысты таблица жасауды, венн диаграмасын сызуды, даталарды жатқа айтуды, тірек схемасын сыза білуді.

Осы талаптарды өз деңгейінде орындаған оқушыны қабілетті деп есептеп, ол оқушылармен жеке жұмыстар жүргіземін.

Оқушыны даярлауда мұғалім мына шарттарды есте ұстауы керек:

1. Өз білімін үздіксіз жетілдіру.

2. Жаңа ақпараттық технологиялармен үнемі танысып оқып шығып, сабақ үдірісіне тиімдісін пайдалану.

3. Мемлекеттік білім стандартына сай білім беру.

4. Тест тапсырмаларын, сынақ тапсырмаларын түрлі нұсқа бойынша даярлау.

5. Шығармашылықпен жұмыс істеу.

6. Түпкі нәтиже - білім сапасына қол жеткізу.

Сонымен қатар, өз баласын қазіргі жаһандану ғасырына ілесе алатын білімді де білікті етіп тәрбиелеуде ата - аналар да көп еңбек сіңіруі қажет.

Ол үшін мынадай қарапайым қағидаларды естен шығармау керек:

1. Бала тәрбиесіне үнемі көңіл бөлу.

2. Білімді игеруін қадағалау, сабақ оқуына жағдай жасау.

3. Пән мұғалімдерімен үнемі байланыста болу.

4.Баланың сапалы білім алып шығуына жан - жақты көмектесу.

Яғни, оқушының бай дүниетаным қалыптастыруым керек деген қорытындыға келдім. Бұл мәселе мені терең толғанды және ізденіске, **идея табуға**, тығырықтан шығуға жетеледі. Оқушыларым алған білімі мен үйренгендерін кез келген ортада көрсете алу мақсатында бағытталған **жұмыс картасын** жасадым. Маған өзім сабақ беретін 7,8,9,10 сынып оқушыларын терең зерттеуіме тура келді. Дарынды

оқушымен жұмыс жасау төменгі сыныптан бастау алады. Нақты нәтижеге қол жеткізуім үшін жұмыс бағытын өзгертуім керек деп шештім. Ол үшін мынадай бағытта қадам жұмыстарын жүргіздім:

1-ші қадам: мектеп психологымен байланыста болу. Олар дарынды оқушыларды зерттеу үшін сауалнамалар алу.

2-ші қадам: Пәнаралық байланыс жасау. Анықтаған дарынды оқушылардың сабақтарына қатысу. Мақсатым пәнге ерекше қызығатын жеке балама болжамдар айта алатын оқушыны таңдап алу.

3-ші қадам: Жеке жоспар жасау. Әр сыныптан анықталған дарынды, қабілетті деген оқушылармен жеке жұмыс жоспарын жасау.

4-ші қадам: Күрделі тапсырмалар құрастыру және өзіне құрату. Сабақ үдерісінде дарынды оқушыларға жекелеген күрделі тапсырмалар дайындау керек деген қорытынды жасадым. Әрине бұл өте көп ізденуді қажет етті.

6-ші қадам. Сыртқы байланыс. Оқулықтан тыс материалдарды оқу және салыстырмалы талдау жүргізу. Қазақстан тарихы томдық кітаптармен, жекеленген ғалымдардың кітаптарымен оқу, ғалымдармен бетпе-бет жүздесу т.б.

5-ші қадам: Әлемдік тәжірибелерді зерттеу. Әлемдік тәжірибеге де сүйене отырып жеке зерттеу жұмыстарын жүргізу керек деп шештім. Осы бағытта американдық психологы Гарднердің дарынды және талантты деген ұғымды «зият» ұғымымен байланыстырып, оны бірнеше типтерге бөлгендігі мені ерекше қызықтырды. Төмендегі типтермен жұмыс жасау. Бір қалыпты емес, әртүрлі типтерді ұсыну.

- Математикалық-зерттеушілік (жылдармен)

- Табиғи және рухани (қажеттілігі, өнімнің өзіндік құны, әлемді құндылықтар арқылы т.б.)

- Визуальді-кеңістік (бейне жазбалар көру, ғалымдардың пікірлерін тыңдау)

- Логикалық (дұрыс ойдың байланысы мен динамикасын (ойлау логикасы) айыра білу қажет.)

- Тұлғааралық (тұлағалардың еңбектерін, терминлердің анықтамаларын салыстыру т.б.)

- Ақындық

- Аспаздық

- Әртістік

- Вербальді-лингвистикалық (сөз, сөйлей білу, ауызша баяндау , жазбаша көркемдеп жазу)

- Спорттық

Мен жұмыс жасайтын дарынды оқушының бойында ерекше логикалық, тұлғааралық, табиғи және рухани, вербальді-лингвистикалық қабілеттері болуына аса мән бердім.

7-шы кадам Дарынды оқушыны рефлексия жасай білуге бағыттау.

Оқушының рефлексия жасауы үшін тағыда әлемдік тәжірибеге сүйеніп, Лотар Зайверттің «5 саусақ тәсіліне» жүгіндім. Олар: мақсат қойдым ойландым, бақыладым, сезіндім, үйрендім, келісемін, жаңа ақпарат таныдым.(қандай).

Оқушыны олимпиадаға дайындауда олимпиада тапсырмаларының күрделі, ғылыми негізде келетіндігін білдім. Олимпиадаға дайындау барысында нақты тақырыптар бойынша жоспар әзірлеп, ғылыми негізде қорытынды жасай білуге үйретуім керек. Жазылған материалдар арасында өзара байланыс болып бірін-бірі толықтырып отыруы қажет екені белгілі.Әрине мектеп бағдарламасы басшылыққа алынады. Осы тұста жаңартылған білім мазмұнында «Спиральді оқыту» қағидатына мән бермей кете алмаймыз. Джером Брунердің «Білім беру үдерісі»(1960) атты еңбегінде,- «ең күрделі материалдың өзі дұрыс құрылымдалып, дұрыс ұсынылатын болса , онда тіпті кішкентай балалар да дұрыс түсіне алады»-деп көрсетілген . «Спиральді оқыту» когнитивтік теориясына негізделген . Осы жерде мынадай қорытынды жасауға болады.

Білу. Түсіну. Қолдану.

- Олимпиада резервтерін дайындауда ең алдымен оқушының пәнге қабілетін анықтау;

- Төменгі сыныптан бастап дайындау, болашақта тиімді нәтиже беруге баулу;

- Мектеп бағдарламасы басшылыққа алу;

- Тапсырмаларының күрделі, ғылыми негізде келетіндігін білдім;

- Нақты тақырыптар бойынша жоспар әзірлеп керек екендігін түсіндім;

- Ғылыми негізде қорытынды жасай білуге үйретуім керек екендігін түсіндім;

- Жазылған материалдар арасында өзара байланыс пен бірін-бірі толықтырып отыру;

- Дайындық жұмыстары жүйелі түрде, оқушының жас ерекшелігіне сай біртіндеп күрделендіріліп отыру.

Қазіргі мектептерде тарих сабақтарын жетілдірудің негізгі бір жолы- қайталау сабағына қойылатын ең басты талап- оқушыларға берілетін білімді тиянақтау. Ол үшін тарихи білімдер негізі болып табылатын ең басты тарихи оқиғалар, фактілерді, ұғымдарды, ғылыми-теориялық қағидаларды, тарихи құбылыстарды, даталарды, белгілі тарихи кезеңдерді қайталап, сол білімдерді жүйеге келтіріп отыру қажет. Бұл жөнінде қайталау сабақтарының атқаратын рөлі зор. Егер ол ойдағыдай ұйымдастырылса, қайталап отырған материалды оқушылардың жақсы меңгеруіне пайдасы тиіп қана қоймайды, онымен бірге оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға, бұрын меңгерген дағдылары мен іскерлік шеберліктерін одан әрі жетілдіруге әсер етеді.

Демек, қайталанатын оқу материалы ең басты білім негіздері болумен қатар, олар бұрын сабақта өтілгендігінен әлдеқайда кең тұрғыда, жан - жақты қарастырылып, тарихи оқиғалар мен құбылыстардың өзара байланысын немесе ұқсастықтары мен айырмашылықтарын, себеп - салдарын тереңірек ашып көрсетеді. Күнделікті сабақпен салыстырғанда қайталау сабақтарында оқушылардың өз беттерінше ойланып, жұмыс істеуіне едәуір мүмкіндік туады. Тарихи оқиғалар мен құбылыстарды өз бетінше талдайды, салыстырады, қорытынды жасайды, баға береді.

Стрессіз сынақ тапсыру

-«Уақытты босқа өткізбе» ережесін үнемі есінде ұста. Олимпиадаға дайындықты бастамас бұрын, барлық материалдарды қарап шығып, өзіңе таныс материалдарды қоя тұрып, жаңа, таныс емес тақырыпты оқудан баста.

- Дайындыққа бөлінген уақытты дұрыс пайдалануға тырыс. Жаңа және күрелі материалды жұмыс жасауға және ойлау қабілеті жоғары болатын тәулік уақытында оқы. Әдетте бұл жақсы демалыстан кейінгі таңертеңгі уақыт.

- Сабаққа дайындалатын орынды әзірле. Ол үшін үстелдегі қажетті оқулықтардан (оқу құралдары, дәптерлер, қағаз, қарындаш т.б.) басқа артық заттарды алып таста.

- Олимпиадаға дайындықты алдын-ала баста. Дайындыққа жоспар құрастыр. Күнделікті дайындық жоспарын жасау барысында, дәл бүгінгі күні оқылатын материалды анықтап алу қажет.

- Қиын материалды есте сақтау үшін бірнеше қайтара оқу қажет, кешке және таңертең тағы да қайтала.

- Мәтінді өз сөзіңмен әңгімелеп жеткізу, бірнеше қайталап оқығаннан гөрі есте сақтау қабілетін жақсартады. Жалпы айтқанда, кез – келген мәтінмен аналитикалық жұмыс оның есте сақталуына әкеледі.

- Барлық уақытта, әсіресе олимпиадаға дайындық уақытында өз денсаулықтарыңды күтіндер. Бұл уақытта уақытылы және жақсы тамақтану қажет. Серуендеу, спорттық ойын жайлы ұмытпандар. Жақсы тынығыңыз - ұйқы сіз үшін өте қажет. Олимпиадаға алдында ұзақ уақыт дайындалып отырып қалмаңыз.

- Ішкі қобалжуларды, шаршағандықты басатын күнделікті жаттығуларды жасаңыз.

Басты мақсаты - тарихи сандар мен деректер бойынша қазақ жеріндегі әр даму дәуірге алып қойған өзіндік мақсат-мүддесін көтерген басты проблемасы мен археологиялық зерттеуден қолданған амал-тәсілдерді таныту.

Тарих бойынша қолданылатын тарихи деректер мен мезгілдер археологиялық зерттеулер ретінде табылған ертедегі тұрақтар мен заттар қазіргі қазақ тарихының басты тақырыптары болып келеді.

Қоғамдық-гуманитарлық пәндерінің бірі болып табылатын тарих этнография, дүниежүзі тарихы, қазақ әдебиеті, саясат, экономика ғылымдарымен тығыз байланысты.

Сондықтан «Қазақстан тарихы» пәні бойынша олимпиада материалдары бойынша жұмыс жасау, жазу аса ауқымды болып келеді. Ол үшін ең бірінші теориялық дайындық керек. Оқушыны картамен жұмыс жасауға, кесте толтырып үйренуге, билет тапсырмаларын дайындап бірден жауап беруге, тарихи фактілерді талдай алуға де бейімдеуіміз керек.

2017-2023 жылдар аралығында қатарынан облыстық, республикалық олимпиада жүлдегерлерін шығардым. Сөзім дәлелді болу үшін өзімнің жұмыс жоспарымның бірнешеуімен бөлісейін. Дарынды оқушының қабілетін ашу үшін қандай тәсілдерді қолданамын? деген заңды сұрақ туады. Енді осы сұраққа жауап беріп көрейін. Тақырыбы: XX ғасырдың

басындағы Қазақстанның қоғамдық- саяси өмірі. Мынадай тақырыпшалардан тұрады:

1 айналым. Жазбаша жұмыс. (Максимальды баға – 50 ұпай. Тақырып бойынша берілген нақты сұрақтың жауабы 10 ұпаймен бағаланады)

ТАҚЫРЫП: ӘБІЛХАЙЫР ХАНДЫҒЫ (1428-1468 жж.)

1. Хандықтың құрылуы. Мемлекеттің негізін қалаушы - Шайбанның ұрпағы Әбілхайыр.

2. Территория. Этникалық құрамы.

3. Әбілхайырдың жаулап алу соғыстары, Әбілхайырдың Орда Еженнің ұрпақтарына қарсы жүргізген әскери іс-әрекеттері. Темірліктермен жүргізген соғыстары.

4. Керей мен Жәнібектің көшіп кетуі.

5. Әбілхайырдың қазасы. Мемлекеттің құлауы мен ыдырауы

2 айналым.

1. Тест тапсырмасы /25-30 сұрақ/

2. Сәйкестендіру (авторлардың еңбектері)

3. Тарихи диктант

4. Терминдермен жұмыс

5. Қазақстанның ұлы тұлғалары портретінің фотогалереясы

6. Блиц-турнир («иә» - «жоқ»)

7. Хронологиялық жылдам жарыс

8. Бетпе-бет (билетке ауызша жауап беру)

Олимпиадаға қатысатын оқушы жазба тапсырмаларды орындауда мына бағалау шкалаларын ескеруі тиіс:

- тарихи фактілермен дәлелдей отырып жазу;

- Тақырыптар арасындағы байланыс және әр тақырыпшадан кейінгі қорытынды ой жазуға дағдылану;

- Менің ойымша деп көрсете отырып, өзінің жанынан қорытынды түйінді ой айта алуы;

- Тақырыптың ғылымилығын ашып көрсетуі ескеріледі;

- жазба жұмысын жаңа тың деректермен байланыстыра жазуы.

Педагогикалық идея барысында жазба жұмыстарын орындаудың өз тәжірибемдегі бірнеше жолдарын көрсете аламын.

1. Жазба жұмысын жазбас бұрын өзі білетін, беріліп отырған тапсырмаларға қысқаша **эскиз немесе тірек сызба жасауы** керек. Тірек сөздерді пайдаланса да болады.

Мысалы:1. Әбілқайыр, Шайқасқан территориясы, хандық, билік, Жәнібек, Керей, Орда Ежен шайбанилықтар, темірлдіктер, этникалық құрамы, шайқасқан аумақтары картаға түсіру, шығу себептері, жеңілу себептері, тарихи маңызы, салдары т.б. тірек сөздері жазып, зерттеп алу керек.

2. Ал күрделі үшінші тақырып бойынша оқулықта материалдар аз. (Әбілқайыр хан) Тарихи тұлғаның идеясын түсінсе эссе түрінде жазып шығуға болады. Негізгі мазмұн қазақ халқының басын біріктіру, тәуелсіз мемлекетін құру идеясын оқушы білуі керек .

3. Оқушы берілген тапсырмаға қатысты тарихи фактілерді рет-ретімен кестеге түсіргені дұрыс. Себебі мазмұн реттілігін сақтау үшін.

4. Тарихи карталарды пайдалану

5. Қазақстан тарихындағы кез келген тақырып бойынша оқушы қоржынында тың мәлімет болуы тиіс .Осы жерде ғаламтор материалдарын нысанаға алады.

6. Оқушыны тест тапсырмаларын орындай алуға машықтандыру.

7. Дарынды оқушыны олимпиадаға дайындауда ауызша билет алып, жауап беруге үйрету баланың өзіне сенімділігін қалыптастырады және тарихи тілде жүйелі сөйлей білуге дағдыландырады.

8. Сабақ процесіндегі жеке, жұптық, топтық жұмыс түрлерін жетілдіру;

9. Тұлғаны таны / тарихи тұлға тұсындағы тарихи оқиғаларды айта білу;

10. Тұлғалар және тұлғалардың еңбектерін салыстыра білу;

11. Жаңа сөздермен жұмыс жасай білу;

12. Тарихи диктант жаза білу;

13. Тест құрастыру және шеше білу.

Ең басты нәрсе терең теориялық білімді жинақтап қорытынды жазып , тақырыпты ашып көрсете білу. Жоғарыда ұсынып көрсетіп отырған жолдарым арқылы дарынды оқушыны олимпиадаға дайындау өз нәтижесін берді.

Қорытындылай келе, оқушы жетістігі- мұғалімнің еңбегінің жемісі болып табылады. Кез- келген жүріп өткен қадамыңды жоспарлау оны орындау үшін іс- әрекет жасау , ал сол жасалған іс- әрекетіне рефлексия жасау маңызды болып табылады. Бұл өз ісіне есеп беру, өз әрекетінді сыни талдау және бағалау барысында мұқият ойлану үдерісі.

Дарынды оқушымен жұмыс жүргізу ұстаздың үнемі

ізденімпаздығын қажет етеді. Сонымен «Дарынды оқушы» кім? Дарынды оқушы деп әдетте танымдық (когнитивті) зияткерлік қабілеттері жоғарғы оқушыны атаймыз деген қорытындыға келдім. Осы арадан жаңартылған білім мазмұнындағы деңгейлеп –саралап оқыту технологиясының оқушыларға тиімділігі көрінеді. Ол дегеніміз дарынды оқушыларды дер кезінде анықтап, оларды дамытуға жағдай жасау дегенді білдіреді. Дарынды оқушымен жүргізілетін жұмыс түрлері топтық, жұптық және жеке жұмыс ,мектеп компонентінен берілетін факультативтік сабақтар, таңдау курстары, ғылыми-практикалық конференция, зерттеу-шығармашылық сайыстармен жалғаса түседі. Жаңашыл мұғалімнің баланы дамыта оқытудағы жаңаша еңбегі, балаға ізденіс жолында білім берудегі жұмыс нәтижесінен шығады. Сөзімді «Аспан астындағы ең бақытты адам – мұғалім, өйткені ол мәңгілік нұрдың қызметшісі» деген ұлы педагог Я.А.Коменскийдің сөздерімен аяқтағым келіп отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Мұғалімге арналған нұсқаулық Бірінші (ілгері) деңгей. 2014ж
- 2.«Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы Тренерге арналған нұсқаулық. 2017ж
- 3.Ғаламтор материалдары
4. 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы.Алтынсарин



«Қазақстан тарихы пәнінен олимпиадаға эссе жазу үлгісі»

*Таласова Жанна Нұражиевна Ақтөбе облысы,
Ақтөбе қаласы №61 жалпы білім беретін орта
мектебінің тарих пәні мұғалімі (коучинг-практикум)*

*«Қазақстанды әлемдік деңгейде танытатын дарынды бәсекеге
қабілетті ұрпақ»*

Теориялық бөлім

Ғасырлар бойы қазағымның өмірі мен жүріп өткен жолының айнасын көрсететін, тәрбиелік мәні зор, жас ұрпаққа өте қажетті ғылым ол – тарих. Қоғамдық ғылымдардың қай-қайсысы болсын бастау көзі, мәні мен мазмұны тарихта жатыр. Ұлт тарихын меңгеруге құлшынбаған тұлғаның дүниетанымы, ой-өрісі, отансүйгіштік қасиеті оң қалыптасуы мүмкін емес. Оның үстіне бүгінгі күні оқу орындарында гуманитарлық ғылымдардың көшбасшысы болып, рухани білім берумен қатар, тәуелсіз жас мемлекетіміздің ішкі, сыртқы саясаты тарих беттерінде алтын әріптермен жазылып, тарихы терең зерттеліп, жас ұрпаққа құнды деректердің сырын ашып, жеткізіп отырған негізгі пән де – Қазақстан тарихы. Ғылым мен техниканың қарыштап дамыған кезінде ақпараттандыру, жаһандандыру және интеграция ғасырында жаңа дүние үшін күрес жолында адамзат баласына білім беру бірінші кезекке қойылары сөзсіз.

Пән олимпиадасы білім беру мекемесінің жұмысын айқын көрсетіп, оқушылар мен ұстаздардың бірлескен еңбегін бағалайтын, білім сапасына қол жеткізетін өте дәл көрсеткіш болып табылады. Бала бойындағы дарындылықты ашуда әрбір ұстаз өз сабағында жаңашыл әдіс-тәсілдерге сүйеніп сабақ жүргізсе, өскелең жастың өмірге нақты көзқарасын қалыптастыра алады. Қалыптан тыс сабақтарды оқушылармен жүйелі өткізу, олардың сол пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Эссе жазудың тиімді жолдары қандай? Эссе жазуда оның алгоритмін құру, шаблон дайындау, эссе құрылымдарын талдау және оны жазуда кездесетін өзгешеліктер, тезис, аргумент, себеп, көзқарас, дәлел, мысал

келтіру, эссеге қойылатын талаптар мен жиі кездесетін қателіктерді анықтау өзекті болып табылады.

Эссе шаблону:

Цитата, теориялық кіріспе, географиялық орналасу, карта, ішкі және сыртқы саясат, статистикалық мәлімет, кесте, зерттеулер, мәдениет, шаруашылық.

Осы талаптарды өз деңгейінде орындаған оқушы, яғни, жоғарыда көрсетілген шаблонды қолдана отырып, берілген кез-келген мемлекеттің тарихы туралы эссе жазады. Жазу барысында оқушы толыққанды ақпарат береді. Бала бойында жүйелі түрде білім қалыптастыру үшін, мұғалім оқушыға берген әр тапсырманы тексеріп отыруы шарт. Тексерудің мақсаты – жаңа материалды игеруге қажетті білім деңгейін анықтау. Тексеру жұмысы сабақ барысында, оқушыны олимпиадаға дайындаған кезде, оқушымен ғылыми жұмыс жүргізгенде өте қажет.

Эссенің құрылымы неден тұрады? Эссе жазу тәртібі әдетте үш қадамнан тұрады.

Кіріспе бөлім

Жақсы жазылған кіріспе оқырманның қызығушылығын оятып, эссені аяғына дейін оқуға қызықтырады. Бұл бөлімде мәселенің тұжырымдамасы – дәйекті сөз болу міндетті. Ең маңыздысы оқушы эссе жазу процесінде тарихшылардың, ойшылдардың зерттеулерін дәлел ретінде келтіру, құнды деректерді мысал ретінде алу.

Негізгі бөлім

Басты бөлімде қарастырылып отырған мәселе бойынша әртүрлі көзқарастар, мәселенің тарихын қозғауға болады. Әдетте негізгі бөлім әрқайсысында үш бөлім болатын бірнеше тармақшалардан тұрады: тезис (дәлелді пікір), дәлелдеу (тезисті дәлелдеу үшін пайдаланылатын дәлелдер) және тұжырым (негізгі мәселеге ішінара жауап). Дәлелдер оқырманды қандай да бір көзқарастың шынайылығына сендіру үшін айтылған пікірлер болып табылады. Бұл өмірден алынған түрлі жағдайлар, ғалымдардың пікірі, дәлелдемелер және т.б. болуы мүмкін.

Дәлелдеме келесі ретпен жасалуы мүмкін:

- Пайымдау
- Түсіндіру
- Мысал
- Қорытынды пікір
- Тұжырым

Қорытындыда негізгі бөлімде ұсынылған және әр тезис бойынша тоқталған барлық тұжырымдар біріктіріледі. Ал оқырман берілген дәлелдер негізінде қисынды қорытындыға келуі керек. Оқушы қорытынды бөлімде өз пікірін, ұсынысын жазады.

Жұмыс түрі (коучинг-практикум)

Практикалық бөлім (олимпиадаға дайындалушыларға мәтіндер беріледі, мәтінді оқып, түсініп, эссе шаблонына салу).

Мысалы, **Қазақстан тарихы 11-сынып I айналым. Жазбаша тапсырмалар, әр сұрақ 1 ұпайдан 10 ұпайға дейін бағаланады.**

1-ші тапсырма. Мәтінмен жұмыс эссе алгоритмін құру

Тақырып: *Қазақстанда Ерте темір дәуірінде мекен еткен сақ тайпасының әлемдік тарихтан алатын орны: Оқушыға мәтін беріледі, оқып болғасын эссе шаблонына салады. Эссе алгоритмі құрылады. Мұғалім дәйекті дәлелдерді тексере отырып, түрлі лайфхактарды қолданады.*

2-ші тапсырма дерекпен жұмыс (артефактті талдау, суретті талдау парағын толтыру)

3-ші тапсырма. Логикалық белгілермен жұмыс

Логикалық лайфхактар (белгілер)



Олимпиадаға дайындалушылар 3 тапсырманы орындап, берілген тақырып бойынша эссе жазады.

Оқушыны даярлауда мұғалім мына шарттарды есте ұстауы керек: өз білімін үздіксіз жетілдіру; жаңа ақпараттық технологиялармен үнемі танысып, оқып шығып, сабақ үдерісіне тиімдісін пайдалану;

мемлекеттік білім стандартына сай білім беру; контекстік тапсырмаларды, сынақ тапсырмаларын түрлі нұсқа бойынша даярлау; шығармашылықпен жұмыс істеу; түпкі нәтиже – білім сапасына қол жеткізу.

Сонымен қатар, өз баласын қазіргі жаһандану ғасырына ілесе алатын білімді де білікті етіп тәрбиелеуде ата-аналар да көп еңбек сіңіруі қажет.

Ол үшін мынадай қарапайым қағидаларды естен шығармау керек:

1. Бала тәрбиесіне үнемі көңіл бөлу;
2. Білімді игеруін қадағалау, сабақ оқуына жағдай жасау;
3. Пән мұғалімдерімен үнемі байланыста болу;
4. Баланың сапалы білім алып шығуына жан-жақты көмектесу.

Қазіргі мектептерде тарих сабақтарын жетілдірудің негізгі бір жолы, қайталау сабағына қойылатын ең басты талап – оқушыларға берілетін білімді тиянақтау. Ол үшін тарихи білімдер негізі болып табылатын ең басты тарихи оқиғалар, фактілерді, ұғымдарды, ғылыми-теориялық қағидаларды, тарихи құбылыстарды, даталарды, белгілі тарихи кезеңдерді қайталап, сол білімдерді жүйеге келтіріп отыруы қажет. Бұл жөнінде қайталау сабақтарының атқаратын рөлі зор. Егер, ол ойдағыдай ұйымдастырылса, қайталап отырған материалды оқушылардың жақсы меңгеруіне пайдасы тиіп қана қоймайды, онымен бірге оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға, бұрын меңгерген дағдылары мен іскерлік шеберліктерін одан әрі жетілдіруге әсер етеді. Демек, қайталанатын оқу материалы ең басты білім негіздері болумен қатар, олар бұрын сабақта өтілгендігінен әлдеқайда кең тұрғыда жан-жақты қарастырылып, тарихи оқиғалар мен құбылыстардың өзара байланысын немесе ұқсастықтары мен айырмашылықтарын, себеп-салдарын тереңірек ашып көрсетеді. Күнделікті сабақпен салыстырғанда қайталау сабақтарында оқушылардың өз беттерінше ойланып, жұмыс істеуіне едәуір мүмкіндік туады. Тарихи оқиғалар мен құбылыстарды өз бетінше талдайды, салыстырады, қорытынды жасайды, баға береді.

Оқушыларды олимпиадаға дайындау барысында келесі әдебиеттерді тиімді пайдаландым:

1. «Жоғары оқу орындарына түсушілерге арналған оқулық-тест». Х.К.Ермұханова.
2. «Ежелгі Қазақстан». Энциклопедия.

3. Кан Г. «История Казахстана».
4. «Қазақстан тарихы». Очерктер.
5. «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия.
6. 5-11 сыныптар аралығындағы тарих оқулығы.
7. Газет, журнал материалдары.

2018-2023 оқу жылдар аралығындағы олимпиада нәтижелері

Оқу жылы	Сынып	Оқушының аты-жөні	Жұлделі орындары
2018-2019 оқу жылы	11 «А»	Әйіп Берік	Облыстық олимпиадада II орын
2019-2020 оқу жылы	10 «А»	Сүгіралина Ақбота	Облыстық олимпиадада I орын, республикаға жолдама
2020-2021 оқу жылы	11 «А»	Сүгіралина Ақбота	Облыстық олимпиадада I орын, республикалық кезеңнен III орын
2020-2021 оқу жылы	10«Ә»	Нұрбекұлы Жандос	Облыстық олимпиадада II орын
2021-2022 оқу жылы	11 «Ә»	Нұрбекұлы Жандос	Облыстық олимпиадада I орын, республикалық кезеңнен III орын
2022-2023 оқу жылы	11«А»	Гибадулина Ания	Облыстық олимпиадада I орын

Кері байланыс. Мотивация

- Есте сақтау техникасын меңгер, өзінді еркін ұстауға және назарыңды шоғырландыруға үйрен.
- Уақыттың жетіспеушілігі неден екенін анықта.
- Өзіңнің жеке биоырғағыңды бақыла, жоғары белсенділік уақытыңда жұмыс істеуге тырыс.
 - Сенімсіздік сезімі таныс емес, анықталмаған жағдайдан болады.
 - Сенімді мінез-құлық дағдыларын жаттықтыр, ұқсас жағдайларды жобала.
 - Қорқынышыңды азайт! Өзінді-өзің бағала, өзінді-өзің қолда.
 - Мақсатыңды нақтылап және олардың жүзеге асырылуына түрлі тәсілдер ізде.



«ҰБТ-ға оқушыларды дайындаудың іс-әрекеттегі зерттеулері»

*Ауесбаева Майра Абдракимовна
Жетісу облысы Панфилов ауданы, «Жетісу
облысы білім басқармасының Панфилов ауданы
бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«Бауыржан Момышұлы атындағы орта мектеп-
гимназиясы мектепке дейінгі шағын
орталығымен» коммуналдық мемлекеттік
мекемесі, педагог-зерттеуші*

Іс-әрекеттегі зерттеу мынандай қадамдардан тұрады: мәселені анықтау, деректер жинау, жинақталған мәліметтерді талдау және интерпретациялау, ақпараттарды бөлісу, әрекетті жоспарлау, әрекетке кірісу, нәтижелерді бағалау, болашаққа жоспар құру.

Іс-әрекеттегі зерттеу қадамдарына келетін болсам, бұл ең бірінші мәселені анықтау. Мен сабақ беретін 10 «Ә» сыныбымда қандай мәселені шешкім келеді? Сол бойынша деректерді жинақтау, деректерді түсіндіру, деректер негізінде әрекет ету, нәтижелерді бағалау және келесі қадамдарға көшу. Осы цикл бойынша іс-әрекеттегі зерттеу қадамдары жүреді. Зерттеу процесін анықтап аламын, мәселе не болуы мүмкін? Мәселені анықтау үшін ол өзекті болу керек, тәжірибелік маңызы болу керек, жоғары деңгейлі сұрақ болу керек, жабық сұрақ болмауы керек және қысқа болу керек. Әлі жауабы болмауы керек. Сонымен зерттеу мәселесін қалай анықтауым керек?

1. Мен нені өзгерткім келеді? Оқушылардың танымдық қабілетерін дамыту арқылы білімдерін одан ары шыңдағым келеді.
2. Менің тәжірибем жақсаруы мүмкін не арқылы? Менің сыныбым танымдық қабілеттері дамыса менің тәжірибем жақсаруы мүмкін.
3. Мен жұмыс жасайтын оқушыларға не қажет?
4. Мен білгім келеді?
5. Оқытуда маңызды ол ?
6. Маған нені зерттеуім керек және қалай?

Іс-әрекеттегі зерттеуді өзім сабақ беретін 10 «Ә» сыныпта нені өзгерткім келеді? Жыл соңында қалай болғанын қалаймын? Міне осы

сұрақтарға жауап бере отырып, мен іс-әрекеттегі зерттеу жұмысымды бастадым.

Бүгінгі таңда ұстаздар алдындағы атқаратын басты міндет - сапалы білім берумен қатар жан-жақты дамыған, өзіндік ой-пікірі қалыптасқан, ойын жүзеге асыра алатын тұлға қалыптастыру. Жеке тұлғаны қалыптастыруда білім алушылардың танымдық қабілеттерін дамыту арқылы іс-әрекеттегі зерттеуді өзім сабақ беретін 10 «Ә» сынып оқушыларынан бастадым. Зерттеу қадамдарын құрастыра отырып оқушыларының танымдық қабілеттерін арттыруда төмендегідей жоспар құрдым.

- 1.Іс-әрекеттегі зерттеуге арналған мәселені анықтау.
- 2.Іс-әрекеттегі зерттеуге деректер жинау.
- 3.Жинақталған деректерді талдау және интерпретациялау.
- 4.Алынған ақпараттарды әріптестеріммен бөлісу.
- 5.Іс-әрекеттегі зерттеуді іске асыру, жоспарлау, әрекетке кірісу.
- 6.Нәтижелерді бағалау, болашаққа жоспар құру.

Іс-әрекеттегі зерттеудің **бірінші қадамым** мәселені анықтауды ең алдымен 10 «Ә» сынып жетекшісі Зауре Сейткалықызымен әңгімелестім. Сынып оқушылар туралы мәлімет алдым.

Сынып жетекші математика пәнінің мұғалімі Декембаева Зауре Сейткалиевна: «Сыныпта 12 оқушы, оның ішінде 3 ұл, 9 қыз бала оқиды. 1-тоқсан қорытындысы бойынша 2 оқушы оқу үздігі, 6 оқушы оқу екпіндісі бар. Білім сапасы 62 % көрсетті. Сынып оқушылары ұйымшыл, жылдың басында екінші сыныптан келген оқушылар үйренесі алмай жүрген, қазір үйреністі, жақсы. Іңкәр Алматыдан көшіп келген оқушы. Мінезі тұйықтау. Іңкәр мінезі тұйықтау болса да, сабаққа күнделікті орындап келеді, сыныпта да тапсырманы тиянақты орындайды, бірақ "мен орындап болдым, мен түсінбедім деп" өз еркімен көп ашылмайды. Дәптерлері таза, тиянақты. Арман қоғамдық пәндерден жақсы, химия, физикадан нашарлау. Мадина ауызша сабақтардан көп сабаққа қатыспайды, жаратылыстану пәндерден мүлдем қатыспайды. Аружан өте жақсы бағаға оқиды, бірақ соңғы кездерде сабаққа көп көңіл бөлмей жүр. Эльдар ауызша сабақтардан жақсы, бірақ денсаулығына байланысты сабақтардан көп қалды. Сынып оқушыларым мамандықтарына байланысты қоғамдық-гуманитарлық бағытты таңдады.»

Өзім де осы сыныпқа сабақ беретін болған соң және үнемі сабаққа қатысып жүретін болғандықтан сыныптың ахуалы маған таныс еді.

Зерттеу қадамдары арқылы оқушыларының танымдық қабілеттерін арттыруда қандай әдіс-тәсілді алуға болады деген сұраққа жауап алу үшін 10 «Ә» сыныбына беретін қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Мурумбаева Айгул Дуйсенгазыевнамен де әңгімелестім.

Екінші қадамның деректер жинауда оқушылардан ең алдымен **«Не себепті қоғамдық-гуманитарлық бағытта оқуды таңдадың?»** деген сұрақты қою арқылы қандай мамандық иесі болатынын білгім келді.

Зерттеу сұрағын анықтау үшін қойылған сұрақтар:

Мен: Не себепті қоғамдық-гуманитарлық бағытта оқуды таңдадың?

1.Дауренқызы Ақниет:

Мен қоғамдық-гуманитарлық бағытты таңдадым. Таңдаған себебім менің болашақ мамандығыма тікелей байланысты. Қоғамдық-гуманитарлық бағыт маған қатты ұнайды, өте қызықты және маған жақын. Бұл бағытта тіл үйренесің, еліміздің тарихын тереңдеп оқып, білуге мүмкіндік өте көп. Әрбір Қазақстан Республикасының азаматтары өз тарихын білуге міндетті деп ойлаймын. Еліміздің тарихын білу оларды зерттеу маған өте қызықты. Осы мамандықтардың ішінде мен өзімді тіл саласына жақын екенімді түсіндім. Менің таңдаған мамандығым шет тілдерді толық меңгеру және шет тілдерін білу арқылы мен көп адамдарға өз көмегімді тигізе аламын. Және тіл үйрете аламын. Осы себептен мен қоғамдық-гуманитарлық бағытты таңдап отырмын.

Мен: Қандай мамандық иесі болғың келеді?

1.Дауренқызы Ақниет: Тіл маманы мұғалім немесе аудармашы.

2.Ермек Аружан:

Мен қоғамдық-гуманитарлық бағытты таңдаған себебім: менің болашақ мамандығым осы қоғамдық бағытқа жатады. Ал ол Заңгер мамандығы. Заңгер болу үшін мен Қазақстан тарихын, құқық негіздері сабағын таңдадым. Бұл сабақтар қоғамдық бағытта тереңдетіп оқытылады.

Мен: Қандай мамандық иесі болғың келеді?

2.Ермек Аружан: Заңгер маманы.

3.Умырзақ Айым: Қоғамдық-гуманитарлық бағытты таңдаған себебім: мен болашақта казак тілі мұғалімі болғым келеді, сол үшін осы қоғамдық-гуманитарлық бағытты таңдадым.

4. Кеңесбай Айзере: Бұл бағытты таңдаған себебім ол менің болашақта оқуға түскенге керек пәндер болғандықтан.

Мен: Нақтырақ қай мамандық иесі болғың келеді?

4. Кеңесбай Айзере: Аудармашы

5. Мақатай Алуа: Менің қоғамдық-гуманитарлық бағыт таңдаған себебім, бұл бағыт маған жақынырақ болды, қоғамдық жұмыстарға ат салысып, өз мамандық иесі болғым келді.

Мен: Нақтырақ қай мамандық иесі болғың келеді?

5. Мақатай Алуа: ФМО - Международное отношение дипломат, военный корреспондент/комитетчик. Құқық пен дүние жүзі тарихы пәнін таңдадым. Грантқа ілініп жатсам осы 2 мамандықтың бірі.

6. Іңкәр: Себебі ағылшын тілі пәнін таңдадым. Болашақта ағылшын тілі оқуына түсіп, жұмыс жасау үшін қоғамдық-гуманитарлық бағытты таңдадым.

Мен: Нақтырақ қай мамандық иесі болғың келеді?

6. Іңкәр: Ағылшын тілінен аудармашы.

7. Арман: Қоғамдық-гуманитарлық бағытты өз қызығушылығыммен таңдадым.

Мен: Нақтырақ қай мамандық иесі болғың келеді?

7. Арман: Юрист немесе кнб

8. Иғыйса Айзере: Қоғамдық-гуманитарлық бағытты таңдау себебім тіл мұғалімі болғым келеді.

Мен: Нақтырақ қай мамандық иесі болғың келеді?

8. Иғыйса Айзере: қазақ тілі әдебиеті пәнінің мұғалімі.

9. Сенім: Қоғамдық-гуманитарлық бағытты таңдаған себебім, келешектегі мамандыққа байланысты пәндерді тереңдетіп оқығым келеді. Мен дүние жүзі тарихы пәнінің мұғалімі болғым келеді.


10. Мадина: Мен орыс тілі пәнінің мұғалімі маманы болғым келеді, сондықтан қоғамдық-гуманитарлық бағытты таңдағам. Себебі қоғамдық-гуманитарлық бағытта келешектегі мамандыққа байланысты пәндерді тереңдетіп оқытылады.

11. Эльдар: Мен ішкі істер қызметкері болғым келеді, сондықтан осы мамандыққа байланысты пәндерді осы бағытта оқып, терең білім алғым келеді.

12. Анель: Менің арманым орыс тілі пәнінің мұғалімі болу, сол себепті мен қоғамдық-гуманитарлық бағытты таңдадым.


Іс-әрекеттегі зерттеуді келесі кадамым гугул формада «Менің ойымша, ең жақсы сабақ бұл- ...» деген сауалнама алу. Бұл сауалнаманы жүргізудегі мақсатым-оқушыға қандай сабақтың ұнайтынын, зерттеу сұрақтың негізгі мәселені анықтау. Оқушыларға қандай сипаттағы сабақтың ұнайтынын анықтау болатын.

р/с	Менің ойымша, ең жақсы сабақ бұл-...	Оқушы саны	%
1	Интертакта қолданған сабақ	0	0%
2	Жоба қорғау сабақ	10	83.3%
3	Бейнесабақ көрсететін сабақ	1	8.3%
4	Өзіңді еркін сезінетін сабақ	1	8.4%




Бұл сауалнамада мен 4 критерий бойынша сауалнама алдым. Бұл сауалнамада өзіңді еркін сезінетін сабақ 1 оқушыға, бейнесабақ көрсететін сабақ 1 оқушыға ұнайды екен,. Жалпы бұл сауалнамадан мен нені көріп отырмын. Оқушылардың барлығына жоба қорғау сабақ ұнайтыны. Мен сабағымда жауынгер үнін емес, дос үнін, сиқыршы үнін, данагөй үнін көптеп қолдануым керек деп тұжырымдап отырмын.

р/с	Менің ойымша, ең қызықты сабақ...	Оқушы саны	%
1	Өз бетімен жұмыс істеу	0	0%
2	Жұппен жұмыс	1	8.3%
3	Топпен жұмыс	11	91.7%
4	Оқулықпен жұмыс	0	0%



Оқушылардан «Менің ойымша, ең қызықты сабақ...» деген сауалнама жүргіздім. Неліктен жүргіздім, мен өзімнің тәжірибеме қандай өзгеріс енгізу керекпін, ең жақсы сабақты ұйымдастыру үшін қандай жұмыстарды ұйымдастыруым қажет. Сол сауалға жауап алу үшін осы сауалнаманы алдым. Көптеген оқушылар топпен жұмысты ұнаттып отыр. Келесі сабақтан бастап мен оқушылардың оқуын жақсарту үшін топпен жұмысты көптеп ұйымдастырамын. Дегенмен де С деңгейіндегі оқушылардың ашылуы үшін жақын арадағы даму аймағын құрастыру үшін топпен жұмысты да қажет деп ойлаймын. Бұл жерде жұппен жұмысты 1 оқушы таңдап отыр. Негізгі осы сабағымда менің түсіндіріп емес, оқушылардың бірін-бірі оқытқаны жоғары нәтиже береді деп ойлаймын. Сондықтан бір-бірін оқыту үшін бірлескен оқу ортасын құрудағы тиімді әдіс-тәсілдерді қолданамын деп жоспарлап отырмын.

р/с	Сабақта қандай әдістер қызықты?	Оқушы саны	%
1	Сұрақ-жауап	0	0%
2	Үш сөйлем, бір сұрақ	0	0%
3	Жобаны қорғау әдісі	12	100%



Осы сауалнаманың нәтижесінен мен не ұқтым? Диаграммадан көріп отырғаныңыздай оқушыларға сабақтағы белсенді әдіс-тәсілдердің ішіндегі жобаны қорғау әдісі барлығына ұнайды екен. Енді келесі сабақта мен не жоспарлаймын деп ойлап отырмын. Жалпы оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға арналған тапсырмаларды, жобалау әдісін қолданамын. Себебі, бұл әдіс оқушылардың оқу мен оқутуды жақсартуға қызығушылықпен қатысуына септігін тигізеді. Сонымен қатар бұндай әдіс оқушылардың айтылым дағдыларын жақсартуға көмектеседі, сыни ойлауға жетелейді.

Үшінші қадам жинақталған деректерді талдау және интерпретациялау.

Іс-әрекетті зерттеу сұрағымды нақтылау үшін интернет қосымшаларымен және әдебиеттермен жұмыс жасадым. Ғалымдар жобалау әдісінің артықшылықтарына үлкен мән берген. В.Калпатрик жобалау әдісінің «от души выполняемый замысел» деп түсіндірді. Оның ойынша, оқу әрекеті ұстаздың көмегінсіз орындалуы тиіс. Сонда оқушы өз әрекетінің нәтижесін көріп, өзінің қабілетін бағалай алады деп тұжырымдайды. Ал Д.Дьон оқушының әрекеті ұстазбен бірлескен әрекет болуын талап етті. Өйткені оқушының әрекеті аяғына дейін орындауына толық білімі жетпеуі мүмкін, ол үшін ұстаз әрекетті орындаудың алдында оқушының барлық ойлау әрекет сатысынан өтуін қамтамасыз етуі тиіс деп пікір айтты. Жобалай оқыту технологиясының сапалы білім берудегі тиімділігі оқушының жеке басының ізденімпаздық қабілетінің дамуымен байланысты анықталады. «Жобалар әдісі» білім беру ресурсы: Жобалар әдісінің оқыту мақсаттарының ауқымы: «оқушылардың танымдық, шығармашылық дағдыларын, өз білімдерін өз бетімен құрастыра білу икемділігін, ақпараттық кеңістікте жөн таба білу

іскерлігін дамыту, сын тұрғыдан ойлауын дамыту». <https://45minut.biz/?p=79891>

Танымдық іс-білім беру және оқытудың негізгі міндеті болып табылады. Баланың танымдық даму сипаттамасы: Оқу [проблемаларын шешу қабілеті](#). Танымдық іс - дамыту қиын, және ол жасыру мүмкін емес болып табылады қабілеті. Сіз бұл белсенді және жаңа білім алу үшін мақсаттары ма қаншалықты анықтай алады баланың қызметінің Қарапайым бақылау. мектеп жасына дейінгі балалардың, оның танымдық қызметінің болуы мынадай фактілер көрсетеді. Бала қызмет қайран, немесе әңгіме тақырыбы болып табылады. Ол анық, ол өз іс-әрекеттерін тоқтату және тексеру келеді емес, тіпті күрделі жұмыс орындарын түрлі жүзеге асыруға ниет білдірді. Ол іс-қимыл құралдары мен әдістерін таңдауда, тәуелсіздігін көрсетеді, ол танымдық белсенділігі биіктікте болып, бұл дегеніміз, нәтижелері мен мониторларды өзі жетеді. Оқушылардың танымдық іс-бұл баланың өз қызметін, мұғалімдер мен сыныптастары бар өзін-өзі құру қатынастың бір көрінісі болып табылады. Танымдық – бұл қарапайым сөзбен айтқанда не? Когнитивті-адамның сыртқы ақпаратты ойша қабылдау мен өңдеу қабілетін білдіретін термин. Жобаның тиімділігі-оқушыларды ізденіске, іскерлік пен танымдыққа, тапқырлыққа жетелейді. Жобалау әдісі жұппен, топпен тапсырманы орындап танымдық қабілеттерін арттыру және шығармашылыққа жету жолдары болып табылады.

<https://muegn.ru/kk/istoriya/kognitivnyi-aspekt-kognitivnyi-aspekt-obucheniya-kognitivnyi-podhod-k.html>

4.Алынған ақпараттарды әріптестеріммен бөлісу.

Төртінші қадамым әріптестерімнен тағы да сұхбаттасып, сауалнаманы талдап, зерттеу тақырыбымды анықтадым. Олар химия пәнінің мұғалімі Мамаева Бақытгүл Акимбекқызы мен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Бердығұлова Маржан Жұмабайқызы.

Сонымен, сыныптағы іс-әрекеттегі зерттеудің тақырыбым: **«10 «Ә» сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін арттыруда жобалау әдісінің тиімділігі қандай?»**

Бесінші қадамым іс-әрекеттегі зерттеуді іске асыру, жоспарлау, әрекетке кірісу.

Ұзақ мерзімді жоспардан орта мерзімді жоспардан құрдым.

Таңдалған тақырыпқа сай, тәжірибеге өзгерістер енгізу үшін орта мерзімді жоспар бойынша тізбектелген 4 сабақтар жоспарланды.

08 қараша 2022 жылы 10 «Ә» сыныбында Қазақстан тарихынан «Антропогенез және этногенез» тақырыбындағы сабағымды өттім. Үй тапсырмасын «Үш сөйлем, бір сұрақ» әдісі арқылы сұрадым. Барлық оқушылар дайындалып келген. Бұл әдістің тиімділігі әрқайсысы үш сөйлем айту арқылы тақырыпты түсінді және тақырып бойынша сұрақ қоя білді.

Дескриптор:

- 1.Өткен тақырып бойынша үш сөйлем айта алады.
- 2.Сұрақтарды бір-біріне қойып, жауап бере алады.
- 3.Тақырыпты толық түсінеді.

Жаңа сабақты ашу бойынша термин сөздердің анықтамасын сұраудан бастадым.

Дескриптор:

- 1.Оқушылар глоссарийге қатысты өз ойларын жеткізе алады.
- 2.Глоссарийдің анықтамасын жатқа айта алады.
- 3.Жауаптары арқылы тақырыпты ашады.

Глоссарийді оқушылар жатқа айтып, дәптерлеріне жазды.

Оқулықпен жұмыс. 70-71-бет. Жаңа этностар құрылуы тәсілдері қаншау және оған талдау жасау. Оқушылар оқулықтағы тапсырмаларды орындай отырып, дескрипторға көңіл аударады.

Дескриптор:

- 1.Оқулықпен жұмыс жасай алады.
- 2.Жаңа этностың құрылу тәсілдерін ашырата алады.
- 3.Қосымша сұрақтарға жауап бере алады.

Келесі тапсырма Венн диаграммасы (жұптық жұмыс).

Дескриптор:

- 1.Берілген сөздердің айырмашылығын жаза алады.
- 2.Берілген сөздердің ұқсастығын жаза алады.
- 3.Қорытындыға өз ойын жаза алады.

Бұл жұптық жұмыста оқушылар іс-әрекетті зерттеудегі негізгі мәсені анықтауда жоба қорғау әдісін көрсетті. Әр жұпқа бір тапсырма берілді, әр жұп өз ойларын айтты және танымдық қабілеттері артты. Келесі сабақта үлкен тақырыптарды жобалап, қорғауға тапсырма беремін деп тұжырымдадым.

Кері байланыс. «Таңдау» кері байланысын алдым.

Бұл «Таңдау» кері байланысынан оқушыларым сабаққа белсенді қатысқанын, өз жұмысына көңілі толғанын, сабақ өте тез, қызықты өткенін білдім және оқушыларға жұптық жұмыс өте қатты ұнағанын айтты. Сондықтын таңдап алынған зерттеу сұрағым осы сынып оқушыларының білім сапасына оң әсерін тигізеді деп келесі сабақты жоспарлаймын.

Келесі алтыншы қадамым нәтижелерді бағалау, келесі сабаққа жоспар құру. Келесі сабағымда мен оқушыларға тақырыпты алдын-ала оқып келуін және қандай тақырыптармен жұмыс жасайтынын жоспарлап айттым. Сабақта топқа бөлу арқылы сол тақырыптарды жобалау әдісі арқылы қорғайтынын түсіндірдім. Өз бетінше ізденуге, жоспар құруға, танымдық, шығармашылық қабілеттерін арттыруға топтық жұмыс арқылы жоспарладым.

2-ші сабағым 09 қараша 2022 жыл. 10 «Ә» сыныбында Қазақстан тарихынан «Антропогенез және этногенез» тақырыбындағы сабағымды өттім. Мақсаты: Этникалық процестердің сабақтастығын анықтай отырып, Қазақстан аумағындағы этногенездің кезеңдерін талдау. Этникалық процестердің сабақтастығын анықтай отырып, Қазақстан аумағындағы этногенездің кезеңдерін анықтайды.

Үй тапсырмасы «Қазақ халқының қалыптасуында қандай кезең шешуші рөл атқарды?» тақырыпта 150-200 сөзден эссе жазып келу болатын.

Дескриптор:

1. Тақырыптың негізгі идеясын анықтайды.
2. Мәліметтерді нақты деректер арқылы дәлелдеп бере алады.
3. 150-200 сөзден құралған эссе жаза алады.

Барлық оқушылар эссе жазып келген. Алуа, Іңкар, Айым 180-200 сөзден құралған эсседе өз ойларын айқын жеткізе білді. Жаңа сабақтың тақырыбын ашу үшін тақырыпқа қатысты сұрақтар қойдым.

Жаңа сабақтың тақырыбына қатысты сұрақтар:

1. Қазақтардың этногенезінің басталуы қай кезеңнен басталады?
2. Этногенездің түркілік дәуірінің басталуы туралы.
3. Ұлы Даладағы иран тайпаларының тағдыры туралы.

Оқушылар сұрақтарға жауап бере отырып, жаңа сабақтың тақырыбын ашады және 3-топқа бөлінеді.

1-топ: Сақтар.

2-топ: Үйсіндер.


3-топ: Қаңлылар.

Танымдық қабілеттерін дамыту тапсырмалары беріледі. Әр топ берілген тапсырмалар бойынша слайд қорғайды.

Дискриптор:

- 1.Тақырыпқа қатысты түсініктерді анық және толық қарастыра алады.
- 2.Тақырыпқа сай түсініктерді орынды қолдана алады.
- 3.Ой жүйелілігі мен нақтылығын сақтай алады, жобаны қорғау арқылы танымдық қабілеттерін дамытады.

Гугул формада әр оқушы жеке жеке жауап береді. Оқушылар гаджеттерін қосу арқылы жаңа сабақ бойынша білімдерін бекітеді. Әр сұраққа 1 балл. <https://forms.gle/dk2seL58GjrsW4FD7>



Сабақта топтық жұмыста жобалау әдісі арқылы оқушылар өз тақырыптарын қорғады. Оқушылар тақырыпқа қатысты түсініктерді анық және толық құрастыра алды. Тақырыпқа сай түсініктерді орынды қолдана алды. Ой жүйелілігі мен нақтылығын сақтай алды, жобаны қорғау арқылы өз бетінше ізденуге, жоспар құруға, танымдық, шығармашылық қабілеттерін арттыруға топтық жұмыс арқылы жоспарым жүзеге асырылды. Сабақты бекіту кезеңінде А4 параққа әр оқушы сабақтан алған ойын қорыту арқылы бір сөйлем жазады да, бүктеп келесі оқушыға береді, сөйтіп топтағы барлық оқушы жазып болған соң соңғы оқушы барлық сөйлемді оқиды.

Дискриптор:

- 1.Тақырыпты түсінгенін жаза алады.
- 2.Өз ойын жеткізе отырып бір сөйлем жаза алады.
- 3-ші сабағым 15 қараша 2022 жыл. 10 «Ә» сыныбында Қазақстан тарихынан «Антропогенез және этногенез» тақырыбындағы сабағымды

өттім. Мақсаты: Этникалық процестердің сабақтастығын анықтай отырып, Қазақстан аумағындағы этногенездің кезеңдерін талдау. Этникалық процестердің сабақтастығын анықтай отырып, Қазақстан аумағындағы этногенездің кезеңдерін анықтайды.

Үй тапсырмасын гугул формада тест сұрақтарына жауап беруді жөн көрдім.

Жауап бергендер:

10 ұпай – «өте жақсы» баға алғандар – Алуа, Ақниет, Аружан, Айым;

7-9 ұпай – «жақсы» баға алғандар – Айзере К., Айзере И., Іңкәр, Сенім;

4-6 ұпай – «талпын» баға алғандар – Анел, Арман, Мадина, Елдар;

1-3 ұпай – «қанағаттанарлық» баға ешкім алмады.



Жаңа сабақтың тақырыбын аша отырып, сұрақтар қою арқылы топқа бөлу.

Сұрақтар:

1. Еуразия даласында түркі тілдес халықтар үстемдік құрған қай ғасырдан қай ғасырға дейінгі кезеңді қалай атаған? VI ғ.-XIII ғ.дейінгі

2. VII ғасырдың басында теле қанша тайпаға бөлінді? 15

3. Кімдер Шу-Іле өзендері аралығын иемденіп, шартты түрде қалай бөлінді? Шулық және ілелік түргештер

4. Кейбір ғалымдар кімдерді қыпшақтарға туыстас түркі тілдес халық деп есептейді? Қимақтарды

5. Түркілердің қоршауында қалған кімдер түркі тіліне көшті? Қидандар

6. Қыпшақтардың басқа атаулары: құмандар, кундар, половецтер.

7. Солтүстік топ халықтары: бедженек, қыпшақ, имек, оғыз, башқұрт, басмал, кай, йабаку, татар, қырғыз.

8. Оңтүстік топ халықтары: шығыл, тухси, яғма, игрок, жарұк, ұйғыр, таңғұт, хитай.

Дескриптор:

1. Тақырыпты толық ашады.
2. Тақырыпқа сай жүйелі жобаны қорғай алады.
3. Ой жүйелілігі мен нақтылығын сақтай алады, жобаны қорғау

арқылы танымдық қабілеттерін дамытады.

1-топ: Түріктер мен түргештер.

2-топ: Қарлұқтар мен қыпшақтар.

3-топ: Қимақтар мен қидандар.

Әр топ өз атауларына байланысты жоба қорғайды. Әр топқа 7 минут беріледі.

Оқушыларға топтастыру әдісі бойынша топ халықтарын солтүстік және оңтүстік бойынша топтастыруға тапсырма беріледі.

Дескриптор:

1. Топ халықтары аттарын біледі.
2. Топ халықтары аттарын топтастыра алады.
3. Топ халықтары аттарын жатқа айта алады.

Сабақтың соңында бағалау критерийлері мен сабақ мақсаттарына қайта оралып, бағалау критерийлеріне қаншалықты қол жеткізгендері туралы бірге кері байланыс алдым.

Рефлексия

Мен білдім.

Мен үйрендім.

Маған ұнады.

Маған қиындық туғызды.

Менің көңіл-күйім.....

Іс-әрекеттегі зерттеу бойынша 3-ші сабағымда оқушыларымнан кері байланыс сабақтың өн бойында жүріп отырды. Тапсырма орындау барысында оқушы мен оқушы арасында да, мұғалім мен оқушы арасында да кері байланыс болды. Әр тапсырмада оқушылар өздерін жеке де, топта да дескриптор бойынша бағаланды. Тиімділігі: Оқушылар сабақта жеке және топтық тапсырмаларды түсінген, түсінбеген тұстарын айтуда тиімді болды. Жобаны қорғауда топтық жұмыста бір-біріне деген сыйластық және шығармашылық қабілеттері артты. Оның дәделі ретінде жаңадан келген Б.Іңкар тұйық оқушы болған, топтық жұмыстан өзін көрсете білді. Жобаны қорғауда белсенділік танытты. Кері байланыс парағына барлық оқушылардың топтық жұмыс кезінде жобаны қорғау ұнағанын жазған. Топтық жұмыста бір-біріне көмектесетінін,

қызығушылықтары танытқанын және қосымша мәліметтерімен жобаны толықтыра отырып, шығармашылық қабілеттерінің дамытқанын байқадым.

4-ші сабағым 16 қараша 2022 жыл. 10 «Ә» сыныбында Қазақстан тарихынан «Антропогенез және этногенез» тақырыбындағы сабағымды өттім. Мақсаты: Этникалық процестердің сабақтастығын анықтай отырып, Қазақстан аумағындағы этногенездің кезеңдерін талдау. Этникалық процестердің сабақтастығын анықтай отырып, Қазақстан аумағындағы этногенездің кезеңдерін анықтайды.

Оқушыларға жаңа тақырып үйге оқып, талдап келуге берілгендіктен, бірден жоба қорғауға шығады. Оқушылар жеке жоба қорғайды.

1.Манаспаев Сенім: «Этногенездің түркі-монғолдық кезеңі»

2.Бөкіл Іңкар: «Қазақтар этногенезінің аяқталуы»

3.Дауренқызы Ақниет: «Ақ Орда»

4.Ермек Аружан: «Өзбек хандығы»

5.Иғыйса Айзере: «Алтын Орда»

6.Кеңесбай Айзере: «Жәнібек»

7.Мақатай Алуа: «Жошы ұлысы»

8.Сыдық Мадина: «Моғолстан»

9.Тасқын Анел: «Керей»

10.Умырзак Айым: «Әбілқайыр хан»

Дескриптор:

1.Тақырыпты терең ашады.

2.Қазақтардың шығу тегінің кезеңдерін біледі.

3.Қазақ этнонимінің пайда болуын біледі.

Бекіту сұрақтары:

1. Қазақ халқының этногенезіне моңғолдардың жаулап алуы қандай өзгерістер енгізілді?

2. Қазақ этногенезі қандай мемлекеттің шеңберінде аяқталды?

3. Қазақтардың Үш жүзі қалыптасуының алғышартын қандай саяси өзгерістер атқарды?

4. Қазақ хандығының құруындағы қазақтар этногенезінің маңызын ашып айтады.

Оқушылар жоба қорғау жұмыстарын көрсете білді. Қосымша мәліметтермен жұмыс жасай отырып, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытты. Тізбектелген сабақтарда барлығында дерлік жоба қорғау жұмысы жүргізілді. Іс-әрекеттегі зерттеудің тақырыбы «10 «Ә»

сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін арттыруда жобалау әдісінің тиімділігі қандай?» Міне, осы сұрақтың жауабын оқушылардан алдым.

Айзере: «Жобаны қорғау әдісі біз алдағы жоғарғы оқу орнына оқуға түскен кезде қиындық тұрдырмайды және қажетті деп ойлаймын, маған өте ұнады. Жоба қорғауда жеке жұмыстан гөрі топтық жұмыс өте тиімді болды, өйткені бір-бірімізге көмектесеміз, бірге жұмыстанамыз және шығармашылық деңгейіміз артады», -деп түсіндірді.

Анел: «Жоба қорғауда мен сөздік қорымызды дамыттым және бір тақырыпты терең түсіндім.»

Алуа: «Топтық жұмыста жобаны қорғау маған ұнады, өйткені бір-бірімізді тыңдай отырып, қосымша мәліметтер алдым.»



«Роль олимпиады в развитии исторического сознания учащихся»

Ибрагимова Анар Жаксылыковна
Методист районного учебно-методического центра
развития образования Панфиловского района,
области Жетісу, педагог - исследователь

Одна из характерных особенностей современного периода развития цивилизации заключается в том, что масштабы изменений, происходящих во всех сферах жизнедеятельности общества значительны, а их последствия радикальны.

Данные перемены затронули все стороны казахстанского общества, не избежала их и сфера образования. Сегодня мы являемся прямыми свидетелями и активными участниками реформ в области образования, конечной целью которых является развитие навыков и компетенций школьников для наиболее успешной адаптации ко взрослой жизни.

Историческое сознание является категорией, которая необходима для формирования личности человека. Что входит в понятие исторического сознания? Давайте обратимся к понятиям и определениям.

Историческое сознание – это знание, дающее правильное направление каждому поколению, человеку в его духовном становлении, его обществу, самому себе. Историческое сознание исходит из знания истории, изучения и понимания учений национальных деятелей, формирующих историю нации.

Историческое сознание означает, что ценности традиций и культуры каждого народа, ценности народных традиций, духовная деятельность каждого поколения для будущего государства имеют историческое значение. Понятия, ценности и духовные качества, имеющие историческое значение, являются продуктами исторического сознания.

Что дает формирование исторического сознания у школьников. Почему так важно стремиться к его развитию.

В ходе процесса обучения ученик получает определенные навыки определенного уровня. Начинается обучение с базовых знаний, далее, согласно принципу спиральности в обучении, эти базовые знания

трансформируются в расширенные. Точно по такому принципу идет и формирование исторического сознания.

На базовом, начальном этапе ученик ориентируется в системе социокультурных норм и ценностей, имеет общие представления о Родине, о государстве, в котором проживает. Далее у ученика формируется интерес к историческому опыту народа, государства, у него появляется свое видение исторических событий. В конце обучения ученик уже прогнозирует свое поведение, основываясь на имеющейся системе норм поведения и жизненных ценностей, имеет собственную линию поступков, у него сформированы качества личности. Кроме всего прочего у него он сам является генератором системы ценностей для окружающих.

Формируя историческое сознание у учащихся, мы формируем такие важные качества, как любовь к своей Родине, интерес к истории государства, патриотизм, гражданскую позицию. Для того, чтобы у ребенка были сформированы эти качества, необходимо использовать все формы и методы работы.

Большие возможности для развития исторического сознания у школьников является приобщение их к внеклассным формам работы. Плюсы данной формы работы:

1. Может одновременно охватить учащихся разных классов
2. Проводится во внеурочное время и поэтому не ограничено расписанием.
3. Носит научный характер
4. Участие учащихся добровольное, зависит от интересов ребенка и его умений.
5. Носит индивидуальный характер в обучении

Форм внеклассной работы очень много. Как методист учебно-методического районного центра развития образования, я хотела бы поделиться с практической формой работы по формированию исторического мышления учащихся через привлечение их к участию к предметным олимпиадам.

Прежде всего я проанализировала задания олимпиады районного, областного, республиканского этапов олимпиады по общеобразовательным предметам среди учащихся 5-6, 7-8, 9-11 (12) классов. Анализ заданий показал, что в зависимости от уровня олимпиады, растет и сложность заданий. Так, например олимпиадные

задания 2015-2020 гг состояли из тестов с одним вариантом ответа в первом туре и написания письменного ответа на выбор из 3 тем во втором туре. Задания были основаны на материале учебников и редко выходили за рамки учебной программы. Таким образом, учащимся достаточно было обладать просто фундаментальными знаниями по предмету. С 2021 года формат тестов изменяется, добавляются логические вопросы, контекстные задания, эссе. В 2022 году вместо закрытых тестов были предложены открытые тесты, варианты с несколькими вариантами ответов и эссе на выбор из предложенных. Таким образом, изменение формата заданий привело к затруднению их выполнений, что повлияло на результативность олимпиад.

Занимаясь подготовкой учащихся к предметным олимпиадам, мы составляем задания для отборочного, школьного этапа. При этом учитываем следующие параметры:

1. История-устный предмет, учащиеся имеют ошибочное представление, что достаточно устного запоминания данных.
- 2.
3. В истории Казахстана очень много племен и государств, много титулов правителей, разных налогов и повинностей. Часто встречаются сложносокращенные слова. Ученики не понимают значение термина, путают близкие между собой понятия, путают определения понятий и сами термины. Затрудняются в прочтении и понимании сложносокращенных слов
4. Отдельные знания исторических фактов и явлений не позволяют ученику выстроить в голове стройную систему знаний. Тестирование перегружено мелкими деталями и вопросами. Большой объем учебного материала
5. Не уделяется внимание проработке цифровых данных (сравнение, сопоставление по диаграммам, анализ, ассоциации и т.п.) Игнорируются межпредметные связи с математикой, экономической географией. Многие ошибки бывают из-за неумения высчитать верно цифровые данные.
6. Учащиеся затрудняются представить себе месторасположения древних и средневековых государств, так как их на территории Казахстана было много в разное время.

Учитывая данные особенности при изучении истории, строится план работы по подготовке к предметной олимпиаде по истории. Работа идет в нескольких направлениях:

Первое: выявление группы детей, обладающих академическими данными для участия в олимпиаде

Второе: педагогическое и психологическое сопровождение выявленных учащихся

Третье: методическое сопровождение педагогов

Четвертое: составление базы заданий для подготовки учащихся

И обязательное условие для успешной работы-это степень заинтересованности учащихся в изучении предмета, участия в предметной олимпиаде. Подготовка к олимпиаде осуществляется через «Школу олимпийского резерва», в которую входят учащиеся, ставшие призерами районного этапа.

Переходим к практической части выступления: как через подготовку к олимпиаде, развивать историческое сознание ученика.

При подготовке к тестовым заданиям на знание терминов- работа со словарем, диктанты, задания на соответствие терминов и их определения. Таким образом формируется научная грамотность.

Хронологическая грамотность достигается при выполнении заданий на соответствие событий с лентой времени, использовании задач на вычисление.

Для развитие навыков знания и понимания причинно - следственных связей исторических явлений составлять технологические карты, таблицы/ повод, причины, ход исторического явления, последствия и его историческое значение/. При изучении лидеров и героев движения, правителей , оценивать правителей по вкладу в дело процветания страны и т.д. использование наглядных пособий/ для работы с контекстом/

Для понимания цифровых данных и фактов из истории при изучении тем на экономическое развитие страны использовать диаграммы, таблицы. Развивать умение не только анализировать, но и составлять самим согласно представленным в учебнике данным /составить диаграмму роста или спада экономического развития, выяснить причину/

Цифровые данные запоминаются лучше, если к ним можно применить, заменяющее их математическое действие.

Локализация объектов исторических событий в пространстве формируется через применение заданий по исторической и контурной картам. На начальном этапе детям еще трудно представлять мысленно месторасположение регионов Казахстана, но постепенно, начиная с 8-го класса, можно будет переходить на схематические изображения. Знание исторической карты и умение с ней работать — важная деталь в подготовке к олимпиаде.

Подготовка к написанию эссе осуществляется и на уроках казахского, русского языков, эта форма работы часто встречается и на уроках истории. Но особенностью эссе по предмету история является еще и знание исторических событий, умение привести исторические факты, завершить эссе выводом, в котором обязательным условием является собственное мнение ученика, его гражданская позиция. Поэтому при подготовке к эссе необходима совместная работа предметников филолога и историка. Учеников необходимо приглашать на участие в дебатах, диспутах, развивать их логическое мышление, словарный запас и т.д, умение сравнивать факты.

Заканчивая свое выступление, хотелось бы отметить, что работа по формированию исторического сознания учащихся, это достаточно сложный и кропотливый процесс. Совмещая учебную и внеклассную формы работ, этот процесс будет значительно результативнее для педагогов и интереснее для учащихся.

И как результат совместной деятельности, наши ученики смогут стать действительно конкурентоспособным молодым поколением Казахстана, в руки которого будет вложено будущее нашей страны.

Использованная литература

1.https://studbooks.net/1275649/pedagogika/razvitie_istoricheskogo_soznaniya_shkolnikov_vneklassnoy_rabote#



«Жаңа заман талабына сай педагогтердің біліктілігін арттыру»

*Агатаева Гультар Кочниязовна, Маңғыстау облысы,
Жаңаөзен қаласы, «Т.Әлиев атындағы №1 ЖББМ»
КММ тарих пәні мұғалімі*

Білім – адам сапаларының өзгеруін басқаратын үрдіс болғандықтан, ол педагогикалық мамандықтың кәсіби біліктілік қабілеттерін дамытуға бағытталады. Сондықтан «адамды» өмір сүру барысында өзгеруге әлеуеті жететін ашық жүйе деп қарастырғанымыз жөн. Ол белгілі бір саладағы маман болғандықтан, «адамды» – маман тұрғысынан қарау «біліктілік» ұғымына шығарады. Біліктілік – бұл білімді меңгерудегі, тәжірибедегі білімділікті, құндылықты бейнелейтін жалпы қабілеттілік.

Бүгінгі күн мұғалімнің біліктілігін арттыруды жалпықоғамдық мәселе ретінде қарастыру қажеттігі туған кезең. Себебі білімді тереңдету, молайту, жетілдіру, арттыру жеке басы үшін ғана емес, қазіргі қоғамға қажет әрекет деп қабылдауымыз керек.

Білім беру жүйесіндегі біліктілікті арттыру іс-шарасы аса қажетті өміршең үрдіс. Білім беру саласында біліктілікті арттыру дегеніміз – кәсіби білім беру жүйесінде педагогтардың күрделі еңбек функцияларын атқаруға бағытталған әдет біліктілігін қалыптастыратын қосымша білім беру түрі.

Біліктілікті арттыру – қызметкерлерді кәсіби оқытудың бір түрі. Оқытудың бұл түрінің мақсаты – теориялық білім деңгейін арттыру, сондай-ақ мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес арттыратын практикалық дағдыларды жетілдіру. Біліктілікті арттыру кәсіби білімді, іскерлікті және дағдыларды дәйекті жетілдіруге, қызметкерлердің шеберлігін арттыруға бағытталған [1].

Біліктілікті арттыру бұдан бұрын алынған кәсіби білімді тереңдетеді, мұғалімнің сапалық, іскерлік қасиеттерін жетілдіреді және мұғалімнің шығармашылық бағытта өзін-өзі шыңдауына ықпал етеді.

Біліктілікті арттыру барысында, мұғалім жаңа теориялық мәселелер мен арнайы техникалық білім спектрін және біліктілік пен еңбек дағдысын кеңейтеді. Сонымен бірге ғылым мен технологияны байланыстырады.

Біліктілікті арттыру үрдісінің негізгі міндеті – білім жүйесін реформалау үрдісін кезең-кезеңмен жүргізуге даярлықтың деңгейін айқындау, үнемі өсіп отыратын әлеуметтік сұранысты орындауды, қазіргі заманғы ғылымды білім мен техника арқылы іске асыру.

Қазіргі уақытта педагогикалық білім берудің құрылымы мен мазмұнын жетілдірудің, мұғалімдер білімін жетілдіру сапасын арттырудың міндеттерін шешу – өзекті мәселе. Заман осыны талап етуде. Бүгінгі білім беру жүйесінің мақсаты – білімді, бәсекелестік қабілеті бар, шығармашыл, дербес, ізденімпаз, өзін-өзі жүзеге асыра алатын, жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру. Ал, өз кезегінде бұл мақсатты жүзеге асырушы, жеке тұлғаны қалыптастырушы мемлекетіміздегі тәрбие мен білім беру ұйымдарының педагогтары болып табылады. Ұстаздардың шығармашылығын дамыту және еңбегін ынталандырудың жаңа мүмкіндіктері еліміздегі сапалы білімнің негізі болып табылады. Республика көлеміндегі білім беру саласына қатысты реформалар бір жағынан әлемдік білім беру кеңістігіне сай өркендеуге ұмтылса, екінші жағынан ұлттық болмысты қалыптастыру мақсатында мәдени-тарихи құндылықтарға сай өзіндік бет-бейнесін сақтауды көздейді.

Білікті ұстаздар педагог мамандығының мәртебесін көтерудің қуатты факторы болып табылады. Жалпы, педагогтың мәртебесі оның интеллектуалдық, кәсіптік деңгейімен, жеке тұлғалық қасиеттерімен белгіленеді. Аталған қасиеттерді жетілдіріп, осы міндеттерді жүзеге асыру үшін педагогтардың біліктілігін арттыру жүйесіне өзгерістер енгізу қажеттігі заман талабына сай жүзеге асты.

Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттырудың негізгі мақсаттары:

- олардың кәсіби құзыреттілігін дамыту;
- педагогикалық үдерістің жүйелі рефлексиясының тұрақты дағдыларын және оның нәтижелерін қалыптастыру;
- әр қызметкердің педагогикалық қызметінің құрылымдық тұтастығын

қалыптастыру.

Осы мақсаттардың барлығы бірге білім берудің заманауи сапасына қол жеткізу жөніндегі талаптардың орындалуын қамтамасыз етеді.

Мұғалімнің біліктілігін арттыру міндеттеріне мыналар жатады:

1. Заманауи педагогикалық технологиялар мен озық әдістемелерді енгізу тәсілімен педагогикалық шеберлікті жетілдіру.

2. Ғылыми және практикалық қызметтің жетістіктерін ескере отырып, барлық педагогтердің кәсіби шеберлігін қолдау және жетілдіру.

3. Кәсіби қызметке жеке қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасау.

4. Жаңа технологияларды және басқарушы және педагогикалық кадрларды даярлау мен біліктілігін арттырудың прогрессивті нысандарын оқыту процесінде сынақтан өткізу.

5. Педагогтердің жеке шығармашылық идеяларын толыққанды жүзеге асыру үшін ғылыми және әдістемелік қолдау көрсету.

Біліктілікті арттырудың әдістемелік жүйесі:

- білімнің интеграциясын қамтамасыз ету: арнайы, теориялық, жеке және т.б.;
- әрбір оқытушының практикалық қолдануы және білім беру қызметі мақсатында білімнің іс-тәжірибелік бағытын қамтамасыз ету;
- конференциялар, семинарлар, мастер-класстар, "дөңгелек үстелдер",

педагогикалық шеберханалар және т.б. нысандарында сөйлейтін, бірақ жеке даму үшін мүмкіндік беретін топтық оқыту.

Біліктілікті арттырудың әдістемелік жүйесі мынадай қағидаттарға негізделіп отырып жұмыс істеуі тиіс:

1. Жүйенің интегративтілігі принципі. Бұл қағидат әр пәннің ерекшелігін сақтай отырып, оқытушының кәсіби құзыреттілігін дамытудың жалпы міндеттерін қояды қамтамасыз етеді.

2. Модульдік және икемділік принципі. Бұл мұғалімге жеке білім беру бағытын таңдауға мүмкіндік береді.

3. Саралау принципі. Ол оқытушылардың құзыреттілігінің әртүрлі бастапқы деңгейін анықтайды (мысалы, әртүрлі білім, жұмыс өтілі)[2].

Еліміздің бүгінгі мен ертеңі өскелең ұрпақ еншісінде. Ал осы ұрпақты бүгінгі таңда жан – жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары, өз бетімен ізденуге қабілетті етіп қалыптастырудың бірден – бір жолы – оқушыны шығармашылыққа жетелеу. Бұл мұғалімнен терең біліктілікті қажет етеді. Себебі шығармашыл ұстаз ғана шығармашыл тұлғаны қалыптастыра алады. Бүгінгі мектептерге қоғамның қарқынды дамуына ілесе алатын, заман талабына сай ойлайтын, ғылыми – әдістемелік білімі жеткілікті, педагогика мен психологияны терең меңгерген ізденімпаз мұғалім қажет. Бұл мұғалімнің кәсіби шеберлігінен көрінеді. Басқаша айтқанда, білім беру үдерісі мұғалімнің дайындық деңгейі мен мамандық сапасына үлкен талап қояды. Ол мұғалімнің өзін

– өзі дамуына, өзіндік білім алуына және өздігінен шығармашылық түрде қызметтерін іске асыруға мүмкіндік береді.

Мұғалім – бүгінгі оқушы – ертеңгі қоғамның, елдің тірегін өмірге дайындаушы. Бұл мамандықтың құндылығы да осында деп түсінгеніміз дұрыс. Мұғалімнің кәсіби біліктілігі оның іс – әрекетінің тиімді болуының теориялық және жалпы әдіснамалық негізі болып табылады. Оның кәсіби білігі оның практикалық қызметінде іске асырылады, сондықтан ол, оның жалпыпедагогикалық, әдістемелік біліктілігімен, дағдысымен тығыз байланысты.

Мұғалімдердің өз білімдерін жүйелі көтеріп отырулары – олардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне ықпал ететін негізгі фактор. Еліміздің білім беру саясатындағы көкейтесті мәселелердің бірі де осы мұғалімдердің біліктіліктерін жүйелі арттыру болып табылады.

Бүгінгі таңдағы ең өзекті мәселе – біліктілікті арттыру жүйесіндегі инновациялық өзгертулер (модернизация). Білім саласындағы біліктілікті жаңалау (инновация) – білім беру ісінің басым бағыты. Негізгі міндеті – мұғалімдер арасында ашық бәсекелестік ұйымдастыру, педагогтардың құзыреттілігін арттыру арқылы кәсіби деңгейді көтеру. Сол арқылы локальды бастамадан басқа жүйелі өзгеріске көшу, белсенді авторлық топ құру (бүкіл біліктілікті арттыру мәселесі бойынша), біліктілікті арттыруды іске асыратын бағдарлама жасау, тәуелсіз сауатты эксперттер құру, жеке бағдарлама (индивидуальдық) жасап, оны іске асыру және т.б.

Біліктілікті арттыру барысында атқарылатын модернизациялық іс-әрекеттер соңғы кезде түрлі формада жүргізіліп жатыр. Сондықтан, білім беру жүйесіндегі жаңа жүйе бойынша, мұғалімдер жаңа білімді технология арқылы игерулері қажет әрі өзінің бұрынғы имиджін өзгертулері керек. Бұдан соң, әр мұғалім өзінің біліктілігін арттыруды жүйелі түрде жүргізуі тиіс. Егер, «біліктілігімді арттырамын, оқушылардың білім деңгейін көтеремін» деген ізденгіш ұстаз осы аталған деңгейлерді мүмкіншілігіне қарай, бір немесе екі жыл көлемінде өтетін болса, біліктілігі артып, білім қоры көбейері анық.

Ұлы чех педагогы Я.А.Коменский: «Мұғалімдерге тамаша міндет жүктелген, Күн астында одан жоғары тұрған ешкім жоқ», - деп айтса, гуманист-педагог Ы.Алтынсарин: «Мұғалім – мектептің жүрегі», - деген анықтама береді. Әрине, педагогикалық мамандыққа кездейсоқ адамдар келмеуі керек. Мұғалім маман өз атына лайық болуы тиіс. Мұғалім

оқушыға барлық жағынан, яғни, өзін-өзі ұстай білуі, сөйлеуі, жүріс-тұрысы, киім-кию мәдениетімен үлгі болады. Бұл жетіліп келе жатқан оқушының жеке адам ретінде қалыптасуына жанама әсер етеді. Оқушының ар-намысын сыйламаған, құқығын аяққа таптайтын мұғалімді оқушы да сыйламайды. Ондай ұстаз оқушыларына тәлім-тәрбие бере алмайды. Мұғалімнің өз жұмысына ықылассыздығы оқушыға тікелей әсер етеді. «Талап қоя білмейтін, оқу үдерісін ұйымдастыра алмаған мұғалім ешқандай нәтижеге қол жеткізе алмайды» деп ойлаймыз [3].

Мұғалімдердің біліктілігін жетілдіру екі бағытта жүргізілуі тиіс:

1. Мұғалімнің кәсіптік жұмысының мәнін үйлесімді өзгерту, яғни күтетін нәтижеге жету үшін оқу үрдісін шығармашылықпен үйлестіру.

2. Білім беру барысында мұғалімнің зерттеушілік бағыттағы қызметін күшейтуге байланысты мұғалімнен кәсіптілікті кеңейтуді талап ету.

Біліктілікті арттырудың негізгі аспектілерінің ішінен мыналарды бөліп алуға болады.

1. Қызметтік (Мақсаты, міндеті, жұмыс мазмұны, формасы, әдістер және нәтижесі).

2. Мазмұндық (Әдістемелік, ғылыми – теориялық білімді практикада қолдана білуге жағдай туғызу).

3. Басқарушылық (Талдау, жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау, танып – білу).

Осы 3 аспект бойынша біліктілігін жетілдірген мұғалім өз қызметіне талап деңгейінде қарайтыны белгілі.

Жаңа формациядағы - ұстаз - ізденімпаз өзіне талап қоя білетін, кәсіби - құзырлылық және шеберлілік деңгейі жоғары, рухы биік, даралық сапалары жетілген, шығар тауы биік маман.

Бүгінгінің басты талабы - әлемдік бәсекеге төтеп беретін өз ісінің шеберлерін дайындап шығару. Сол себепті де ұстаз ізденіс тұлғасы болумен қатар, оқушысын да ізденіске шабыттандыратын, жоғары біліктілік пен құзыреттілік иесі болуы керек. Мұғалімнің кәсіби даярлығы үздіксіз білім алу мен жетілуге ұмтылу арқылы дамитындығы педагогика теориясында дәлелденген, сонымен қатар, кәсіби даярлық ұстаздық ету кезеңінің барысында жалғасады. Кәсіби білімінің үздіксіздігі – мұғалімнің шығармашылық қабілеті мен жеке тәжірибесін ұдайы дамытудың шарты [4].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. – Астана, 2022.
2. "Повышение квалификации педагога – необходимое условие роста и совершенствования его профессиональной компетенции"
Прудникова Е.Н. 2021.
3. <https://bsh.kz>
4. <https://bilimdinews.kz>



«Оқушылардың тарихи санасын дамытудағы түрлі бағдарламалардың ролі»

Кокенай Айгул

*"Ақмола облысы білім басқармасының
целиноград ауданы бойынша білім бөлімі"
мемлекеттік мекемесі Қоянды №1 ЖОББМ -нің
тарих және география пәні мұғалімі*

Алаш зиялылары: «Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел қайда жүріп, қайда тұрғандығын, не істеп, не қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай күн туатынына көзі жетпейді. Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынша өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады», - деген ойын бүгінгі күнгі ғаламдану заманы растап отыр. Осы ретте, әлем халықтарының даму жолына назар аударатын болсақ, олар ең алдымен тарихи санаға үлкен мән берілген. Сондықтан да, бірінші кезекте өзінің тарихын біліп, сол арқылы болашағына бағдар жасайтын ұрпақ қалыптастыру негізгі мақсат. Осы мақсатта дайындалған авторлық бағдардаманың тақырыбы:

«Қазақ хандығының қалыптасуындағы ерекше із қалдырған қазақ хандарының ролі», деп таңдалған. Бағдарлама ҚР мемлекеттік білім беру стандартына негізделіп, «Білім туралы» Заңның талаптары және «ҚР гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы» бағдарламасында берілген тапсырмаларды орындау мақсатында әзірленді.

Бағдарламаны жазудағы мақсат:

Халқымыздың сан тармақты өткен жолы, тағылымға толы өмірлік тәжірибесі қазақ елі үшін әр кез қымбат. Тарихымыздың өткен жолы жетістіктері мен жеңілістері еліміздің келешектегі дамуына бағыт-бағдар болмақ. Осы білімді меңгерген ұрпақ мемлекет болашағына қызмет етеді. Өз елінің өткенін бүгінгі күнмен салыстыру, сабақ алу өткен тарихқа байыпты баға беріп, одан өміршең құндылықтарды іріктеу ісі – күрделі жауапты жұмыс. «Нені оқу қажет» деген түсініктен «нені қалай оқу керек» деген көзқарасқа бағыттап оқытубүгінгі күннің талабы деп айтсақ қателеспеген болар едік. Сонымен қатар, бағдарламаның дидактикалық құндылығы оқушылардың коммуникативті дағдыларын қалыптастыру, өз ойларын ауызша және жазбаша түрде анық білдіру, топта жұмыс істей алу, түрлі деректерден

алынған ақпараттарды қоса алғанда, жарияланым мен электронды құралдарды қолдануға жағадай жасалынған.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақ мемлекетінің тарихына айырықша назар аударылды. Олар: «Мәдени мұра», «Қазыналы ғылым», «Халық тарих толқынында», «Қазақ хандығына 550 жыл» (2015 ж.), т.б. Бұл бағдарламалар қазақ халқының тарихын жаңа сатыға көтерді, жаңа мұрағаттық құжаттармен толықтырды. Бұндағы басты мақсат – тарихымызды ұлттық мүдде тұрғысынан зерделеу және оны дәлелдеу. Осы ретте, тарих пәнінің мұғалімдері негізгі міндеті. Осы деректерді оқушы санасына жеткізу.

Қазақ мемлекетінің қалыптасуы қилы да қилы да қиын кезеңдерден тұрды. Осы мол мұрағат тек тарихшылардың ғана емес, жалпы көпшіліктің түсінуіне, ұғынуына оңтайлы болғаны дұрыс деген оймен, авторлық бағдарлама тақырыбын «Қазақ мемлекетінің қалыптасуында із қалдырған қазақ хандары» таңдалу себебі де сондықтан.

Авторлық бағдарламаның мақсаты – қазақ мемлекетінің қалыптасуы мен дамуында ерекше із қалдырған хандардың халқы үшін сіңірген еңбектерін саралау.

Авторлық бағдарламаның міндеттері:

- олардың ұстанған ішкі және сыртқы саясаттарына шолу жасау;
- қазақ хандығының хандық басқару жүйесін басталуы мен аяқталуындағы ерекше рөл атқарған хандардың тарихта қалдырған «іздері» туралы ой қорыту.
- қазақ хандарының атқарған қызметтерінің бүгінгі көрінісі ретінде ой тұжырым жасалды.
- хандар қызметінің бірізділігі, өміршеңдігі, ел тағдырын шешудегі өзіндік жолдары нақтылау.

Авторлық бағдарлама нысанына алынған кезең қазақ хандығының төрткүл әлемге танылып Еуразиядағы орнын сақтауға жанталаса ұмтылып төрт ұйқысын төрт бөлген жан-жағындағы елдермен арпалысқан тарихи оқиғаларға толы уақыты, ел басқарған хандар ұлттық мүддеге қызмет етудің тарихи үлгісін шын мәнінде көрсетті, осылайша әйгілі хандардың тұтас тізбегі қалыптасты.

Авторлық бағдарлама мазмұнының негізгі ретінде Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Тарих толқынында» кітабы [1], «Ғылыми қазына» бағдарламасы негізінде дайындалған (2012-2014 ж.ж.) салааралық ұжымдық «Қазақ руханияты тарихи философиялық және этномәдени

негіздері» атты монография [2], авторлары: М.Жолдасбекұлы, К.Салғараулы, А.Сейдімбек «Ел тарихының әйгілі тұлғалары» атты оқу құралы [3], А.Сейдімбектің «Қазақтың ауызша тарихы», «Тарихи тұлғалар» [4] атты танымдық басылымдары және ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақ елі» идеясы негізінде дайындалған І.Есенберлиннің «Алмас қылыш» романы [5] желісінде «Қазақ хандары» атты қазақ фильмі түсірген фильмдер желісінен алынды. Тарихи сана тарихты білуден, оны құрметтеуден басталады. Тарихты білген адам алдымен одан тәжірибе мен тағылымды иеленбек.

Бағдарлама екі бөлімнен тұрады. жоғарғы сынып оқушылары үшін 17 сағаттық лекция, 17 сағаттық тапсырмалар оқу-әдістемелік бақылау-өлшеу материалдары, Оқушының тарихи оқиғаларды талдау, саралау, салыстыру, пікірін білдіруге қызығушылығының артуы мақсатында құрылған.

«Ойлан!» атты бөлімде оқушыға ой салады, тұжырым жаса, өз көзқарасыңды білдір деп оның қорытынды жасауына итермелейді. «Жоба» – әдісін пайдалану арқылы оқушы тақырыптар мазмұнын пайдаланып, мәтін негізіндегі ортақ идеяның тарихтың сабақтастығын көрсетуге тырысады.

Практикалық маңызы Тарихи деректі фильмдер, тарихи фильмдер, пікірталастар, конференциялар, кездесулер, т.б. енгізіліп, оларды жаңа материалдармен толықтырып, ғаламдану ғасырындағы ұлттық тарихи сана қалыптастыруға тырысу маңызды деп ой қорыттым. Курс мазмұнында тек тарихи материалды меңгеру ғана емес, оны тарихи деректі фильм желісімен, романдағы шығармамен салыстырып отырып қорытынды шығаруға, нәтижесінде ұлттық ойлау дағдысын қалыптастыру көзделеді. Осылайша оқушыны ізденіске итермелейтін, өз көзқарасын білдіретін, ғылыми тілде тұжырым жасауға баулуға назар аударылады.

Хәкім Абай айтпақшы "Білсем екен, Көрсем екен" - деп кең дүниені тануға ұмтылады. Оқушылар да сондай. Мектеп табалдырығын аттаған сәттен бастап оқушылар да білмекке ұмтылып, әр тақырып өз алдына қызық болып көрінеді..

Осы орайда мен өзім қызмет атқарып жүрген Қоянды ауылының №1 ЖОББМ жоғарғы сынып оқушылар аралығында осы авторлық бағдарлама аясында "Ашық алаң" жобасын өткізіп келемін. Оқушылардың қазақ Ұлы тұлғаларының өмірбаянын, тарихын, қызмет

жолдарын, ел үшін жасаған ерен еңбегіні жан - жақты ізденіп өз деректерін,тың ақпараттарын жинақтап әкеліп ортаға салады.

Оқушының пәнге деген қызығушылығын оятып, тарихты терең білуге талпыныс бергеніме қуаныштымын. Қазақ хандарының ел басқару әдісі және қандай жетістікке жеткендігі туралы, сонымен бірге қазақ еліне қандай өзгерістер енгізгені туралы мәлімет айтып, пікір алмасады. Жалпы оқушыларға пікір алмасып, ойын ортаға салатын бағдарламалар қатты ұнайды. Себебі оқушының көкейінде қалып қойған сұрақ пікір алмасу арқылы шығады.

Ел тарихын әйгілі тұлғалар арқылы зерделеу – қазақтың дәстүрлі таным-түсінігінде ертеден қалыптасқан үрдіс. Қазақтың қария сөздерінде, яғни, шежірелік зердесінде тарих ұдайы жеке тұлғалардың өмір дерегі арқылы танылып отырады.

Авторлық бағдарлама негізінде көптеген міндеттерді жүзеге асыруды: өзінің халқының тарихын, оның тарихының сабақтастығын; Ондағы ұлттық мүде, рух, руханият, руханилық ұғымдарын арасындағы байланыстың қалыптасуын ұғыну; өзінің тарихындағы тарихи маңызды оқиғаларын, ондағы ұлттық ортақ идеяны түсіну, дамуына үлес қосқан ұлылар еңбектерімен тереңірек танысып, өзіндік ой қорыту; ұлы руханиятының ерекшелігін түсініп, шығыс пен батыс руханиятындағы ерекшелікті терең ұғыну, оның салт-дәстүр, әдет-ғұрпындағы көріністерін ұғыну, түсіну, өзіндік қорытынды жасау; т.б. оқушының бойында тарихи сананы қалыптастыруды көздейді. Бұл бағдарламаның маңыздылығы мен мүмкіндіктерін көрсетеді.

Бағдарлама ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды, адамдардың құқығы мен бостандығын құрметтейтін және қабылдайтын, Отанының дамуына өз үлесін қосуға ниетті тұлғаны тәрбиелеуден көрінетін «Мәңгілік ел» жалпыұлттық біріктіруші идеясын іске асыруда маңызды рөл атқарады. Бағдарлама біздің ата-бабаларымыздың бірегей мәдениетін, Қазақстанның әлемдік өркениетке қосқан үлесін түсінуге, мүмкіндік береді. Сонымен қатар, телегей теңіз рухани мол мұралар мен ұрпаққа үлгі болған ерен ерлік, қайтпас қайсарлық, өшпес өжеттік бар, адамдық қасиет пен қабілетті шыңдайтын тәрбиелік тағылым мен үлгі-өнеге бар, ел мен елді, жер мен жерді табыстырған ойшылдық пен даналық бар.



«Тарих сабағында оқушыларды жоғары деңгейлі сұрақ қоюға бейімдеу»

*Хайруллин Асхат Салаватович
Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, №6 орта
мектеп «Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша
педагогика ғылымдарының магистрі,
педагог-зерттеуші*

Тарих сабағында оқушыларды жоғары деңгейлі сұрақ қоюға бейімдеу. Заман және қоғам талабына сай мұғалім ақпарат алушы емес, оқушының жеке тұлғалық әрі интеллектуалды дамуын жобалаушы болып табылады. Біз қазір «білім-ғылым-инновация» атты үштік үстемдік құратын постиндустриялық әлемге қарай бағыт алып барамыз. Бұл мұғалімнен жоғары күзиреттілікті, ұйымдастырушылық қабілеттілікті, оқушыларды қазіргі қоғамның түбегейлі өзгерістеріне сай бейімдеуді, олардың зерттеушілік дағдыларын дамытуды талап етеді.

Қоғамда азаматтың тек қана білім алуы жеткіліксіз, ең маңыздысы - сол алған білімін күнделікті өмірде тиімді қолдана білуі. Сол себепті, қазір оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға басымдық беріліп отыр. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдері осыдан 28 жыл бұрын білім берудің жаңартылған үрдісіне көше бастады. 1997 жылы көп ел PISA деп аталатын жаңартылған мазмұнды бағалаудың бірыңғай стандартына көшу туралы келісімге келді. Еліміздегі бірқатар мектептер 2009, 2012 және 2015 жылдары осы стандарт бойынша білім сапасын анықтауға қатысты. Осы зерттеудің қорытындысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру қажеттілігі анықталды. Білім беру мазмұнын жаңартудың себебі содан.

Қазіргі уақыттағы жаңа педагогика ғылымындағы проблема ол - оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру болып табылады. Жаңа технологияның әдіс-тәсілдері оқушылардың білімін толықтыруға көмектеседі. Осыған орай озық тәжірибе, жаңа стратегиялар таңдап алып, оларды үйлесімді, тиімді және шығармашылықпен пайдалану - ұстаз шеберлігінің белгісі. Ұстаз ретінде оқытып жүрген оқушыларымның ерекшеліктерін зерттеп, біліп алған соң ғана, оларды даму деңгейіне орай әдіс-тәсілдерді іріктеп, талдап қолдануға, жетілдіруге ерекше назар аудардым.

Сабақ барысында оқушылардың ізденуін қадағалап, тәжірибелі әріптестерімнің сабақтарына қатысып, өз сабағымды бейнетаспаға түсіріп қарау нәтижесінде кейбір мәселелердің шешімі табылмай сол күйі қалатыны байқалды. Ол қандай мәселелер?

1. Тақырыптың кейбір аспектілерінің толық ашылмауы;
2. Үлгерімі төмен оқушылардың сабаққа белсенді қатыспауы;
3. Белгілі бір уақыт өте келе өтілген тақырыптың ұмытылып кетуі;


Осы мәселелерді шешу мақсатында тарих сабағына үйлесетін тақырыпқа сай Филл кестесі, сюжеттік әдіс, Эдвард де Боно әдісі, Цицерон әдісі, SWOT әдісі, концептуалды кесте, IDEAL стратегиясы секілді педагогикалық әдістерді қолданып жүрмін. Осы әдістерді қолданған кезде мынадай кедергілер анықталды:

1. Сыныптастар арасында сұрақ қоюға ұялу;
2. Сұрақ қою барысында қате жіберуден қорқу;
3. Оқушылардың өз ойын дұрыс жеткізе алмауы.


Осы кедергілерді жою мақсатында сабақ беретін сыныбыма өзімнің әдістемелік тақырыбым – «тарих сабағында оқушыларды жоғары деңгейлі сұрақ қоюға бейімдеу» төңірегінде өз жұмысымды бастадым. Оқушылар бір-біріне «Неліктен? Не себепті? Неге олай? Сенің ойыңша қалай? Басқа шешімі болуы мүмкін бе?» деген жоғары деңгейлі сұрақтарды қою арқылы сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттырады. Осы жұмысымның тиімділігі:

- Әр оқушы тақырыптағы мәселеге байланысты уәжін айтып үйренеді;
- Ұзақ уақыт бұрын өткен тақырып оқушылардың есінде қалады;
- Тарих сабағына қызығушылық болады;

Бұл жұмыс барысында алғашында оқушылар бір-біріне жоғары деңгейлі сұрақтарды қоюға қиналды, уақыт өте келе әр сабақ сайын дағдыға айналдырып үйренгенін мына диаграммадан байқаймыз.



Тарих сабағындағы білім деңгейінің өскенін мына диаграммадан көруге болады. Тарих сабағында оқушыларды жоғары деңгейлі сұрақ қоюға бейімдеу жұмысының нәтижесінде оқушылар әр оқиғаны талдау, сипаттау, ойын ашық айту, баға беру, оқиғаларды және тұлғаларды салыстыру, қорытынды жасауға дағдыланады.



Қорыта келе, мен ойымды ақын Міржақып Дулатовтың «Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт – оқуда. Теңдікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та, дүниедегі сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарқын жұлдыз – оқу. Надан жұрттың күні – қараң, келешегі — тұман» деген сөздерімен аяқтағым келіп отыр. ХХІ ғасыр – ғылым ғасыры. Жаңартылған білім беру - жеке тұлғаның жан-жақты дамуына әкелетін бірден-бір жол!



«Тарих сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру жолдары»

Ағниязова Айжан

*Маңғыстау облысының білім басқармасы
Ақтау қаласы бойынша білім бөлімі
«№19 мектеп-гимназиясы» КММ-сі
тарих және қоғамдық пәндер мұғалімі,
жоғары санаты*

Кілт сөздер: сауаттылық, функционалдық сауаттылық, сыни ойлау, әлеуметтік бейімделу, тарих пәні, педагогика.

Тарих пәндерін оқытудың әлемдік тәжірибесіне сәйкес білім беру мазмұнын жаңартуда жалпы білім беретін мектепте білім сапасын анықтайтын білім мазмұнына және құрылымына өзгеріс енгізу, тарихи білімге де жаңа талаптармен міндеттер қойды.

Тарихты оқыту мұғалімнің әр-түрлі оқыту әрекеттері, әдіс-тәсілдері арқылы реттелетін болса, оның ең маңызды жағы, Жахандану заманында бәсекеге қабілетті ұлттық құндылығы мол тұлға тәрбиелеу. Осы бағытта, тақырыбымының өзектілігі- функционалдық сауаттылық-жеке тұлғаны дамыту тетігі, бүгінгі жіне келешек өмірге белсенді араласу үшін зияткерлік тұрғысынан дамыту, әлеуметтік бейімделуге үйрету. «Функционалдық сауаттылық» ұғымы ХХ ғасырдың 60-шы жылдарында ЮНЕСКО құжаттарында пайда болып, зерттеушілер назарына ілікті. Мен ұстаз ретінде, тарих және қоғамдық пәнінің құндылығын үнемі сабақтарда айтып отырамын және әрбір сабақта тақырып өткенде оқушы үшін сабақтың құндылығын сұрап отырамын. Әрине алғаш оқушы тарихты білу, түсіну деңгейінде қажет деп түсінсе, кейін тарих тәжірибе, сабақ алу, кемшілігі айту, өзгеден басым жақтары табу, айыру, қателігін түзеу, жолында іс-әрекеттерге ұсыныс айту, баға беру, сыни ойлау демек жақсы жақтарын түсіне отырып үйрену, мақсатсыз, жоспарсыз әс-әрекетке бармау т.б. сияқты өмірге қажетті жақтарын үйрететін аса қажетті пән екеніне көздері жетті. Себебі тарихты жасайтын адам, адам өмірі өз қолында дегенмен, тарихтың өткені мен тәжірибесін түсіну, түсіндіру, талдау, зерттеу, бұл тарихты оқушы түсінген жағдайда жүзеге асады, демек, тұлғаның белсенді сабақ барысында әрекеті-мұғалім

мақсаты.

Мен, «тарих пәніне оқушылардың қызығушылығы жоқ» деген кейбір әріптестеріме таң қаламын. Мұғалім сабаққа кіргенде, сабаққа мақсатты дұрыс қою қажет. Мақсат, ол оқушыны әлеуметтендіру, өмірге белсенді араласу үшін зияткерлігін дамытатындай әдістермен келу және сабақ соңында өмірде бәрі де мүмкін, жеңіліс болса жеңіс те бар, қиыншылық ұмтылудан жеңуден тұратынын түсініп шығу керек.

Мен кез-келген мемлекетті түсіндіргенде, оның іс-әрекетін отбасы тұрғысынан қарастырамын. Кейбір мемлекеттің кемшілігін көре отыра сабақ алса, дамыған мемлекеттердің даму ерекшеліктерін ұйымдастыра білуден, еркіндік, білім, еңбекқорлық, мәдениет мәселесін алға тартып ой қорытады. Әрине, интерпретация мәселесіне де баса назар аудару қажет. Мысалы, бір тарихи оқиғаны, жағдайды түрлі зерттеушілер қалай сипаттайды, сыни мән беру қажет. Сонымен қатар толеранттық сана, ата-бабаларға құрметпен қарау да оқушы құндылығынан тыс қалмау қажет. Мұғалімнің құзыреттілігі тек білімді меңгертіп қана қоймай, жеке тұлғаны, жедел ойлаушы, шешім шығарушы, ерекше ұйымдастырушы есебінде әлеуметтік жағдайда дамыту мүмкіндігі. Осы менің ойым туралы американдық идея авторы ДЖ.Дьюи «Дж.Дьюи және педагогика» еңбегінде «Мектепті ұйымдастырудың ең жағымды жолы-демократия деп мұғалімдермен оқушылардың толыққанды дамуына мүмкіндік береді. Осы идея, ТМД-ға 90 жыл жардың аяғында келді. ДЖ. Дьюи үнемі мектеп өмірін оқушылардың интеллектуалдық қажеттілігіне сәйкестендіру, әсіресе гуманитарлық пәндер; диалог және талқылау, ашықтық, шығармашылық белсенділік, сонымен бірге білім беру тек білімдік қорды жинақтау емес, адамгершілік, гуманистік көзқарастарды қалыптастыруға бағытталуы қажеттігін айтты. Ол оқушы тұлғасы іс-әрекет барысында қалыптасады деген теорияны негізге алып, оқушыны маңызды істерге қосу қажет яғни оқушы ешқашан «құрал» еместігін айтады.

Олай болса, «Қазақстан тарихы» пәндері бойынша оқу бағдарламасының басты мақсаттарының бірі – оқушыларды функционалдық сауаттылыққа бағыттауда мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігіне талаптар жоғары екені белгілі. Мен сабағымды, осы талаптармен сәйкестендіре өткізетіндіктен сабақ белсенді, қызығушылығы жоғары пәндердің бірі ретінде оқушыларда көзқарас қалыптасты.

Сондықтан, Тарих сабағында унемі алға қоятын мақсатым мен міндетім: Тарих сабағында тақырыпты аша отырып оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру арқылы мақсатқа жету.

Мақсат тек топқа бөлу мен тапсырмаларды бөліп берумен шектелмей, сабақта мұғалім алатын күтілетін нәтижеге жетуде «түрткі, жетелейтін сұрақтармен мұқият іріктелген тапсырмалармен өзі белсенді әрекет туғызу қажет. Ол сұрақтар «өте ұқыпты, сауатты болуына мән беру қажет және сабақ мақсатына жету-оқушылардан күтілетін ойға жетуді білдіреді.

Тарихтың оқыту әдістемесінде, тарихты оқыту, сынып жоғарылаған сайын талаптар да күрделенеді. Енді, 9-шы сыныпта, Қазақстан тарихы сабағының «XX ғасырдың 60-80 жылдарындағы Қазақстанның қоғамдық саяси дам уындағы қарама қайшылықтар» тақырыбында, оқу мақсатына сәйкес, оқыту мазмұны қаралып, қосымша материалдар анықталып, сараланды. Оқулық, Қазақстан тарихы 5-томдықтың 4-ші томы, ҚазКСР-нің Конституциясы, Интернет материалдары қолданылды. Осыған сәйкес, жеке, жұптық, топтық және тұтас сыныптық жұмыс түрлерін ұйымдастырылды және сабақта білім алушының біліміндегі олқылықтарды уақытында анықтауға мүмкіндік беретін кері байланысты ұйымдастырылды.

Зерттеу сұрағы: XX ғасырдың екінші жартысында ұлттық мүдделерді қорғау қалай жүзеге асырылды? Сабақ мақсатында, әміршіл-әкімшіл саясатқа қарсы халық наразылықтарын салыстырып, талдайды. Қоғамдық-саяси қайраткерлердің ұлттық мүддені қорғаудағы рөліне баға береді.

II дүние жүзілік соғыстан кейінгі КСРО-дағы Сталиндік кезеңмен Хрущевтік кезеңнің қоғамдық саяси өмірде ортақ белгілерін анықтай келе, Республикалардың рөліне тоқталады, ұлт мүддесінің рөліне баса мән берілді. Ол үшін түрткі сұрақтар қойылды:

Ұлттық мүдде дегеніміз не? Ұлт мүддесінің белгілері қандай? Ұлт мүдденің сақталуы неден көрінеді? Ұлт мүддесі үшін күрес-Ұлтшылдық па? Ұлт бірден жойыла ма?

Осы ойға жеткенше түрткі сұрақтар қойыла беру қажет. Оқушылардан күтетін ой.

1. Ұлтшылдықсыз ұлт қалыптаспайды. Ұлтшылдығын жоғалтқан ұлт, өзін де жоғалтады;

2. Қазақ ұлтын жою белгілі бір кезеңде мүмкін емес, оны жоюға ғасырлар қажет. Себебі қазақ даласында ұлттың қалыптасу процесі сонау сақ заманынан бастау алатынын, оңайлықпен жойылмайтынын, қаншама қиын тағдырды басынан кешсе де аман қалғанының сырын білді.

КСРО кезеңіндегі қазақ ұлттық мүддесін жоғалту үшін жасалынған саяси әрекеттерге тоқтала келе, оған қарсы қазақ зиялыларының саяси іс-әрекетіне тоқталды, материалдармен дәлелдеді, ізденді, баға берді және 1979ж Ақмола оқиғасымен тақырып жалғасады, бұдан бұрын болған Республикадағы наразылықтармен салыстырды, талдады. Оған мынадай сұрақтармен жетелеуге болады.

Қазақ зиялыларының осы саяси әрекеттері, Алаш қайраткерлерінің көзқарастарымен сәйкес келеме? Қазақстан Неміс автономиясын құру қаншалықты қажет? Неміс автономиясының саяси талаптарына тағы қандай талаптар қосар едің? Көп ұлтты КСРО-да қоғамдық саяси өмірде ұлттық мүмкіндіктер ескерілмей осы бағытта тұрса, КСРО-ның тағдыры не болар еді?

Қорытынды ой. Оқушылар бұл жерде қоғам ұлтқа зиянын тигізе отырып, өзі де дағдарысқа ұшырағанын біледі.

Сабақ соңы эссе жазумен болады немесе мінбеге шығып, «Сенің ұлтың - Сенің мүддең» тақырыбында, 1979ж Ақмола оқиғасына баға береді.

Қорытынды бөлімі мұғалім сұрақ қою арқылы сабақ мақсатқа жетті.

Ұлттық мүдде қай уақытта толық сақталады? Ұлттық мүддеден айрылмау үшін не істеу қажет?

Күтілетін жауап:

Тәуелсіздік алғанда ұлт мүддесі толық сақталады. Мемлекеттің ұлт саясаты мықты болу қажет.

Бұдан бөлек, тарихта әр түрлі факт-деректерге қатысты оқушылар өздерінің реакциясымен де бөлісуі мүмкін. Оларға, Сіздерді бүгінгі сабақта не таңқалдырды? Оларды не абыржытты? Қандай тұжырым оларды мұңға батырдыма немесе бақытты етті ме? Сұрақтар менде толықтыруға болады. КСРО тарихында Хрущевтік кезеңдегі дағдарыста, оқушыларға; Хрущевқа дағдарыстан шығудың қандай жолдарын ұсынар едің? Қоғамдық саяси жүйе нені түсінбеді?

Бұдан бөлек сабақта, салыстырмалы кестелер, проблемалық сұрақтармен өз бетінше жұмыс, тарихи оқиғаны болжау, аяқтау, кезеңдерге бөлу т.б тұлғаны дамытуда жұмыстар жүргізіледі.

Дүние жүзі және Қазақстан тарихы пәндерінің кез-келген тақырыбы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталу қажет. Дүние жүзі тарихында оқушылар әлем елдерінің тарихын зерделеумен қатар, адамзат біртұтас қауымдастық екенін, бейбіт, екі жаққа да пайдалы ынтымақтастық нәтиже беретінін білді. Сауаттылығы қалыптасқан оқушы - зерттеуге үйренеді және оқуда, оқудан тыс кез-келген мәселеге зерттеп, байыппен қарауға, шешім қабылдайды. Ең бастысы, Дж.Дьюи «білімнің ақиқаттық өлшемі- шындық есепке алынады және шындық жолында еңбек етеді, олқылығын көре біледі, жоюдың жолдарын табады» деп тұжырымдайды.

Қорыта келгенде, тұлғалық бағдарлы білім - білім берудің жаңартылған мазмұнының талабы да осы.

Пайдаланған материалдар:

1. ҚР « Қазақстан тарихы», «Дүние жүзі тарихы» пәндерін оқытудың ерекшеліктері. Ы.Алтынсарин Академиясы.

2. ҚР «Қазақстан тарихы» « Дүние жүзі тарихы» оқу пәндерін оқытуды ұйымдастыру формалары мен әдістері. Ы.Алтынсарин академиясы.

3. Дьюи. Дж. 2000. Демократия и образование. Пер.с.англ.М, Педагогика Пресс.



«Тұлғаны жан – жақты дамытудағы басты көрсеткіш – құзыреттілік»

*Суатова Фарида Болатовна
Атырау облысы, Қызылқоға ауданы,
Қаракөл орта мектебінің тарих пәні мұғалімі*

*«Ең әуелі мектепке керегі – білімді, әдістемеден хабары мол,
ізгілікті оқыта білетін мұғалім».
А.Байтұрсынұлы.*

Ең алдымен «құзыреттілік» деген не? Осы сауалға жауап беріп көрелік...

Қосымша әдебиеттерге сүйенсек, «құзыреттілік» терминін американдық ғалым Н.Хомский XX ғасырдың ортасында ғылымға енгізген екен.

«Құзыр» (компетенция) – белгілі бір тапсырманы орындауға деген қабілеттілік болып саналған. Құзыреттілік – тұлғаның ерекше қабілеттілігі. Құзыреттілік ұғымын түсіндіруде Ш.Таубаева: «Құзыреттілік – ол тұлғаның оқыту мен әлеуметтену процестері барысында меңгерген білім мен тәжірибеге негізделген, оның жалпы қабілеті мен іс-әрекетке даярлығы ретінде айқындалатын, тұлғаның кіріктірілген қасиеті» десе, А.В.Баранниковтың айтуынша «Құзыреттілік дегеніміз – өз бетінше іске асырылатын қабілеттілік, ол оқушының алған білімдеріне, өмірдегі тәжірибелеріне, құндылықтарына негізделеді» деп ой тұжырымдаған. [1]

Демек, оқуға ынталы, өзіне тән дәлел – уәждерін келтіре алатын, жинақтаған біліміне сенімді, болжамды пікірлерін ортаға еркін ұсынатын оқушыларды педагогикалық іскерлікті шебер меңгерген құзыретті педагог қалыптастырады.

XX ғасырдың басындағы қазақ ұлтының «Алаш» партиясы жетекшілерінің бірі, Алашорда үкіметінің мүшесі, түркітанушы, Қарқара петициясы бағдарламасын құрушы, саяси қайраткер, «Ұлт ұстазы» атанған Ахмет Байтұрсынұлының: «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол

мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім», – деп, оқушылардың оқу нәтижелеріне ықпал ететін, жетістікке жеткізетін мұғалімнің сыныптағы күнделікті жұмысын оң бағалаған.

Құзыреттілік тақырыбына берілген сипаттамалармен таныса келіп, «құзыреттілік – әрбір жеке тұлғаның шығармашылық іс – әрекетінен туындайтын білім көрсеткіші, алған білімін орынды қолданып, кез – келген мәселені өз бетінше талдай алатын жеке қызығушылығы мен мүмкіндік деңгейі» деген ұйғарымға келдім.

Мақсатым:

- Бәсекеге қабілетті, өзіндік құнды пікірі бар, толыққанды, қызығушылығы мол, өзін – өзі үнемі ынталандырушы, қоғамның дамуына өз үлесін қоса алатын өз өлкесінің тарихын терең біліп құрметтейтін тұлғаны қалыптастыру;

- Үздіксіз даму үстіндегі қоғам жағдайына тез бейімделгіш, алған білімін сауатты қолдана білетін көшбасшылық қабілеттерін шыңдау;

- Әрбір өскелең ұрпақтың кез – келген тақырыпта өз пайымдауларын жасауға қабілетін дамыту;

- Оқушылардың ойлау қабілетінің деңгейін көтеруге ықпал ету.

Міндетім:

- Болашақта осы мамандықты игеруші тұлғалардың тарихи тақырыптарға болжамды пікірлері мен көзқарасын еркін айтуға және өз шығармашылық ойларын ұсынуға, дәлелдей білуге машықтандыру;

- Шығармашылық ой жүйесінің бірізділігін дамытуда білімді өз бетімен игеріп жинақтай білуге дағдыландыру;

- Өз тәжірибесін үздіксіз жетілдіретін, өз мектебінің дамыту жұмысының көшбасшысы ретінде жұмысымды жетілдіру;

- Шығармашылық жұмыстарды әзірлеу жолында тәжірибемді аудан, облыс, республикалық көлемде күнделікті өмірде және желі арқылы іс – тәжірибемді бөлісіп әріптестік байланыс орнату.

- Тұлға құзыреттілігін дамытуда тапсырма жұмыстарының тапсырма жұмыстарының мазмұнына түзету жасап, өзгерістер енгізе алатындай сауатты мамандардың қалыптасуына жағдай туғызу, тәжірибе алмасу

- Шығармашылық өнім нәтижелерін дайындауды жолға қою.

Мектебінің көшбасшысы болып табылатын педагог тұлға әркезде де біліктілігі мен оқыту әдістерін, оқушыларының білім алуына ықпал ететіндей өз іс – тәжірибесін қоғам талабына сай үздіксіз жетілдірсе, мұғалім жұмысының тиімділігі артады. Пән мұғалімі осы талаптарды негізге алып жұмыс жасайтын болса, білімі мен ұстанымы жайлы толғанатын, белгілі бір тақырыптарда білімін толықтыруға ұмтылатын, өзінің оқуы үшін жауапты тұлғаларды сөзсіз қалыптастыратыны анық. Оқушылар мұндай жауапкершілікті мұғалім қалыптастыратын қолайлы ортада сезініп қабылдайды. Сондықтан да, мұғалім бойында құзырлы мұғалімге тән қасиеттер жинақталған кезде ғана оқыту нәтижесі сапалы да табысты болары анық.

Құзырлы педагог – оқытудың тәжірибелік дағдыларын меңгерген, сабақ кезеңдерін тиімді ұйымдастыратын, идеяларды түсіндіруде бағалау секілді әдіс-тәсілдерді жетік білетін, сапалы да табысты оқытудың тиімді элементтерін жүзеге асырушы кәсіби маман. Оқушы бойында дамытылуы тиіс зейін, көзқарас, дағдыларын ұтымды уақытылы ұйымдастырылу жолға қойылса, білім саласындағы мұғалім жұмысының нәтижелілігі артады. Оқушы мен мұғалім арасында тығыз ынтымақтастық орнаса, оқушылар «қалай оқу керектігін» үйренеді. Өткізілген әрбір сабақта оқушылар тақырыпқа сәйкес болжамдары мен пікірлерін жинақтап, өзара кеңес беру, мақсат қою арқылы нәтижелерге эксперимент жасайды. Осы шығармашылық іс – әрекеттері арқылы оқушылар оқу процесінің барлық аспектілеріне (көзқарас, пікір) белсенді қатысады.

Мұғалім – оқушыларға қазіргі таңда қажетті дағдылар мен «өзіндік мақсат», «ішкі уәж» деп аталатын қасиеттердің жинақталуына жағдай туғызатын бағыт беруші. Осындай жағдайда ғана сыныптағы барлық жеке тұлғалар өзін – өзі ынталандырып, шығармашылық бағытта жеке ұмтылыстары мен қызығушылық қасиеттері пайда болады. Педагог тұлғаның әрбір жоспарланатын сабақтар топтамасы оқушылардың тақырыпқа сай өз пайымдауларын жасауға қабілеттіліктерін дамытуы тиіс. Өз пәнін жетік білетін пән мұғалімі сыныптағы әрбір оқушының өзіндік түсінігі мен пікірі қалыптасатындай етіп жұмысын жоспарлауы қажет. Сонда ғана оқушылар өз дағдыларын (айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалым) қолдануға бейімделеді.

Күнделікті сабақ құрылымы оқушылардың жеке қызығушылықтары мен қабілеттеріне (ой – пікірін анықтау, қорғай білу, тарихи оқиғаға баға

бере білуі, ойлауға түрткі болатын дәлелдер келтіруі, ой қорытынды шығара білу дағдысы) бағытталуы керектігін әрбір педагог маман естен шығармауы тиіс. Осы ретте мұғалім оқытудың белсенді әдістерін қолдану қажет. Сабақ барысында тақырыптар бойынша ашық сұрақтарды нақты фактілерге сүйене отырып құрастыра алу, жұптық, жеке, топтық сынды бірлескен жұмыстарға қатысуы оқушылар бойына жауапкершілік жүктейді. Өзара және өзін-өзі бағалауы жүзеге асып, өмір бойы оқуға қабілетті тұлға ретінде қалыптасады. Оқушылардың зияткерлік қасиеттерінің жоғары деңгейде қалыптасуына әсер ететін бірден-бір фактор – диалог пен талқылауға тарту. Александер:

«Талқылау мен диалог өзінің танымдық әлеуетімен ерекшеленеді. Диалог барысында балаларға баламалы мүмкіндіктер беріліп, басқа адамның көзқарасын өзінің тұжырымдамалық түсінігін тереңдетіп, дамуын ынталандыратын әдістерін қарастыру ұсынылады», - деп, диалог арқылы оқушылардың сыни тұрғыдан ойланып зерттеу жүргізуге қабілетті бола түсетініне басымдылық берген. [2]

Мұғалімдік қызмет – күрделі феномен. Тарих пәнін оқытуда оқу бағдарламасының оқу мақсаттарын жүзеге асыру үшін, оқыту үрдісінде тұлғаларға бағытталған белсенді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы жетістікке қол жеткізген тарихшы маман ретінде өз тәжірибеме тоқталсам.

Тарихты оқытуда табысқа жету үшін әрбір пән мұғалімі сабақ беру іс-тәжірибесінде «Не үшін оқыту?», «Нені оқыту?», «Қалай оқыту керек?», яғни «оқу әрекетін қандай тәсілдермен неғұрлым тиімді жүзеге асыру, оқушыларды дамытуда жоғары нәтижеге қалай қол жеткізуге болады?» деген мәселелерді шешуде педагогикалық белсенді әдіс-тәсілдердің тиімділігін ажырата білу керек.

Белсенді әдістерді тиімді қолдану мақсатында оқыту үдерісінде «өзгеріс пен сабақтастық» тарихи концептісі бойынша 5-сыныпта өткен «Алтын адам» археологиялық олжасы» тақырыбындағы сабағымда «Алтын адамның бас киіміндегі бейнелер мен мемлекеттік нышандарда ұқсастық бар ма? Болса қандай дәлел келтірер едіңіздер? Қазақстан елтаңбасындағы бес жұлдыз нені білдіреді?» деген түрткі болу, сынақтан өткізу сұрақтарын бағыттау арқылы ой қорытынды шығара білу дағдысын шыңдауға мүмкіндік алдым. Оқушылар бір-бірінің пікіріне құрметпен қарап сыни тұрғыдан ойлануға көмектесті. Тақырып бойынша 1–2 сөйлемнен сұрақтар құрастырды, оқулықтарында берілген

дереккөздерді талдау, бір–біріне түсіндіру арқылы «қазақ халқының негізін қалаған сақ тайпасының өкілі «Алтын адам» тәуелсіздігіміздің символына айналды» деген тұжырымға келді. «Шілікті және Бесшатыр патша қорғандары» тақырыбын өткен кезде алып қорғандарды салудың пайдасы мен зиянын салыстырып кестеге жіктей білді. 5.3. Сақтар бөлімі бойынша, 5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау оқу мақсатына сәйкес өткізілген «Берел қорғандары» тақырыбындағы сабақта сынып оқушыларына «Берел қорымынан табылған олжалар сақтардың өмірін толық сипаттады ма?» тапсырмасы бойынша жақтайтын және қарсы пікірдегі даттау дәйектерін болжамды көзқарастарын келтіру арқылы білімдерін орынды қолдана алды.

Жұптық жұмыс арқылы қорғандарды салыстырып ерекшеліктері мен ұқсастығын тапты. «Тасмола археологиялық мәдениеті» тақырыбындағы сабақта 5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау оқу мақсаттарын ашуда «Мұртты» обаларды тұрғызған тайпаларды (исседон, аримаспы, аргиппей) анықтап, мекендеген аумағын табуда картамен жұмыс жасау арқылы жинақтаған білімін тарихи тілмен жеткізе білді. «Ұқсастық пен айырмашылық» концептісі бойынша суретке қарап «мұртты обаларды» салыстырып, ұқсастығы мен ерекшеліктері, айырмашылығын таба білді.

«Мұртты обалардың» түрлері

Ерекшеліктері	Ұқсастықтары	Айырмашылықтары

Тарих сабағында қолданылып нәтижесін көрсетіп жүрген белсенді әдістер:

«Прогресс»	«Регресс»
Өркениеттердің оң және теріс жақтарын анықтап салыстыру	

«Ұқсастық пен даралық кестесі»

1. Мемлекет түрлерінің ерекшеліктерін салыстырып, ұқсастығын табу.
2. Тәуке ханның заңдарын Ликург заңдарымен салыстырып ерекшеліктерін табыңыз.

Ұқсастықтары	Ерекшеліктері
1. Қылмыс жойылды	1. Спартада әскери іске мән берді, ірі елге айналды
2. Тыныштық орнады	2. Сауда, қолөнер, егіншілікпен айналысуға тыйым салды

3.Біріктіруге күш салды	3.Баюға тыйым салып, ақша жойылды
-------------------------	-----------------------------------

Қазақстан тарихы пәні бойынша «Ұлы Дала өркениеті» бөлімі бойынша 10-сыныпта өткен Ұлы Дала көшпелі өркениетінің ерекшеліктерін сипаттау оқу мақсатын ашуда «Дәлелдер мен фактілер» әдісімен «сақтардың өркениеттерінен Ұлы Дала өркениетіне дейінгі өркениеттер сабақтастығы» туралы қазіргі заман үшін ежелгі өркениеттердің жетістіктерін бағалауы жөнінде қорытынды шешім шығара білді. Тақырып бойынша өз қорытындыларын негіздеп мысал келтіру, дәлелдеу дағдылары жетілді. Қосымша деректерден алынған ақпараттарды дұрыс анықтап сұрыптауға дағдыланды. «Бұл уақытта. » әдісі бойынша тақырыпқа сәйкес нақты осы уақытта басқа елдерде орын алып жатқан оқиғаларды сипаттады.

10-сыныпта Қазақстан тарихы пәні бойынша «Тәуелсіздікке жол және ұлттық мемлекеттіліктің қайта жаңғыртылуы» бөлімінің 10.3.4.3 – Түркістан (Қоқан) және Алаш автономиясы түрінде мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру тарихын зерттеу оқу мақсатын өткен кезде қосымша ресурстар арқылы сынып оқушылары төмендегі кестеге сыни бағыттағы және баламалы ықтимал жауаптарын нақты фактілермен логикалық, интуитивті білімдерімен қорытты. Нәтижесінде сынып оқушылары өздерінің сапалы креативті шешімдерін көрсетті.

Нәтижесінде:

1. Оқушылардың тарихи оқиғалардың заңдылықтарын анықтап одан әрі дамуы туралы болжауға итермелейтін әдіс – тәсілдер құндылықтарға бағытталды.

2. Оқушылардың жеке қызығушылықтары мен қабілеттерін ескеруге бағыттайтын әдіс – тәсілдер тұлғаға бағытталды.

3. Оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыруға мүмкіндік беретін әдіс – тәсілдер іс – әрекетке бағытталды.

4. Оқушылардың жеке қабілеттіліктерін ескере отырып бағытталған әдіс – тәсілдер саралап оқытуға бағытталды.

Педагог тұлға іс – тәжірибені жетілдіру жұмыстарын өз қолына алып, мектебінде оң өзгерістер жасау үшін әріптестерімен стратегиялық шешімдер қабылдауға қабілетті маман. «Мұғалімнің өз бастамасына негізделген кәсіби даму үдерісінің нәтижесі, ең бірінші жұмыс барысында сезілуі керек. Сапалы даму жұмысына жаңа технологияларды сынақтан өткізу, бағалау, талқылау және шолу жатады.

Нәтижелері әрдайым практикалық бағытта болады, олар тәжірибедегі өзгерістер немесе жақсартулар; оқыту мен оқудың жақсартылған әдістері. Олар сонымен бірге кәсіби өсуде маңызды бола алады, бұл – сыртқы және ішкі өсу» [3].

Мұғалім – кәсіби білімнің негізін құрастырушы. Педагог тұлға ретінде мамандығыма байланысты кәсіби шығармашылық құзырлы педагогке тән жұмыстарым төмендегідей нәтижесін көрсетті.

Оқушы жетістіктері:

2020 жылы «Дарын» республикалық ғылыми – практикалық орталығының ұйымдастыруымен 5–9 сынып оқушыларының арасында өткен XV республикалық «Тарих ата» олимпиадасында 7 – сыныптар арасында 5 – оқушы III дәрежелі Диплом, 2 – оқушы II Дәрежелі Диплом;

2020 жылы «Дарын» республикалық ғылыми – практикалық орталығының ұйымдастыруымен 5 – 9 сынып оқушыларының арасында өткен XV республикалық «Тарих ата» олимпиадасында 5 – сыныптар арасында 2 – оқушы III Дәрежелі Диплом;

2020 жылы Жалпы білім беретін пәндер (9 – сынып Дүниежүзі тарихы) бойынша оқушылардың республикалық олимпиадасында 1 оқушы – I Дәрежелі Диплом, 1 оқушы – II Дәрежелі Диплом, 2 оқушы (9 – сынып Қазақстан тарихы) III Дәрежелі Диплом;

2020 жылы 23 желтоқсанда өткен 5 – 6 сынып оқушыларына арналған пәндік олимпиададан оқушым Еңсеп Зейнеп аудандық, облыстық кезеңнің I Дәрежелі Диплом, Республикалық кезеңде II Дәрежелі Диплом Нұр – Сұлтан қаласы;

2021 жылғы 17 наурызда өткен «Дарын» республикалық ғылыми – практикалық орталығының ұйымдастыруымен 5 – 9 сынып оқушыларының арасында өткен республикалық «Тарих ата» олимпиадасында 5 оқушы II Дәрежелі Диплом, 2 – оқушы I Дәрежелі Диплом;

2021 жылы «Менің кіші Отаным» атты IV республикалық жас тарихшылар интеллектуалдық конкурсының облыстық кезеңінде «Менің кішкентай Отанымның тарихы» номинациясы бойынша Серік Ұлпан «Алғыс хат»;

2021 жылы «Менің кіші Отаным» атты IV республикалық жас тарихшылар интеллектуалдық конкурсының облыстық кезеңінде «Менің

кішкентай Отанымның болашағы» номинациясы бойынша Жақсылықова Рабиға III Дәрежелі Диплом;

2021 жылы Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік – мәңгілік елдің тұғыры» атты мектеп оқушыларының арасында өткен Республикалық олимпиададан 10 – сынып оқушылары Марапат қағазына ие болды;

2022 жылы 4 мамырда «Менің Отаным – менің бастамам» облыстық шығармашылық жобалар байқауының «Менің кіші Отаным» бағыты бойынша 9 – сынып оқушысы Серік Ұлпан I Дәрежелі Диплом, республикалық кезеңде Сертификат;

2022 жылы 4 мамырда «Менің Отаным – менің бастамам» облыстық шығармашылық жобалар байқауының «Менің кіші Отаным» бағыты бойынша 9 – сынып оқушысы Жақсылықова Рабиға III Дәрежелі Диплом;

2022 жылы 4 мамырда «Менің Отаным – менің бастамам» облыстық шығармашылық жобалар байқауының «Менің кіші Отаным» бағыты бойынша 9 – сынып оқушысы Арыстанбекқызы Мадина III Дәрежелі Диплом;

2022 жылғы 18 – 19 мамырда өткен «Дарын» республикалық ғылыми – практикалық орталығының ұйымдастыруымен 5 – 9 сынып оқушыларының арасында өткен республикалық «Тарих ата» олимпиадасында 1 оқушы III Дәрежелі Диплом;

2022 жылы Халықаралық «Алтын жабағы» конкурсында 5 – оқушы I Дәрежелі Диплом;

2023 жылы 5 – 6 сынып оқушыларына арналған пәндік олимпиададан облыстық кезеңінде оқушым Аманбекқызы Зайнаб «Алғыс хат».

Мұғалім жетістіктері:

2020 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігі «Дарын» Республикалық ғылыми – практикалық орталығының «Құрмет Грамотасы»;

2020 жылы «Online Mектеп– тегі үздік БЖБ» Bilim Land байқауындағы 100 жүктелім Сертификат № 000395;

2020 жылы Республикалық Қазақстан тарихы: әдістемелік журналының №2 санында «XX ғасырдың басында әлем көрінісі қандай болды?» шеберлік сабағым жарық көрді;

2021 жылы Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік – мәңгілік елдің тұғыры» атты мектеп оқушыларының арасында өткен Республикалық олимпиададан 10 – сынып оқушыларын дайындаған пән мұғалімі ретінде «Алғыс хат»;

2021 жылы Қазақстан тарихы : 10 – сынып (ҚГБ) оқу – әдістемелігін құрастырушы авторлар мүшесі, Алматы: Білім.kz. 2021 – 270 бет;

2022 жылы 4 мамыр Атырау облысы Білім беру Басқармасының таланттарды анықтау және қолдау орталығының «Алғыс Хат» ;

2022 жылы «І Сарайшық оқулары – 2022» республикалық ғылыми – тәжірибелік конференцияға қатысып, жұмысым жинаққа енгізілді, сертификат иелендім;

2022жыл «Пәндерді оқыту ерекшеліктері» тақырыбындағы облыстық лайфхак жұмысына қатысып тәжірибеммен бөліскенім үшін «Өрлеу» біліктілікті арттыру Ұлттық орталығының Акционерлік қоғамының Дипломын иелендім;

2022 жылы Қазақстан тарихы: 5 – сынып оқу – әдістемелік құралын құрастырушы авторлардың бірі (Атамұра баспасы) ISBN – 978– 601– 09– 1824 – 5 Алматы; Білім.kz;

2022 жылы «Жас педагогтің шығармашылық қызметі – кәсіби және тұлғалық дамуының негізі» Республикалық Сертификат Ақтөбе, 2022 жыл;

2023 жылы «Сабақтың белсенді әдістері» тақырыбындағы облыстық семинар жұмысына қатысып, «Өрлеу» біліктілікті арттыру Ұлттық орталығының Акционерлік қоғамының «Алғыс Хаты»;

2023 жылдың №1(202) қаңтар – ақпан санында «Қазақ тарихы» Республикалық ғылыми – әдістемелік журналында № 382 бұйрығына сай дайындалған «Адамдардың шаруашылық өміріндегі өзгерістер» және «Сақ патшайымы – Томирис» тақырыбындағы сабақтарым «Жас маманға жәрдем» айдарында жарық көрді;

2023 жыл «Тұлғаны жан – жақты дамытудың басты көрсеткіші құзыреттілік» оқу – әдістемелік құралым жарық көрді. Алматы; Білім.kz;

Мұғалім жұмысының тиімділігін арттырып, оқушылардың білім алуда табысқа жетуіне мүмкіндік беретін түрлі белсенді әдіс-тәсілдерді пайдалануда мұғалім шеберлігі сөзсіз қажет.

Менің «Тұлғаны жан – жақты дамытудағы басты көрсеткіш – құзыреттілік» тақырыбындағы педагогикалық шығармашылық жұмысымды жазудағы мақсатым – өскелең ұрпақты жан-жақты қазіргі

жедел даму үстіндегі бүгінгі қоғамға қалыптастыратын іс – тәжірибемді үлгі ретінде пайдалануға септігі тиер деген мақсат.

«Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы» деп, ҚР – ның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев өз Жолдауларында жас ұрпаққа сапалы білімділіктің күдіретін әркез насихаттап отырды. Әрине, оқушының жеке қабілеттерін ашуда қолданылатын оқытудың белсенді әдістерін күнделікті сабақтарында алдын-ала таңдап пайдаланатын мұғалімнің қызметі ерекше.

Менің ұстаз ретіндегі алға қойған айқын мақсатым – өзімді үнемі заманауи ғылымның жетістіктеріне сай жетілдіріп қана қоймай, мұғалімдік қызметімді жоғары нәтижелерге бағыттап жұмысымды жалғастыру.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://stud.kz/prezentatsiya/id/18670>
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық ІІІ деңгей «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012 51 – бет
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық ІІІ деңгей «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012 88 – бет
4. Қазақстан тарихы. Жалпы білім беретін мектептің 5-сынып мұғалімге арналған нұсқаулық / С.Р. Ахметова, А.М. Ибраева, А.А. Құлымбетова және т.б. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2017.
5. Белсенді оқу әдістері: Әдістемелік құрал. www.cpm.kz Астана, Педагогикалық шеберлік орталығы, 2013



«QUNDY» қосымша үстел ойыны арқылы ұлттық құндылықтар негізінде пәндерді интеграциялау тиімділігі»

*Смадияр Күнімайгүл Смадиярқызы
М.Құсайынов атындағы Ақтөбе облыстық
дарынды балаларға арналған мамандандырылған
лицей-интернаттың тарих пәні мұғалімі*

Бүгінгі жаһандану заманында білім беру жүйесіндегі пәндік интеграциялық оқытуды ұйымдастыруда оқушылардың танымдық қызығушылығы мен білім сапасын арттыру жолдары, нәтижесі айқындалған. Білім беруді интеграциялауда педагогикалық үдерістің мүмкіндіктері кеңейіп, оқытудың инновациялық технологияларын қолдануға жол ашылады, өзара сабақтасып бірізділік пен жүйелілік құрылымын құрайды.

Еліміздің білім беру жүйесінің сапасы жан-жақты интеграция мен ғаламдастырумен қатар жүрген жағдайда ғана дамитындығы белгілі. Интеграция – латынша қалпына келтіру, толықтыру, бүтін деген мағына білдіреді. Яғни педагогикалық тұтастықты қалыптастырып, білімді жүйелеу мен жинақтауда әртүрлі ғылымдарда біріктіру [1].

Оқу-тәрбие үдерісін жүзеге асыру барысында жалпы дидактикалық әдістемесінен бөлек, міндетті түрде әртүрлі пәндерді оқытудың жекелік дидактикалық ерекшеліктерін де ескерген жөн. Егер, техникалық пәндерді оқытуда кибернитизациялауға, ақпараттандыру мен технологияландыруға баса назар аударылса, онда гуманитарлық ғылымдарда мәдениеттендіру, демократияландыру, ізгілендіру, гуманитарландыруға мән беріледі.

Интеграциялаудың негізгі мақсаты- тұлғаны дамыту мен қалыптастыруда, «қоршаған орта табиғат-адам» сабақтастығында біртұтас көзқарасты, яғни білім алушылардың әртүрлі әрекеттері үшін барынша жағдай туғызудың педагогикалық үдерісін құру. Бұл жерде мәселеле білімнің жиынтығы және эрудицияның кеңдігі жөнінде емес, еркін бағдар, ХХІ ғасыр адамының даралық мәдениеті, өзіндік позициясын таңдап алуын қамтамасыз ететін дара тұлғалық, құзыреттілік сапасы жөнінде. Сондықтан, білім мазмұнының бүгінгі күн талабына сәйкес болуы аса маңызды. Кейбір жағдайларда пәнаралық

байланыс қолданылғанымен ол мәселені тұтас шеше алмайды. Білім – тұтастық және білім алушы алдында да сол күйде болуы керек. Пәндер арасындағы кедергілерді жою үшін білімді басты объектілердің немесе тақырыптардың айналасына біріктіру қажет. Бұл пәнді әр қырынан қарастыруға, оның барлық өзара байланысын ашуға мүмкіндік береді. Анализ, синтез, салыстыру, біріктіруді қолдануға болады.

Интеграция мазмұнды кең қамтуға, уақытты үнемдеуге, міндетті пәндер санын азайтуға мүмкіндік береді. Әртүрлі пәндерді оқытуды кіріктіру түрлі деңгейде жүзеге асырылады: - пәнішілік интеграция, пәнаралық интеграция, пәндер мазмұнын жақындастыру, жаңа түзілімнің пайда болуына әкелетін бөлшектенген бөліктердің толық бірігуі ретінде – синтез; - бастапқы деңгейі: сабақта бір пәнге қатысты ұғымдарды, бейнелерді басқа пәндерден алу, яғни «басқа аймаққа кіру» принципі; - тереңірек деңгей: қазіргі жаратылыстану, мәдениеттану, т.б. әдіснамалық негізін құрайтын жалпы принциптерді әртүрлі пәндер бойынша сабақтарда қолдану; - өз ерекшеліктері бойынша әртүрлі пәндік білімдерді қажет ететін мәселелер мен құбылыстардың кешенін қарастыру.

Ұлттық құндылықтар қазіргі таңда адамдардың бірлігі үшін, қоғамға қажеттіліктері, адамзаттың қызығушылықтары мен мұқтаждықтарына жауап беретін кез келген мемлекет үшін маңызы өте зор.

Ұлттық құндылықтар арқылы пәндерді интеграциялау ғасырдан-ғасырға жеткен халықтың қазынасын, ұлтымыздың рухани байлығын насихаттаудың ұтымды жолы. Сол құндылықтардың арқасында біз өзіміздің халықтық қалпымызды сақтап, әлемге танылып отырмыз. Кешеден бүгінге сол құндылықтарымыз қалай жетті, ертеңгі күнге жеткізе аламыз ба? - деген қазіргі таңның өзекті мәселесіне айналғаны анық. Осы мақсатта лицей-интернатта пәндерді оқыту барысында ұлттық құндылықтарды кіріктіру арқылы білім беру әдіс-тәсілдері қолдануда. Тарих, география, музыка, әдебиет, өлкетану сабақтарында «QUNDY» үстел ойыны арқылы ұлттық құндылықтар негізінде пәндерді интеграциялау тиімділігі қазіргі таңда өз нәтижесін беруде. Бірнеше пән бойынша бір ғана жоба құрастырылып, нәтижесінде командалық жұмыс жасалуда. Коллаборативті орта қалыптасты.

Пәндердің , тақырыптардың сабақтастығы арқылы көркем шығармалармен тарихи деректерді ұштастыра отырып, пәнге қызығушылығын ояту. Оқушыларға төл әдебиеті мен тарихы арқылы

рухани құндылықтар туралы тың мәліметтер бере отырып, шығармашылық, зерттеу-іздену жұмыстарына баулу бағытында жұмыстар жүргізілуде. Пәндерді кіріктіріп оқыту үрдісінде ойын элементтерін пайдалану сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сай алынады. Ұлы педагог В.И.Сухомолинский: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, творчествосыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды» дейді.

Шәкірттің ақыл-ойы, парасаты – ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы дами түседі, осы мақсатта «QUNDY» ойыны әр түрлі суреттер мен тапсырмалар арқылы пәндерді кіріктіре отырып оқыту және де «Фишка», «UNO», «Монополия» секілді үлестірмелі карталар мен бағыт беруші ойындарға деген баланың қызығушылығын ұлттық құндылықты насихаттайтын үлестірмелі карталарға аудару. Үлестірмелі, суретті кеспелер баланы зеректікке, білгірлікке баулиды. Оқушылардың ойын арқылы қызығушылығын туғызу тек қана тарихқа қызығушылықты туғызып қоймай, оқушылардың өмір тәжірибелерін кеңейтуіне, дүниені танып білу қабілеттерін жетілдіре түсуіне, тарихты басқа пәндермен байланыстыра қарауға үйретеді тәрбиелейді. Тарих сабағын танымдық үлестірмелі ойындар арқылы сабақтастырып түсіндіру пән тақырыптарын тез, жылдам меңгеруге, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға ықпал етеді.

«QUNDY» үстел ойындары барысында: Кино, Ол кім? Бұл не? Қызық екен, өлке тарихы, салт-дәстүрлер, ұлттық ойындар, тарих, алаш зиялылары, әдебиет, биология, музыка, география пәндерінің кіріктірілген қызықты сұрақтар қамтылған карталар яғни үлестірмелі қағаздардан тұрады. Үлестірмелі карталар 8 бөлікке бөлініп, тапсырмалар берілген. Әр ойында 24 карта таратылады.

Мысалы: «Кино» картасында Мысық пен Кемпигтің суреті берілген. Бұл мультфильмдегі Том мен Ирис Кемпигі екендігін оқушы тауып, Томирис фильмі туралы берілгенін анықтауы қажет. (1-сурет)



Үлестірмелі картада берілген 2-сурет Қазақстан тарихы пәнінен Жоңғар шапқыншылығы тұсындағы Ақтабан шұбырынды тарихи оқиғасын табуы қажет. Жауабы: Шәкәрім Құдайбердіұлының Қайың сауған оқиғасы берілген.



2-сурет

Берілген тапсырмалар еліміздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылықтарды оқушы бойына сіңіруге ,оқушылардың тарихқа қызығушылығын арттыруға, ұлттық құндылықтарға деген сүйіспеншілік сезімін оятуға ықпалын тигізеді. Оқушы шығармалардың тақырыптық-идеялық ерекшелігіне, образдарына, сөз болған проблемаларға көзқарасын білдіру; ой толғау мен эссе жазу, көпшілік алдында сөйлей білуі; сол сияқты өз ой толғамын, өзінше түйіндеулерін келтіре отырып, сыни тұрғыдан ойлап, жаза білуі дағдыланады.

Бүгінгі таңда білім беруді интеграциялау көкейкесті мәселе ретінде, оқытуды педагогикалық-дидактикалық, психологиялық-мотивациялық тұрғыдан жетілдіретініне көз жеткіздік. Білім беруді интеграциялауда педагог үшін пәндерді кіріктіріп оқытудың жаңа мазмұндық жүйесі құрылса, ал оқушыларда сабаққа деген танымдық қызығушылық пен белсенділік мотиві қалыптасады. Бірнеше пәндердің біріккен жүйесі білім мазмұнын кеңейтіп, сапалы оқытуды ұйымдастыруға, оқушылардың интеллектуалды дамуына ықпал ететіні анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бейсенбаева А.А. Гуманизация образования старшекласников на основе межпредметных связей.- Алматы, 2006.-225 с.
2. «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 331 б.
3. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Bilim jane Gylym» атты тамыз конференциясының Пленарлық отырысында сөйлеген сөзі. https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-bilim-jne-ulym-atty-tamyzkonferenciya-synyn-plenarlyk-otyrasynda-soilegen-sozi 16.08.2019
4. Қазақстан Республикасының «Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген.
5. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1973.– 446 б.
6. Жүсіп Баласағұни. Құтты білік /Көне түркі тілінен аударып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Қ.Егеубаев. - Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2007. – 536 бет.
7. Қожа Ахмет Яссауи. Диуани Хикмет. – Астана: Фолиант, 2007. 220 б.
8. Абай (Ибраһим) Құнанбаев Шығармаларының екі томдық толық жинағы: Т2 Өлеңдер мен аудармалар. Поэмалар. Қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 2016. –335 б.



«ТАРИХ ПӘН МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ПӘНДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ- БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУДАН БАСТАЛАДЫ»

*Маңғыстау облысының білім басқармасы
Ақтау қалалық білім бөлімі Ақтау қалалық білім
бөлімінің “19 мектеп-гимназиясы” КММ
Рубилова Акмаржан Айдаровна*

“Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім,
оқуды, ізденуді, тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады”
К.Ушкинский

Қайырлы күн! Конференцияға қатысушы әріптестер.

Қазіргі білім саласындағы жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдерді толығымен меңгермейінше сауатты, жан-жақты білімді маман болу мүмкін емес. Жаңа педагогикалық технологияны меңгерту мұғалімнің құзыреттілігін, зейін-зерделік, кәсіптік, адамгершілік, рухани т.б, көптеген ұстаздық қабілеттерінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі. Біліктілігін арттыру курстарынан өткен әрбір мұғалім бірінші қиын тақырыптарымен жұмыс жасауды және жаңа педагогикалық технологияларды оқып үйренеді, екіншіден меңгереді, үшіншіден тәжірибеде қолданады, төртіншіден оны дамытып нәтижесін қорытындылайды.

Осы мақсатта біздің жұмысымыз мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі оның білімінің жан-жақтылығы, ұстаздық шеберлігі, оқытудың жаңа әдістерін, инновациялық технологияны меңгеруімен өлшенеді. Мұғалім қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның құзіреттілік қабілеті де жоғары болады.

«Құзырлық» сөзі туралы қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде: «құзыр-жалпы алғанда қандайда бір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау» деп берілген. Латын тілінен аударғанда «құзырлық- өз ісін жетік білу,

танымы мол, тәжірибелі» деген мағынаны білдіреді. Құзырлықты жетік меңгерген мұғалім өз саласына сәйкес білім мен біліктілікпен қаруланған қандай да бір негізі бар ой-тұжырым жасайды және тиімді әрекет жасай алады. Енді осы ұғымдардың мағынасын тереңірек талдайтын болсақ, онда «құзыр» - тұлғаның белгілі бір пәндер шеңберіне қатысты білімі, дағдысы мен іс-әрекеттері тәсілінің өзара байланысқан сапаларының жиынтығы, ал «құзырлық» - адам әрекетінің саласына сай құзырлықтарды меңгеруі. Құзырлық мұғалімдік сала бойынша қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді шешім шығаруды білдіреді.

Кәсіби құзыреттілік-деп педагогтың жеке бас сапалары мен оның психологиялық-педагогикалық және теориялық білімінің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы деуге болады.

Тарихи білім берудің тиімді заманауи жүйесін құру дүние жүзі тарихы мен отандық тарих арасындағы оңтайлы тепе-тендікті анықтауды қарастырады. «Тарих пәні мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін дамыту. 10-11 сыныптардың қиын тақырыптары», «5-9 сыныптардың қиын тақырыптары» атты тарих пән мұғалімдеріне арналған 10 күндік курстар жүргізіліп жатыр. Бұл курстар білім беру бағдарламасы тарих пәні мұғалімдерінің күрделі тақырыптарды зерделеуді ұйымдастыру бойынша кәсіби құзыреттілігін дамытуға, тарих пәні мұғалімдерінің пәндік білімдерін дамытуға қолдау көрсетуге, оқу сабағын тиімді құруға, тарихты жүйелі негізде оқытудың өзекті әдістерін меңгеруге бағытталған, «Тарих» пәні бойынша 10-11 сыныптарға арналған үлгілік оқу бағдарламасының жаңартылған мазмұны жағдайында пәнді оқыту әдістемесін жетілдіруге бағытталған.

✓ **Бағдарламаның мақсаты:** Тарихи білім берудің тиімді заманауи

жүйесін құру дүние жүзі тарихы мен отандық тарих арасындағы оңтайлы тепе-тендікті анықтауды қарастырады.

✓ **Бағдарламаның бағыты:** Тарихи оқиғалар мен процестерді талдау,

салыстыру және қорыту дағдыларын, тарихи және мәдени мұраны ұсыну және сақтау дағдыларын, тарихи оқиғалар мен үдерістерге

көзқарастарды дәлелдеу, тарихи терминдер мен ұғымдарды, күндерді, кезеңдерді, үдерістер мен оқиғаларды иелену дағдыларын дамыту бойынша пәндік құзыреттерді жетілдіруге бағытталған, тарихи білім берудің жаңартылған мазмұны аясында жоғары сыныптарда күрделі тақырыптарды оқытудың инновациялық әдістерін оқу мен қолдануда тарихи білім мен дағдыларды практикалық қызметте және күнделікті өмірде қолдану.

Құзыреттілік-тұлғаның бойында білім, дағды, іскерлік, ерік күш-жігердің болуы. Көптеген елдерде құзыреттілікке жаңаша мән беру білімді жоғары дәрежеге көтергені мәлім. Құзыреттілік еңбек нарығында тұрақты өсіп отырған талаптармен, шапшаң технологиялық өзгертулермен, соның ішінде академиялық және еңбектегі мобильдік өсуімен негізделген. Құзыреттіліктің жеке компоненттерін анықтай отырып, ол адамның алдына қойған мақсаттарын орындауға көмектесетін сипатын және икемділігін атайды.

Кәсіби қызмет-маманның өзін-өзі жетілдіруіне жағдай жасайтын негізгі салалардың бірі. Кәсіби қызметінің көмегімен мұғалімдер өз қажеттіліктерін қанағаттандыруға, қабілеттерін анықтауға мүмкіндік алады. Педагогтың кәсіби құзыреттілігі бұл мұғалімге өз бетімен әрекет етуге мүмкіндік беретін психологиялық жағдай, белгілі бір еңбек қызметтерін орындау үшін қабілеті мен іскерліктерінің болуы, тұлғаның жалпы мәдениеті мен білімділік деңгейі, педагогикалық қызметті жүзеге асыруда теориялық және практикалық дайындығының және тәжірибесінің, теориялық білім мен практикалық білік-дағдысының болуы, сонымен қатар педагогтың бойында тұлғалық сапаларының болуы өте маңызды.

Тарихи сана - бұл тарихты білу, тарихи тәжірибені және одан туындайтын сабақтарды түсіну, әлеуметтік болжау, олардың қызметі үшін тарихи жауапкершілікті сезіну;

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы соңғы жылдары осы курстарды жүргізуге білікті, педагог-шебер, педагог-зерттеушілерді шақыруда. Менің ойымша бұл курсты баламен етене жұмыс жасап, тарих пәнін оқытудың қиындықтары мен

мүмкіншіліктерін ішінен біліп, көріп жүрген мұғалімдердің өткенінің артықшылықтары болмаса, кемшілігі жоқ деп сенемін.

12.09-23.09.2022ж. күні аралығында «Тарих пәні мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін дамыту. 10-11 сыныптардың қиын тақырыптары» курсы облыс тарихшыларының қатысуымен өтті. Бұл курсқа жиналған мұғалімдердің көп бөлігі еңбек өтілі 10 жылдан асқан, жоғарғы сыныптарға сабақ беретін, ҰБТ-ға оқушыны дайындап жүрген, олимпиададан оқушылары жоғары деңгей көрсетіп жүрген ұстаздар қауымы жиналды. Курсқа қатысушылардың құрамында Аталиков Якуб, Алиева Гүлзада, Рахимова Ғалия сынды мұғалімдер болды. Бұл курстың баска курстан ерекшелігі курсты жүргізген орталық әдіскері емес, шебер, зерттеуші санаты бар, білікті, теориялық білімі жоғары, оқушылары ҰБТ- ден жоғары көрсеткіш көрсетіп жүрген мұғалімдер өткізді. Курстың мақсаты 10-11 сынып тарих оқулығындағы қиын тақырыптарды талдауға бағытталған.

Мен бұл курс барысында оқулықтағы қиын тақырыптарды оқушыларға жеткізуде, білім берудің тиімді жолдарын үйретуге баса назар аудардым:

1. Сабақ жоспарын жасағанда ең негізгі берілетін ұғымдарды іріктеп алып, сол ұғымдарды үйрету;
2. Тарихқа деген қызығушылығын тереңдету. Ол үшін әр елдің тарихына байланысты сабақты өту кезінде сол елдің тарихына байланысты сабақты өту кезінде сол елдің ерекшелігін көрсететін, есте қалатындай тарихи, мәдени мұралары туралы айту;
3. Шығармашылық күш қуатын дамытуға дағдыландыру (білім сапасын көтеруде септігін тигізетін қосымша элементтерді енгізу, тарихи деректерді оқып үйрену);
4. Пәнаралық байланыс. Өнер, кино, көркем әдебиет, тарихи шығармалармен байланыстыра өту;
5. Сабақтарға жаңа педагогикалық технологияларды инновациялық бағыттарды әдістер мен тәсілдерді енгізу;
6. Конференция сабақ (әр елдер бойынша берілген хабарлама, баяндама, рефераттарды тыңдау, жұмыстарды қорғау);
7. Сабақтың жүйесіне қарай жергілікті жер материалдарын пайдалану;

8. Әр тараудан соң тест-интервью алу;
9. Әр тоқсанның аяғында өтілген барлық материалдар бойынша зачет алу;
10. Картаны көрсете білу сауаттылығын қалыптастыру. Бірін-бірі картадан оқыту, үйрету арқылы сол елдер туралы түсінігін, қызығушылығын қалыптастыру;
11. Көрнекі және техникалық құралдарды пайдалану;
12. Мұғалімнің мәдениеті, ақыл-ой және адамгершілік бет бейнесі.

Жоғарыда көрсетілген талаптарға сүйене отырып он күн қатарына қоян-қолтық жұмыс жасап мынандай нәтежиге қол жеткіздік:

- ✓ Тарих әдіснамасын тарихты зерттеу әдістері мен тәсілдерінің жүйесі ретінде түсіну мен қолдануды үйренді;
- ✓ Қазақстан тарихы мен дүниежүзі тарихын оқытудың концептуалдық негіздерін білді және түсінді;
- ✓ Тарихи концептілер негізінде зерттеуге негізделген оқытуды жоспарлау дағдыларын жетілдірді;
- ✓ Функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған тапсырмалар шеңберінде оқушылардың сабақта тарихи дереккөздерімен, тарихи карталармен жұмыс істеуін, басқа пәндермен интеграцияланған шығармашылық тапсырмаларды орындауын ұйымдастыру дағдыларын дамытты;

Мұғалімдер тек қана курс бағдарламасы аясында білім алып қана қоймай, курсқа қатысып отырған басқа әріптестерімен іс-тәжірибелерімен танысты:

- «Қазақстан тарихы пәнінен олимпиадаға дайындау үшін ұсынымдар» Бауыржан Аймановтың іс-тәжірибесінен;
- «Ғылыми жұмысқа оқушыны дайындау жолдары» Рахимова Ғалия;
- «Тарих пәнін оқытуда ойын әдістерін пайдаланудың тиімділігі» Я.Аталиков;
- «ҰБТ – ге оқушыларды тиімді дайындау жолдары» Делек Базаргүл;

- «Инклюзивті балаларға арналған тапсырмалар» Аманжол Ардақ;
- «Тарих сабағында пікірталасты қалай қолданған жөн?» Ғаниқызы М.;
- «Тарих пәні бойынша соңғы бұйрық бойынша дұрыс ҚМЖ құру жөнінде» шеберлік сабағы Жумаева Рысжан;

Курстан кейінгі қолдау, мұғалімдердің кәсіби өсуіне көмек үздіксіз жүргізіліп отыр. Осы курсқа қатысқан көптеген мұғалімдер аттестациядан өз пәндері бойынша ең жоғары ұпай жинап, өткендігін атап өтуге болады. Курстан алған білімдерін, жаңаша әдіс-тәсілдерді күнделікті сабақтарында қолданып, сабақтарын түрлендіріп өтуде. Курс барысында мұғалімдердің мәдени – демалыс уақытын тиімді ұйымдастыруға аса назар аударылды. Сол мақсатта мұғалімдерді Ә. Кекілбаев атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейіне, тарихи-мәдени мұражайға, Н. Жантөрин атындағы театрда өтіп жатқан II Халықаралық «Әбіш әлемі» фестивалінің ең үздік «Дүние- ғапыл», «Рамео мен Джульетта», «Шәкәрім. Жолсыз жаза» атты қойылымдарына бару бақыты бұйырған тамаша курсты аяқтадық. Мұндай курстарды үздіксіз өткізіп отыру тарих пән мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамытуға көмектесері сөзсіз.





КУРС ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ПІКІРІ:

Ақтау қаласы №29 мектептің тарих пәні мұғалімі Әндіжанов Әділет:

Мәнді һәм сәнді өткен бұл курс баршамыздың есімізде ұзаққа сақталары сөзсіз!!! Әлі күнге дейін ойымызда жүр сол курста айтылған идеялар, тың ақпараттар. Ең бастысы әріптестер арасында берік ынтымақтастық аясында өткізген бұл екі аптамыз бәрімізге үлкен тәжірибе болды. Және бір ерекшелік- курсымызға өңірімізге аты мәшһүр һәм тарих саласының майталман сайыпқырандарының қатысуы. Кілең сен тұр, мен атайындар) осы күндерді нәтижелі, шеберлікпен ұйымдастырған тренеріміз Ақмаржан ханымға үлкен рақметімізді айтамыз!!! 🌸

Мұнайлы ауданы №10 орта мектеп тарих пәні мұғалімі Жайылганова Айымгүл:

Тарих сабағында мұғалімдерінің пәндік құзыреттілігін дамыту тақырыбындағы біліктілік арттыру курсы өте пайдалы, олжалы курс болды. Мұғалімге қажетті көптеген дүниелер алдық, тәжірибе алмастық, мұражайға және театрға барып рухани құндылығымызды да толықтырдық. Осындай пайдалы курс ұйымдастырған "Өрлеу" БАО на және кураторымыз Рубилова Ақмаржан ханымға үлкен алғыс білдіремін. Және алдағы уақытта жалғасын таба берсін дейміз.

Жаңаөзен қаласы №11 орта мектеп тарих пәні мұғалімі Еспулаев Нұрсұлтан:

Пәндік құзыреттіліктерді дамыту курсы өте жақсы өтті. Менің ең алғашқы, есте қаларлықтай керемет курстардың бірі. Өте мықты мамандармен ұжымдас болдым, Біліктілік дәрежелері жоғары ұстаздармен бір кемеде отыру өте керемет! Көп нәрсені үйрендім, көп нәрсе өзіме ала алдым. Тәлімгер Ақмаржан ханым курсты өте жақсы алып шықтыңыз, бар ынта жігеріңізді салып жас мамандарға көп нәрсе үйреттіңіз, сізге алғысымыз шексіз!

И.Жанболатов атындағы №15 мектептің тарих пәні мұғалімі Каримова Бибигүль :

Еңбегің жемісті болсын. Курстан құнды мәліметтер алып, білімімізге білім қостық. керемет өз ісіңнің маманысың

«Нұртас Ондасынов атындағы №5 жалпы білім беретін мектеп» КММ тарих пәні мұғалімі Аталиков Якуб :

Көш бастап білгір бапкер Ақмаржан,
Қостаушысы алғыр маман Бауыржан,
Тарихшылар қыркүйекте бас қосты.

Жайлаған Маңғыстаудың жерінде,

Әсем қала Ақтаудағы,

Өрлеудің кең төрінде!

10 мен 11 сыныптарда,

Тарих пәнін оқыту –

Әдістерін нақтылап,

Білгендерін аямай,

Бір-біріне үйрету –

Болды жиын мақсаты!

Үлкені бар, жасы бар,

Жақыппенен Ғалиядай-

Ардагерлер - басы бар

Орта буын мықтылар,

Жігерлі жас тапқырлар

Осы топты құрады

Көп білімді меңгерді

Хас тарихшы мамандар

Бірінен - бірі керемет

Өз ісінде тарландар

Білімдерің тасысын

Орындалсын армандар!

Курс жақсы деңгейде өтті. Тренер курсқа қатысушыларды қызықтыра отыра, олардың біліктілігін, білімділігін қолдана отыра, курстың құндылығын арттырып, көздеген мақсатына жете білді. Іске сәт!!!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III (01.01.2022 жылға өзгерістер мен толықтырулармен).URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30118747 (өтініш берген күні: 04.05.2022).
2. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000726>. (өтініш берген күні: 04.05.2022).
3. Алаш-Орда: Сборник документов./ Сост. Н.Мартыненко. А.-А.: Малое издательство «Айкап», 1992. - 192с.
4. Борисов А. Ю., Клейменова Н. Е., Наринский М.М., Сидоров А.Ю. История международных отношений в трех томах. Том 2. Межвоенный период и Вторая мировая война. / - Москва, МГИМО, 2012. - стр. 510
5. Гомбожапов А.Д. Кочевые цивилизации Центральной Азии в трудах Л.Н.Гумилева. - Улан-Удэ: Изд-во БНЦ СО РАН, 2010.
6. Левшин А.И. Описание орд и степей казахов. – Павлодар: НПФ «ЭКО», 2005. – 212 с. с. 18;

Интернет ресурстары:

1. Тоқаев Қ-Ж.К. Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі. Мемлекет Басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1900002019>

2. Dudley, P. (2011). How Lesson Study orchestrates key features of teacher knowledge and teacher learning to create profound changes in professional practice [Каким образом Lesson Study определяет основное содержание знаний и обучения учителя для создания значительных перемен в профессиональной практике]. Presented at the World Association of Lesson Studies Annual Conference, Tokyo. <https://lessonstudy.co.uk/wp-content/uploads/2013/07/Lesson-Study-Handbook-Russian.pdf>

3. Гуревич В. Рекомендации по разработке компетентностно-ориентированных заданий. <https://pandia.ru/text/78/484/54706.php>

4. Зегер ван дер Вал, PhD, «Работа с поколением Y и поколением Z», Назарбаев Университет, Высшая школа образования, октябрь 2018 г., www.zegervanderwal.com

5. История мировых цивилизаций. <http://festival.1september.ru/articles/526293/>

6. Клименко Е.С. Дифференцированное обучение – оптимальный путь обучения всех и каждого. 2019 г. <https://cyberleninka.ru/article/n/differentsirovannoe-obuchenie-optimalnyy-putobucheniya-vseh-i-kazhdogo>



«Скаффолдинг немесе оқушыларға «көпіршелер» тұрғызу оқу сапасын арттырудың тиімді стратегиясы»

*Укубасов Нурлан Есенгалиұлы
Алматы облысы Талғар аудандық
«Білімді дамыту оқу-әдістемелік орталығының»
әдіскері*

Скаффолдинг түсінігі мен идеялары туарлы айтқанда, бұл терминді алғаш канадалық ғалым зертеуші Д. Брунер қолданылғанына назар аударып оның мәнін ашып өтейін. Скаффолдинг (ағ *scaffolding* - тіреу ағаштар немесе көпіршелер) – метопрограммалаудың (үлкен бағдарлама) қосымша ақпараттар базасымен әрекеттесу арқылы жүзеге асырылатын оқыту тәсілі. Тақырыптың көлемі мен күрделілігін есепке алу арқылы оқушы іс-әрекетін жетілдіруге, білім-білік дағдыларын дамытуға бағытталған жазбаларды қолдану, жаңалау, жетілдіру базаларының жиынтығы. Бұл мәселені қазіргі заман оқуындағы өзекті мәселелерді зертушілер Кэтли Хоган мен Майкл прессли «Оқушылар қажеттілігін толығымен қанағаттандыратын оқыту технологиялары, тәсілдері мен стратегиялары» - атты еңбегінде жан - қаладажақты зерттеген болатын.

Мақалада көтерілгелген өзекті мәселенің туындау көзі соңғы кездерде мұғалімдер «жаттандылықтан туған шарасыздық» түсінігімен байланысты. «Жаттандылықтан туған шарасыздық» - дегеніміз, оқушының сырттай уәжделуі арқылы сабақты меңгеру барысында жолығатын қиындықтан туындайтын психологиялық жағдаят. Бұл құбылыс оқушының игерілуге тиісті ақпараттың мән-мағанасын не болмаса өзінен не талап етіліп отырғанын түсінбеген кезінде айқын көрініс табады. Оқушының өзіне деген сенімі азайады. Бұлар өз кезегінде оқушыны торығу, зерігу, енжарлық секілді психологиялық ахуалға түсіреді яғни оқуға деген қызығушылығын жоюға әкеледі. / Керісінше ішкі сенімі мықты адамдар табандылық танытып шешім жолын іздейді/.



№1 сурет. «Жаттандылықтан туған шарасыздық», білім алушыға «көпіршелер» тұрғызып тапсырманы орындаудың тиімді, дұрыс бағытарға жетелеуші тәсіл – Скаффолдинг.

Скаффолдинг қолдау стратегиясының қолданылу тәсілдері төмендегі іс әрекет алгоритмінде құралады.

1. Оқушының жеке тәжірибесін басшылыққа алу. Оқу мазмұнын оқушының қалай түсініп, қандай тәсілдермен шешетінін айтып беруін сұраңыз. «Көмек қолын» созуды оқушылардың тәжірибе деңгейіне негіздеп ұсыныңыз.

2. Үлгі көрсетіңіз. «Айтсаң ұмытып қаламын, көрсетсең есімде сақтаймын» ережесін есіңізде ұстаңыз... Әрқашан!!! Оқушыларға жұмыс нәтижесінде не күтілетінін көрсетіңіз, олар өздерінен не талап етілетінін білулері керек!

3. Көрнекіліктерді қолданыңыз. Графикалық бейлер мен сызбалар, диаграммалар оқушыларға көзбен көру (визуальды) түйсіну арқылы қандай идеяға жүрулері керек екендігін түсінеді. Осы арқылы оқушылар атқарылатын әрекеттердің бірізділігін, осы әрекеттерден туындайтын себеп - салдардың байланысын ұғады. Графикалық ұйымдастырушы (жұмылдырушы) – скаффолдингтің оқушылардың ой қалыптастырушысы құралы болып табылады.

4. Қиындықтардың алдын алу. Оқушыларға жаңа материалдарды (күрделі мәтіндерді) ұсынбастан бұрын осы мәтіннің құрлымы тұралы оқушыларға мағлұмат беріңіздер, бұл оқушылардың қызығушылығын артырады, мәтінмен жұмысқа уәждейді. Фотосуреттерді, метафраларды, осы контекске сай келетін аналогия келтіріңіз, оқушылардың қызығушылығын тудыратын мәтін «сырын» ашатын тірек сөздер қолданыңыз.

5. Үзіліс – сұрақтар – үзіліс - талқылау. Бұл тәсіл арқылы оқушылардың тақырыпты немесе мәтінді түсінгенін тексеруге көмектеседі. Оқушылар бірінші кезеңде мәтінмен танысады, содан кейін

тапсырманы талдайды (не тұралы айтылды?) осыдан кейін алынған ақпаратты ой елегінен өткізуге (нені түсіндіреді, мәні неде?). Осыдан соң мұғалім «жаңалық» ашуға бағытталған сұрақтар қояды. Сұрақтан соң оқушылар жауап берер алдында ойларын жинақтауына тағы үзіліс беріледі.



№2 сурет Скаффолдинг стратегиясының қолданылу алгоритімі

Оқуға көмек оқушыларға оқу үдерісін «жеңілдететін» ресурстар ұсыну (анықтама термин сөздіктер, грамматикалық анықтамалар, адио және видио ресурстар, интернет, экрандық қондырғылар, гаджеттердің ресурстарын) сонымен қатар ЖАДА - ға сәйкес тапсырмалар (бағалау критерилері көрсетілген әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар), мысалдар, жұмыс инструкциясы (дескриптор) мен басшылыққа алатын іс қадамдары чек лист жасау осы стратегияның ең ұтымды тұсы. Чек лист немесе жол картасы оқушылардың оқу үдерісінде жүзеге асыруға тиісті әрекеттерін нақтылайды, тапсырманың орындалу қадамдарын көрсетеді, оқу стратегияларын ұсынады және бағалаудың өлшемін белгілейді. Бұл оқушылардың тақырыпты игеруіне, өз беттерімен нәтижеге қол жеткізуіне жол ашатын мега (үлкен) іс - әрекеттер жиынтығы.

Чек лист №1 топ
«Құндылықтар мен қағидалар»
№1 топқа зерттеу сұрақтарын ашуға ұсынылатын оқыту стратегиялары

Р/с	Тапсырма мазмұны мен іс әрекет қадамдары мен оқыту стратегиялары	Орныдау уақыты /мин/	Бағалау шәкілі /балл/	Өз бағалары	Қортынды баға
1.	Түйінді сөздерге түсініктеме беріп, қолдану аясына мысал келтіріңіздер: мәдени құндылық; материалдық және рухани құндылықтар; «табиғи теңдік»; қағида.	5 мин	2		
2.	1 Топ «Құндылықтар мен қағидалар» А. Ұлттық және Жалпыадамзаттық құндылықтардың Венн диаграммасы арқылы ортақ қағидаларды анықтаңыздар (§ 64, 156 - 157 беттер, ұсынылған мәтін, қосымша ақпараттарды интернетті қолданып арқылы табуға болады)	15 минут 5 минут	4		
	Б. SWOT (басымдықтар; кемшіліктер; мүмкіндіктер; қатерлер) анализ арқылы жалпыадамзаттық құндылыққа көзқарастарына сараптама жасау Зерттеу нәтижесін ұсынылған оқыту стратегиялары арқылы жариялау		4		

№ 3 сурет «Чек лист» парғы (үлгі)

«Чек лист» парақшасында нақты атқарылатын оқушылар әрекеті, ақпараттарды алу көзі көрсетіледі (жоғардағы сурет) немесе ақпарат мәтін, суреттер, бейне баяндар түрінде қсынылып, күтілетін нәтиже мен оғағ қол жеткізу жолдары ұсынылады (төменде мәтін үлгісі берілген).

Құндылықтар мен қағидалар

Құндылықтар дегеніміз әлдеқандай құбылыстың не заттың қасиеті. Құндылық ұғымы табиғи емес, бастысы бұл - адамға немесе адамзатқа қажетті ұғымдардың, немесе заттардың ішкі және сыртқы мазмұнының жиынтығынан туындайды. Яғни біз нені өзімізге маңызды деп есептесек сол құндылық бола алады. Мысалға қазақ әні мен күйі біз үшін маңызды, құнды. Оны тыңдау, дәріптеу әрбір қазаққа бұлжымас қағида. Құндылық және қағида сөзін біз осылай түсіндік.

Бүгінгі күнгі ұлттық рухани құндылықтарымызға яғни мәдни жетістіктерімізге ана тіліміз, жанұямыз, салт - дәстүріміз, жыр – дастандарымыз; ұлттық мейрамдарды жаңғырту т.б. жатады. Жалпы құндылықтар ұғымының ауқымы шексіз көп сондықтан жоғарда аталған рухани құндылықтарға жиынтық ақпарт деп қарау дұрыс.

Сонымен қатар жалпыадамзаттық рухани құндылықтар бар. Бұл барлық ұлттарға ортақ құнды қағидалар. Оларға адамның бас

бостандығы, шындық, әділдік, әдемілік, ізгілік пен игіліктер, жанұя мен денсаулық жатады.

Тапсырма:

1. ВЕН диаграмасында біздің ұлтымыз жоғары бағалайтын, олардың қолдану қағидасы қалыптасқан рухани құндылықтарды қазақ халқының мәдени жетістіктері және қазіргі жаһандану заманындағы жалпы адамзаттық құндылықтарыды бөліп жазып, ортадағы бөлікке олардың ортақ құндылығы бойынша біріктіріңдер. Жұмыс нәтижесін «ұқсастық пен айырмашылық» концептісі тұрғысынан талдаңыздар.

2. SWOT (басымдылықтар; кемшіліктер; мүмкіндіктер; қатерлер) анализ арқылы жалпыадамзаттық құндылыққа көзқарастарына сараптама жасау

Рухани құндылықтың қалыптасуы бірден бір әсер ететін фактор ол әлеуметтік қатынастар. Бай мен кедей, бастық пен бағынышты, ата - ана мен бала, туыстық қатынастар жатады. Сараптамаға жанұядағы қатынастар факторын талдауды ұсынамын

Демек скаффолдинг арқылы:

Мұғалім міндеті – оқушының оқуға деген ішкі уәжін артыру.

Көмекке скаффолдинг қолдау стратегиясы (көпірше тұрғызы) келеді.

Скаффолдинг – оқушыға немесе оқудағы түйінді мәселені меңгеруде – олардың мүмкіндігінен тысқары тұрған мәселені шешудің немесе тапсырманы орындаудың жолын ұсынады.

Оқудағы «көпіршелер» немесе «тіреу бағаналар» оқушыларға көмек ретінде уақытша жасалған мұғалімнің әр түрлі іс – әрекетінің жиынтық аталуы. Оның негізгі мақсаты оқушының оқу мақсаттарына қол жеткізуге барынша көмек көрсету. Скаффолдинг тәсілі үздіксіз дидактика жүргізу арқылы мұғалімнің өз жұмысына сараптама жасауына және жаңа сабаққа жаңа жоспарлар әзірлеуге негізделген. Скаффолдингтің басымдылығы- уәждеу мен тиімділік.

Оқушының білім - білік дағдыларының деңгейі өскен сайын, оқушының дербес жұмыс істей алу сенімділігі мен оқуға уәждеуі арта түседі.

Демек скаффолдинг арқылы: Мұғалім – оқушының оқуға деген ішкі уәжін артырады. Бұл үшін көмекке скаффолдинг қолдау стратегиясы (көпірше тұрғызы) келеді.

Скаффолдинг – оқушыға немесе оқудағы түйінді мәселені меңгеруде – олардың мүмкіндігінен тысқары тұрған мәселені шешудің немесе

тапсырманы орындаудың жолын ұсынады. Скаффолдинг оқудағы «көпіршелер» немесе «тіреу бағаналар» оқушыларға көмек ретінде уақытша жасалған мұғалімнің әр түрлі іс – әрекетінің жиынтық аталуы. Оның негізгі мақсаты оқушының оқу мақсаттарына қол жеткізуге барынша көмек көрсету. Скаффолдинг тәсілі үздіксіз диагностика жүргізу арқылы мұғалімнің өз жұмысына сараптама жасауына және жаңа сабаққа жаңа жоспарлар әзірлеуге негізделген. Скаффолдингтің басымдылығы- уәждеу мен тиімділік.

Оқушының білім - білік дағдыларының деңгейі өскен сайын, оқушының дербес жұмыс істей алу сенімділігі мен оқуға уәждеуі арта түседі.



1 сурет – тұйықта тірелу



2 сурет – мұғалім үлгісі (демонстрациясы)

Шешімді демонстрациялау (жариялау). Мұғалім тапсырманың шешілу жолын көрсету керек, оқушы өзінен не талап етіліп отырғанын түсіну қажет.



3 сурет – Тапсырма орындалды...

№ 4 сурет. Оқушылар өздерінен не талап етілгенін түсінгенде, олар мақсатқа қол жеткізе алады

Скаффолдинг метастратегиясының ұстанымын есте сақтаңыз:

Оқушыларды мұғалім нұсқауын орындаушы пасивтті қатысушылар деп қабылдамаңыз, бұл Выготскийдің ЖАДА идеясына сай келмейді. ЖАДА бойынша – оқушылар бірінші кезекте өз бетімен ізденушілер.

Мұғалімге қойылатын талаптар:

Мұғалім атқарылатын істің идеясы мен тапсырманың мәнін жеткізуші ретінде идеяны сөзбен, графикалық материалдармен, суреттермен бейнелейді. Немесе оқушылардың өздеріне осы идеяны айтуға не болмаса графикалық түрде бейнелеп берулеріне тартады. Басты міндеті қаралатын мәселені әр қырынан көрсету арқылы, оқушыларға оқыту идеясын жеңіл түсіндіру.

Мұғалімге Ұсыныс:

Оқушылардың игерілетін тақырып туралы білімі және дағды деңгейлерін бағалаңыз.

Тақырып мазмұнын оқушылардың білім білік дағдыларымен байланыстырыңыз

Тапсырмаларды ықшамдаңыз (градацияларға бөліңіз) немесе жеңіл орындалатын жолын ұсыныңыз.

«Көмек қолын» созыңыз

Бұл талаптар мен ұсыныстар «Чек лист» (жол картасын) жасауда толық көрініс табады.

Қорыта айтқанда оқытуда Скаффолдинг тәсілін қолдану тапсырманы оқушылардың өз бетімен шеше алмайтындай дағдысын қалыптастыруға бағытталған, алайда мұғалім көмегі арқылы шешімге қол жеткізетіндей болуы керек.

Жоғардағы қағидаларды 1983 жылы Артур Эпплби и Джудит Ленджер Скаффолдингті бес критерилермен толықтырды:

-Мақсаттылық (Целенаправленность): оқушы іс-әрекеті бағытталған тапсырма мақсаты айқын болуы керек.

-Мүмкіндікке сәйкестігі: тапсырма оқушы өз бетімен шеше алмайтындай алайда мұғалім көмегі арқылы шешімге қол жеткізетіндей болуы керек.

-Жүйеленуі: Тапсырманы шешу жолдары оқушының ойлау жолдарына сай, шынайы әрі табиғи (оқушы болмысы) болып, оқушыны шешім іздеуге итермелейтіндей болуы керек.

-Интернализация (ішкі есту, сырттан алған дағдыны ішкі болмысқа дағдыға айналдыру): оқушының білім-білік дағдыларының өсуіне сай, «көпірше» немесе көмек қолы алынып тасталып (азайып) отырады.

Осы қағидаға сай скаффолдинг – уақытша оқушыға көмек көрсететін мұғалім-оқытушы ара қатынасы деп қарастыру керек. Оқушы осы іс- әрекет нәтижесінде дербес жұмыс жасау дағдысына ие болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. ОБУЧЕНИЕ РЕБЕНКА В ПРОСТРАНСТВЕ КУЛЬТУРЫ: КОГНИТИВНАЯ ПЕДАГОГИКА ДЖЕРОМА БРУНЕРА»

2. Скаффолдинг: что такое теория строительных лесов и как...

Артур Эпплби и Джудит Ленджер

[skillbox.ru>media/education/scaffolding-teoriya...](http://skillbox.ru/media/education/scaffolding-teoriya...)



«Целиноград ауданы бойынша тарих пәні мұғалімдерінің ізденістері мен жетістіктері»

*Нұрахмет Айнагүл Кәдірханқызы
Ақмола облысы, Целиноград ауданы
Ынтымақ ауылының жалпы орта білім беретін
мектебінің тарих пәні мұғалімі*

Тарихты оқытуда мұғалімдер тарапынан ерекше көңіл бөлініп, оқушылар ақпаратты механикалық есте сақтауға емес, алған білімі мен білігін оқу мен тәжірибелік міндеттерді өздігінен шешумен сипатталатын тұлғалық құзіреттілігін дамыту болып табылады.

Биылғы 2022 – 2023 оқу жылына арналған Целиноград аудандық білім бөлімінің әдіскері Қорғанбеков Еркебұлан Сәрсенғалиевичтің келісімімен адандық білім бөлімінің басшысының міндетін атқарушы Тұрар Қаратаевтың бекітуімен жылдық жоспар құрылды. Жоспар негізі атаулы іс шаралар, секциялық отырыстар, семинарлар, дөңгелек үстел, кездесулер, байқаулар, пәндік олимпиада және аумақтық тәжірибе алмасу жұмыстарынан тұрды.

Тарих пәні мұғалімдері үшін жылдық жұмыстарды жоспарлау және ұйымдастырудағы мақсатым – Целиноград ауданы бойынша тарих пәні ұстаздарының шеберліктерін шыңдау, мұғалімдерге аттестациядан сүрінбей өтулеріне, еңбек жолдарына қолдау көрсету. Әр мектептің ерекшеліктерін ескере отырып, берілген тапсырмаларды уақытылы орындалуларын қадағалау.

Барлық атқарылған іс шаралардан мұғалім ғана емес білімалушыларда тарихи сана, елжандылық сезім, тарихқа деген құрмет қабілетін ашу, пәнді теориялық және тәжірибелік жағынан сараланған оқыту әдістерін қолдану арқылы бәсекеге қабілетті патриот ұрпақ тәрбиелеу. Бүгінгі шәкірт ертеңгі қоғам мүшесі. Сондықтанда білімалушыларға сапалы білім, тереңдетіліп түсіндірілетін ел тарихы осындай атаулы іс шаралармен толық беріледі деп білемін.

Кез келген тапсырманы орындау үшін тарих пәні мұғалімдері көптеген ізденіс жұмыстарын жасады. Мектеп айналасынан шығып, музей қызметкерлерімен, Астана қаласындағы Еуразия Ұлттық Университетінің тарих кафедрасымен тығыз байланыс жасап, ұйымдастырылған дөңгелек үстел, сыр сұхбат сияқты шараларға

шақырып отырады. Ізденіс жұмыстары тарих пәні мұғалімдерінің кәсіби мәдениетін жетілдіру, өзіндік ой- пікірін қалыптастыру үшін өте тиімді.

Мектепте сабақ беруші ұстаз болған соң әрине білім алушыларға сапалы оқулары мен патриоттық тәрбие беру. Үлгілі ұстаз ол ізденімпаз, жаңашыл, өз тәжірибесімен еркін түрде бөлісе алатын, білімалушыларға жақсы ықпал көрсете алатын білімді, білікті, жоғары деңгейлі болулары шарт. Сол үшін тарих пәні мұғалімдерінің жұмыстарын жүйелі жүргізіп, үнемі қолдап, олқылықтардың орнын толтырып, кеңесіп, жетілдіріп отырамыз.

Тарих пәні мұғалімдері арасындағы тәжірибе алмасудың тиімділігі: пәнді терең түсінуге, тарихи ойлау дағдыларын, зерттеуге, талдау жасауға деген қызығушылығын керемет арттырады, оқытуда саралау және жіктеуді қамтамасыз етеді, оқушылардың танымдық процестері мен танымдық қабілеттерін дамытады, оқушылардың сауаттылығын ашуға септігін тигізеді, оқушылардың оқу әрекетінде жетістіктерге жетуіне жағдай туғызады, оқушылардың рухани бай жеке тұлға болып қалыптасуларына ықпал етеді.

Мұғалімнің кәсіби дамуына қолдау көрсету, мұғалімнің мәртебесін көтерудің бір сатысы болып табылады. «Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады» деген К.Д.Ушинскийдің сөзін естен шығармауымыз керек. Өйткені, үздіксіз еңбектенген ұстаз ғана өз мақсатына жетеді.

Тамыз - мамыр айлары аралығында жоспарда көрсетілген барлық іс - шаралар толығымен орындалды.

Өткізілген іс шаралар тарих пәні мұғалімдері үшін жан - жақты дамуларына, ізденіс жұмыстарын жандантуға мүмкіндік береді.

Тәжірибе алмасуды жүзеге асыруда мына мәселелер көзделеді: Целиноград ауданының тарих пәні мұғалімдері арасындағы тарих пәнін оқыту, жақсарту және педогогтердің кәсіби, мәдени, шығармашылдық өсуін қамтамасыз ету. Кез келген өзгеріске икемді болуға ұмтылдыру.

Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту – оның кәсіби тәжірибе арқылы үздіксіз өз білімін жетілдіріп, дамып, шыңдауға әкелетін тың жаңалықтарды қабылдау мен меңгертудің қарқынды үдерісі. Тәжірибе алмасу - шығармашылық ізденіс жаңашылдардың тәжірибесі. Ол сонысымен өте құнды. Ауданымыз бойынша аймақтық мектептер

жетекші мектеп оқушыларына барып тарих пәнінен сабақ берулері ұстаздар тәжірибесіне жаңалық енгізді.

Оқу үрдісінде әр түрлі сыныппен жұмыс жасау, бекітілген тақырыпты оқыту, сабақ барысында оқушыларға патриоттық сезімдерін тәрбиелеу.

Сабаққа қатысты жеке дидактикалық материалдардың жүйесін құру, АКТ – ның заманауи құрылғы түрлерін қолдану.

Сабақ берушілер өз іс–тәжірибесінде оқушылардың өздік білімділігін қалыптастыру үшін түрлі әдістерді пайдаланды. Тиімді әдіс тәсілдер оқушының қабілетін дамытуға, еңбек етуге баулып, ынтымақтастық, ұйымшылдық қабілеттеріннің артуына ықпал жасайды. Өзін –өзі басқаруын қалыптастырып, байқампаздыққа тартады.

Тәжірибе алмасу жұмыстарына үлес қосқан әріптестерге мынадай басты талаптар қойылды:

Әр мұғалімнің тақырыпқа сай ақпарат жинап, еңбектенуі және еңбегін пайдаға жарату;

Әріптестердің еңбегіне жауапкершілікпен қарау;

Әріптестердің сабақтарына қатысу, зерделеу, талдау жасап пікір алмасу;

Серіктесінің түсінбегенін түсіндіріп көмектесу;

Бұл жұмыстың тиімділігі сол, басқа мектепке барып сабақ беріп, жаңа тақырыпты сынып оқушыларының шығармашылық ізденіс арқылы өздігінен меңгерге алуларына ықпал жасады.

Сондықтан сабақтарда оқушылардың ынтасын, белсенділігін арттыру үшін, оларға мәселелік сұрақтар қойылып отырады. Тақырып бойынша жасалған деңгейлік тапсырмалар жүйесі дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік берді, өйткені ол білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді.

Оқушыларды оқытуда тиімді әдістерді пайдалана арқылы оқушының білімге деген қызығушылығын арттырады, терең ойлау қабілетінің белсенділігін қалыптастыруға болады. Сынып оқушылары топпен, жұппен жұмыс істей арқылы өзара пікірлесіп, ең ұтымды жауапты тауып айтуға үйренеді. Берілген сұраққа тынымсыз іздене отырып, әр сабақ беруші тарих пәні мұғалімдері өз іскерліктерін дәлелдеп, жақсы ұстаз екендерін дәлелдеуге мүмкіндік алды.

Осы оқу жыныда аудан бойынша мемлекеттік атаулы даталарға тарих пәніне жақын тақырыптар алынып «Д.Қонаевтың

жылдығы», «М.Мәметова 100 жыл», «Кенесары Қасымұлы жыл» семинарлар, аудандық пәндік олимпиада өтті, «Жас тарихшылар мен өлкетанушылар» форумы, «Менің шағын Отаным» байқауы, «Менің шежірем» қашықтықтан ұйымдастырылған байқау, «Уақыт байланыстырушы желі», «Туған өлкем» зерттеу жұмыстары байқаулары, «Жаңа әлемдегі-жаңа тарих: оқытудың қазіргі заман технологиясы» тақырыбымен дөңгелек үстел, тарих пәні мұғалімдері арасында «Патриоттық әндер» байқауы ұйымдастырылды. Барлық іс шараларда тарих пәні мұғалімдері ашық сабақтар беріп, коуч, тренинг, пікір талас, қойылымдар мен ән шашулар өткізді.

Бүгінгі күні дамыған елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының білім деңгейімен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі заман талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды жаңартылған білім беру бағдарламасының талабына сай инновациялық әдіс-тәсілдермен оқытып, ой-өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оның үстіне білім берудің жүйесін қарқынды дамытқан бұл үрдістің жалпы білім беретін мектептерге белсенді түрде енгізіле бастауы көңілді қуантады. Отандық білім беру саласында әлемдік тәжірибедегі алдыңғы қатарлы идеяларды басшылыққа ала отырып, жаңаша ойлай алатын білікті мұғалімдер қатарын көбейіп, жақсы нәтижеге жетеміз деген сенімдемін.

Мен жоғарыда аталған жұмыстар жоспарлы түрде жүзеге асырылды. Өз тәжірибемде атқарылған жұмыстардың барлығы Целиноград ауданының тарих пәні ұстаздарының ізденіс жұмыстары мен жетістіктері. Осындай жылдық жоспарды құрастырып, жүйелі орындалуын қадағалағанның арқасында бүгінде біршама әріптестерім аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық жетістіктерге жетті деп мақтанышпен айта ламын. Үнемі әріптестерімізді қолдануымыз, бағыт - бағдар беріп отыруымыз керек.

Әр мұғалім осы жаңартылған білім беру аясында жасалынған бағдарламаны негізге ала отырып сабақтарын да берді, сыныптан тыс іс шараларын да өткізді, патриоттық әнде орындады, қойылымдарда көрініс көрсетті, жалпы ізденіс болды соған сай жетістіктерге де қол жеткізуде. Тәжірибе алмасу барысында ашық сабақ берген әр мұғалімнің құрастырған қысқа мерзімді жоспарларын әдістемелік құрал ретінде,

атқарылған іс шараларды бір жылдық есеп топтамасы ретінде таспадан басып шығарттық.

Бұл да қаншама мұғалімнің жасаған авторлық бағдарламасы болып табылады. Әрине басқа әріптестер өз сабағына жоспар құрастыру үшін үлгі ретінде қолдануларына болады.

Қорытындылай келе, тәжірибе алмасу жұмыстары бойынша менің ойыма түйгенім: алдымызға бір мақсат қоя отырып, сол мақсатқа жету жолында шәкірттердің жүрегіне жол тауып, әрекеттендіре білу шеберлігіне жетсек, егемен елдің ұл-қыздары білімді де білікті болып шықпақ. Соның арқасында біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз. Ұстаздықтың ұлы жолында өзімнің бар күш жігерімді салып, осы жұмыстарымның жалғасын облыс, республика көлемінде жүргізсем нағыз ізденіс пен жетістіктерге өзім сияқты тарих пәні мұғалімдерін жетелей аламын деген сенімім мол.



«Тарих пәнін оқытудағы маршруттық картаның тиімділігі»

*Аманбаева Жанна Кабдисалимовна
Атырау облысы, Исатай ауданы,
«Жалпы білім беретін Өркен орта мектебі» КММ
педагог-шебер*

Қайырлы күн, құрметті секция жұмысына қатынасушы қонақтар және әріптестер! Сіздермен бөлісетін бүгінгі тәжірибелік жұмысымды дана халқымыздың «Ілім-білім мың түрлі, тоқсан тоғызы – әдеп, біреуі – білім, әдебің болмаса, білімді ұстау қиын» деген сөзімен бастағым келеді. Қазіргі таңда педагогтер үшін маңызды мәселе боп отырған сұрақ ХХІ ғасырда нені оқыту керек?», «Мұғалімдер оқушыларды ХХІ ғасырда қалай өмір сүруге дайындайды?» Міне, осы аудиторияда отырған баршаңыз да осы мәселе төңірегінде ізденіп, сол ізденістің арқасында тәжірибені арттырып, жоғары жетістіктерге қол жеткізіп келе жатырсыздар деп есептеймін. Ұстаздық қызметті, соның ішінде тарих мамандығын таңдағаннан кейін, тарихи білімді ұрпақ бойына ұмытылмастай етіп сіңіру мақсатында көп іздендім. «Егер кімде-кім әлемді өзгерткісі келсе, ең алдымен өзі, онан соң қасындағыларды өзгеріске ұшыратуы тиіс...» деген Сократтың сөзін ұстаным еттім. Өзіме белгіленген уақыттың ішінде сіздермен тарих пәнін оқытудағы өз тәжірибеммен бөлісетін боламын.

Қазіргі замандағы тарих пәнінің міндет – ақыл-ой потенциалы жетілген, өткенді есте сақтай алатын адамды жасау ғана емес, өзінің ұлттық бастауын жақсы білетін, өмірден өзінің орнын таба алатын тұлғаны қалыптастыру. Кез келген ортада еркін пікір алмаса алатын, өз көзқарасын дәлелдеп, қорғай алатын белсенді азамат тәрбиелеу үшін оқыту үдерісінде жаңа тәсілдерді тиімді пайдалану арқылы іске асыруға болады [1].

Бүгінгі таңда үздіксіз білім беру жүйесінде білім беруді дамыту, дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында елімізде білім берудің жаңа жүйесі құрылып жатыр. Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал білім беру әдістемелері арасында сындарлы теориялық оқытуға негізделген тәсіл кең тараған.

Оқу үрдісінде оқушының өздігінен білім алуын ұйымдастыруда тиімді тәсілдің бірі маршруттық карталарды қолдану екендігіне өз тәжірибемде көз жеткіздім.

Маршруттық карта (бағдар карта) – белгілі бір тапсырма, сондай-ақ жалпы сабақ көлемінде оқудың соңғы нәтижесіне жетуге бағытталған және оқушыларға арналған қадамдап көрсетілген нұсқаулық, оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу қабілетін дамытады, оқушыларды шығармашылықпен ойлауға бағыттайды, тапсырмаларды орындауда қолданылатын креативті тәсілдерді дамытады [2]. Маршруттық карта бұл – оқушының жұмыс дәптері іспеттес, бірақ одан айырмашылығы болады, маршруттық картада оқу мақсатына сәйкесті нақты тапсырмалар тандалып алынады, ол аялдамалармен көрсетіледі (бірінші аялдама, екінші аялдама т.с.с), әр аялдамада көрсетілген тапсырмаларға жауап беруге қиналса, оқушының мұғалімнің, оқулықтың не сыныптасының көмегін алуға мүмкіндігі болады, бұл мүмкіндіктер білім алушының бір жерде тоқтап қалмай, алған біліміне рефлексия жасауына, алға жылжуына көмектеседі.

Өз тәжірибемнен белгілі болғандай, тарих сабақтарында маршруттық картаны элективті курстарды ұйымдастырғанда, сонымен қатар, ерекше білім алу қажеттілігі бар оқушылармен жұмыста пайдаланған тиімді. Элективті курстарда мұғалім тек дәріс оқумен, конспект жаздырумен шектелмей, бағдарламада қамтылатын барлық тақырыптар бойынша маршруттық картамен жұмыстар жүргізсе оқушының курсқа, пәнге деген қызығушылығы, тарихи даталар мен ұғымдарды, тарихи оқиғаларды есте сақтауы артатыны сөзсіз.

Осы қадамдардың ішінде ерекше көңіл аударуды талап ететін бірден бір жұмыс – ол ерекше білім алу қажеттілігі бар балалармен жүргізілетін жұмыстарға басымдық беру. Өкінішке орай, бүгінгі таңда ерекші білімді қажет ететін балалармен жұмыс ісетуге қажетті дайындықтың болмауы – өте өткір мәселе болып отыр. Бұған тікелей себептердің бірі инклюзивті ортада жұмыс істеуде педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерінің жетіспеушілігі кедергі болып отыр. Осы тығырықтан қалай шығамыз? Қайткенде біз ерекше білім алу қажеттілігі бар балаларды көпшілік ортаға бейімдеп, олардың тарих пәніне қызығушылығын арттыра аламыз? Осы мәселеде бізге көмекке келетін құрал – ол, оқушымен жеке жұмыстарды жандандыру. Ал оны қалай жүзеге асыруға болады? Л.С.Выготскийдің пайымдауынша, ерекше

білім алу қажеттілігі бар баланың жан-жақты дамуы жеке жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде үлкен тәуекелдер мен жетістіктердің жемісі бола алады. Өйткені, топтық сабақтар мен басқа да дидактикалық жұмыстар кезінде баланың жалпы дағдылары дамыса, ал жеке сабақтар мен әдістер кезінде балада жұмсақ және қатты дағдыларымен қоса, өмірге құштарлығы, айналаға оң көзқарасы мен өзін қатарластарымен теңдей көру сезімі іске асатынын байқаймыз. Ерекше білім алу қажеттілігі бар балалармен тарих сабақтарында жеке жұмыстарды тиімді жүргізуге көмектесетін әдіс – пән бағдарламасындағы барлық тақырыптарды қамтитын маршруттық карта (жұмыс дәптерін) құрастыру.

Тарих сабақтарында маршруттық картаны сабақтың барлық кезеңдерінде (үй тапсырмасы үшін, жаңа сабақты меңгерту кезінде, сабақты қорытындылағанда, кері байланыста) қолдануға болады. Маршруттық картамен жұмыс мұғалімге оқу мақсатына нәтижелі қол жеткізуге мүмкіндік беретін тиімді тәсіл, онымен жұмыс барысында білім алушыда мұғалімге, сыныптастарына деген тәуелділік азаяды. Сонымен қатар, тапсырманы орындауда кедергілерге тап болса, карта нұсқамасындағы қадамдар арқылы көмектерді пайдалануға мүмкіндік алады. Тарих пәнінде маршруттық картаны дайындаған кезде мыналарға көңіл аударылады:

- орындалатын тапсырма барлық оқушыға қолжетімді болу керек;
- тапсырмаларды шамадан тыс көп бермеген дұрыс;
- оқушыға қызықты болатындай тиімді әдістерді таңдап алған жөн;
- кемінде бір тапсырма картамен (оның ішінде контур карта) жұмысқа бағытталуы керек;
- карта қадамдарына тарихи даталармен жұмысты қосыңыз, өйткені тарихи даталармен жұмыс – білім алушының алған білімдерін нақтылай түсуіне көмектеседі;
- сонымен қатар, цифрлық білім беру ресурстарын (QUIZZIZ, Wordwall, КАНООТ, Plickers, ZipGrade т.с.с) пайдалану да нәтижелі болмақ.
- маршруттық карта тапсырмалары қадамдар бойынша нәтижелі орындалғанын тексеру үшін, білім алушыға кері байланыс парағымен жұмыс жасауды ұмытпаған жөн. Тиімді кері байланыс – білім алушының нақты қай сатыда тұрғандығына көз жеткізуіне мүмкіндік береді.

- маршруттық картада әр аялдамада берілетін тапсырмаларды орындауға кететінін уақыт көрсетілуі тиіс, бұл – оқушының уақытпен жұмыс жасауына, жылдамдыққа, мақсатқа жетуіне бірден бір көмектеседі.
- маршруттық картаны сыныптағы ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыға, сонымен қатар элективті курстар үшін ұйымдастыру да нәтижеге бағытталған жұмыс деп есептеймін.

Тарих сабақтарында маршруттық картаны сабақта жүйелі қолдану арқылы білім алушылар өзін-өзі басқара алуға машықтанады, алған білімдерін саралай алуға үйренеді, ең маңыздысы, білім алушыларда өздеріне деген сенімділік қалыптасады, өз білімін қалай жетілдіру керектігін түсінеді. Қазір көптеген білім алушыларда базалық білім деңгейінің төмен болу себептерінің бірі, оқушылар берілген тапсырманы қалай оқу, қалай орындау керектігін білмейді. Ал маршруттық картада тапсырмаларды нақты орындаудың қадамдары көрсетілгендіктен, оқушы тапсырмаларды орындауда қателіктерге жол бермейді. Білім алушы маршруттық картадағы тапсырмаларды орындап болған соң өзі жауабын мұғалім жауабымен салыстырады, қателігін түзетеді, өзіне-өзі баға береді. Оқушының тапсырмаларды қаншалықты нәтижелі орындағанын тексеру үшін маршруттық карталарды оқушылар өзара алмастырып, бір-бірін тексеруге мүмкіндік беруге болады. Маршруттық картада көрсетілген әр тапсырмадан соң «Жарайсың, сенің қолыңнан келеді!», «Осы қалпыңнан тайма!», «Мен саған сенемін!» т.с.с шабыттандырушы сөйлемдермен толықтырып қойса, оқушыда ынта, жігер күшейетіні сөзсіз.

Мұғалімнің оқушының оқу үлгерімін ғана емес, түсініп оқуын ескеретін оқу үдерісі материалды терең меңгеруіне ықпал етеді. Оқудың дамуы барысында жетекшінің қолдау көрсетуінің түрі мен деңгейі өзгеріп отырады, сонымен бірге түрткі болу, бағытталушылық, дамудың тұжырымдамалық негіздерінің тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында түрленеді. Бұл үрдісті Жером Брунер «орман өсіру» деп тауып айтқан. «Орман өсіру» ұғымының астарында жетекшінің оқушыларды біртіндеп тапсырманы орындауды аяқтауға «итермелеуінде» көрініс беретін, үнемі ұлғайып отыратын қолдауы деген түсінік жатыр. [1] Оқушыны өздігінен жұмыс істеуге дағдыландыру тек олардың өздеріне тән икемділік дағдылары арқылы ғана іске асырылады. Осы дағдыларды әр сабақ сайын қалыптастырып, дамытып отыру мұғалімнің оқу үдерісін тиімді

ұйымдастыруына байланысты. Оқу үдерісі барысында оқушы өздігінен жұмыстанып, тапсырмаларды өз бетімен орындауға икемделсе де, оған осы икемділіктерді қалыптастыруына жетекшілік ететін қай кезде де мұғалім екені анық. Сондықтан әр сабағында оқушылардың қабілеттері мен қажеттіліктерін ескеріп, үнемі әдіс-тәсілдерін жетілдіріп отыру – мұғалімнің тынымсыз ізденісін керек етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептері педагогтерінің біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші (негізгі) деңгей. Үшінші басылым. Астана, 2012)
2. Педагогикалық шеберлік орталығы Кембридж университетінің білім беру факультетімен бірлесіп әзірлеген Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының деңгейлі бағдарламасына арналған глоссарий, оқу-әдістемелік құрал, Қазақстан-Астана



«Развитие историко-познавательных навыков учащихся через активные методы обучения»

*Султанхамитова Жазира Жанатовна
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Денисов ауданы білім бөлімнің Академик
Темирбай Байбосынұлы Дарқамбаев атындағы
Әйет жалпы білім беретін мектебі» КММ
тарих пәні мұғалімі*

Преподавание истории в современной школе должно быть не просто увлекательным и интересным, но и развивающим. Анализ и обработка огромных объемов информации, решение проблем, применение полученных знаний невозможно без личной заинтересованности учащихся. Дети часто не понимают необходимости запоминания обширного объема учебного материала. От этого интерес к уроку истории снижается.

Современная система образования в нашей стране направлена на воспитание личности, умеющей критически мыслить, уметь анализировать, делать выводы и строить собственные суждения на основе анализа получаемого учебного материала.

Развитию мышления в педагогике уделяется значительная роль, так как оно может быть разносторонним и многоуровневым. Например, мышление по степени новизны и оригинальности можно разделить на:

- Критическое мышление – позволяет учащимся обрабатывать информацию, систематизировать, быстро и четко выражать свои мысли, а также развивает способность самостоятельно заниматься своим обучением и конструктивно взаимодействовать с другими людьми.
- Конвергентное мышление – точное использование инструкций по последовательному исполнению элементарных операций, которые предполагают лишь один верный ответ.
- Креативным мышлением обладает человек, который может предложить оригинальное решение довольно стандартных ситуаций.

- Творческое мышление – связано с открытием принципиально нового знания с применением собственных оригинальных идей, а не переделыванием чужих мыслей.

Задачи технологии развития критического мышления – научить школьников:

- выделять причинно-следственные связи;
- рассматривать новые идеи и знания в контексте уже имеющихся;
- понимать, как различные части информации связаны между собой;
- выделять ошибки, нелогичность в рассуждениях;
- делать вывод о том, чьи конкретно ценностные ориентации, интересы, идейные установки отражают текст или говорящий человек;
- избегать категоричности в утверждениях;
- быть честным в своих рассуждениях;
- выявлять предвзятое отношение, мнение и суждение;
- уметь отличать факт, который всегда можно проверить, от предположения и личного мнения;
- отделять главное от несущественного в тексте или в речи и уметь акцентировать внимание на первом.

Основная часть

Урок истории сейчас – это не просто запоминание дат и фактов. И современный учитель истории должен стремиться научить детей разбираться в закономерностях и причинах исторических процессов и событий, адаптироваться в условиях постоянно меняющегося и развивающегося мира.

Достичь этого можно через развитие творческих способностей у школьников и их познавательной деятельности. Через познавательную деятельность школьники формируют свою точку зрения, обосновывают свою позицию, отстаивают свое решение, учатся обобщать полученный материал. Критическое мышление школьников развивается, когда знания каждого обучающегося пополняются знаниями остальных обучающихся. При традиционной системе образования этого достичь трудно. Поэтому учителю на уроках нужно применять новые методы преподавания и формы преподнесения информации обучающимся. Реализация поставленных перед учителем задач возможна в условиях

активной деятельности учащихся в процессе всего обучения и применения учителем активных и интерактивных методов обучения истории. Применение активных методов на уроках поможет выполнить основные цели изучения истории в школе.

Изучение любого материала невозможно без умения учащихся включаться в процесс обучения.

Цели применения активных методов:

- При изучении нового материала: развитие логического мышления, познание нового через ассоциации, привлечение внимания и интереса к проблеме, использование опоры на старые знания.
- Активизация мышления, создание реального образа.
- При закреплении: запоминание ключевых моментов, осознание полученных знаний и себя в них, уточнение неясностей.
- При обобщении: повторение изученного материала, систематизация полученных знаний, осмысление логических связей между историческими процессами и явлениями.
- При закреплении: проверка степени усвоения, оценка знаний.

В своей работе я применяю следующие методы активного обучения:

- Проблемный метод
- Дидактические игры
- Творческие задания
- Технологии развития критического мышления.

Первое, с чем мы имеем дело, когда начинаем урок – концентрация внимания обучающихся на процесс обучения.

Для того чтобы сконцентрировать внимание на детей на уроке я использую методы дидактической игры и проблемный метод.

Проблемное обучение — такая форма, в которой процесс познания учащихся приближается к поисковой, исследовательской деятельности. Основная задача педагога — не столько передать информацию, сколько приобщить обучающихся к объективным противоречиям развития научного знания и способам их разрешения. В сотрудничестве с преподавателем учащиеся «открывают» для себя новые знания, постигают теоретические особенности отдельной науки. Новое знание, т.е. тема урока, вводится учителем как неизвестное. Учащиеся в процесса не просто перерабатывают информацию, а открывают неизвестное для себя знание.

Создание проблемной ситуации позволяет максимально «включить» мышление обучающихся. В начале урока учителем ставится вопрос в форме познавательной задачи, фиксирующей некоторое противоречие. Ответ на проблемный вопрос становится решением противоречия.

Важно при постановке проблемного вопроса учитывать познавательные способности обучающихся и быть значимыми для изучения нового материала.

Элементы проблемного обучения:

- система познавательных задач, которые отражают основное содержание темы урока;
- общение в диалоге, предметом которого является вводимый учителем материал.

При объяснении нового материала используются две формы проблемного обучения: проблемное изложение и поисковая беседа.

На уроках истории метод постановки проблемной ситуации целесообразней использовать в самом начале урока. И уже в процессе обучения, через использование остальных методов обучения, учитель подводит обучающихся к ответу на вопрос и решению проблемной задачи.

Например, в 11 классе, при изучении системы советского образования, учитель вводит тему урока через вопрос: «Советская система образования в Казахстане: достижения и противоречия?». По итогу урока у обучающиеся делают объективный вывод на основе анализа изученного и формируют свою точку зрения относительно советской системы образования.

При изучении в 8 классе Великой отечественной войны на уроках истории учитель может создать проблемную ситуацию на основе анализа теоретических положений и противоречий. Например, существует несколько версий нападения Германии на Советский Союз. Одни исследователи считают, что нападение было внезапным для Советского Союза, другие, что Сталин знал (или подозревал) о готовящемся нападении. Задача обучающихся – доказать одну из точек зрения. При чем здесь можно разделить обучающихся на группы и они могут доказывать истинность обоих суждений.

Еще одна проблемная ситуация. Во вводной части урока, при изучении НЭПа рассказать об отрицательном отношении Ленина к принципам свободной торговли. Здесь сама тема уже станет некоторым

противоречием. Задача обучающихся – решить данное противоречие и выяснить, почему власти пошли против основного принципа построения социализма и внедрили в экономику страны элементы капитализма.

Проблемные ситуации можно также создавать при выдаче домашнего задания. Например, попросить детей дома на основе полученных знаний сравнить монархические режимы в государствах средневековой Европы.

Таким образом, постановка проблемного вопроса побуждает обучающихся к поиску истины. Технология проблемного обучения формирует из школьника личность, способную логически мыслить, находить решения, накапливать и систематизировать знания.

Метод игры значительно активизирует изучение учебных дисциплин, делает его более результативным вследствие развития навыков проектно- конструкторской деятельности обучаемого. Игра объединяет эмоциональный и рациональный виды познавательной деятельности.

При изучении нового материала учащиеся должны иметь возможность и слышать его, и зрительно воспринимать, и практически выполнять какое-либо задание, то есть привлекать моторику. Задания даются как перед изучением нового материала, так и в ходе всего урока. Таким образом, материал, с одной стороны, тренирует все виды памяти, с другой - является гарантом индивидуального подхода. Устное изложение исторического материала реализуется посредством таких приемов, как повествование, описание, характеристика, объяснение, рассуждение.

Например, игра «три предложения». В основе этой игры лежит логическая операция на выяснении главного. Правило игры – изложить суть данного материала (текст учебника, раздаточный материал) в трех предложениях. Это и будет основным игровым компонентом данной формы работы. Данный игровой метод подходит для работы с обучающимися 5-6 классов. В этом возрасте детей намного проще заинтересовать.

Игра на закрепление «Вассал – сеньор». При изучении в темы «Феодальная лестница». Используя нарисованную на доске схему феодальной лестницы, ученики должны назвать, кто является вассалом, кто сеньором. Я говорю: «Граф», ученики: «барон». Я называю:

«Король», ученики: «Герцог, граф» и т.д. Игру можно изменить: учитель называет вассала, ученики – сеньора.

По такому же принципу можно играть и во время изучения других тем. Например «Генерал-губернатор – Область», «Монополия-Колония» и т.д.

Преимущество игровых методов обучения заключается в том, что фантазия учителя при подготовке дидактических игр не ограничена.

Еще одна игра, подсмотренная мной в одном шоу на YouTube и адаптированная к урокам истории. Игра называется «Игра в правду». Учитель готовит карточки с фактами по исторической личности или историческому явлению. Рекомендуется подготовить по три факта. Один факт должен быть правдивым, два других ложными. Учитель преподносит все три факта как истина. Ученикам дается пол минуты или минута на уточняющие вопросы. Ученики выбирают один факт. За правильный ответ ученики получают баллы. Данную игру можно использовать в начале урока, при проверке домашнего задания.

Достоинство такой методики урока состоит в следующем:

- Мотивирует, стимулирует и активизирует познавательные процессы учеников: внимание, восприятие, мышление, запоминание, воображение;
- Востребовав полученные знания, повышает их прочность;
- Одним из главных достоинств является повышение интереса к предмету практически у всех учащихся группы;
- Посредством игры задействуется «ближняя перспектива» в обучении;
- Игры позволяют развивать специальные способности учащихся к занятиям истории:
 - способность к ретроспективному мышлению, мысленной реконструкции картины исторического исследования;
 - способность к историческому сопереживанию;
- Игра позволяет гармонично сочетать эмоциональное и логическое усвоение знаний, за счет чего учащиеся получают прочные и осознанные знания.

Учебная деятельность на уроках истории направлена, как правило, на развитие интеллектуальных умений учащихся. Однако, включение в содержание учебного процесса заданий творческого характера является

одним из центральных способов развития культуры мышления обучающихся на уроках истории.

Метод творческого задания помогает сделать процесс изучения истории увлекательным и интересным. Творческие задания предназначены для работы с учащимися, как на уроках, так и во внеурочной деятельности.

Очень распространенное творческое задания в 5 классе – создание археологического дневника. При чем, учитель может попросить детей завести отдельную тетрадь, куда они будут периодически фиксировать свои наблюдения как «археологов», потому что в 5 классе основной блок учебной информации – это материалы археологических исследований. Дети знакомятся с миром древнего человека на основе существующих археологических данных. В этот дневник можно заносить пометки о находках, образе жизни древнего человека, подкрепляя все это рисунками.

Творческое задание позволяет учителю создать обстановку погружения в контекст исторической эпохи. В 7 и 8 классах достаточно большой блок учебной программы в 4-й четверти посвящен культуре и искусству. На этапе закрепления темы урока во время изучения жанров в изобразительном искусстве, можно дать детям задание на создание мини-иллюстрации или постера. Например, в 8 классе, когда мы проходим тему «Инженеры человеческих душ» дети могут нарисовать агитационный плакат в стиле соцреализма. Это позволит максимально погрузиться в процесс и понять особенности исторической эпохи.

Составление рассказа, написание эссе с использованием заранее подготовленных понятий. Учитель заранее готовит ряд понятий и опорных слов, с помощью которых обучающиеся должны составить рассказ. Данную формы работы рекомендуется использовать на этапе закрепления.

Работа над текстом. Найдите в тексте основные понятия и запишите их в алфавитном порядке. Выберите из текста новую информацию, которая является для Вас неожиданной. Запишите ту информацию, которая является для тебя новой. Постарайтесь выразить главную мысль текста одной фразой. Или какая из фраз каждого раздела является центральным высказыванием, какие фразы являются ключевыми? Работу с одним текстом можно осуществлять в ходе всего

урока. При том формы творческой работы с текстом могут быть разнообразными.

Известное и неизвестное. Найдите в тексте ту информацию, которая является для Вас известной, и ту информацию, которая была ранее известной. Иллюстративное изображение. Постарайтесь проиллюстрировать основную мысль текста и, если возможно, реакцию на нее в виде рисунка, схемы, карикатуры и т.д. Поучительный вывод. Можно ли сделать из прочитанного такие выводы, которые были бы значимы для будущей деятельности и жизни? Важные темы для обсуждения. Найдите в тексте такие высказывания, которые заслуживают особого внимания, и достойны обсуждения в рамках общей дискуссии на уроке.

Одной из основных функций современной системы образования является развитие у обучающихся критического мышления. Подходящие для этого методы работы на уроках истории – дискуссии, дебаты, круглый стол и т.д.

«Круглый стол» — это метод активного обучения, одна из организационных форм познавательной деятельности учащихся, позволяющая закрепить полученные ранее знания, восполнить недостающую информацию, сформировать умения решать проблемы, укрепить позиции, научить культуре ведения дискуссии. Характерной чертой «круглого стола» является сочетание тематической дискуссии с групповой консультацией. Наряду с активным обменом знаниями, у учащихся вырабатываются профессиональные умения излагать мысли, аргументировать свои соображения, обосновывать предлагаемые решения и отстаивать свои убеждения. При этом происходит закрепление информации и самостоятельной работы с дополнительным материалом, а также выявление проблем и вопросов для обсуждения.

Основную часть «круглого стола» по любой тематике составляет дискуссия. Дискуссия — это, в широком смысле, обсуждение спорного вопроса в публичном собрании, в частной беседе, споре. Другими словами, дискуссия заключается в коллективном обсуждении какого-либо вопроса, проблемы или сопоставлении информации, идей, мнений, предложений. Цели проведения дискуссии могут быть очень разнообразными: обучение, тренинг, диагностика, преобразование, изменение установок, стимулирование творчества и др. на уроках истории

В рамках развития критического мышления у обучающихся можно использовать метод «Чистой доски». На доске были записаны вопросы и по ходу изучения новой темы. «На какой вопрос вы можете ответить?». По мере изучения темы вопросы с доски убираются. Если в конце урока доска оказалась чистой, значит, учащиеся материал усвоили.

Кластер («гроздь»)- выделение смысловых единиц текста и графическое их оформление в виде грозди. Этот прием применяется при систематизации информации, полученной до знакомства с основным источником (текстом) в виде вопросов или заголовков смысловых блоков.

Мозговой штурм - широко применяемый способ продуцирования новых идей для решения научных и практических проблем.

Цель метода — организация коллективной мыслительной деятельности по поиску путей решения проблемной задачи.

Использование метода мозгового штурма в учебном процессе позволяет решить следующие задачи:

- творческое усвоение учебного материала;
- связь теоретических знаний с практикой;
- активизация учебно-познавательной деятельности обучающихся;
- формирование способности концентрировать внимание и мыслительные усилия на решении актуальной задачи;
- формирование опыта коллективной мыслительной деятельности.

Общим требованием, которое необходимо учитывать при выборе проблемы для мозгового штурма — возможность многих неоднозначных вариантов решения проблемы, которая выдвигается перед учащимися как учебная задача.

Таким образом, знания, усвоенные посредством активных методов обучения, прочнее запоминаются и легче актуализируются. Решение проблемных задач выступает своеобразным тренингом в развитии интеллекта. Знания более глубоки, систематизированы и обладают свойством переноса в другие ситуации эффективного развития и творческого мышления. Подобного рода усвоение повышает интерес к усваиваемому. Разумное и целесообразное использование этих методов на уроках истории, создает атмосферу напряженного поиска, вызывает у учащихся и учителя массу положительных эмоций и переживаний.

В заключении хотелось бы подчеркнуть, что однообразие и монотонность - главный враг успеха в обучении. Нам, современным

учителям необходимо идти в ногу со временем и воспитывать в школьниках личность, способную адаптироваться в быстро меняющемся мире. Благодаря внедрению в учебный процесс активных методов обучения, разнообразных средств и приёмов обучения, независимо от того, какой предмет вы преподаете, можно развить познавательный интерес учеников, результатом которой и станет активная творческая самостоятельная познавательная деятельность.

Список использованной литературы:

1. Борзова Л. П.. Игры на уроке истории. Методическое пособие для учителя / М.: Владос - Пресс, 2003. - 160с.
2. Историческое образование в Казахстане.// Материалы международной научно-практической конференции молодых ученых (21-22 декабря) — Караганда, 2004
3. Методика преподавания истории в средней школе. Караганда, 2005
4. Н.В. Камардина, В.В. Колесникова. Игровая деятельность на уроках истории: традиции и новации
Лунников К.В. Игры на уроках истории 10–11 классы. Изд. “ русское слово”, 2002 г



«Тарих сабағында оқушылардың тарихи танымын арттыруда сандық құзырлық әдістерін тиімді пайдалану»

*Байгазиева Алия Алипбековна
Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты №86
жалпы орта білім беретін мектебі
тарих пәні мұғалімі*

Сонау ХХ ғасырдың басында Жүсіпбек Аймауытов «Сабақ беру – үйреншікті жәй ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» деген екен. Мақсатқа жету оқушының өзі арқылы жүзеге асады. [1]

Осы айтылғанды ескере отырып қазіргідей жаһандану дәуірінде сабақ үдерісінде жаңа инновациялық технологияларды қолдана отырып сабақ өткізу оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Интернет түсінігі және қолдану тәртібі

«Интернет» деген термин ағылшынның «internationalnet» деген сөзінен, аудармасында «халықаралық байланыс» деген ұғымды береді. Интернет жүйесі арқылы тіл үйренуші тіл өкілімен тура, тікелей байланысқа түсе алады, шетел тілі сабағында Интернетке қосылу арқылы шынайы қарым-қатынас үлгісін жасауға болады. Табиғи тілдік ортада тілді қарым-қатынас құралы ретінде қолдана отырып, тіл үйренушілер айтылымдарға спонтанды түрде, түрлі тілдік формулаларды қолдана отырып, жылдам жауап беруге дағдыланады.

Күтілетін нәтиже:

- сандық құзырлық әдістерін қолдану арқылы білім сапасын көтеру;
- жаңа ақпараттық технологияны қолдану саласы бойынша оқушыларды оқуға қызығушылығын арттыру механизмін құру;
- мультимедианы, интерактивті тақтаны, он-лайн жүйесін мұғалімдер мен студенттерды еркін пайдалануына жол ашу;
- отандық білім беру жүйелерін біртұтас әлемдік ақпараттық білімдік кеңістікке ену арқылы сабақтастыру;
- білім беруді басқару салаларының ақпараттық желісін құру жұмысын жүйелеу.

«Plickers» программасын сабақта қолдану.


«Plickers» программасын сабақта қолдану. Оқушылар сұраққа жауап

бергенде жауап таңдауымен картаны көтереді. Мұғалім карталарды мобильді құрылғы арқылы сканерлейді. Нәтижелер мұғалімнің компьютеріне көшіріледі. Мұндай жүйе шолу немесе қорытындылау үшін қолайлы қалыптастырушы бағалауды өткізуге арналған тестілеу. Бұл оның кейбір өкілдерінің ғана емес, бүкіл сыныптың үлгерімі туралы білуге мүмкіндік береді ол сауалнама ауызша жүргізілгенде болады. Карточкаларды жүктеу және басып шығару үшін басты мәзірде түймені басу керек « Cards », карточкалардың қажетті жиынтығын таңдау, белсенді сілтемені басу және пайдаланушы компьютерге жиынтығымен PDF файлын жүктеп алыңыз.

Карточканың өзі шаршы және төрт жағы бар. Әрбір Тарапқа карточканың өзінде көрсетілген жауаптың өз нұсқасы (A, B, C, D) сәйкес келеді. Мұғалім сұрақ қояды, Бала дұрыс Жауап нұсқасын таңдайды және карточканы жоғарғы жағына қарай көтереді. Мұғалім мобильді қосымшаның көмегімен балалардың жауаптарын нақты уақыт режимінде сканерлейді (оқу үшін қосымша нақтылық технологиясы қолданылады). Нәтижелер деректер базасына сақталады және тікелей мобильді қосымшада, сондай-ақ жылдам немесе кейінге қалдырылған талдау үшін сайтта да қолжетімді.

Нәтижелер оқушылардың білімін меңгеру процесін бақылай алатын әкімшілікті көрсетуге болады және қажет. Plickers сабақтан бірнеше минуттан артық кетпейтін балалардың үздіксіз білім мониторингін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Ең бастысы-бұл бастау. Сабақта Plickers қолдану мұғалімге өз өмірін жеңілдетуге және сынып пен бір-бірімен кері байланысты жақсартуға мүмкіндік береді. Балалар үшін бұл қосымша-ойын-сауық түрі, бұл қызықты сабақтардан сәл алаңдауға және ойын түрінде сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік береді. Ең бастысы, Plickers-бұл өте қарапайым технология, ол іс жүзінде ештеңе талап етпейді және кез келген мұғалім ертең де қолдана алады.



[2. http://control.edu.gov.kz/sites/default/files/gpron_kaz_ukaz.pdf]

QR-квесттер QR кодтары шағын мәтіндерді сақтай алатындықтан, QR квесттерін пайдалану мүмкіндігі артады. Интернет байланысы жоқ оқу ортасында пайдалануға тиімді. Ең қарапайым квест жасау мұғалімге көп уақыт пен күш жұмсамайды, және оқыту нәтижесі барлық педагогикалық үміттерді қанағаттандырады. Белгілі бір білім беру тақырыбы аясында QR-квесттер құру сабақта және оқушылардың сабақтан тыс жұмысында пайдалану бірнеше маңызды оқу мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етеді мектеп оқушылары: қосымша есебінен мектеп оқушыларының оқу барысында өз бетінше оқу-танымдық әрекетіне мотивациясын арттырады. Бұл әдісті де өз сабақтарымда тиімді пайдалана алдым. Ол оқушылармен бетпе бет кезеңдерінде қолданатын тиімді әдіс екеніне көзім жетті. Оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттыруға тиімді екен.

Өздеріңіз суретте көріп тұрғандарыңыз QR кодтар қойылған тапсырмалар. Әр кодты ашқан кезде оқушыны жетелеп отыратын сұрақтар мен тапсырмалар бар. Оны оқушы дұрыс табу арқылы жетістікке жететіні де көрсетілген.

Сонымен қатар интернетте де квест ойындары бар. Вебквесттерді қалай пайдалануға болады?

Learnis.ru қызметі «бөлмеден шығу» жанрының кіші түрінің квесттерін жасауға мүмкіндік береді. Мұндай квесттерде ойыншыларға әртүрлі заттарды пайдаланып бөлмеден шығу, анықтамаларды табу және логикалық жұмбақтарды шешу тапсырылады. Білім беру квестін жасау үшін кеңестер квест сюжеті арқылы алға жылжу үшін шешілуі керек тапсырмаларға жауап болуы мүмкін. Олай болса, мұғалім өз пәнінің мазмұнын толықтыра отырып, ізденістерді білімді де қызықты етеді.

Бұл жағдайда сайтқа тіркелу маңызды.

Тіркеудің артықшылықтары: сіз жасаған квесттер уақыт өте келе жойылмайды және оларды әрқашан жеке кабинетте тауып, өңдеуге болады. Тіркеусіз жасалған квесттер, егер оларды ешкім пайдаланбаса, жасалғаннан кейін 3 айдан кейін автоматты түрде жойылуы мүмкін. Квест бөлмесін таңдау Негізгі бетке өтіп, «Квест жасау» түймесін басып, ойыншылар таңдалатын квест бөлмесін таңдаңыз. Әрбір квест бөлмесінде бірдей ойын механикасы бар және әртүрлі тапсырмалар санын енгізуге мүмкіндік береді. Пәндік тапсырмаларды жүктеп алыңыз Жүктеп алу пішімі - танымал форматтардың графикалық файлдары (суреттері): jpg, png, bmp және т.б. Тапсырмаларды дайындаудың ең оңай жолы – презентация редакторында және оны сурет форматында сақтау. Тапсырмалар мен жауаптардың бірнеше нұсқасын жүктеп алуға болады. квест нөмірін алыңыз және оны пайдаланыңыз. Квест нөмірін алыңыз және оны студенттеріңізге айтыңыз немесе олармен бірге тапсырманы орындаңыз. Негізгі бетке өтіп, «Құрылған енгізу» түймесін басыңыз, квест нөмірін енгізіңіз және оны пайдаланыңыз! Квест бірнеше рет орындалуы мүмкін. Тапсырмалардың бірнеше нұсқалары болса, олар кездейсоқ түрде жасалады. [https://learningapps.org/https://learningapps.org/25744868]

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2016, наурыз
2. http://control.edu.gov.kz/sites/default/files/gpron_kaz_ukaz.pdf
3. <https://learningapps.org/25744868>
4. Ташкеева Г.К., Садирбекова Д.К., Сариева А.К. К вопросу о практикоориентированном обучении в вузе // ХАБАРШЫ «Педагогика ғылымдары» сериясы. - 2017. - №3 (55). – С. 44-49.
5. Абсатова М.А., Таженова Г.С., Атабекова Б.А., Нишанбаева С.З., Сманова А.А., Садирбекова Д.К. Білім алушыларды оқыту үдерісін құзыреттілікке бағытталған амал негізінде ұйымдастыру. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ғылымдары. - Алматы, 2020. – 98 б.



«Тарих сабақтарында заманауи әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқытудың тиімді дағдыларын қалыптастыру»

*Батырхан Айдана Пірімханқызы
Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты
№4 Х.Досмұхамедов атындағы жалпы орта білім
беретін мектебі тарих пәні мұғалімі*

*«Мектептің жаны –мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі Һәм сондай болмақшы, яғни мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім біліп шықпақшы. Солай болған соң ,ең әуелі ,мектепке керегі –білімді, педагогика ,методикадан хабардар,оқыта білетін мұғалім»,
Ахмет Байтұрсынов*

I Кіріспе бөлім

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабында "Білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық жаһандық коммуникациялық желілерге шығу болып табылады» делінген.

XXI ғасыр-ақпараттық технологиялар ғасыры. Білім берудің жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларын меңгеру - қазіргі заманның талабы. 1991 жылы АҚШ ғалымдары Нил Гов және Уильям Штраустың жас айырмашылықтары туралы зерттеуінде 2003 жылдан кейін туылғандарды «Z» ұрпақтары деп атады.

Бұл балалардың туылып өсуі ақпараттық және сандық технологиялардың дамуымен сәйкес келеді. «Z» ұрпағын «интернет» ұрпағы деп те атайды. Олар туғаннан бастап әлеуметтік желіде және виртуалды әлемде өмір сүреді. Сондықтан олар барлық ақпаратты желіден алады. Бұл балалар адам эмоциясы мен мінез-құлқына қарағанда техниканы жақсы түсінеді.

Қазіргі ақпараттық дамыған қоғамда ақпараттық ресурстарға деген қажеттілік өндірісті дамытудың негізгі құралы ретінде қарастырылады.

Сондықтан білім беру саласы өз дамуы үшін жаңа қадамдар жасауда. Ақпараттық қоғам жағдайында оқушылар игеруі керек білім мен дағдылардың көлемі күннен - күнге артып, олардың мазмұны өзгеруде. Білім беру саласында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану есебінен білім беру сапасын арттырудың және білім беру процесін жаңғыртудың тиімді әдістері қолданылады.

Кітаптың ұрпақ үшін маңызы қандай болса, компьютер де оқушы үшін қоршаған әлемді танудың табиғи құралы. Сондықтан барлық сабақтарды компьютерлердің күшімен және сыныптағы интерактивті тақталарда өткізуді үйрену-қазіргі заманның өзекті міндеттерінің бірі. Ақпаратты қабылдау ерекшеліктеріне сәйкес интерактивті, анимациялық бейне сабақтар балалардың зейінінің шоғырланып, тез әрі оңай түсінуіне жол ашады. Олай болса, сабақта заманауи әдістерді қолдана отырып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады.

II. Негізгі бөлім

Тарих пәні - білім берудің идеялық негізін құрайды, ұлттық сана мен моральдық-этикалық нормаларды қалыптастырады. Тарихтың басқа пәндермен байланысы талдау және жалпылау сияқты жалпы логикалық таным әдістерін қолдануға мүмкіндік береді. Тарихқа деген қызығушылықты арттыру, сапалы білім берудің тиімді жолдарын таңдау, тарихи-мәдени мұрамен таныстыру, қосымша элементтерді пайдалану және жаңа педагогикалық технологиялармен инновациялық бағыттар мен әдістерді енгізу және тарихи деректерді зерттеу.

Бүгінгі таңда оқытудың көптеген түрлері бар, солардың бірі «Сыни ойлау». Оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін дамытуға үйрету әдістемесі -оқушылардың құбылыстардың себептерін жан-жақты түсінуіне, ережелер мен заңдардың құпияларын терең түсінуіне, ғылыми танымда өз орнын сезінуіне қолайлы жағдай жасайды. Мұндай әдістер жабық сипаттағы тақырыптың мазмұнын ашатынына, өзін - өзі растауға, өзіне деген сенімсіздікке, дұрыс қарым-қатынасты білдіруге және талданатын сұрақтардың қорытындысына бейім екеніне көз жеткізуге болады.

Мысалы: сабаққа кіріспе ретінде олар "Worldwall білім беру ресурсын құру" бағдарламасында "Мағынаны тану" немесе "Миға шабуыл" әдістерін қолдана отырып, әртүрлі ойындар арқылы тақырыптың негізін, мәнін, бағытын, мағынасын түсінеді, олар тілдік

дағдыларды жетілдіреді, өз ойларын қысқаша мағыналы және сенімді түрде жеткізе алады, тақырыпқа қызығушылық танытады, осылайша мәселені талдауға мүмкіндік береді.

Сабақ барысында оқушының сыни тұрғыдан ойлау қабілетін жетілдіруге, дамытуға арналған оқыту технологиясын атап өтсем «jamboard.google.com», «Worldwall оқу ресурсын құру» платформасы, еркін ойлауға, бақыланатын, айтылған мазмұнға тәуелсіз пайымдаулар жасауға мүмкіндік береді, шығармашылық белсенділік, ұжымдық ойлауға, ұжымдық қорытынды жасауға белсене қатысады. Тақырыптың негізін, мәнін, бағытын, мағынасын түсінеді, тіл байлығын жетілдіреді, өз ойын қысқаша, дәлелді жеткізуге дағдыланады, пәнге қызығушылық танытады, ғылым негіздерін меңгеру әдістерін игереді, сол арқылы мәселені талдауға дайындалады.

Кері байланыс - оқу процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Ал, сабақты қорытындылау немесе бекіту кезеңіне «Quizizz» немесе «Kanoot» — ойын түріндегі оқыту платформасын пайдалану біріншіден, уақытты тиімді пайдалану және нәтижеге тез қол жетізу болып табылады.

«Worldwall білім беру ресурсы»



Wordwall интерактивті және баспа материалдарын жасау үшін пайдаланылады. Бұл шаблондардың көпшілігі интерактивті және баспа нұсқаларында қол жетімді. Компьютер, планшет, телефон немесе интерактивті тақта сияқты веб-интерфейсі бар кез келген құрылғыда ойнатылады. Оларды студенттердің өздері немесе мұғалімнің жетекшілігімен оқушылар сабақ алдында кезек-кезек қайталай алады. Егер басып шығару қажет жағдайда жай басып шығаруға немесе PDF файлы ретінде жүктеуге болады. Оларды интерактивті немесе тәуелсіз оқу тапсырмаларына көмекші материал ретінде пайдалануға болады. Үлгілерді қолдану арқылы құру

Сабақтар барысы шаблон жүйесі арқылы жасалады.


Бұл үлгілерге сәйкестендіру және кроссворд сияқты таныс әдістер кіреді. Сондай-ақ бұнда «лабиринтті қуу» және «ұшақ» сияқты аркада ойындары бар.

Жаңа әрекетті жасау үшін алдымен үлгіні таңдап, содан кейін мазмұнды енгізіңіз. Бұл қарапайым және сіз бірнеше минут ішінде толық интерактивті әрекет жасай алатыныңызды білдіреді.

Тек дайын сабақтарды қолданудың қажеті жоқ. Егер сіз сабақ тапсаңыз, бірақ ол дәл қажет емес болса, материалды сабағыңызға және оқыту стиліңізге сәйкес оңай реттей аласыз. Кез келген әрекетті оңай өңдей аласыз.




Quizizz бағдарламасын сабақ барысында қолдану




Quizizz барлығына арналған қызықты сынып жұмысы оқушыларға викторина түрінде ұсынылады. Қорытынды сабақ кезеңінде Quizizz қолданбасын кез келген жерде пайдалануға болады. Ұй тапсырмасын тексеру парағында оқушыларға алдын ала қиындық туғызатын сұрақ қойылуы мүмкін.

Олар сабақтың тақырыбы мен мақсатын тұжырымдауға жетелейді. Уақыт шегін орнату, ырғақты жоспарлау сияқты реттеушілік дағдыны

дамытады. Ойын нәтижесі бойынша статистикалық материалдар көрсетіледі, сол бойынша бағалау критерийлерін білетін оқушылар өздеріне баға қоя алады. Quizizz-ті сабақта қолдану барысында жеке және топтық жұмыстарды ұйымдастыруға болады, нәтижелер рейтинг түрінде көрсетілетіндіктен, қай оқушы немесе қай топ жеңгенін оңай есептей аласыз.



Quizizz тапсырмаларын өзіңіздің жеке парақшаңызда дайындай аласыз немесе көпшіліктен іздеу арқылы қажетті материалды оңай табуға болады. «Редактировать» батырмасы арқылы сұрақтар мен тапсырмаларды өзгертіп отыра аласыз. Тапсырмаларды қолданба ұсынып отырған тесттің бірнеше түрлерінен құрастыруға болады:




- ашық тест
- сәйкестендіру тесті
- екі немесе көп жауапты тест т.б.

Сабақ барысында Quizizz-тің тапсырмаларын оқушыларға смартфон арқылы немесе ноутбуктер арқылы да беруге болады. Оқушылардың жұмыс барысын да қадағалап отырғанғы өте

тиімді. Ол үшін «Отчеты» бөліміне кіріп, ондағы берілген тапсырманы басып, оқушылардың тізімін анықтауға, үдерісте отырған оқушыны анықтауға болады. Соңынан оқушылардың жауаптарының қанша пайыз дұрыс екенін анықтап бағалайды.

Kahoot викториналық бағдарламасы

Kahoot викторина сияқты. Әр түрлі сұрақтар қоя алады және оған байланысты иллюстрация немесе бейнебаяны бар және жауаптарды таңдау, жауап беру мерзімі белгілі бір уақыт аралығы беріледі. Кері санақ экранда көрсетіледі. Берілген уақыт аралығында дұрыс жауабын басып үлгерген оқушы алдыңғы орындарға көтеріледі. Бұл бәсекелестік ойын






жағдайын және мотивацияны тудырады сұрақтарға дұрыс жауап беріп, ең көп ұпай жинау мүмкіндігі туады. Kahoot-ті сабақтың кез келген кезеңінде қолдануға болады. Kahoot-ті формативті жүргізу үшін пайдалы, сонымен қатар оқушыларды бағалау және оқу процесіндегі олардың үлгерімін қадағалау кезінде қолданылатын тиімді әдіс болып табылады.

Google Jamboard

Google Jamboard-бұл білім беруде оқушылардың бірлесіп жұмыс істеуін жеңілдету үшін пайдалануға арналған қашықтық тақтасы. Өнімнің аппараттық аспектісіне қарамастан, оны пайдалану үшін сізге ақылды дисплей қажет емес.

Google Jamboard- тақтасымен жаңа сабақты меңгерту кезеңінде талдау, жинақтау дағдыларында топтық жұмыс барысында тиімді тәсіл болып табылады. Оқушылар бірлескен оқу ортасын құруына қолайлы жағдаят

тудырып, уақытты үнемдеуге әсер етеді. Тақтада: сәйкестендіру, топтастыру, картамен жұмыс, мәліметтерді сұрыптау тапсырмаларын орындайды. Яғни оқушылардың мәтінмен жұмыс жасауы, хронологиялық кестелермен жұмыс жасай отырып саралау дағдысы тереңінен қалыптасады.



Сонымен қатар, тарих сабағын терең түсіну үшін ютуб әлеуметтік желісі арқылы балаларға өтілген тақырыпқа сай әртүрлі видео сабақтар мен тарихи фильмдер ұсынамын. Бесінші сыныптырға «Томирис» фильмін, алтыншы сыныптарға «Алмас қылыш». «Қазақ хандығы», «Батырлар» фильмдерін, жетінші сыныптарға «Махамбет», «Кенесары хан», тоғызыншы сыныптарға «Ұлт ұстазы- Ахмет», «Міржақып. Оян қазақ!» фильмдерін көруін қадағалап, қызығушылығын арттырған жағдайда, сабаққа мүлде ықыласы жоқ баланың өзі қызығатыны белгілі.

Менің басты назарға алған бағытым - оқушылардың рухын, саяси көзқарасын дамыту, отансүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында тарихи киноларды көруді тапсырамын. Көрілген киноларды мына критерий бойынша талдаймыз.

1. Алған әсерімен бөлісу.
2. Басты кейіпкердің образы
3. Тұлғаларға тарихи баға беру.
4. Кинодағы оқиғалармен қарама-қайшылықты анықтау

Сыни тұрғыдан ойлау – сын емес, шыңдалған ойлау. Бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырғанда оқушы өзінің даму деңгейіне сай ой-пікірін шыңдап, белгілі бір жетістікке жететіні сөзсіз. Жұмыс барысында мұғалім оқушыны өзі ізденуге жетелейді. Біздің міндетіміз – оқушының тіл байлығын дамытып, мүмкіндіктерін ашу.

Бір кездері оқушы тек тыңдаушы болса, енді ол өз көзқарасын дәлелдейтін ізденуші, ойшылға айналады, ал мұғалім осы әрекетті бағыттауда, оқуды ұйымдастыруда жетекші рөл атқарады.

Жалпы тарих сабағында түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану оқушылардың ойлау қабілетін дамытады, білім сапасын арттырады, ой-өрісін кеңейтеді, есте сақтау қабілетін дамытады. Оқыту мен дамытудың екі

әдісі де тұлғаның қалыптасуына үлкен ықпал ететін маңызды айғақтар болып саналады.

III. Қорытынды

Олай болса, өз сабақтарымда осы әдістердің көмегімен оқушылардың білім деңгейін көтеруге, оқушының оқу сапасын арттыруға болатынына көз жеткіздім. Әдіс-тәсілдерді қолдану барысында түсінгенім, оқушылар сабақта бір-бірінің пікірін тыңдауға, бірін - бірі сыйлауға үйренеді, сабақ барысында бұрын үндемей отыратын балалар сабаққа белсенді араласып, сабақта өзін ерекше, еркін, ашық ұстай отырып, өз ойын еркін білдіре алады. Мұндай әрекет сабақтың үш кезеңінде де байқалатыны сөзсіз. Бұл әдіс- тәсілдерді қолдану - оқыту кезінде тиімді екенін атап өтуге болады.

Қай ұлт болмасын, қай халықтың тірегі де, тамыр қазығы да, оның өркендеуіне, рухани-мәдени дамуына үлес қосатын - мектеп. Қазақ мектептерінің білім деңгейін көтеру – ұстаздардың басты міндеті. Сондықтан, жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, білім беру процессін тиісті деңгейге көтеру - педагогикалық ұжымның жоспарлы жұмысының нәтижесінде ғана іске асырылады.

XXI ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін мұғалімдер оқушыларға қажетті дағдыларды үйрету үшін тынымсыз еңбектенуі керек. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттеледі. Б. Момышұлы " Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді "- дегендей , сапалы білім мен саналы тәрбие берген қоғамдағы ұстаз қауымының орны ерекше екенін ұмытпай, қоғамның әр мүшесі жан-жақты қолдау көрсетуі қажет деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
 2. «Білім айнасы» газеті <http://bilimainasy.kz/> порталы .
 3. С.Әлкен. Жаңа технологиялар арқылы шығармашылыққа баулу. «Қазақстан тарихы» №1 2006 ж.
 4. Р. Қ. Қарсыбаева. Сын тұрғысынан оқу мен жазуды дамыту технологиясының ерекшелігі. «45-Минут» №1 2009 ж.
 5. С.Мирсентова. Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде. Қарағанды 2011 ж.
 6. «Ақпараттық технология және қашықтықтан оқыту».
- С.Т.Мұхамбетжанов



«Актуальность организации самостоятельной работы как один из шагов к формированию конкурентоспособности учащихся»

*Бекжанов Азат Нургельдиевич
Мангистауский колледж туризма,
преподаватель истории Казахстана*

Проблема конкурентоспособности учащихся напрямую связана с системой образования. Современный рынок труда предъявляет к подрастающему поколению высокие требования. На протяжении профессиональной деятельности учителя всегда было важно держать в поле зрения вопросы качества исторического образования. Именно историческое образование напрямую влияет на воспитание патриотизма и развитие гражданского общества.

В новых условиях, когда цифровизация вошла в нашу повседневную жизнь, и получить информацию стало доступно, задачи исторического образования усложнились.

На уроках истории нужно помнить о целях обучения. Древнегреческий историк, государственный деятель и военачальник, автор «Всеобщей истории» в 40 томах Полибий писал следующее: «Если изъять из истории объяснение того, почему, каким образом, ради чего совершено что-либо, достигнута ли была предположенная цель, то от нее останется одна забава, лишенная поучительности; такая история доставит скоропреходящее удовольствие, но для будущего окажется совершенно бесполезной».

Традиционное изложение материала постепенно уступает место более эффективной системе обучения – структурирование учебного материала.

С этой целью можно применять обобщающие таблицы и схемы, кластеры. Учащиеся готовят опорные конспекты, ментальные карты. Это способствует эффективному усвоению программного материала и формированию базовых умений по предмету.

Для написания эссе, рефератов, исследовательских работ учащиеся используют справочники, которые составляют исходя из Интернет-ресурсов. Совместно с учителем составляется глоссарий по той или иной

тематике.

Для формирования навыков грамотного письма учащиеся работают с текстом учебника, составляют план. Планы могут быть краткими, развернутыми, информативными.

На уроках истории можно применять различные методы, например, метод проблемного обучения (работа со словом; словарные диктанты; сочинения-миниатюры; составление словариков).

Хочу привести пример из опыта работы известного советского педагога С.Н.Лысенковой, которая сформулировала основные постулаты методики опережающего обучения.

Опережающее обучение — вид обучения, при котором краткие основы темы даются преподавателем до того, как начнется изучение её по программе. Краткие основы могут даваться как тезисы при рассмотрении смежной тематики, так и представлять собой ненавязчивые упоминания, примеры, ассоциации. Предполагается, что опережающее обучение эффективно при изучении темы, трудной для восприятия. Опережающее обучение подразумевает развитие мышления учащихся, опережающее их возрастные возможности.

Основами опережающего обучения согласно теории С.Н.Лысенковой являются:

1. Комментируемое управление, как возможность налаживания обратной связи учитель — ученик, экономии времени на уроке, воспитание самостоятельности, внимание, умение сосредотачиваться.

2. Опоры: большие опоры — схемы, малые опоры — карточки. Схема — опора мысли ученика, опора его практической деятельности, связующие звено между учителем и учеником. Опорные схемы — это оформленные в виде чертежа, рисунка выводы, которые рождаются в момент объяснения. Они позволяют включить каждого ученика в активную деятельность на всех уроках, довести представления по изучаемой теме до формирования понятий, устойчивых навыков.

В своей статье «Когда легко учиться» она приводит пример использования приема комментированного управления. Она делится своим опытом, как ей удалось «активизировать учение ребят, включить каждого в работу с помощью комментированного управления... Деятельностью класса на уроке руководит не только учитель, но и ученики. Сначала сильный ученик (а потом и другие учащиеся) говорит

всё, что он делает по заданию учителя от начала до конца, и ведет за собой остальных» [1].

На своих уроках для побуждения к деятельности учащихся я применяю метод «с полуслова». Учитель начинает говорить предложение, но, не завершая его, дает возможность учащимся самим сказать ключевое слово, которое заканчивает мысль. Этот прием является активным катализатором логического мышления и побудителем к разговорной речи. Этот прием должен идти параллельно с методом конспектирования.

Как известно, инженер должен уметь чертить, врач — выписывать рецепты, музыкант — читать ноты, а студент — конспектировать. Часть людей пишет конспекты от руки, а другие — печатают. Печатать гораздо быстрее, чем писать от руки. Напечатать за то же время можно примерно в два раза больше информации. Исходя из этого, электронная версия конспекта может быть информативнее, плюс создать её можно быстрее.

Приведу пример из опыта Принстонского университета. Это частный исследовательский университет, один из старейших и известнейших университетов в США. Находится в городе Принстон, штат Нью-Джерси. Университет является одним из восьми университетов Лиги плюща и одним из девяти колониальных колледжей, основанных до Американской революции.

Согласно исследованию Принстонского университета конспекты, написанные от руки, гораздо эффективнее в контексте обучения и запоминания информации. В рамках этого исследования студентов разделили на две группы. Одна конспектировала лекции от руки, другая — на ноутбуках. Через некоторое время студенты написали тест по материалам лекции и те, кто писал от руки, в среднем набрали в два раза больше баллов, чем другая группа.

Одна из причин такого эффекта — временное ограничение. Так как конспектирование от руки занимает больше времени и просто физически есть возможность записать лишь часть информации, при ведении такого конспекта приходится мысленно структурировать и анализировать материал ещё до его записи. И это значительно улучшает запоминание [2].

Среди разнообразных направлений новых педагогических технологий наиболее популярными в Казахстане и универсальными являются - метод проектов, игровые технологии, технология

опережающих заданий, ИКТ, технология «Развитие критического мышления через чтение и письмо», проектная технология.

Эффективным средством развития творческих способностей обучаемых, вне зависимости от возрастной категории, могут служить различные игровые ситуации. Играя, мы ставим перед собой творческие задачи, в решении которых нам помогут глубокие знания, разнообразные умения и навыки, выдумка, воображение, фантазия. Игры могут побуждать обучаемых к высказыванию оригинальных идей и принятия нестандартных решений. Односторонний взгляд на игру только как на средство обучения и воспитания приводит к ограниченной оценке ее влияния на будущее человека. Не учитывается то замечательное воздействие, которое она оказывает на оптимистическое мироощущение молодого поколения в сегодняшнем дне.

Эта форма деятельности предоставляет возможность общаться, проявляя при этом те качества, которые не доступны в повседневной студенческой или школьной жизни. Общение учащихся в игровых ситуациях дает им ощущение реальности, вносит иронию, шутку, юмор, снимает напряжение, однообразие, усиливает мотивацию к учебной деятельности. При этом в игре мотивация приобретает целый комплекс познавательных, эстетических, нравственных, социальных побуждений, требующих от участников принятия конкретных решений. Следует лишь четко учитывать возрастные особенности обучаемых при составлении и использовании дидактических, деловых, интеллектуальных игр на занятии.

Технология «Развитие критического мышления через чтение и письмо», а именно прием работы с кластерами и упражнения на ассоциативный ряд позволяют на занятии включаться в работу и слабоуспевающим инертным обучаемым, а проработка кластеров (информационных листов) учит их сопоставлять, рассуждать, делать выводы.

Технология опережающих заданий способствует самостоятельному добыванию учащимися знаний, умению работать с информационными источниками, отбором наиболее значимой информации, что не может не сказываться положительно в целом на учебном процессе. Особенно это актуально для высших учебных заведений, где студенты уже на достаточно высоком уровне должны проявлять самостоятельность и грамотность при отборе материала для занятий. Если эта технология не

применялась в школе, то в студенческой жизни сложно будет выполнять на качественном уровне задания опережающего характера. Поэтому школам следует данной технологии уделять более пристальное внимание и использовать ее системно.

В процессе выполнения творческих проектов прямым и главным результатом целенаправленной проектной деятельности является изменение самого субъекта. Обучаемый из потребителя превращается в творца и создателя.

Именно технология проектного обучения позволяет выходить за рамки предметных программ, дает максимальное развитие мышлению, речи, воображению. Эта технология прекрасно сочетается с групповой формой работы, что позволяет решать на занятии еще и ряд воспитательных моментов. Чувство коллективизма, сопереживания, сочувствия, сплоченности являются западающими звеньями у современной молодежи. Возможность совместными усилиями выполнять интеллектуальный труд безусловно сплачивает и укрепляет чувство уважения друг к другу [3].

Необходимо изучить идеи казахстанских педагогов-новаторов в процессе самообразования учащихся и выработке культуры речи. Задолго до Болонского процесса и обновленного содержания обучения наши отечественные педагоги обосновали важность самостоятельной работы учащихся. Так, например, в педагогических работах М.Ауэзова разработаны основы методики самостоятельной работы учащихся и самообразования. Он считает, что учитель должен научить ребят самостоятельно приобретать знания, работать с книгой, газетой, устно и письменно излагать свои мысли, делать правильные выводы и обобщения. Для этого нужно применять такие методы обучения, которые давали бы навыки самостоятельно приобретать знания, самостоятельно мыслить [4].

Можно обратиться к опыту Японии, где в учебных заведениях стали распространять методы обучения, которые обеспечивали полную инициативу учащихся (например, «метод проектов», заключающийся в том, что учащийся сам выбирает себе какой-либо проект, а учитель помогает ему реализовать его) [5].

Для того, чтобы достичь целей обучения, можно применить такой метод, как организация «круглого стола». Принцип «круглого стола» приводит к возрастанию активности, увеличению числа

высказываний среди как активных, так и «зжатых» учеников. Ученики имеют возможность непосредственно обсуждать вопросы, высказывать свое мнение. Обращения членов группы друг к другу становятся более частыми и менее скованными, это также способствует формированию благоприятной обстановки для дискуссии и развития взаимопонимания между педагогами и учениками. [6]

В современных реалиях для непрерывного профессионального роста педагога необходимо уделять внимание самообразованию. Учителям нужно ходить на уроки своих коллег, принимать активное участие в школьных семинарах, педсоветах. Только взгляд со стороны позволит учителю критически осмыслить свою компетентность.

Список использованной литературы

1. С.Н.Лысенкова. Когда легко учиться.//
<http://pedagogic.ru/books/item/f00/s00/z0000039/st003.shtml>
2. 6 методов эффективного конспектирования // <https://gb.ru/blog/effektivnoe-konspwktirovanie/>
3. Использование современных педагогических технологий как фактора повышения уровня системы образования Казахстана // <https://articlekz.com/article/28908>
4. Есекешова М.Д., Кочкорбаева Э.Ш. Педагогика: учебное пособие.- Астана: Изд-во КАТУ им. С. Сейфулина, 2016.-199 с. // https://repository.kazatu.kz/jspui/bitstream/123456789/848/1/EsekeshovaMD_P.pdf
5. Педагогика. Педагогическая мысль в Японии <http://www.itmathrepetitor.ru/pedagogika-pedagogicheskaya-mysl-v-yap/>
6. Характеристика основных активных методов обучения <http://school.podvorye.ru/library/thesis.pdf>



«Тарих сабақтарында деректермен жұмыс істеудің әдіс- тәсілдері»

*Жеткизгенова Марзия Тугелбаевна
Ақтау қаласындағы химия-биология бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік мектебі*

Білім беруде тарих сабақтарына қойылатын негізі талаптар – оқушылардың бойында білімге деген құштарлығын қалыптастыру, тарихқа қызығушылығын ояту, өздігінен ізденуге ынталандыру, тарихи ойлау дағдыларын дамытуға бағыттау.

Түрлі тарихи деректермен жұмыс жасау тарих курсын мектепте оқытудағы негізгі талаптардың бірі. Сабақта тарихи деректерді кеңінен қолдану бірқатар міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Яғни білім алушылардың толыққанды тарихи білімін қалыптастыру, оны нақтылау және тереңдету, зерттеліп отырған сұрақтарды бейнелеу, теориялық идеяларды дәлелдеу, тарихи сана мен тарихи ойлау қабілеттерін дамыту.

Деректермен жұмыс тарихқа деген қызығушылықты қалыптастырып, оқушылардың жас ерекшеліктері мен дайындық деңгейін, ойлау қабілеттерін ескере отырып оқыту үдерісін даралауға мүмкіндік береді, оқушыларды материалды талдауға және өзіндік тұжырым жасауға үйретеді [1.3].

Тарихи деректерді пайдалану мұғалімге сабақта жаңа тақырыпты зерделеу барысында оқушылардың дербестігін дамытуға мүмкіндік береді. Оқушы қажетті ақпаратты алып, оны талдауға өзі үйренеді. Мұғалім осы аталған әдістердің көмегімен оқушыға тарихи оқиғалардың дүниетанымдық проблемаларын өздігінен айыра білуге көмектеседі, оған жалпыға ортақ қабылданған тарихи стандарттарды «күштеп оқытпайды», зерттеліп отырған материалды ұғынып, қажетті тұжырымдарды өздігінен жасауға жәрдемдеседі [2.53].

Оқушылардың тарихи дерекпен жұмыс істеуі олардың жас ерекшеліктері мен танымдық мүмкіндіктерін, сондай-ақ дайындық деңгейін ескере отырып, біртіндеп күрделене береді.

- 5-6-сыныптарда баяндаушылық және суреттеу сипатындағы ең қарапайым материал пайдаланылады;
- 7-8-сыныптарда талдауға салынатын шаруашылық және заң құжаттарының саны көбейеді;
- 9-10-сыныптарда саяси, бағдарламалық құжаттар кеңінен қолданылады.

Осы орайда тарихи деректермен жұмыс істеудің бірнеше әдіс-тәсілдері төменде ұсынылған.

№ 1 үлгі. Жазбаша құжатты талдауға арналған аналитикалық жұмыс парағы

1. ҚҰЖАТ ТҮРІ (бірін таңдаңыз):	<ul style="list-style-type: none">○ •Үнпарақ○ •Хат○ •Карта○ •Патент○ •Телеграмма○ •Баспасөз хабарламасы○ •Жарнама○ •Санақ есебі○ •Меморандум○ •Басқа
2. ҚҰЖАТТЫҢ ЖАЗЫЛҒАН МЕРЗІМІ	<div></div>
3. ҚҰЖАТ АВТОРЫ	<div></div>

4.	<p>ҚҰЖАТ ҚАЙ АУДИТОРИЯ ҮШІН ЖАЗЫЛҒАН?</p> <div style="border: 1px solid black; height: 40px; margin-top: 10px;"></div>
5.	<p>ҚҰЖАТ АҚПАРАТЫ (А-Е жауап беруге түрлі жолдар бар)</p> <p>А. Автор баяндаған мәселелердің ішінен маңызды деген үш нәрсені тізіп жазыңыз.</p> <p>В. Бұл құжат неліктен жазылған деп ойлайсыз?</p> <p>С. Құжаттың неліктен жазылғандығын білдіретін қандай дәлелдер бар? Құжаттан цитаталар келтіріңіз.</p> <p>Д. Бұл құжатты талдай отырып оның жазылған кезеңінің екі ерекшелігін анықтаңыз.</p> <p>Е. Құжатқа қатысты қосыымша туындаған сұрағыңызды авторға жазыңыз</p>

№2 үлгі. Суретті талдауға арналған аналитикалық жұмыс парағы

1-қадам.БАҚЫЛАУ			
А.	Суретті 2 минут ішінде зерттеңіз. Суреттен алған жалпы әсерді сипаттаңыз, содан соң оның жеке элементтерін зерттеңіз. Суретті жеке бөліктерге бөліп, оның әр элементін зерттеңіз		
В.	Суреттегі адамдар, нысандар және іс-әрекеттерді анықтау үшін төмендегі кестені қолданыңыз		
	Адамдар	Нысандар	Іс-әрекеттер
2-қадам. ҚОРЫТЫНДЫ			
	Өз бақылауларыңыздың негізінде негізгі үш нәрсені көрсете отырып, суреттен қорытынды шығарыңыз		
	<div style="border: 1px solid black; height: 30px; width: 100%;"></div>		
3-қадам. СҰРАҚТАР			
А.	Бұл сурет бойынша қандай сұрақтар туындайды?		
	<div style="border: 1px solid black; height: 30px; width: 100%;"></div>		
В.	Оларға жауаптарды қайдан таба аласыздар?		
	<div style="border: 1px solid black; height: 30px; width: 100%;"></div>		

№ 3 үлгі. Артефактты талдауға арналған аналитикалық жұмыс парағы

1	<p>АРТЕФАКТ ТҮРІ</p> <p>Артефакттың қандай материалдан жасалғанын сипаттаңыз: сүйек, керамика, металл, ағаш, тас, былғары, шыны, қағаз, картон, мақта, пластик, басқа материал</p>
---	---

	<div></div>
2	АРТЕФАКТТЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ <div></div>
3	АРТЕФАКТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ <p>A. Ол не үшін қолданылған болуы мүмкін?</p> <div></div> <p>B. Оны кім қолданған болуы мүмкін?</p> <div></div> <p>C. Ол қайда қолданылған болуы мүмкін?</p> <div></div> <p>D. Ол қашан қолданылған болуы мүмкін?</p> <div></div>
4	АРТЕФАКТ БІЗГЕ ҚАНДАЙ АҚПАРАТ БЕРЕДІ? <p>Ол бізге жасалған және қолданылған уақыттағы технология туралы не айтады?</p> <div></div> <p>Ол бізге жасаған және қолданған адамдар өмірі мен уақыты туралы не айтады?</p> <div></div> <p>Сен бүгін бұған ұқсас затты атай аласың ба?</p> <div></div>

**№ 4 үлгі . Дыбыстық жазбаны талдауға арналған
аналитикалық жұмыс парағы**

1- қадам. АЛДЫН АЛА ТЫҢДАУ

А	Бұл жазбадан кімнің дауыстарын естисіңдер? <div></div>
В	Жазба мерзімі қайсысы? <div></div> Жазба қайда жасалған? <div></div>
С	

2- қад ам. ТЫҢДАУ

А	Дыбыс жазба түрі (біреуін таңдаңыз): <ul style="list-style-type: none"> • сөз сөйлеу • бағдарламалық сөз • БАҚ ақпараты • сұхбат • сайлау алдындағы сөйлеу • баспасөз конференциясы ○ 	<ul style="list-style-type: none"> • топтық талқы • панельді талқы • сот отырысындағы куәлар сөзі • музыкалық шығарманың • орындалуы • басқа
В	Жазбаның ерекшеліктері: <ul style="list-style-type: none"> • музыка • тікелей эфир жазбасы • баяндаушылық 	<ul style="list-style-type: none"> • БАҚ-ғы ақпарат • арнайы дыбыс әсері • арттағы дыбыстар
С	Бұл жазбаның көңіл-күйі немесе тоны қандай?	

3- қад ам. KEYIHIГI ТЫҢДАУ (немесе қайталап тыңдау)

А	<p>Бұл дыбыс жазбасындағы маңызды деп ойлайтын үш нәрсені тізіп жазыңыз:</p> <p>1. <input type="text"/></p> <p>2. <input type="text"/></p> <p>3. <input type="text"/></p>
D	<p>Бұл дыбыс жазбасы сізге жазылған кезеңнің өмірі туралы қандай мәлімет береді? Негізгі екі ерекшелікті анықтаңыз</p> <p>1. <input type="text"/></p> <p>2. <input type="text"/></p>
E.	<p>Дыбыс жазбасына қатысты қандай сұрақтарыңыз бар?</p>
F.	<p>Берілген тарихи оқиғаға қатысты дыбыс жазбасынан жазба транскриптіңде жеткізілмеген қандай ақпарат алдыңыз? Жауабыңызды нақтылаңыз</p> <div style="border: 1px solid black; height: 40px; width: 100%;"></div>

№ 5 үлгі. Картаны талдауға арналған аналитикалық жұмыс парағы

1	<p>КАРТА ТҮРІ (біреуін белгілеңіз):</p> <ul style="list-style-type: none"> ○•Дүниежүзілік саяси карта ○•Материктік карта ○•Мемлекет картасы ○•Әкімшілік бірлік картасы <p>Мазмұны бойынша</p> <ul style="list-style-type: none"> ○ •шолу
---	---

	<input type="radio"/> •жалпылама <input type="radio"/> •тақырыптық
2	КАРТАНЫҢ БІРЕГЕЙ ФИЗИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ <div></div>
3	КАРТАНЫҢ МЕРЗІМІ <div></div>
4	КАРТАНЫҢ ЖАСАУШЫСЫ/АВТОРЫ <div></div>
5	КАРТА ҚАЙДА ЖАСАЛҒАН? <div></div>
6	<p>КАРТАНЫҢ АҚПАРАТЫ</p> <p>А. Өз бақылауларыңыздың негізінде маңызды деп санайтын үш нәрсені көрсете отырып, карта бойынша қорытынды жасаңыз</p> <p>1 . _____</p> <p>2 . _____ 3</p> <p>. _____</p> <p>В. Бұл карта неге жасалған деп ойлайсыз?</p> <p>С. Оның жасалған себебін көрсететін картадағы қандай белгілер дәлел бола алады?</p> <p>Д. Бұл карта тарихи оқиғаның мазмұнына қандай ақпарат қосады?</p> <p>Е. Бұл картадағы ақпарат сіздің білетініңізге сай ма, әлде қарама-қайшы келе ме? Жауабыңызды түсіндіріңіз.</p>

	Ғ. Картаға қатысты қосымша туындаған сұрағыңызды авторға жазыңыз
--	--

№ 6 үлгі. Кинофильмді талдауға арналған аналитикалық жұмыс парағы

1- қадам. АЛДЫН АЛА КӨРУ									
А	Фильм атауы <input style="width: 450px;" type="text"/>								
В	Бұл кинофильмнен не көремін деп ойлайсыз? Фильм атауына негізделіп, көремін деп күтетін үш түсінік немесе идеяны және адамдарды тізіп жазыңыз								
	<table border="1" style="width: 100%;"> <tr> <th style="width: 50%;">Түсінік/Идея</th> <th style="width: 50%;">Адамдар</th> </tr> <tr> <td>1. <input style="width: 90%;" type="text"/></td> <td>1. <input style="width: 90%;" type="text"/></td> </tr> <tr> <td>2. <input style="width: 90%;" type="text"/></td> <td>2. <input style="width: 90%;" type="text"/></td> </tr> <tr> <td>3. <input style="width: 90%;" type="text"/></td> <td>3. <input style="width: 90%;" type="text"/></td> </tr> </table>	Түсінік/Идея	Адамдар	1. <input style="width: 90%;" type="text"/>	1. <input style="width: 90%;" type="text"/>	2. <input style="width: 90%;" type="text"/>	2. <input style="width: 90%;" type="text"/>	3. <input style="width: 90%;" type="text"/>	3. <input style="width: 90%;" type="text"/>
	Түсінік/Идея	Адамдар							
	1. <input style="width: 90%;" type="text"/>	1. <input style="width: 90%;" type="text"/>							
	2. <input style="width: 90%;" type="text"/>	2. <input style="width: 90%;" type="text"/>							
3. <input style="width: 90%;" type="text"/>	3. <input style="width: 90%;" type="text"/>								
А Кинофильм түрі (қажеттісін белгілеңіз):									
<table border="1" style="width: 100%;"> <tr> <td style="width: 50%; vertical-align: top;"> <input type="radio"/> Анимациялық мультфильм <input type="radio"/> Деректі фильм <input type="radio"/> Кинохабар <input type="radio"/> Насихаттау фильмі </td> <td style="width: 50%; vertical-align: top;"> <input type="radio"/> Театрлық қысқаметражды фильм <input type="radio"/> Оқыту фильмі <input type="radio"/> Соғыс фильмі <input type="radio"/> Басқа </td> </tr> </table>		<input type="radio"/> Анимациялық мультфильм <input type="radio"/> Деректі фильм <input type="radio"/> Кинохабар <input type="radio"/> Насихаттау фильмі	<input type="radio"/> Театрлық қысқаметражды фильм <input type="radio"/> Оқыту фильмі <input type="radio"/> Соғыс фильмі <input type="radio"/> Басқа						
<input type="radio"/> Анимациялық мультфильм <input type="radio"/> Деректі фильм <input type="radio"/> Кинохабар <input type="radio"/> Насихаттау фильмі	<input type="radio"/> Театрлық қысқаметражды фильм <input type="radio"/> Оқыту фильмі <input type="radio"/> Соғыс фильмі <input type="radio"/> Басқа								
В	Кинофильмнің физикалық қасиеттері (қажеттісі н белгілеңіз):								
	<table border="1" style="width: 100%;"> <tr> <td style="width: 50%; vertical-align: top;"> <input type="radio"/> Музыка <input type="radio"/> Баяндаушылық <input type="radio"/> Арнайы әсерлер <input type="radio"/> Түс </td> <td style="width: 50%; vertical-align: top;"> <input type="radio"/> Жанды әрекет <input type="radio"/> Артқы шу <input type="radio"/> Анимация <input type="radio"/> Қойылымдар </td> </tr> </table>	<input type="radio"/> Музыка <input type="radio"/> Баяндаушылық <input type="radio"/> Арнайы әсерлер <input type="radio"/> Түс	<input type="radio"/> Жанды әрекет <input type="radio"/> Артқы шу <input type="radio"/> Анимация <input type="radio"/> Қойылымдар						
<input type="radio"/> Музыка <input type="radio"/> Баяндаушылық <input type="radio"/> Арнайы әсерлер <input type="radio"/> Түс	<input type="radio"/> Жанды әрекет <input type="radio"/> Артқы шу <input type="radio"/> Анимация <input type="radio"/> Қойылымдар								
С	Бұл фильмде камера бұрыштары, жарық, музыка, баяндау және/немесе өңдеу атмосфера жасауға қалай үлес қосатынын байқаңыздар. Фильмнің көңіл-күйі немесе тоны қандай? <input style="width: 650px;" type="text"/>								

3- қадам. КЕЙІНГІ КӨРУ (немесе қайталап көру)	
А	Кинофильмді көргеннен соң алдын ала көру жаттығуында тізген және фильмде көрген заттарды белгілеңіз <input type="text"/>
В	Кинофильмнің басты идеясы не? <input type="text"/>
С	Фильмнің идеясын жеткізудегі нәтижелілігін қарастырыңыз. Қарым-қатынас құралы ретінде оның мықты және әлсіз тұстары қандай? <input type="text"/>
Д	Бұл фильм көрермен көзқарасы немесе эмоциясына сай келе ма? Ол сізді қандай сезімге бөледі? <input type="text"/>
Е	Бұл кинофильм сізге түсірілген кезеңнің өмірі туралы қандай <input type="text"/> <input type="text"/> мәлімет береді? Негізгі екі ерекшелікті анықтаңыз 1. 2.
Г	Кинофильмге қатысты қосымша туындаған сұрағыңызды авторға жазыңыз.
Н	Бұл оқиға туралы жазба ресурсында көрсетілмеген қандай ақпарат алдыңыз? Жауабыңызды нақтылаңыз

Қорытынды

Қазіргі таңда мұғалімдерге оқушылардың тарихи ойлау дағдыларын, тарихи түсініктері мен сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытуға жәрдемдесетін белсенді оқыту әдістерін кеңінен қолдану талабы қойылады.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, сабақ үстінде тарихи деректермен жұмысты тиімді түрде ұйымдастыру оқушылардың жоғары деңгейде ойлау қабілеттерінің дамуына ықпалын тигізеді.

Тарихи деректерді зерделеу оқушыға тарихи кезеңдерге тереңірек үңілуге, олардың ерекшеліктерін айқын көруге, сол кезеңде өмір сүрген адамдардың ойларына, сезімдеріне жақын болуға және түсінуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, деректермен жұмыс жасау дағдыларын меңгерген оқушы өз бетімен еңбектеніп, терең білім алуға қабілетті, алған білімін практикада қолдана білетін, саналы, жауапкершілігі жоғары адам болып қалыптасады. Ал оқушылар бойындағы қалыптасқан дағдылар өз кезегінде танымдық іс-әрекетте оқушыға белсенді түрде көмек көрсетеді және тарихты зерделеудегі жаңа оқу сатысына жетелейді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Тарих сабақтарында деректермен жұмыс істеудің кейбір әдіс-тәсілдері/әдістемелік құрал, 2014 - 40 б.
2. Ойлаудың жоғары деңгей дағдыларын дамытатын тапсырмалар: көмекші құрал/Альтаева Ш.К. Нұр-Сұлтан:НЗМ ДББҰ, 2020-72 б.



«Эффективность обучения на уроках истории в рамках обновленной системы образования»

*Джамекова Мунажат Жуламановна
г. Актау КГУ «Общеобразовательная школа № 9»
учитель истории*

Одной из основных задач государственной программы развития образования в Республике Казахстан является воспитание казахстанского патриотизма, толерантности, высокой культуры, уважения прав и свобод человека.

Достижение суверенитета нашей страны на сегодняшний день создало условия для роста национального мировосприятия народов.

Чтобы занять место в мировом образовательном пространстве, мы обязательно должны воспитывать сознательное всесторонне развитое поколение. Как отметил великий гений Абу Насир аль Фараби, «чтобы наши действия были правильными, мы должны определить, каким должен быть наш путь к этому».

Обогащение познавательного отношения учащихся совершенствование умственных способностей, формирование самостоятельного мышления и жизненной позиции зависит от мастерства учителя, его творческих способностей. Используя стратегию критического мышления в процессе урока, можно добиться следующих результатов:

1. Повышение активности учащихся.
2. Развитие творческих способностей.
3. Выявление талантов учащихся.

Только личность способна расценивать свое отношение к Родине как внутреннее, трепетное чувство. Поэтому патриотизм также понимается как важнейшее духовное благо, характеризующее высокий уровень развития личности.

Воспитание патриотизма подрастающего поколения- это системное развитие личности, страны, ее культуры через осмысление сущности и целей организации общественной жизни, в которых в полной мере проявляются особенности социума, социальной психологии населения. Патриотизм обязательно отражает высокую социальную активность

личности, поскольку сам по себе является высоким импульсом для достижения успехов в труде, служения обществу, народу.

Таким образом, казахстанский патриотизм присущ всем казахстанцам. Потому что общая Родина, общая история, общие традиции, общий казахский язык. Представители других национальностей должны знать казахский язык. Когда мы говорим, что родина - это начало огня, важно знать достопримечательности, историю, знаменательные события, жизненные пути выдающихся людей нашей родной области, города. Чувство высокого патриотизма у граждан необходимо не только сегодня, но и завтра, и в будущем.

Основная цель современного образования-дать ребенку детальное, основательное образование, развить мышление и научиться работать самостоятельно. В проекте Концепции развития образования Республики Казахстан до 2015 года Н.А.Назарбаевым подчеркивается: основной проблемой современного образования является поиск новых и эффективных методов внедрения инноваций в содержание образования и подготовка будущих специалистов, способных их реализовать.

XXI век-век жесткой конкуренции. Система образования страны ориентируется на мировое образовательное пространство. В законе «Об образовании» Республики Казахстан говорится, что «главная задача системы образования - создание необходимых условий для получения образования, направленных на формирование и профессиональное совершенствование личности на основе достижений практики с национальными и общечеловеческими ценностями, внедрение новых технологий обучения, информатизация образования, выход в международные глобальные коммуникационные сети». В этой связи, основная цель педагогов Республики Казахстан -формирование у молодежи осознанного мышления в соответствии с современным этапом развития общества, творческого, правильного выбора своей профессии, мышления - подготовка личности с высоким потенциалом.

В настоящее время все чаще появляются новые виды педагогических технологий как системный метод планирования, применения и оценки процесса обучения. По словам В. И. Шепеля: «Технология представляет собой понятие искусства, мастерства, квалификации, совокупности действий, направленных на изучение ситуации». В настоящее время существует множество видов инновационных технологий. В частности, модульная технология, критическое мышление, опорно - чертежная

технология, развивающее обучение, проблемное обучение, технология дифференцированного обучения и др.

Для того чтобы история была интересным и увлекательным предметом, необходимо совершенствовать различные методики ее преподавания. Поэтому особое значение в формировании компетенций учащихся по истории имеет трансформация урока. При преподавании урока истории целесообразно использовать большое количество нетрадиционных уроков с использованием элементов инновационных технологий. Остановлюсь на одном из нетрадиционных уроков, которые я провела в классах, где преподаю. В 8 классе урок по истории Казахстана на тему «Культура Казахстана 20-30-х годов» прошел в форме пресс-конференции. В нем я ставила цель расширить кругозор, свободно выражать свои мысли, развивать чувство патриотизма, дополняя знания по теме, умение работать самостоятельно. Урок начинается с комментирования слова пресс-конференции, разделения учащихся на литературоведа, историка, статиста, экономиста, культуролога и корреспондента. Обладатели данной профессии должны четко отвечать на вопросы, задаваемые корреспондентами по теме, приводить данные. Этот вид занятий не только способствует тому, чтобы учащиеся могли свободно выражать свои мысли, но и пробуждает у них интерес к выбору будущей профессии.

В старших классах можно повысить интерес учащегося к предмету, используя больше проблемно-ситуационный метод, дискуссионный подход, трансформируя урок. Для этого в первую очередь необходимо правильно поставить проблему на уроке. Затем учитель спрашивает учеников о своих предложениях для решения проблемного вопроса. Они выражают свое мнение, свои мысли, свое отношение к решению проблемы. Дискуссия-результат поистине вольной мысли. А какова роль, значение дебатов в обучении школьников? Дискуссия формирует у учащихся следующие качества:

1. Всестороннее знание
2. Изобретательность
3. Красноречие
4. Интеллект
5. Критическая мысль
6. Уметь правильно разговаривать с людьми, то есть свободно говорить перед многими

7. Открыто высказывать свое мнение

8. Учит уметь культурно общаться с людьми.

Для повышения компетентности, активности учащихся - также возможно использование технологии обучения через игру. Если занятия проводятся в игровой форме, повышается активность учащихся, растет желание учиться, узнавать больше, соревнуясь друг с другом. Он оказывает большое влияние как на воспитание, так и на учебу. "Будущая личность в первую очередь воспитывается через игру», - не зря говорил А. С. Макаренко. Через игру ребенок постепенно усваивает нравственные качества и развивает психологические способности.

Эффективно используемые на уроке виды игр могут стать надежным помощником в плодотворном, качественном усвоении учащимися объяснительного материала учителя. Ведь младшие школьники очень увлечены игрой из-за возрастных особенностей. Дети быстро освежаются, быстро и с интересом выполняют задания. Игра является главным инструментом в воспитании у детей активности, интереса к учебе, труду. В процессе игры развивается активность, творчество детей. А задача учителя - обеспечить участие детей в игре с их интересом, энтузиазмом. Научно установлена взаимосвязь игры и культуры человека. Определено их значение в развитии личности, широко рассматривается ее согласие с психологическими и социальными факторами. Игровые технологии по-прежнему являются новой инновацией в сфере образования. Понятие педагогическая технология объединяет в педагогическом процессе различные виды педагогической игры широкие группы методов и приемов, специфика которых от общих игр определяется постановкой конкретной цели в обучении и ее учебно-познавательной направленностью в соответствии с заложенным педагогическим результатом. Можно выделить несколько видов игр, которые вы используете в процессе урока. На занятиях у учащихся развиваются навыки, умения, мировоззрение. Даже плохо обучающийся сам с большим интересом, активностью выполняет задания, данные через игру. Помимо развития кругозора и улучшения мышления учащихся, игры оказывают большое влияние на сознательное и твердое усвоение изученных, пройденных тем.

Используя игровые виды, учитель использует различные методы и приемы с целью повышения интереса, внимания учащихся к уроку. Игровые приемы во время занятий можно использовать и на этапах

закрепления, проработки, подведения итогов новой темы.

Цель всех новых технологий- управление индивидуальными и интеллектуальными особенностями личности учащегося при изучении дисциплины, повышение его самостоятельного поиска, формирование его творчества, повышение интереса к предмету. Использование элементов современных инновационных технологий имеет большое значение для предмета истории.

Методы обучения, которые считаются способом организации учебной деятельности учащихся, являются важным фактором усвоения знаний, а также развития личностных качеств и познавательных способностей. При обучении интеллектуально одаренных учащихся эффективно использовать ведущие и основные методы творческого типа - проблемные, исследовательские, эвристические, поисковые, проектные методы в сочетании с индивидуальными и групповыми формами работы. Эти методы обладают большим познавательным потенциалом и соответствуют уровню познавательной активности и интересов одаренных детей. Они очень эффективны в развитии творческого мышления и многих личностных качеств детей (когнитивная мотивация, эмоциональная устойчивость, самостоятельность, уверенность в себе и способность сотрудничать).

Задача современного предмета истории- не только создать человека со зрелым умственным потенциалом, способного вспомнить прошлое, но и сформировать личность, хорошо знающую свое национальное происхождение, способную найти свое место в этом мире. Для воспитания активного гражданина, способного свободно обмениваться мнениями в любой среде, отстаивать свою точку зрения, можно эффективно использовать новые подходы в процессе обучения.

Другими словами, осознанное применение в учебном процессе с использованием накопленной квалификации по новой учебной программе, позволяет обучающимся:

- Понимать требования, предъявляемые образовательной задачи;
- Исследовать индивидуальные мыслительные процессы и принципы их работы;
- Разрабатывать и продумывать стратегии выполнения задач;
- Помогает выбрать стратегии, которые подходят для конкретной задачи.

Для реализации этих четырех пунктов учащиеся должны научиться

читать. Учителя, в свою очередь, должны сосредоточиться не на своем обучении, а на развитии обучаемости учащихся. С этой целью учителю необходимо создать среду обучения, благодаря которой учащиеся будут активно участвовать в учебном процессе, не пассивно воспринимая информацию. Основная идея раздела, в основе которого лежит разговор, заключается в том, что информация передается, но знания и понимание формируются у ученика, а учитель - это душа, которая помогает в этом процессе.

Внесение изменений в соответствии с современными требованиями должно быть главной задачей каждого учителя. На первом очном этапе обучения мы познакомились с методами, с целью внесения изменений в свой педагогический опыт. В частности, семь модулей программы содержат ряд общих рекомендаций методического характера, способствующих успешному применению в школьной практике:

1. Новые подходы к преподаванию и обучению;
2. Обучение критическому мышлению;
3. Оценка для обучения и оценка обучения;
4. Использование информационно-коммуникационных технологий в преподавании и обучении;
5. Обучение талантливых и одаренных детей;
6. Обучение и обучение учащихся в соответствии с возрастными особенностями;
7. Управление и лидерство в обучении;

Одним из новых подходов, включенных в программу, является систематическое размышление учителя о своем опыте и постановка требования к ведению серии последовательных уроков на уровне класса.

Я рационально применила модуль обучения критическому мышлению, составив задачи при объяснении нового урока на основе таксономии Блума.

В ходе выхода на новую тему я использовала возможности информационно-коммуникационных технологий. Я использовала задания, чтобы найти подходящую для учащихся, систематизировать полученные знания. Концептуальную карту мы раньше не использовали на уроках истории. Было обнаружено, что это одно внесенное изменение. Концептуальную карту выполнил учащийся не только сам, но и в группе, совместно. Созданы условия для систематизации вновь полученных сведений с помощью концептуальной карты.

Поскольку структура урока изменилась, изменилась и деятельность учащихся в ходе урока. Дело в том, что теперь ученики стали работать не индивидуально, а в группах, парах. Следуя золотым правилам работы команды, которую они составили, каждый ученик хотел внести свой вклад в работу группы. Между группами возникла конкуренция. Лидеры привыкли регулировать себя, работу команды и слушать мысли других. Учащиеся не только слушали, но и каждый свободно выражал свои мысли в группе.

У учащихся с низкой успеваемостью наблюдались изменения. Интерес к занятиям возрос. Принимали активное участие в занятиях, высказывали свои мысли, вносил свой вклад в работу группы. Большая радость для меня была от того, что некоторые дети с замкнутым характером высказывали свое мнение во время занятий и участвовали в работе группы, слова «учитель я говорю», «я знаю». На предыдущих уроках эти ученики сидели сами с собой, не проявляя интереса к уроку. Теперь плакат активно защищался, а игра передавалась свободно и уверенно. Слабоуспевающие школьники смогли настроиться и привести конкретные доказательства в парном разговоре.

В результате обмена идеями с целью распространения информации и решения проблем в форме диалогического обсуждения, предложенного Александером, учащиеся приобретают навыки аргументации, сравнения и критики. В ходе опроса приводили убедительные доводы и предлагали свои соображения.

Благодаря командной работе я увидела, что некоторые ученики стали более заинтересованными и уверенными в себе. В то время как на первых уроках оценка была сложной задачей, на более поздних уроках ученики научились оценивать правильно и честно.

Что определяет будущее нашей страны, так это образование. Большое значение имеет воспитание подрастающего поколения как обладателя всестороннего образования. На сегодняшний день формируются позитивные предпосылки новой модернизации образования в общеобразовательных школах, выражающиеся в использовании информационно-коммуникационных технологий. В связи с современным течением к учителям предъявляются новые требования для повышения интереса учащихся к образованию. Поэтому разрабатываются и внедряются в школьную практику различные технологии обучения. В результате всестороннего поиска растет как

количество, так и качество новых педагогических технологий в сфере образования. Немецкий педагог А. Дистерверг в своей знаменитой работе "Руководство образовательным делом немецких учителей» сказал: "Плохой учитель сам рассказывает правду, а хороший учитель ведет ученика к поиску правды, учит думать".

Список использованной литературы:

1. Р.И. Ивановский. Информационные технологии в образовании. - М., 2013.
2. И.Г. Захарова. Интернет в гуманитарном образовании. – М.:, 2012.
3. Д.Ш. Матроса. Интерактивное образование. "Электронная газета". № 12-13, октябрь 2012.
4. Е.С. Полат. Как реализовать компетентностный подход в обучении. "Преподавание истории и обществознания в школе". – 2013. - №3.



«Ұлттық құндылықтың бірі – бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу»

*Нуржанова Айшагул Мейрхановна
Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы
Ақшымырау ауылы, «Тобанияз атындағы жалпы
білім беретін мектеп» КММ-нің тарих пәні мұғалімі*

Ұрпақ саулығы, тәрбиесі – еліміздің қашаннан бергі ұлы мұратына айналған. «Адам ұрпағымен мың жасайды» демекші, барлығымыздың ең ұлы мақсатымыз – жас ұрпақтың дұрыс тәлім-тәрбиесі мен кемел келешегін қалыптастыру. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген еді Мұхтар Әуезов. Бесіктен берілген тәлім, ананың ақ сүтімен, әуезді әлдиімен дарыған қадір-қасиет, өсе келе балабақшада берілетін тәртіппен тәрбие, кейін «алтын ұя» мектептен сіңірілген білім – баланың бойында ғұмыр бойы сақталатындығына еш күмәнім жоқ. Қоғам өзгерген сайын заман да өзгереді. Қазіргі білімнің қарыштап дамыған - жаһандану заманында ғылым мен техникадағы тың жаңалықтар қоғамға да үлкен өзгеріс әкеліп отыр. Осынау жаңару дәуірінде білім беру мен тәрбиелеу, оқыту жүйесінде де көптеген өзгерістер орын алуда. Әрине, бұл үрдіс педагогтарға қойылатын талаптардың да күшейгендігін дәлелдейді. Қазіргі қоғамның, педагогтардың басты міндеті – жан-жақты дамыған, түрлі техникаларды меңгерген, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу болып отыр. Ұлттық құндылықтардың бірі – бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу болса, бұл мәселе жайлы ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы: «Баланы ұлша тәрбиелесең – ұл, құлша тәрбиелесең – құл болмақшы» - дейді. Бүгінгі бала – ертеңгі ел азаматы. Демек, ағартушы ғалымның келтірген ұлағатты ойымен санасар болсақ, ұлт болашағы – ұрпақ тәрбиесінің мемлекетіміз үшін қашан да маңызы зор.

Білімнің қалыптасуы адамзат қоғамының пайда болған дәуірінен бастау алады. Себебі, адам сол сәттен-ақ, табиғаттың әртүрлі құбылыстарына қарай бейімделіп, өзінің қажеттіліктерін өтеу мақсатында өмір сүру дағдыларын үйрене бастады. Олар жақсы мен жаманды ажыратып, өзіне керек нәрселерді тани білді, табиғаттан өз қорегін тауып алып, бертін келе әртүрлі құралдарды жасап үйреніп, өз қажеттілігіне жарата білді. Міне, осылайша білім пайда болды. Білім мен тәрбие деген ұлы ұғымдар сонау ғасырлардан бастау алып, күні бүгінге

дейін үздіксіз дамып келеді. Адамзат қоғамы әртүрлі ғасырлар, дәуірлерді артқа тастап, білім мен тәрбиенің, мәдениеттің қарқынды дамуының нәтижесінде бүгінгі – жаһандану дәуіріне аяқ басты. Демек, біз айтып отырған «жаһандану дәуірінің» басты талабы – бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу. Әрине, бұл іс – тікелей педагог мамандардың күзіретінде. Ендеше, «ол қалай жүзеге аспақ?» деген сауалға тоқталайықшы...

Бір ғана «Абай жолы» арқылы қазақты әлемге танытқан ұлы жазушы, ағартушы ғалым – Мұхтар Әуезовтың мына бір сөзіне тоқтала кетуді жөн көріп отырмын. Білім беру мен тәрбиелеу саласына қатысты Әуезов өзінің «Қайсысын қолданамыз?» деген мақаласында тұшымды ой айтқан. Жазушы мақаласында «Жұрт оянып, көзін ашып, жұрттыққа бетін түзесе, күннен күнге мұқтажы табылып, көбеймек. Осы күнгі біздің көп мұқажымыздың ішінде ең ірісі – ғылым. Рас, мұны ұқтық, Құдайға шүкір, бетіміз жаман емес. Азды-көпті білімін халқының жолына салып, соның бақытын арман қылмай жүрген оқыған қазақ аз. Бірақ қай істің болсын, өнуіне үш түрлі шарт бар: ең әуелі ниет керек, одан соң күш керек, одан соң тәртіп керек. Қазіргі біздің жұмылып қолға алалық деп тұрған ісіміз – оқу. Бұл оқу туралы әлгі айтқан үш шарттың алғашқы екеуін бізде бар деуге болады, бірақ үшіншісі жоқ. Мұсылман медреселерін бітірген мұғалімдерді, семинария бітірген учительдерді алсақ, бәрінде де бірінші, қазақ баласына білім білдірсем деген ниет бар; екінші қолынан келетін күш бар, бірақ мақсатты жерден шығаратын тәптіп жоқ»[1] - дейді. Рас, талай қазақ зиялылары халықтың көзін ашамын деп ағарту ісінде көп еңбектенді, ниет етті, сол іске бар күш-жігерін салды. Әрине, нәтижесіз дей алмаймыз. Дегенмен, Әуезов аталмыш мақалада бұл іске ерекше тоқталып, мәселенің түп-төркінін әріден іздейді және мәселенің себебін дөп басып тапқан. Жазушы жоғарыда айтылған мақалада «Қай мектептің болсын, жаны – оқу құралы. Ғылым жолында талай басқышқа мініп кеткен өзге жұрттарды алсақ, бәрі де жылдан жылға оқу кітаптарын жаңғыртып, бір жақсыдан бір жақсысын таңдап отырады. Сөйтіп, оқу кітаптары ылғи жазылып, жаңару одан бір босамайды. Қазаққа келсек, мектепке арналған ретті бір кітап жоқ. Себебі, мұны ниет қылған талапкерлердің алдынан көлденең шығатын бір зор кедергі барлығы. Ол – ғылым тілі» - деген екен. Сонау Әуезовтың заманында-ақ өзекті боп саналған оқу құралының мәселесі бүгінде сол қалпы өзектілігін жойған жоқ. Қазіргі оқу құралдарын кейде

оқушы, кейде оларға тапсырма орындауға қол ұшын созуға ұмтылған ата-ана да түсінбей жатады. Демек, білім саласындағы үлкен бір міндет – жүйелі, түсінікті оқу құралы мәселесі. Біз оқушыларға жүйелі білім беретін, адамгершілікке тәрбиелейтін, түсінікті, тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін сапалы оқу құралы қолданысқа енген кезде ғана сапалы білімге қол жеткіземіз.

Екіншісі – тәрбиеленушіден бұрын, тәрбиелеушіні дамыту, яғни білім мен тәрбиенің қайнар бұлағы – педагогтардың құзіреттілігін арттыру. «Әлемнің екінші ұстазы» атанған Әбу Насыр әл-Фараби өзінің философиялық трактаттарында: «Үйрету дегеніміз – халықтар мен қалаларға теориялық ізгіліктерді дарыту деген сөз. Тәрбиелеу дегеніміз – халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту. Үйрету тек сөзбен іске асырылады, ал тәрбиелеу кезінде халықтар мен қалалықтарға білімге негізделген қасиеттерден туатын іс-әрекет жасау дағдысы сіңіріледі, олар осындай іс-әрекетке жігерлендіріледі, осы әрекетті жасау тілегі оянып, осы қасиеттер адамның жан дүниесін баурап алатындай және осыған жан-тәнімен құштар ететіндей болуы көзделеді» [2]- деп жазды. Ұлы философтың осы бір тұжырымдамасының өзі педагог мамандардың негізгі құзіреттілігін сипаттап тұрғандай. Осы тұрғыда «құзіреттілік» сөзіне анықтама бере кетейін, Ресей ғалымы Н.Кузьмина құзіреттілік турасында бұл қасиетті педагогтың өзге тұлғаның дамуына негіз бола алуы деп түсіндірсе, Ш.Таубаева құзіреттілікті «педагогтың оқыту мен әлеуметтану барысында меңгерген білімі мен тәжірибесіне негізделген жалпы қабілеті мен іс-әрекетке даярлығын айқындайтын қасиеті» деп сипаттайды. Қорыта келгенде, аталған ғалымдардың пікіріне сүйене отырып, «кәсіби құзіреттілік» ұғымына – «педагогтың өз мамандығы бойынша білім мен оқыту жүйесінің қыр-сырын толықтай білуі, педагогикалық шеберлігі мен қабілетінің жоғарылығы, оқытудың жаңа технологияларын толықтай меңгергендігі, сондай-ақ, білім беру мен тәрбиелеу ісіндегі жетік тәжірибесі» [3]- деп түсінік беруге болады. Демек, жоғарыда айтылған талаптарға сай келетін маман – кәсіби құзіретті педагог болып табылады. Оны қалай дамытамыз? Педагогтардың құзіреттілігін дамыту – үздіксіз білім алу, тоқтаусыз ізденіс, өзара тәжірибе алмасу және жаңартылған білім беру дағдысын меңгеру арқылы іске аспақ.

Үшінші мәселе – педагогтың білім беру ортасын диагностикалауы.

Білім мен тәрбие – қай кезеңде, қай қоғамда болмасын, аса құнды қасиеттер болып саналады. Ұлы педагог К.Д.Ушинский айтқандай, тәрбиенің ең басты бөлігі – мінезді түзеу болса, адамның мінез-құлқын, психикасын, зейінін зерттей отырып, оны түзеу арқылы білім мен тәрбиелеу ісін жүргізу – педагогтың міндеті болып табылады. Демек, әрбір педагог психолог та бола білуі керек. Мектеп жасындағы балалардың, яғни білім беру ортасын педагогикалық-психологиялық тұрғыдан бақылау мен өлшеу деп отырғанымыз – осы жастағы балалардың танымдық процестерін, зейінін, мәліметтерді қабылдау, есту, түсіну, ойлау, өзінше қорытып, пікір білдіру сияқты т.б. қасиеттерін бақылау және бағалау болып табылады. [3] Бұл педагогтардың негізгі міндеттерінің бірі. Себебі, балаларға осындай педагогика-психологиялық зерттеулер жүргізіп, оларды бақылау, өлшеу арқылы педагог өзінің оқыту, білім беру мен тәрбиелеу ісін жүзеге асыра алады. Яғни, білім беру мен тәрбиелеу ісінде жемісті жұмыс жасау үшін педагогика-психологиялық өлшеу мен бағалаудың (диагностика) маңызы зор екені белгілі. Бұл диагностикада бала зейіні негізгі рөл атқарады. Педагог оқушылардың танымдық процестерін анықтай отырып, оларды қазіргі уақыттағы өз деңгейінен әрі қарай дамыта алады. Бір сөзбен айтқанда, «педагогика» сөзі – тағылым, білім, тәрбие дегенді білдірсе, Совет-хан Ғаббасов «педагогика ғылымдарының негізгі категориялары «Тәрбие – Білім беру және үйрету – Жетілдіру» деп шартты түрде бөлінеді» - деген. Сондай-ақ, ол тәрбие жөнінде былай дейді: «Тәрбие түрлері – Түйсіктік және саналы тәрбие болып екіге бөлінеді. Түйсіктік ақыл мен түйсіктік тәрбие ана құрсағында жүргізіледі. Міне, осы кезеңде, Жанның он екі арналары – түйсік, ұят, сүю, мінез, қабілет, зерде, жігер, ішкі бес сезім ашылуымен қоса, жетіліп, тұрақталады. Ал бала жарық дүниеге келіп – нәресте – балбөбек – сәби – балиғат – кәмелет – кезеңдерінің әрқайсысының өздеріне ғана тән тәрбие тәсілдерімен ержетеді. Бұл екі сатылы методологиядан шығатын екі жүйе – Жүрек тәрбиесі мен Ақыл тәрбиесі – Жеті түрлі негіздері қалыптастыратын жаңа психофизиологиялық түсінікпен сипатталады. [4] Сондай-ақ, ол білім үнемі тәрбиемен қатар жүретінін, тіпті, білімді дұрыс жүргізілген тәрбиенің жалғасы ретінде қарастырған дұрыс екенін айтқан. Жазушының айтуынша, бала дүниеге келе салысымен-ақ, қай мемлекетте, қай елде дүниеге келген болса, сол ұлттың дәстүр-жоралғылары жасалып, бала сол елдің халықтық педагогикасын үйрене

бастайды. Демек, педагогика деп отырғанымыз – тек мектеп жасында ғана берілетін ілім емес, адам дүниеге келісімен-ақ, тіпті, құрсақта жатып-ақ берілетін барлық тәлім-тәрбиенің жиынтығы болып табылады.

Жалпы, адамның қалыптасуына әсер ететін екі фактор – отбасы және қоғам. Осы тұрғыда бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеудегі басты фактор – отбасы тәрбиесіне тоқталуды жөн санап отырмын. Отбасы мәселесіне тоқталар болсақ, бақытты отбасы – бақытты балалық шақтың бірден бір кепілі. Әр отбасы – шағын мемлекет. Сол себепті де әр отбасының өзіндік заң-қағидасы, ішкі және сыртқы саясаты бар. Жанұяның бақыты саналатын бірінші нәрсе – ондағы ынтымақ пен ауызбіршілік. Бір әкенің берген тәлімін мың мектеп бере алмайды. Алаңсыз балалық шақ үшін бізге керегі – толық отбасы. Не анасыз, не әкесіз өскен баланың психологиясы толық отбасыда тәрбиеленген баладай жүйелі қалыптаспайды. Сондықтан, ең бірінші – ата-ана отбасының тыныштығын ойлауы керек. Ата-ана не істесе, бала да соны қайталайды. Жанұядағы тәртіп пен тәрбие мәселесі әкеден бастау алады. Ал ана – мейірім мен махаббаттың символы. Өттең, қазіргі қоғамның олқылықтары міне, осыдан басталады. Алдымен ажырасу мәселесіне тоқталғанды жөн көріп отырмын. Қазіргі таңда белең алып кеткен мәселе осы – ажырасу. Өзіміз көріп отырған ғаламтордағы психолог мамандар «ата-ананың ұрыс-керісінің өзі бала психологиясына кері әсерін туғызып, балалық шақтағы жарақаттың (детский травма) туындауына себепші болады, ал ажырасу – баланың психологиясының бұзылуына дейін әкеліп соқтырады» - деп жатады. Көп жағдайда ажырасқаннан кейін бала ананың қамқорлығына беріледі. Әкесіне жолығып тұру мүмкіндігі берілгенімен, көбіне баласынан хабар алмайтын әкелер көп. Демек, бұл – баланың тірегінен айырылғанын дәлелдейді. Бала әкесіз өссе, біріншіден, жасық, жасқаншақ болуы әбден мүмкін. Екіншіден, тәртіпке бағынбайтын, қыңыр мінез болуы да ғажап емес. Айналып келгенде, ажырасу балалардың «тірі жетім» атануына себепші болмақ. Бала психологиясына әсер ететін бірінші жағдай – ата-ана арасындағы ұрыс-керіс болса, ал екінші мәселе – жанұядағы ұрыс-керіс, яғни бала мен ата-ананың арақатынасы. Қазақ «баланды бес жасқа дейін ханыңдай сыйла, он бес жасқа дейін құлыңдай жұмса, ал он бес жастан кейін досыңдай сырлас» деп бекер айтпаған. Түсінген жанға бұл сөздің астарында үлкен мән-мағына жатыр. Бала бес жасқа дейін ата-анадан тек жылуды сезініп, мейірім мен махаббатқа қанып өсуі керек. Бұл шақты:

«Бақытты, бақытты, қайтарымсыз балалық шақ! Қалай сүймеуге, оның естеліктерін бағаламауға болады? Бұл естеліктер мені сергітеді, жанымды көтереді және мен үшін ең жақсы ләззаттың қайнар көзі болып табылады» [5] - деп баяндайды Л.Толстой өзінің «Балалық шақ» шығармасында. Әрбір ата-ана ұлт болашағын тәрбиелеп отырғанын терең түсінер болса, өз ата-анасына деген махаббаты оянбаған баланың өз Отанына деген сүйіспеншілігінің мүлде болмайтынын ұғынуы қажет. Бес жасқа дейін ананың әлдиін, әженің болмаса ананың тәрбиелік мәні бар ертегілерін тыңдау арқылы баланың өмірге деген көзқарасы қалыптасады. Бесік жырында патриоттық тәрбие, бата-тілек сөздер көп айтылса, шытырманға толы ертегіде тәртіпті, тәрбиелі, арманшыл, мақсатшыл, батыл да батыр, қайырымды, әділетті болып өсуімізге бағыттайтын небір құнды дүниелер айтылады. Сондықтан, ата-аналар балаларға адамгершілік қасиетке бағыттайтын ертегілер, батырлар жырын көбірек айтқаны жөн. Мектеп қабырғасында да мысалы, үлкен тәрбиелік мәні бар – жыраулар поэзиясының өзін тарихи оқиғалармен астастыра отырып, өзінше бөлек пән ретінде оқытылғаны абзал. Бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыру үшін, бала алдымен өзінің туған тілін, әдебиетін, тарихын сүйе білуі керек. Өзінің кім екенін, кімнің ұрпағы екенін, бабаларының қандай рухты, мықты болғанын түсіну керек. Ол үшін төл тарихымызды тереңдетіп оқыту маңызды. Кешегі Орбұлақ шайқасында 500 сарбазымен жаудың 40 мың әскерін оп-оңай жеңген салқам Жәңгір ханның, жау қолынан ерлігі мен ақыл-парасатының арқасында сытылып шығып, хан атанған Абылай (Әбілмансұрдың), тәуелсіздік үшін күресіп, ерекше ерлік көрсеткен Махамбет пен Исатайдың, Кенесарының, қазақтың киелі мекенін ұлан-ғайыр өлкеге айналдырып, халқын бірлік пен ынтымақта, бір ту астына жинай білген хан Қасымның, Хақназардың, әз Тәукенің ерлігі мен өрлігін естіп, санасына сіңірген ұрпақтың бәсекеге қабілетті болмауы екіталай! Міне, тарихтың бізге берері қаншалықты екенін осыдан-ақ көруге болады! Өз тілін, өз тарихын терең түсінген ұрпақтың болашағы да жарқын болмақ. Ендеше, тарихты жалпы пән тұрғысында емес, ерекше етіп, егжей-тегжейлі оқытуды сұранамын. Әдебиет пен тарих қашаннан егіз пәндер. Әдеби туындылардың көпшілігі тарихи шындыққа құралып жазылған. Міне, сонда ғана біздің балаларымыз бәсекеге қабілетті ұрпақ болып қалыптасады. Әрине, тіл үйрену, техниканы меңгеру жақсы, бірақ, рухани кемелденген ұрпақ қашан да еліне, жеріне

адал қызмет етуге даяр тұратынын ұмытпаған абзал. Қазіргі таңда қаншама қазақ балалары түрлі бағдарламамен шет елдерде білім алып, кемелденгенімен, сонда біразы қалып жатыр. Отанына оралып, өз білімін өз елінің игілігіне жаратып жатқандар жоқ емес, дегенмен, аз. Оның себебі неде? Алдымен, балаға білім емес, тәрбие берілетіні секілді, шет тілін үйрету, техниканы меңгерту емес, туған тарихын санасына сіңдіру керек, төл әдебиетін ұқтыру керек. Міне, сонда ғана нағыз патриот тұлғаны өсіреміз. Нағыз патриот болып қалыптасқан ұрпақ өз елінің мақсат-мүдделерін бірінші кезекке қоятын болады. Өз елінің игілігі үшін ештеңеден аянбасы да, кез келген бәйгеде оза шауып, білім бәсекесінде де ешкімнен қалыспасы ақиқат.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Алаш көсемсөзі. 4- том. - Алматы: «Өнер» баспасы, 2010.
2. Әлемдік педагогикалық ой-сана.10-томдық. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2010.
3. Қ.Жарықбаев, О.Сангилбаев/ Жантану атауларының түсіндірме сөздігі/ «Сөздік-Словарь». Алматы, 2006.
4. Ғаббасов С. Педагогика мен психология негіздері. Оқу құралы. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008.
5. Л.Толстой «Балалық шақ», 1852ж.



«Жаңаша оқыту- жетістік көзі. «NEARPOD» платформасы» Коучинг

*Узахбаева Жадыра Жангабайкызы
Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы,
«Ә.Махұтов атындағы мектеп-бөбекжай
кешені» КММ-нің тарих пәні мұғалімі,
педагог-зерттеуші*

ЖОСПАРЫ

Коучинг тақырыбы: Жаңаша оқыту- жетістік көзі

Коучингтің мақсаты мен міндеттері:

- 1) Тарихты оқытудың жаңашыл интерактивті әдістері туралы білімді тереңдету; «NEARPOD» платформасын тиімді қолдануды үйрету
- 2) Жаңашыл-интерактивті әдістер мен технологияларға негізделген оқытуды жоспарлау дағдыларын дамыту;
- 3) Білім сапасын арттырудың негізгі бағыты - әрбір баланы жеке тұлға деп танып біліп, жан-жақты қалыптастыруда талмай іздену мен жаңаша көзқарас қажеттігін сезінуге жетелеу;




Күтілетін нәтиже:

- 1) Тарихты оқытудың жаңашыл интерактивті әдістері біледі және түсінеді;
- 2) тыңдаушылар тарихты оқытудың жаңашыл интерактивті әдістері арқылы оқытуды жоспарлау дағдыларын жетілдіреді;


КОУЧИНГ МАЗМҰНЫ:

Жұмыс кезеңі:	Кезеңнің мазмұны	Қатысушы лардың іс- әрекеті	Ресурстар

<p>Ұйымд астыру кезеңі</p> <p>Амандас у</p> <p>Көңіл-күйді анықтау</p> <p>. Топқа бөлу 7 мин</p>	<p>Көңіл-күйді анықтау. «Оркестр» әдісі арқылы</p> <p>Шульман «үш көмекші» деп, «бас, жүрек, қолды» атаған. Ол осы атаған қасиеттер болған жағдайда ғана оқыту табысты болады джеп есептейді. Мұндай пікірді біздің ұлы ақынымыз А.Құнанбаевтың да сөздерінен кездестіреміз. «Үш -ақ нәрсе ғана адамның қасиеті: Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деп айтқандай жаңа форматты мұғалім үш көмекшіні дұрыс пайдалана білуі керек.</p> <p>Топқа бөлу. «Үш көмекші» Кіру билеті әдісі арқылы; 1 топ Жүрек 2 топ Бас 3 топ Қол</p>	<p>А4 форматтықа ғазды пайдалана отырып, оркестрде әуен ойнайды.</p> <p>Әр қорапқа жасырылған сөздерді сәйкестендір е отырып топқа бөлінеді</p> <div data-bbox="863 987 1091 1196">    </div>	<p>Презентация А4 форматты қағаз</p> <div data-bbox="1134 423 1305 568">  </div> <p>Қорапшалар</p>
<p>Негізгі бөлім</p> <p>10 мин</p>	<p>NEARPOD платформасының ерекшеліктер мен қолдану алгоритмі Тақырыптың түйінді материалдары берілген қысқаша таныстырылым. (Презентация-слайд) NEARPOD</p>	<p>Қатысушыл ар берілген ақпараттарды мұқият тыңдайды қажет тұсын түртіп алады.</p>	<p>(Презентация-слайд)</p> <p>Тақырыпқа қатысты мәтіндер презентация арқылы беріледі</p>

	<p>платформасының ерекшеліктер мен қолдану алгоритмі</p>  		
<p>Бекіту 10 мин</p>	<p>«Кітап сөресі» Ситуациялық сұрақтар</p>	<p>Қатысушылар кітап сөресінен кітап алу арқылы кітаптың ішіне салынған сұрақтарға жауап береді. Сөредегі кітаптар қатысушыларға сыйлық ретінде таратылады.</p>	<p>(Презентация-слайд) Алдын-ала конвертке салып дайындалған тапсырмалар, жасырылған көрнекіліктер</p>
<p>Рефлексия 10 мин</p>	<p>«Дастархан жаю» әдісі</p> 	<p>Әр мұғалім бүгінгі коучиге алған әсерлерімен бөліседі.</p>	<p>Көрнекіліктер, ыдыстар, тәттілер</p>

		Егер коучинг көңілінен шықса дастарханға тәттіге толы ыдысты қояды егер көңілінен шықпаса бос ыдысты қойып дастархан жаяды.	
--	--	--	--



«Тарих сабағында білім алушылардың өмірлік дағдысын қалыптастыру»

*Урлеубаева Гулишат Матухиновна
Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы
«С.Нұр尼亞зұлы атындағы мектеп-интернат»
тарих пәні мұғалімі*

Тарих сабағында білім алушылардың өмірлік дағдысын қалыптастыру.

Адам баласын жан-жақты дамытып және жақсы тәрбиелеу ісін жүзеге асыру әрбір қоғамдағы мемлекеттің басты мақсатының бірі болып табылады. Белгілі педагог К.Д.Ушинский айтқандай: «...мектеп, тәрбиеші және ұстаздар адамның жалғыз ғана тәрбиешілері ғана емес, оның сонша күшті, ал мүмкін әлдеқайда күшті тәрбиешілері табиғат, үйелмен, қоғам, халық...және оның тілі болады» деп жазды.

Жас ұрпақтың өмірлік дағдысын қалыптастыру өте маңызды. Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, өз Отанын сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру болып табылады. Қазіргі таңда тарихшы мұғалімдерге ерекше жауапкершілік жүктеледі. Себебі, жас ұрпақтың бойына патриоттық сезім мен сана қалыптастыруда тарих пәні басты рөл атқарады. Мектепте тарих пәнін оқытудың басты мақсаттары мен міндеттерін айта кетсем. Жалпы адамзат жасаған құндылықтарды оқытып, адамгершілік тәжірибесін меңгерту.

Еліміз бен жеріміздің, қазақ халқының өткен өмірі мен бүгінгі күнін, ертеңгі болашағын оқыту әр жас ұрпақтың бойында Отанғат деген сүйіспеншілігін арттырып қоймай, оқушының ой-өрісін дамытып, тәрбиелейді, үлкен білімді азамат болып қалыптасуына көмектеседі.

Әрбір адамның тарихты, өзінің елінің тарихын білуінің маңызы зор. Тарих сабағында білім алушыларға халқымыздың басынан өткізген сан қилы аумалы-төкпелі кезеңдерден, қазіргі таңда осындай күнімізге жеткізгені туралы өте бай мәліметтер береді. Қазақстан тарихы пәнінің 5-сыныптан 11-сыныпқа дейінгі әрбір тақырыбы-отансүйгіштік сезімге тәрбиелейтін тақырып. Оқу жылы басталарда, яғни 30 тамыз күні Ата

заңымызға арналады, тарихшылар жан-жақты ізденіспен келгені жөн. Ата заңымыз туралы мәліметтер жинақтап, оқушыларымызға айтамыз. 1995 жылғы Конституцияда барлық бүкіладамзаттық құндылықтар мен өркениеттік игіліктердің қамтылуы әлемдік өркениетке жас мемлекетті танытуымыздың бір сатысы болды. Ата заңымызға енгізілген өзгерістер, жетістіктеріміз туралы әңгімелеп, дебат, зерттеу жүргізіп, өткізуге болады.

Осы айтылған нәрселерді жас ұрпақ меңгеріп, ізденіп ұғынса мұғалім еңбегінің жемісін көрсетеді. Егемен елдің елдік белгілерін құрметтеу дегеніміз-өз елін құрметтеу. Ал құрметтеу үшін, ең алдымен, мемлекеттік рәміздер туралы терең білуі керек. Әнұранның әрбір сөзі-тұнып тұрған тарих, онда ата-баба ерлігін, олардың артында қалған болашақ ұрпаққа аманат еткен кең-байтақ жерін, татулық пен бірлік мекенін сипаттайды. Ендеше, оқушылардың көкірегіне құю арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу-ұстаздың шеберлігіне байланысты.

Тарих сабағында оқушыларға тарихи құжаттар туралы айтып, қолжазбалар, естеліктер, ата-бабаларымыздың ерлігі туралы жазбалар өз тарихына деген қызығушылығын арттырады.

Қорыта келе, мектеп мұғалімдерінен қабілеттілікті, шығармашылдықты, құзіреттілікті талап етеді. Ол үшін ұстаздар қауымы талмай, жан-жақты ізденіп отыруы қажет. Ата-бабаларымыз қасық қаны тамғанша жерімізді ешкімге жем қылмай аманаттап кетті. Тарих сабағында білім алушыларымызға осыны айта отырып, санасына құя отырып, жеткізуіміз қажет. Сонда ғана біз өз жерін сүйетін, мақтаныш ететін, елін қастерлейтін, құзіретті, қабілетті, білімді ұрпақты үлкен өмірге сенімділікпен аттандыра аламыз. Осы айтылғандардың барлығын жас ұрпақ бойына сіңірсе, біздің еліміздің болашағы жарқын болмақ дегім келеді. Білім алушыларымыз сонда ғана талапшыл, шығармашыл, көшбасшы бола алып, жаңа өмірге қалыптаса алады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы» 2007 ж
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 2007 ж
3. Қазақстан тарихы әдістемелік журналдары 2011-2014 жж



«МЕКТЕПТЕГІ ТАРИХ ПӘНІ: БІЛІМ БЕРУДЕГІ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ТАРИХИ САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ»

Архыматаева Айнұр Жақсылыққызы

*БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім
академиясы, Орта білім институты «Қоғамдық
гуманитарлық бағыты пәндері» зертханасының
меңгерушісі, PhD*

XX ғасырдың соңғы онжылдығы және XXI ғасырдың басы Қазақстан үшін-азаматтық қоғам мен мемлекеттің қалыптасу уақыты. Білім берудің тәрбиелік функциясын күшейту, құндылықтарға бағдарлау, азаматтықты, еңбексүйгіштікті, адамгершілікті, Отанға, отбасына, қоршаған табиғатқа деген сүйіспеншілікті қалыптастыру білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі ретінде қарастырылады.

«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобаны іске асыру сапалы білім алуға қолжетімділікті кеңейтуге мүмкіндік береді.¹ Бүгінде қоғам үшін тарихи сана-сезім, бірлік проблемасы өткір болып отыр. Қоғамға таңдау жағдайында өз бетінше жауапты шешімдер қабылдай алатын, олардың ықтимал салдарын болжай алатын, ынтымақтастыққа қабілетті, ұтқырлықпен, динамизммен, конструктивтілікпен ерекшеленетін, ел тағдыры үшін дамыған жауапкершілік сезімі бар заманауи білімді, адамгершілік, іскер адамдар қажет. Қазіргі қоғамда дәстүрлі рухани-адамгершілік құндылықтар қайта жандануда. Бұл құндылықтар тарих тезінен өтіп, жетілдіріліп, жаңарып, жандана түсуде. Осы тұрғыдан алғанда Қазақстан азаматтарының азаматтық тұлғасын тәрбиелеу, этникалық ерекшелігін білу, өз халқының тарихын, тілін, мәдениетін, өз өлкесін, Қазақстан мен әлем халықтарының мәдени мұрасының негіздерін білу, көпұлтты қазақ қоғамының гуманистік, демократиялық және дәстүрлі құндылықтарын игеру, Отан алдындағы жауапкершілік пен міндет сезімін тәрбиелеу қажет. Біздің елімізде, тәуелсіздік алғаннан кейін тарихымыздың көптеген фактілері жаңа түсінікке ие болды. Қазір көптеген тарихи оқиғалар қайта қарастырылып, қайта бағаланды. Бірақ

¹ <https://akorda.kz/assets/media/files/bilimdi-lt-az.pdf>

Қазақстан тарихы уақыт өте келе мәні төмендемейтін құбылыстарға бай. Олардың қатарына ғылыми және географиялық жаңалықтарды, отандық ағартушылардың қызметін, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы отандастардың ерліктерін жатқызуға болады, олардың маңыздылығы жылдан жылға артып келеді. Отандастарымыздың көптеген ұрпақтары мақтан тұтатын нәрсе-соғыстардағы жеңістер, жаңа жерлерді игеру, батырларымыздың ерлік істері, қоғам қайраткерлерінің қызметі жағымды және сыни тұрғыдан да қарастырыла бастады. Патриотизм жастар арасында «ескірген» құндылық сипатында да қаралғаны өтірік емес. Бүгінде еңбекке деген көзқарас, мораль, қоғамдағы өзінің алатын орны, іс-әрекеті, ел тарихы құндылықтарын күрт қайта бағалау орын алуда. Жаһандану заманы жас ұрпақ санасына жат пікірлерді қалыптастырып отырғаны ащы да болса шындық. Одан шығудың бірден бір жолы – ұлттық идея, тек соның арқасында ғана қоғам бірлікте болары анық.

Тарихи білім елді тануды жандандыруға бағытталған, оның басты идеясы - Қазақстан өткені бар Ұлы, көпұлтты ел болған және болып қала береді. Әр адамда тумысынан еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілік пен сағыныш сезімі болатыны анық, сол сезімнің өрістеуі патриотизмді туғызады, ендеше Отанға деген сүйіспеншілікті, өз халқына деген мақтаныш сезімін ояту арқылы ғана ұлтты құтқаруға болады. Қазақстан әрқашан өзінің адал ұлдарымен, Отанға деген сүйіспеншілік пен елдің мүдделерін бірінші орынға қойған және ар-намысы мен қадір-қасиеті бар адамдармен танымал болды, олар әрқашан кім-кімге болмасын үлгі. Өмір көрсеткендей, халық тәрбиелейтін құндылықтарды тәрбие процесінен шығаруға болмайды. Патриотизмсіз қазіргі заманғы жаңа мемлекет құру, адамдарға олардың азаматтық парызы мен заңға деген құрметін түсінуге дағдыландыру, жаңа ұрпақ тәрбиелеу, өз тарихын, аға ұрпақтың істері мен дәстүрлерін құрметтемей, моральдық тұрғыдан сау жастарды тәрбиелеу мүмкін емес. Ұлттық мақтанышты, ұлттық қадір-қасиетті қайта жаңғыртпай, адамдарды жоғары істерге шабыттандыру мүмкін емес. Патриотизм, азаматтық, рухани-адамгершілік сезімдерін тәрбиелеу бүгінгі білім беру процесінде басымдық болып табылады. Қазақстан тарихын оқыта отырып, білім алушыларға ата – бабаларымыз ерлік пен батылдық көрсеткендігін, керемет қиыншылықтарға төтеп бергендігін, олардың жасампаз рухтарын таныта отырып, Текті ұрпақ екендігін дәріптейміз. Сондықтан білім алушыларға қандай да бір

ерліктердің не үшін жасалғанын, неге біздің ата-бабаларымыз Отанымыздың мүдделері үшін мемлекет, махаббат, өмірді құрбан еткендерін айту керек. Осы тұрғыдан алғанда мектептегі тарих курсының негізгі тәрбиелік міндеті - өз Отанын сүйуге, қазіргі қоғамдағы біздің еліміздің өткеніне қатысты нигилизмді жеңуге, өз тарихының жағымды бейнесін жасауға үйрету, өмірдің барлық салаларындағы жеңістеріміз туралы, әрине, осы жеңістердің бағасы туралы айту және адал азаматты тәрбиелеу.

Міне, осы тұрғыдан алғанда жас ұрпақты тәрбиелеудегі тарих тәлімі адамзат алдындағы зор міндетті шешеді, ол – өз елінің адал, отансүйгіш перзенттерін, ел игілігі үшін еңбек ететін, рухани-құндылыққа бағдарланған, саналы, құқықтық мәдениеті жоғары, көркем туындылар жасайтын эстет, еңбекқор, жасампаз ұрпақты тәрбиелеу.

Мектептегі тарих сабақтары арқылы тәрбие беру мүмкіндіктері

Қазіргі мектептің алдында білім алушыларға жақсы білім беріп қана қоймай, сонымен қатар өз Отанының лайықты азаматын тәрбиелеу міндеті тұр.

XXI ғасыр – білім мен біліктің дәуірі. Әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіптерді игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелік қабілетін арттыра алады. Білім мен технология, жоғары еңбек өнімділігі ел дамуының басты қозғаушы күші болуға тиіс. Бұл туралы ұлы Абай: «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» деген.²

Біздің еліміздің қазіргі білім беру саясаты, білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында қазіргі қоғамның сын-қатерлері жаңа кәсіби міндеттер қояды. Басым бағыттардың бірі- тәрбие болып табылады. Бұл басымдық ең алдымен сабақта жүзеге асырылуы керек. Пәндерді оқыту білім алушылардың рухани-адамгершілік қасиеттері мен патриоттық сезімдерін қалыптастыруға, патриотизм мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыруға, ұлттық сана мен төзімділікті дамытуға, жалпыадамзаттық құндылықтарды түсінуін нығайтуға, этносаралық мемлекет жағдайында қарым-қатынас жасай білуге бағытталуы тиіс. Әрине, сабақтың тәрбиелік мүмкіндіктері, ең алдымен, пәннің

² Тәуелсіздік бәрінен қымбат мақаласы.

ерекшелігіне байланысты. Бұл тұрғыда тарих сабақтары өз елінің шынайы патриотын, адамзат жинаған мәдени-тарихи тәжірибенің зор маңызын түсінетін тұлғаны тәрбиелеуде бірқатар артықшылықтарға ие.

XX ғасыр басында Ұлт зиялысы Жүсіпбек Аймауытов адамның жан қуаттарының өсіп-жетілуінде тарих пәнінің алатын орнын былайша сипаттайды: “Осы заманғы ғылымның көбі тарихпен тікелей байланыста жатыр. Тұрмыс жүйесі, әлеумет заңы, заң, пәлсапа, әдебиет, мәдениет, өнер – бәрі тарихтан қозғайды. Әр ғылымның тарихы бар. Осы тарихтың бәрі – жалпы азамат тарихымен байланысты”. “Тарихты оқып білу арқылы шәкірттерге қазіргі өмір мен өткен заманның байланыс заңдылықтарын ажырата білерлік сана туғызамыз”, – дейді.³

Оқытудың жеке нәтижелеріне қойылатын талаптардың мазмұнын талдау олардың өзегі жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар жүйесі екенін көрсетеді, олардың ішінде: адам, мәдениет, дәстүрлер, өмір, денсаулық, табиғат, Отан, борыш, жауапкершілік, отбасы, таным, еңбек, ғылым, толеранттылық, диалог, бейбітшілік, әлем, заң, шығармашылық, демократиялық құндылықтар айқын көрсетілген. Мектептегі тарихи білімнің тәрбиелік әлеуеті адамзаттың ғасырлық тәжірибесіне негізделген. Еңбек, әскери жеңістердің қуанышы, жеңілістердің қасіреті, адамдардың ғылыми, мәдени, жеке жетістіктері, жауапкершілік, міндет, моральдың, білімнің маңызы және тағы басқалар тарихты оқытудағы нақты мысалдар мен пайымдардың таусылмайтын көзі бола алады.

Қазіргі әлемнің құндылық бейнесін түсіну әлеуметтік білім берудің әлеуетін анықтайды. Гуманитарлық пәнді білу білім алушының санасында қоғамдағы өзара әрекеттесу мүмкіндігін қамтамасыз ететін белгілі бір құндылықтар жүйесінің қалыптасуын анықтайды. Осыған байланысты гуманитарлық білім тәрбиеден тыс берілуі мүмкін емес, кез-келген зерттелген құбылыстар, оқиғалар белгілі бір дәрежеде баланың жеке саласында танымдық және эмоционалды із қалдырады деп айтуға болады. Сондықтан белгілі бір мағынада оқу нәтижелеріне қойылатын жеке талаптар тарих пен әлеуметтік зерттеулерге қатысты пәндік болып табылады. Соңғы онжылдықтарда гуманитарлық білім беру саласында құндылық компоненттерін оның мазмұнына енгізуде белгілі бір тәжірибе жинақталғанына қарамастан, сабақтың тәрбиелік мақсаттарын жүзеге асыру мұғалім үшін айтарлықтай қиындықтар туғызады.

³ Жүсіпбек Аймауытовтың педагогикалық көзқарастары., Педагогика тарихы Оқулық. - Алматы 2013. – 494 бет.

Мектептегі тарих, әлеуметтік зерттеулер, оқу-әдістемелік құралдар, оқулықтарды талдау көп жағдайда білім берудің құндылық компонентін жүзеге асыру өте жүйесіз, белгілі бір дәрежеде, тәрбиенің психологиялық аспектілерін ескерусіз жүзеге асырылады деп айтуға мүмкіндік береді. Кәсіби тарихшылардың наразылығы кейде «тәрбиелік» тапсырмалардың дұрыс еместігін (тарихи дәуірдің менталитеті мен құндылықтарын елемеу, өткен оқиғаларға заманауи шараларды қолдану), қолданылған әдістердің анық еместігін (тарихи соттар, персонализация және т.б.) тудырады.

Шын мәнінде де оқыту, білім беру деп жүріп, жастардың тәрбиесінің ақсап жатқан тұстары өте көп, сол себепті тарихты оқыту барысында оқыту материалының тәрбиелік мақсатына ерекше мән беріліп, ол білім берумен тығыз, үйлесімді байланысып жатуы тиіс.

Мектеп азаматтық білім мен тәрбиенің жалғыз факторы емес, бірақ қазіргі жағдайда ол жеке тұлғаны әлеуметтендірудің маңызды институттарының бірі бола алады. Сабақтағы оқу пәнінің мазмұны-баланың жеке құрылымына әсер етудің қуатты құралы. Бірақ бұл құралды жақсы меңгерген және оның білім беру мүмкіндіктерін түсінетін мұғалім ғана осы құрылымға оң өзгерістер енгізе алады. Әр сабақта мұғалім қазіргі кезеңде білім алушылардың зияткерлік, коммуникативті, шығармашылық, дүниетанымдық және басқа да дағдыларын дамытуға бағытталған құзыреттілік тәсілін жүзеге асыруы керек. Қазіргі сабақтың жаңа мазмұны бар, бұл жаңа нәрсе заңға бағынатын тұлғаны тәрбиелеуде ғана емес, сонымен бірге шығармашыл, құзыретті, болашақ өмірдегі тағдырын уақыт талаптарына сәйкес ұйымдастыра білетін ұрпақты қалыптастыру болып табылады. Оқытудағы жаңа тәсілдер "өзінді байқап көр" және "өз іс-әрекетінді ұсын" қағидаттарына негізделеді, оқуға деген қызығушылықты арттырады, білім алушыларды зерттеу қызметіне итермелейді. Осыған байланысты шынайы патриотизм, рухани-адамгершілік құндылық, берік азаматтық ұстаным, гуманизм және руханият мысалдарын қамтитын оқу материалының мазмұнын мақсатты іріктеуге көп көңіл бөлінеді.

Тарих сабақтары арқылы өткенді біліп қана қоймай, бүгінде айналада болып жатқан оқиғаларды түсіну мүмкіндігі туады. Тарихтың бала тәрбиесіндегі рөлі өте маңызды, өйткені бұл оларға дұрыс адамгершілік өмірлік ұстанымды таңдауға көмектеседі. Ойдан шығарылған кейіпкерлерге емес, нақты өмір сүретін және өмір сүретін

жастарға назар аудара отырып, жастар еліміздің ұлы жетістіктерінің мұрагері болады. Тарихты зерделей отырып, білім, тәжірибе жинақтай отырып, себеп-салдар талдауын жүргізе отырып, жаңа ұрпақ әлемдік тарихтың бүкіл барысына айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар, Отан туралы білім оның жетістіктері үшін мақтаныш сезімін тудырып, эстафетаны қабылдап қана қоймай, жас ұрпақ, сонымен қатар біздің қоғамымыздың дамуына еліміз үшін жаңа, прогрессивті жаңалықтар енгізе алатынына қанағаттанушылық сезімін тудыруы тиіс. Тарих сабақтары арқылы тәрбие беру міндеттерін жүзеге асыруға көп көңіл бөлу керек, ол мынадай бағыттар арқылы жүргізіледі:

1) Сабақтың мазмұндық компонентінің тәрбиелік мүмкіндіктерін пайдалану.

Жалпы патриотизмнің қалыптасуына сабақтар ықпал етеді, оның барысында білім алушылар Қазақстан халқының жаулап алушыларға қарсы азаттық, әділ күресімен, әртүрлі дәуірлердегі тарихи оқиғалармен танысады, атақты адамдардың өз Отанын қорғауға қосқан үлесін түсінеді. Мектеп білім алушыларын тәрбиелеу үшін ежелгі дәуірден қазіргі уақытқа дейінгі әртүрлі дәуірлердің тарихи тұлғаларын зерттеу үлкен маңызға ие. Өз елінің, өз халқының тарихында елеулі із қалдырған тарихи тұлғалардың өмірін, қызметін, ойларын, шығармашылық мұрасын зерттеу қазіргі мектеп білім алушыларының құндылық бағдарларын тәрбиелеу үшін негіз болып табылады. Сабақта тәрбие жұмысының осы бағытын жүзеге асыру қазіргі қоғамның мұғалім мен жалпы білім беру процесіне қоятын талаптарына, сондай-ақ мұғалімнің өзіндік құндылық бағдарларына байланысты.

2) Оқу процесі мен сабақты ұйымдастырудың тәрбиелік мүмкіндіктерін пайдалану тәрбие беру аспектісін жүзеге асырудағы келесі маңызды бағыт болып табылады.

Ең алдымен, оқуға деген қызығушылықты, таным процесін дамытуға барынша ықпал етуге тырысу қажет. Бұл жағдайда оқуға деген қызығушылықты сақтауға және білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруға ықпал ететін оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың белсенді формаларының әртүрлі әдістерін қолдану маңызды. Тәрбие мақсатын белгілеуде таңдалған оқыту әдістері мен сабақ мазмұнының бірлігі қажет.

Заманауи сабақтың жаңа маңызды құрамдас бөлігі-мұғалімнің тәжірибесіне метатанымға немесе "оқуды үйрену" сияқты ұғымдарды

енгізу. Бұл бағыт білім алушылардың оқу процесін бақылау, бағалау және қайта құру қабілеттерін көрсетеді. Бұл тек даму процесі ғана емес, сонымен қатар білім беру, өйткені білім алушының өзін-өзі тануы, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі бағалау арқылы жеке қалыптасуы жүреді, бұл оның өзін-өзі реттеу процесін құрайды.

Тарих сабақтарының тәрбиелік міндеттері:

- рухани құндылықтардың мәні мен мазмұнын анықтауға үйрету, онсыз бірде-бір дәуір жасай алмады (жақсылық пен жамандық деген не және олар туралы идеялар адамзат тарихының әртүрлі кезеңдерінде қалай өзгерді); қандай дәуірлер адамгершілік прогреске қарай жылжыды, қайсысы материалдық құндылықтарға сүйенді; қандай өркениеттер уақыт сынынан өтпеді және неге олардың құндылықтары басқа өркениеттерге қарағанда әлсіз болып шықты және т. б.);
- тарихтың тәжірибесін тең көрсете отырып, жоғары құндылықтарға (махаббат, батылдық, бауырластық, өмірге деген өзін-өзі бағалау) шақыру;
- әртүрлі өркениеттерде бар құндылықтарға қатысты толеранттылықты қалыптастыруға ықпал ету.
- Отан патриоттарын, азаматтық қоғам жағдайында өзін-өзі жүзеге асыруға қабілетті, жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтейтін, жоғары имандылыққа ие және ұлттық және діни төзімділік танытатын, басқа халықтардың тілдеріне, дәстүрлері мен мәдениетіне құрметпен қарайтын құқықтық, демократиялық мемлекеттің азаматтарын тәрбиелеу;
- балалар мен жастардың бойында құндылықты дүниетаным мен заманауи ғылыми дүниетанымды қалыптастыру, мәдениет пен этносаралық қатынастарды дамыту;
- балалар мен жастардың жан-жақты және заманауи дамуы, олардың шығармашылық қабілеттері, өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруы.

Сабақта тәрбиелеу міндеттерін жүзеге асыру ұзақ және ауыр процесс болып табылады, сондықтан мұндай міндеттерді бірқатар сабақтарға немесе бөлімге қою орынды.

Тарих сабағы білім алушылардың жеке басының көптеген қасиеттерін тәрбиелеуге әсер етудің маңызды әлеуетіне ие. Сабақтың тәрбиелік аспектісі оқу материалының мазмұнын пайдалануды, оқыту технологияларын оңтайлы таңдауды және танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың ойластырылған формаларын қамтуы керек. Мұның бәрі өзара іс-қимыл арқылы білім алушының патриоттық, адамгершілік, еңбек, эстетикалық және басқа да жеке қасиеттерін қалыптастыруға және дамытуға ықпал етеді, бұл өз кезегінде мемлекеттің заманауи білім беру стратегиясы алға қойған міндеттерді шешуге бағытталған.

Тарих сабақтары шын мәнінде үлкен тәрбиелік әлеуетке ие.

- тәрбие белгілі бір пәннің көмегімен жүзеге асырылуы мүмкін және жасалуы керек, ал сабақтың тәрбиелік мақсаты формальды емес, бірақ пәннің мазмұнынан туындауы керек;
- тарих сабақтары өз мазмұнына қарай білім алушылардың азаматтық құзыретін қалыптастыруға, оларда патриоттық сезімді тәрбиелеуге мүмкіндік береді;
- оқыту процесіндегі тәрбиенің негізі - бұл, ең алдымен, білім алушылардың өз пайымдаулары, олардың фактілер мен құбылыстарға қатынасы.⁴

Тарих пәнінің мұғалімі білім алушыларға жалпыадамзаттық құндылықтарды, мәдениетке деген сүйіспеншілікті, басқа халықтардың дәстүрлерін құрметтеуге, адамзаттың өткен жолын, оның жетістіктері мен жетістіктерін көрсетуге баулуы керек. Мектептегі кез-келген мұғалім сияқты, тарих мұғалімі өз сабақтарында белгілі бір тәрбиелік мақсаттар қояды, атап айтқанда:

- ғылыми дүниетанымды, нанымды қалыптастыру.
- белсенді өмірлік ұстанымды, адамгершілік-этикалық қағидаттар мен әдеттерді тәрбиелеу.
- қоршаған әлемге эстетикалық қатынасты, ойлау және сөйлеу мәдениетін тәрбиелеу.
- оқу пәніне танымдық қызығушылықты ояту.

⁴ Харлашин А. А. Воспитательный потенциал уроков истории <https://infourok.ru/vospitatelnyy-potencial-urokov-istorii-2007033.html>

- ынтымақтастық, қарым-қатынас, ұжымда жұмыс істеу қабілетін дамыту.
- азаматтық қоғам жағдайында өзін-өзі жүзеге асыруға қабілетті, жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтейтін, жоғары имандылыққа ие және ұлттық және діни төзімділік танытатын, басқа халықтардың тілдеріне, дәстүрлері мен мәдениетіне құрметпен қарайтын Отан патриоттарын, құқықтық, демократиялық мемлекет азаматтарын тәрбиелеу;
- балалар мен жастардың бойында құндылықты дүниетаным мен қазіргі заманғы ғылыми дүниетанымды қалыптастыру, мәдениет пен этносаралық қатынастарды дамыту;
- балалар мен жастардың жан-жақты және заманауи дамуы, олардың шығармашылық қабілеттері, өзін-өзі тәрбиелеу дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруы т.б..

Тарих сабақтарының тәрбиелік әлеуетін күшейтуде сабақ ресурстарының алатын орны ерекше, олар: бейнероликтер, кинофильмдер, деректі фильмдер көрсету, қоғам қайраткерлері мен саяси қайраткерлерінің жазбаларын көрсету, тыңдата отырып, сол кезеңге қайта оралту, сол уақыттың бейнесін көз алдарына әкелу, ал ол деген баланың сезіміне, жүрегіне әсер етері сөзсіз, сезімді ояту-тәрбиенің бастау көзі. Сабақтарда интернетті пайдалану:

- тарихты зерделеудің тәрбиелік және білім беру әлеуетін кеңейту;
- кең қоғамдастық үшін тарихи ақпаратты ашық және тартымды ету;
- әрбір білім алушыны білімді пассивті меңгерумен емес, белсенді танымдық іс-әрекетпен белсенді танымдық процеске тарту, алған білімдерін практикада қолдану және осы білімді қайда, қалай және қандай мақсатта қолдануға болатынын нақты түсіну;
- педагогтың кәсібилігін арттыру, жұмысты жетілдіруге деген ынтаны ынталандыру.

Тарихи сана – бұл тарихты білу, тарихи тәжірибе мен оның сабақтарын ұғынып түсіну, әлеуметтік болжау, өз іс-әрекеті үшін тарихи жауапкершілікті түсіну. Оқу-тәрбие процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын тарихи білім тұлғаның, азамат пен патриоттың қалыптасуына көмектеседі. Оқу пәнінің мазмұны әлем тарихындағы Қазақстанның алатын орны мен рөлін, оның

жалпыәлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесін түсінуге мүмкіндік береді.

Оқу пәнінің мақсаты - білім алушылардың бойында тарихи сана, қазақстандық патриотизм, өз елінің тарихы мен мәдениетіне құрмет, өз ата-бабаларының жетістіктеріне деген мақтаныш сезімін қалыптастыру, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарыту, зерттеушілік, ойлау, коммуникативті дағдыларды дамыту.

«Қазақстан тарихы» оқу пәнінен білім мазмұны бөлімдер арқылы қамтылған, аталған бөлімдер бойынша тарихи білім беруде тәрбие міндеттерін күшейту мына құндылықтарға негізделген болуы тиіс деп санаймыз:

Әлеуметтік қатынастардың дамуы:	Адам құндылығы, отбасы, этникалық қатынастар, өмір, жауапкершілік, еңбек, төзімділік, адам құқығы, толеранттылық, диалог
Мәдениеттің дамуы;	Мәдениет, таным, білім, руханият, өркениет, дүниетаным, дін, өнер мен әдебиет, білім, ғылым, шығармашылық
Мемлекеттің дамуы;	Саясат, адам құқығы, демократия, бейбітшілік, бостандық, еркіндік, диалог, заң, борыш, жауапкершілік
Қазақстанның экономикалық дамуы.	Еңбек, адам, қарым-қатынас, табиғат, ғылым, шығармашылық, жауапкершілік

Бағдарламада ұсынылғандай білім алушылар пәнді оқуда мынадай тарихи концептілерге (түсініктерге): өзгеріс пен сабақтастық; себеп пен салдар; дәлел; ұқсастық пен айырмашылық; маңыздылық; интерпретацияға негіздей отырып, тарихи оқиғалар мен жайттарға баға береді, себепін анықтайды, дәлелдейді, талдайды, біріктіреді, түсіндіреді, жүйелейді, байланыстарын көрсетеді, салыстырады, қорытынды жасайды, маңыздылығын анықтайды, әртүрлі көзқарастарды түсіндіреді және бағалайды. Соның нәтижесінде оқылып

отырған тарихи оқиға мазмұны бойынша тәрбие алуға жағдай жасалады.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы негізінде жасалған ұзақ мерзімді жоспарының тақырыптарына сай тәрбие беру міндеттері төмендегі кестеде мысал ретінде ұсынылады:

5-сынып – ежелгі заман (шамамен 2 млн жыл бұрын – V ғасыр).

<i>Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі</i>	<i>Тақырыптар/ Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны</i>	<i>Оқыту мақсаттары. Білім алушылар тиісті:</i>	<i>Тарих пәнінің тәрбиелік аспектісі</i>	<i>Құндылықтар</i>
1- тоқсан				
5.1. Қазақстандағы ежелгі адамдардың өмірі	Кіріспе сабақ. Зерттеу сұрағы: Қазақстанның ежелгі тарихында не оқытылады	Ежелгі Қазақстан тарихына жалпы шолу	Тарих шежіресін тану арқылы тарих өткенінен тәлім алу, тарихты жасаушы жасампаз тұлғалардың қызметі мен ерлік істерінен үлгі алу.	Отан, таным
	Алғашқы адамдардың өмірі. Зерттеу сұрағы: Алғашқы адамдар қалай өмір сүрді	5.1.1.1 алғашқы адамдардың антропологиялық белгілерін сипаттау; 5.1.2.1 алғашқы	Қиындықты жеңу, ортаға бейімделу, еңбек құралдарын қажетті іске қолдану, адамдармен бірлесіп өмір сүруге бағдарлау.	Төзімділік, еңбек

		адамдардың тұрмыс-тіршілігін шығармашылық түрде көрсету		
	Қазақстан аумағындағы тас дәуірінің тұрақтары. Зерттеу сұрағы: Археологтар Қазақстан жерінен тас дәуіріне жататын қандай олжаларды тапты	5.2.3.1 қазақстандық ғалымдардың археологиялық жаңалықтарын білу; 5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау; 5.4.2.1 еңбек құралдары мен қару түрлерін сипаттау	Археологтардың тарихқа қосқан үлесі, ел тарихы үшін істеген қызметтерінен үлгі алу, олардың істеріне деген құрмет сезімді туғызу. Археологиялық ескерткіштерді тану арқылы мақтаныш сезімін ояту.	Борыш, ғылым, шығармашылық
	Адамдардың шаруашылық өміріндегі өзгерістер және еңбек құралдарының жетілдірілуі. Зерттеу сұрағы: Мезолит пен	5.4.1.1 ежелгі адамдардың кәсібін сипаттау; 5.4.2.1 еңбек құралдары мен қару	Еңбекке тәрбиелеу, еңбек құралдарымен жұмыс жасау арқылы ортаны өзгертудегі адамдардың тарихы	Еңбек, шығармашылық

	неолит дәуірлерінде алғашқы адамдардың өмірі қалай өзгерді	түрлерін сипаттау	жасауға қосқан үлестерін тану.	
	Ботай мәдениеті. Зерттеу сұрағы: Не себепті ботайлықтарды жылқыны алғашқы қолға үйретушілер деп атайды	5.4.1.1 ежелгі адамдардың кәсібін сипаттау	Еңбекке тәрбиелеу, түрлі кәсіп түрлерін (жылқыны қолға үйрету т.б.) дәстүрлерінен тәлім алу.	Мәдениет, еңбек
	Қазақстан аумағында металлургияның пайда болуы. Зерттеу сұрағы: Қазақстан жерінде металды өндіру ежелгі адамдардың өмірін қалай өзгертті	5.4.2.2 металл өндірісі жетілуінің шаруашылық салаларына тигізген ықпалын түсіндіру	Экономикалық тәрбие беру, адамның ресурстық мүмкіндіктерінің шексіздігін таныту.	Еңбек, мәдениет
	Андронов және Беғазы-Дәндібай мәдениеттері. Зерттеу сұрағы:	5.2.2.2 археологиялық деректерге сүйене отырып,	Археологтардың Қазақстан археологиясының дамуына қосқан үлесі арқылы үлгі-	Еңбек, мәдениет

	Қазақстандағы қола дәуірі ескерткіштерінің қандай ерекшеліктері бар	андронов және беғазы-дәндібай мәдениеттерінің белгілерін анықтау; 5.2.2.5 Ә.Марғұлан-ның Қазақстан археологиясының дамуына қосқан үлесін айқындау	өнеге беру, елге қызмет етудің озық үлгісін таныту.	
	Қазақстандағы жартастарға салынған ежелгі суреттер. Зерттеу сұрағы: Тасқа салынған суреттер ежелгі адамдардың дүниетанымын қалай бейнелейді	5.2.1.1 алғашқы адамдардың наным-сенімдерін сипаттау; 5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау	Қазақ жеріндегі ежелгі өнер туындыларын таныту, аң стилі, қазақ дүниетанымының кеңдігін, аспан мен жердің байланысы, адам мүсіндерінің тіршілік ортасынан хабар беруі жайлы таным алу.	Еңбек, мәдениет, шығармашылық

	Ежелгі адамдардың өміріне саяхат	5.1.2.1 алғашқы адамдардың тұрмыс-тіршілігін шығармашылық түрде көрсету	Ежелгі адамдардың терімшілік, аңшылық, егіншілікпен айналысу, тұрмыс-тіршілік ортасындағы іс-әрекеттері арқылы еңбекке тәрбиелеу, жасампаздық рухты туғызу.	Адам, еңбек
Өлкетану	Өлкетану мұражайы және тарихи жәдігерлер	5.2.2.7 тарихи мұраны жеткізудегі жәдігерлердің рөлін сипаттау	Тарихи жәдігерлермен, тарихи мұраны сақтауға қорғауға тәрбиелеу ортасын құру, тарихи деректермен (ауызша, жазбаша, археологиялық, этнографиялық, антропологиялық) жұмыс жасау жолдарын үйрету. Шежірешілермен	Мәдениет, мұра

			жылнамашылардың тарихқа қосқан үлесін үлгі ету.	
--	--	--	---	--

Тарих сабақтарының тәрбиелік әлеуеті жалпыадамзаттық құндылықтарға дұрыс көзқарасты қалыптастырудан, азаматтық парыздың жоғары сезімін тәрбиелеуден, тарихи фактілер мен оқиғаларды сыни тұрғыдан ойлау және өз бетінше бағалау қабілетін дамытудан тұрады. Бұл сабақтардың ұзақ мерзімді мақсаты - патриоттық сезімді, мейірімділікті, қайырымдылық пен жанашырлықты тәрбиелеу, жоғары адамгершілік пен ізгілік, мораль нормаларын, туған жерге құрмет пен сүйіспеншілікті, әдебиетті оқуға деген қызығушылықты ояту. Тарих пәні білім алушының жеке басын қалыптастыру, оның азаматтық ұстанымын қалыптастыру үшін кең мүмкіндіктер ашады: білім алушы өзін елдің бір бөлігі ретінде сезініп, оның дамуына әсер етуі мүмкін екенін, өз Отанының ажырамас бөлігі болып табылатынын сезінеді, өз елінің шынайы тарихын біле отырып, ойлау дербестігі мен шешім қабылдау қабілетіне ие болады, осылай тарихқа деген саналы көзқарас, елдің өткеніне деген тағзым мен құрмет, елдің болашағына деген үміт пен жасампаздық рух тәрбиеленетінін әрдайым жадымызда сақтайық. Сонда ғана бүгінгі қоғам талап етіп отырған шынайы ел қорғаны болатын, елжанды, отансүйгіш ел азаматтарын жан-жақты тәрбиелеу жүзеге асады. Тарихпен тәрбиелеу деген осы.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы. <https://akorda.kz/assets/media/files/bilimdi-lt-az.pdf>
2. Жүсіпбек Аймауытовтың педагогикалық көзқарастары., Педагогика тарихы Оқулық. - Алматы 2013. – 494 бет.
3. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);
4. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу

- бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйегіндегі №399 бұйрығы(ҚР Оқу-ағарту министрінің 21.11.2022ж. № 467 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);
5. «Білімді ұлт» «Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы;Харлашин А. А. Воспитательный потенциал уроков истории <https://infourok.ru/vospitatelniy-potencial-urokov-istorii-2007033.html>
 6. Даль В.И. Иллюстрированный толковый словарь. Москва, 2007.
 7. Смыслов С.В. О некоторых методах раскрытия воспитательного потенциала уроков истории и обществознания. // Психология и образования. Международный научный журнал. 08.03.2020. №3 (69). <https://7universum.com/ru/psy/archive/item/8881>
 8. Кисель М. А. Историческое сознание и нравственность. М., 1995.
 9. Панькив И. Р.Воспитательная работа на уроках истории и обществознания.<https://multiurok.ru/files/vospitatelnaiia-rabota-na-urokakh-istorii-i-obshche.html>
 10. <https://kopilkaurokov.ru/vneurochka/prochee/priobshcheniie-shkol-nikov-k-issledovatiel-skoi-dieiatiel-nostichieriez-kraieviedieniie-napravliennoie-na-patriotichieskoie-vospitaniie-uchashchikhsia>



«МЕКТЕПТЕГІ ТАРИХ ПӘНІ: ТАРИХ ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІ КЛИОНЫҢ ҚЫЗМЕТІНДЕ»

*Айманов Бауыржан Сағидуллаұлы
Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы,
«Ақшұқыр мектеп-лицейінің тарих пәні
мұғалімі*

«Тарих – түзетуші және үйретуші. Келешек күннің болашағын білуде
тарих анық құрал болады».

Ә.Бөкейхан, Алашорда Ұлт Кеңесінің төрағасы.

Қайырлы күн конференцияға қатысушы қонақтар, әріптестер!

Баяндама тақырыбының «тарих пәні мұғалімдері Клионың қызметінде» деген сөздің өзіндік мағынасы бар. Себебі бәріміз білетін «тарих атасы» Геродоттың 9 бөлімнен (тараудан) тұратын «Тарих» атты еңбегінің бірінші бөлімі көне грек аңызындағы тарих тәңіриесі Клионың құрметімен басталады. Солай екен, тарих ғылымы мен пәнінде қызмет ететін әрбір тарихшы Клионың қызметінде екені, өзі оқытып және зерттеп жүрген пәнінің қасиетті де киелі ілім екенін сезінгені абзал.

Жалпы білім беретін мектепте «Қазақстан тарихы» мен «Дүниежүзі тарихы» пәндерін оқыту ерекше маңызға ие. Өйткені кез-келген мемлекеттің азаматы өз елінің, мемлекетінің, сол мемлекетті мекендеп отырған халықтардың, оның өзінде де алдымен сол елге аты берілген халықтың тарихын білуге міндетті. Өз халқының, елінің тарихын, мәдениетін сүйе білмеген адам, басқа халықты, оның мәдениетін сыйлай да, құрметтей де алмайды, оларды білуге ұмтылмайды. Тарих пәнін жаппай оқытып үйрететін бірден-бір оқу орны – жалпы білім беретін мектеп. Тарихтың білімдік, тәрбиелік міндетін мектепте оқытылатын басқа пәндердің бірде біреуі атқара алмайды.

Тарих пәнінің мақсаты – оқушыларға оның жерін ежелгі заманнан бастап осы күнге дейін мекендеп келген адамзаттың жүріп өткен тарихи жолын,

адамдар жасаған құндылықты, мәдениетті, яғни, олар жинаған тарихи тәжірибенің негізін оқытып үйрету.

Қазіргі кезеңде мектепте тарихты оқытудың басты міндеті – жастарды адам баласының өткен шындық тарихымен таныстыру, дүниежүзілік мәдениеттің басты-басты жетістіктерімен сусындату, өткен тарихты өздігінше сын көзімен талдай отырып, келешекті бағдарлайтын, шығармашылықпен ойлана отырып, олардан дұрыс қорытынды жасай алатын, тарихи деректермен өздігінше жұмыс істеп, өз білімін үнемі толықтырып отыратын, алған білімін күнделікті өмірде қолдана алатын азамат тәрбиелеу екені үнемі назарда болуы тиіс.

Жоғарыда аталған, халыққа білім беру саласы алдында тұрған жалпы міндеттерден тарих пәнін оқытуда үнемі ескеріп отыруды қажет ететін төмендегі нақты міндеттер шығады. Олар: саяси тарихқа, идеялық ағымдар мен олардың тарихына түрліше, сондай-ақ көрнекті тарихи қайраткерлердің қызметіне көбірек орын беру, есесіне шаруашылыққа қатысты көрсеткіштерге, соғыстарға, қанды төңкерістерге орынды азайту.

Сонымен бірге тарих ғылымының соңғы жаңалықтарын үнемі ескеріп, олармен оқушыларды мүмкіндігінше таныстырып отыру, тарих ғылымның мәселелері бойынша балама көзқарастардың болатындығын және оның қажеттігін ескеру, тарихи үдерістердің көпқырлылығын нақты дәлелдермен көрсету. Тарихтағы әрбір кезеңнің қол жеткен табыстары мен қиындықтары, кедергілер мен кемшіліктерінің себеп-салдарын тарихи шындық тұрғысынан көрсету, тәуелсіздік үшін идеялық күресті, оның белсенді қайраткерлерін толығырақ баяндап отыру.

Тарихтың басқа пәндерден ерекшелігі оның көпқырлылығы немесе пәнаралық байланыстың ауқымдылығы. Пәннің әрбір кезеңдерінде қамтылатын археология, антропология, нумизматика, география, тіл және әдебиет, өнер, т.б. ғылым салаларымен сабақтастығын оқушыларға үнемі сезіндіріп отыру қажет.

5-9 сыныптарда тарих пәнінің негізгі кезеңдері оқытылып, 10-11 сыныпта оқушыларға пәннің ғылыми тұжырымдамасы мен эпистемологиялық біліміне басымдық беріледі. Эпистемологиялық білім

дегеніміз – мектеп қабырғасында алған тарих пәні туралы білімнің оқушының өмірінде көрініс беруі немесе қолданыста болуы. Бұған әртүрлі сынақтарды, интеллектуалды сайыстарды, қорытынды аттестация мен Ұлттық бірыңғай тестілеудегі оқушының білімді қолдана алу қабілетін жатқызуға болады.

Мектептегі тарих пәнінің мақсаты мен міндетін іске асыруда мәселелер де жоқ емес. Соның ең маңыздысы тарих кабинетінің жасақталуы, материалдық-техникалық базаның заманға лайықталуы кезек күттірмейтін мәселе. Сонымен бірге білім мазмұнын жаңарту бағытындағы бағдарлама мен оқулықтағы үйлесімділікті жолға қою, тарихи кезеңдеулердің, оқу мақсаттарының баланың жас ерекшелігіне бейімделуі, берілуі тиіс білімнің шектен тыс ауқымдылығын болдырмау қажеттігі. Бағдарлама мен оқулыққа қатысты мәселе қазіргі кезде жобасы дайындалып жатырған жаңа бағдарламаға негізделген оқу үлгілік жоспары мен соған сай жазылып жатырған мектеп оқулықтарында шешімін табады деген ойдамыз.

Қазіргі ақпараттық қоғамның басымдықтары, адамдардың тарихи білімі әлеуметтік желілердегі «мифтенген» тарихқа тәуелді болған заманда шынайы тарихи сананы қалыптастыру да өзекті мәселеге айналды. Әуесқой тарихшылар мен сенсация қуған журналистердің тарихи-танымдық бағыттағы зерттеулерінің, бейнежазбаларының бәрінде тарихи шындық бар деп айта алмаймыз. Солай екен, әрбір түсірілген тарихи кино, ютуб арнасындағы бейнежазба, ғаламторды жаулаған мақалалардың өзі мектеп оқушылары, қала берді қоғамды өзінің шырғауына түсіріп, дұрыс емес бұрыс жолға жетелеуде. Мектеп қабырғасында тарихи білімі енді қалыптасып келе жатқан ұрпақты «мифтенген» тарихпен емес, шынайы тарихпен тарихи санасын қалыптастыруды жолға қоюымыз керек.

Осындайда «мектептегі тарих пәнінің құзіреттілігі қалай болу керек?», - деген заңды сұрақ туындайды. Мектептегі тарих пәні мұғалімі алдымен оқу бағдарламасына негізделіп жазылған оқулықтағы қателіктерді дер кезінде байқауы, теориялық білімі оқулық деңгейінде емес, өз пәнін мүмкіндігінше терең және сындарлы талдау жасай алатын деңгейде

болуы тиіс. Кез-келген оқиғаға, тарихи тұлғаға сол заманның көзқарасы, ұстанымы, саясаты тұрғысынан баға беруге қабілетті болғаны жөн.

Осы орайда айтылар ұсыныстың бірі, мектептегі тарих пәні берілісі мен пән мұғалімдерінің пәндік, ғылыми құзыреттілігін ұдайы арттырып отыру мақсатында академияның ықпалымен конференцияларды дәстүрлі түрде жүргізу қажеттігі. Конференцияларды оқу жылының басында жылдық жоспарға енгізу арқылы, қатысушыларды уақытылы хабардар етіп, баяндамаға тыңғылықты дайындалуға мүмкіндік беру. Бұл конференция тарих пәні оқулықтарындағы ауқымды тақырыптарды қамти отырып, бірнеше секцияға бөліп өткізуді қажет етеді. Келесі ұсыныстың бірі тарих пәні бойынша басқа пәндерге қарағанда оқушылар мен мұғалімдер арасында өтетін олимпиадалардың аздығы. Үш кезеңнен тұратын тарих, құқық пәні мұғалімдерінің пәндік олимпиадасын дәстүрлі жыл сайын өткізуді академияның қолдауымен ұйымдастыруды жолға қою. Бұл тарих пәні мұғалімдерінің құзіреттілігін арттыруға қосымша жетістік болар еді.

Жалпы білім беретін мектепте тарих пәнінен дәріс беретін пән мұғалімі оқушымен қарым-қатынаста, білім алушыға пәннің мақсаты мен міндетіне сай білім беруде өзі рухани шабыт алатын мұзасы Клионың қызметінде, мұғалімдік миссияның барлық қызметтен ұлы екенін сезініп, шығармашылықпен еңбек етуді сезінгені жөн. Қызметке адалдық, пәнге деген сүйіспеншілік әрбір мұғалімді жеңістің олимп шыңына алып шығар ең басты ұстаным екені даусыз.

Назар қойып, тыңдағаныңыз үшін рақмет!



«СЕМИОЛОГИЯ ІЛІМІ (СЕМИОТИКА) ЖӘНЕ АРҒЫҚАЗАҚ РУ-РУНОЛОГИЯ ТАҢБАЛАРЫ»

*Ақмырзаев Мұрат Мырзағалиұлы,
Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы,
Мейірбике жоғары медициналық колледжі маманы,
Таңбатанушы*

Семиология немесе семиотика – табиғат пен қоғамдағы белгілердің жүйелері туралы ғылым.

Ол тірі организмдердегі, табиғаттағы және қоғамдағы қарым-қатынас пен басқару үрдістерін зерттейтін кибернетика ғылымына жақын. Оның кибернетикадан айырмашылығы кибернетика ең алдымен осы байланыстың динамикалық (өзгермелі) және сандық аспектілерін зерттесе, семиотика статикалық және сапалық аспектілерін зерттейді. Кибернетика үрдістерді зерттесе, семиотика үдерістердің қандай жүйелерде жүзеге асатындығын зерттейді.

Осы тұрғыдан қарастырғанда семиотика мен кибернетиканың өзара арақатынасы әліпби (алфавит) мен осы әліпбиге негізделген жазу мен оқу арасындағы байланысқа ұқсас.

Семиотика лингвистикаға да жақын, өйткені соңғысы өзара қарым-қатынас жүйелерінің (коммуникациялық) ең толық және жетілгені саласы – адам тілін зерттейді.

Семиотика өз саласына қажет материалдарды лингвистикадан, кибернетикадан (ақпараттық теориясын пайдалана отырып), биологиядан, психологиядан, қоғамтанудан (этнография және әлеуметтану), мәдениет тарихынан, әдебиеттанудан ала алады, сонымен қатар, өзі бұл ғылымдардың әрқайсысына өзінің негіздеген ортақ қорытындыларын бере алады, себебі ол аталған барлық ғылымдардың ғылымдар тоғысында пайда болып, дамыған.

Бірқатар ғылымдар арасындағы семиотика мен кибернетиканың өтпелі аралық орыны соңғылардың кез келгенінен бірінші негізгі ғылым саласына өте алуына толық мүмкіндік береді.

Семиотиканың (сонымен қатар кибернетиканың да) бұл сапалық ерекшелігі, яғни олардың философияға тікелей жақындығы – олардан


философияға, атап айтқанда таным теориясына (гносеологияға) ең табиғи және тура ауысуына мүмкіндік береді.

Семиотика негіздерін меңгерген өлкетанушы барлық жерде, тіпті алғашқы қауымдық құрылыс тайпа мүшелері арасына немесе қазіргі өнеркәсіптік қалалардағы түрлі өндірістік сала қызметкерлері арасына саяхатшы, биолог, этнограф, лингвист зерттеуші тұлға ретінде ене алады.

Белгілер (таңбалар, бейнелер, символдар, ишаралар, ымдаулар т.с.с.) адамдарға кез-келген тіршілік жағдайында: күнделікті өмірде, өнерде, табиғатта, сәтті қарым-қатынас жасау немесе кездесудің түйінді мәселелерін шешу үшін өте қажет.

Әлемдік таңбаларды салыстыру олардың ру-руна (*арғықазақ. ұрын - құпия*) таңбаларымен тарихи-мазмұндық бірлігін көрсетеді. Таңба, оның ішінде ру, яғни руна («ұрын» – құпия, жұмбақ, тылсым, ұры мағынасында нағыз түркілік ұғымы – ММА) туралы дүниежүзілік ғылыми айналымда тағы не бар?! Ағылшын тілді оқырман үшін «қажетсіз», орыстілді пенде үшін «бәрі бір», қазақтілді оқырман үшін, негізінен, беймәлім деректерді назарға берелік. Әлемдік энциклопедиялық жинақ: «Солтүстік Еуропадағы тевтон руларында б.з.б. бесінші ғасырдан бар деп саналатын ру-налық жазуды голланд, норвег, шведтерде жиі қолданылған «құ-пия – ұры, ұрын» жазу, ол Алмания, Франция, Испания, Англияға тылсым қуатты күш, аспан мен Жерді жалғастыратын сиқырлы ишара байланыс құралы ретінде кең таралды» деп жазады және ұзын саны 31 таңбасы бар руна әліппесінің ағылшын-саксондық нұсқасын береді. Бастапқыда еуропалықтар (Негізінен өздерінің тегін Сібір, Алтай, Қос өзен аралығынан тарататын тевтон, гет-гот, хет ұрпақтары) хат танып үйренген танымал тәсілімен солдан оңға оқыған.


Прототүрік рунасы құрылымының қандай болғаны еш жерде талданбаған. Сондықтан әлемдік таңбалар жүйесінің тегін тану тетігі ретінде мыңжылдық ұйқыдан кейін зерттеу нысаны болған, көп нұсқалы руналық әліпбилердің қазақ ру-рунасына үндестігіне мысалдар келтірілік.



Сурет. 1: Ағылшын-саксондық «Футһарк» нұсқасы

Ағылшын-саксон нұсқасындағы транскрипциялаудың латын әріпті түпнұсқасын қазіргі кириллица әріптерімен алмастырып, яғни қазақтың з (th орнына), ө (o орнына), ғ немесе ңғ (g орнына), й (j орнына), ш (ch), ио (eo), ң (ng), иа (ea) орнына қойып ежелгі-герман рунасының түпнұсқа мәтіні мен мән-мағынасын қазақшалап қаралық

Руна таңбаларының Еуропа үшін алғашқы Отаны саналатын скандинавиялықтардың аңызы бойынша, Бас Құдай Один (Орысша Вотан болғанымен немісше: Wotan-Уотан, яғни дұрыс дыбысталуы түркілік Отан) тәңірлік таным, далалық мәдениет, түркілік өркениет иегері шаман қолынан тоғыз таяқша алады. Ескерте кетелік, «Тоғыз саны – әлдебір толықтықты, кемелдікті, түгелдікті білдіреді», – деп басталатын Серікбол Қондыбайдың «Сегіз бен тоғыз» тарауында (СҚ.ТШЖ-9/ 389-469 беттер.) бұл ұғымның біз үшін етенелігі толық ашылған. Әдетте қырық бір тасты үш топқа бөліп, әр топтан төртке еселіктен қалғанын бірінші жолға үш жерге шоғырландырып құмалақ ашатын қазақ бірінші жолға үш-үштен тоғыз түссе «Ашпас әліп» деп сүйіншісін алып, ары қарай бал ашуды доғарады (толық ашылса үйінділер дұрыс шаршы бұрыштары мен орталығындағы тоғыз нүктеге орналасады). Дәл сол сияқты Один лақтырған тоғыз таяқша жерге түскенде үш-үштен өзара қатар орналасып, дұрыс шаршылы кереге құрастырады. Осы трафарет – арғықазақтық шаблондық үлгіден Одингге олардың бойымен салынатын 24 руналық белгі елес береді сөйтіп құпия Жаратылыс күшіне ие руна таңбалары пайда болады. Әріптердің алғашқы сегіздігіне қандай әріптер алынатындығына байланысты әліпби «футһоркы, өутһоркі» түрінде әртүрлі аталып келеді1.



Сурет. 2: Тоғыз таяқшалы руна шаршысындағы футөркі қатары

Ал Пішін керегелеріне Жығылған керегесін негізге алғанымыз айтылды. Ондай кереге көз трафераттар Маңғыстау петроглифті жартастарында жиі кездеседі. Футөркі руна санының 24 болуы да Оғыз ханның ұлдарына берген таңба санына тең. Скандинавия руналық таңбаларының Еуропаша аталуының өзінде, олар түсіне алмай тылсым деп есептеген сөздердің мағынасында түркі ұғы- мымен үндестік, ту таңбаларымен тектестік бар.

Әлем халықтарының таңбасы мен тілінің кіндік тамыры түр- кілік екендігін аңғарту – біздің басты ұстанымымыз, ғалымдар назарына, өзге тілге жеткізуге ұмтылатын аса маңызды жаңалығымыз, ортақ тарихымыздың жәдігерліктерінің иесі екендігімізге сендіретін айғағымыз, рух алдында парыз, ұрпаққа ата аманатын бұзбай сақтап тапсыратын қарызымыз екендігін еске саламыз.

Сонымен, алғашқы дыбыстық сегіздік мәніне сай, яғни фонетикалық негізде, футарка аталған жүйеде 24 руна таңбасы бар.




Руна	↑	В	М	М	Г	Х	О	Д
Латын әріпі	t	b	e	m	l	ng	o	d
Кирилл әліпшесі	т	б	е	м	л	н (н)	о	д
Руна аты	Тейуаз	Беркана	Эуаз	Манназ	Лагуз	Ингуз	Отал	Дағаз
Скандинавиялық нұсқасы	Тиу-Тейус-Төр	Баиркан Қайың	Айкос Жылқы	Маннас Адам	Лагус-Су	Инг-Ингви	Отал-Бөлу	Дагз-Күн
Британ-иялық аты	Тир-Төр	Биаркан Қайың	-	Маөр-Адам	Легт-Су	-	-	-
Готикалық нұсқасы	Тир-Төр	Беорс Қайың	Еох Жылқы	Ман-Адам	Лагу-Су	Ің-Ингви Ақ адам	Одел-мұра	Дей-Күн
Түркілік мәні	Төр, Тура із	Бөрік, Байырқа	Ер	Мен, АС ұлы	Ілмек	Ің, Үңгір	Отау, енші	Күн мен түн
Таңбалық атауы	Жебе	Көз	Жүген, ауыздық, делбе	Қос, Жаппа, босаға	Шек, ілмек	Қос айқыш	Жаппа, айқыш, ашамай	Қаппа, Жалау-ша
Иелік ететін рулар	Адай		Әлім		Шеркеш, Масқар			
					*	Алтын Төртқара, Тана	*	





Оның үстіне, тағы бір ескеретін жағдай бар, руна әлемі тылсым күш-қуатқа ие. Озалда Ас елінің жауынгерлік дайындығының, қарсылас психологиясына әсер ету шеберлігінің негізі болды деп есептелетіндіктен, қазір де ол қазақтың құмалақ ашу жоралғысы қызметін атқарып, жорамал жасау, бал ашу, ішкі психологиялық тұрақтылықты сақтаудың практикалық эзотерикалық ғылыми ір-гетасы ретінде кең танылған және қолданылып жүр. Ал бал ашу үшін руна карталары қолданылады. Бал ашушының жоруына, картаның оң-теріс немесе төңкеріліп түсуі негіз болады. Біз дәл осы жеке таңбаның геометриялық өзгеру нұсқаларының «Пішін» кестесі үшін де басты ұстаным екенін көріп отырмыз. Мұндай сәйкестікті тек қана тектестік бере алады. Скандинавия халықтарының өз тегін азиялық Алтайдан іздеуі де осы тектестік негізі.

Руна								
Латын әріпі	h	n	i	j	e	p	R	s
Кирилл әліпбиі	h	h	i	й	е (ө)	п	Р (з)	с
Руна аты	Хагалаз	Наутиз	Иса	Йер	Эйваз	Перт	Альгиз	Соулу
Скандинавиялық нұсқасы	Хагалаз бұршақ	Наутиз қажет	Иса мұз	Йер өнім	Эйваз қорған	Перт жабық	Альгиз Қамыс	Соулу Күн
Британиялық аты	Хагалаз бұршақ	Паидз қажет	Исс мұз	Еар жыл	Уг шырша		Елгр-Елік	Сол-Күн
Готикалық нұсқасы	Хагалаз Сәлем	Ниед-ниет	Ис мұз	Иеар жыл	Иос-тиса	Пеорд-**	Еолхс-**	Сигил-Күн
Түркілік мәні	Хах-хат	Ниег, Қажет ету	Із, Аса	Жер, жылу	Айбас, емен	Пана, тау	Елік, аса	Сәуле Нұр
Таңбалық атауы	Ерге-нек	Ашамай	Әліп, Көсеу	Қос таңба	Түйе-мойын	Қазан	Құс аяқ	Бота-мойын
Иелік ететін рулар	Сары-жомарт	Уақ, Шекті, Керейт, Телеу	Тана, Табын, Ысты, Сыйқым	*	Бура	Қара-кесек. Қаракете	Адай	Жап-пас

Руна								
Латын әріпі	t	b	e	m	l	ng	o	d
Кирилл әліпбиі	т	б	е	м	л	н (ң)	о	д
Руна аты	Тейуаз	Беркана	Эуаз	Манназ	Лагуз	Ингуз	Отал	Дагаз
Скандинавиялық нұсқасы	Тейуаз	Баиркан Қайың	Айкос Жылқы	Маннас Адам	Лагус-Су	Инг-Ингви	Отал-Бөлу	Дагз-Күн
Британиялық аты	Тир-Төр	Биаркан Қайың	-	Маер-Адам	Легт-Су	-	-	-
Готикалық нұсқасы	Тир-Төр	Беорс Қайың	Еох Жылқы	Ман-Адам	Лагу-Су	Ің-Ингви Ақ адам	Одел-Отау, мұра	Дей-Күн
Түркілік мәні	Төр, Тура із	Бөрік, Байырқа	Ер	Мен, АС ұлы	Ілмек	Ің, Үнгір	Отау, енші	Күн мен түн
Таңбалық атауы	Жебе	Көз	Жүген, ауыздық, делбе	Қос, Жаппа, босаға	Шек, ілмек	Қос айқыш	Жаппа, айқыш, ашамай	Қаппа, Жалау-ша
Иелік ететін рулар	Адай		Әлім		Шеркеш, Масқар			

Сурет. 3. Футарка әліпбиі

Әдетте, нақты руна үштіктерінің $24/8=3$ топтасып келуімен бал ашу үшін тек қана үш қарта суырып та жорамал жасалады. Осы сияқты кескіні симметриялы емес ру таңбаларының да қайсысы кімдікі екенін ескеру қажет. Мысалы, адай таңбасы төрт түрлі салынады. негізгі оң таңба –  (Адай таңба), төңкеріліп түскені (Құс аяқ таңба), теріс таңба. Сол сияқты –  салыну оңнан солға жүретіндіктен оң таңба да, - сол таңба болып есептеледі. Батыс Қазақстанда осы таңбаның руна картасы сияқты суреттік нұсқалары толық кезде- седі, бірақ олар жеке аталықтар үшін ортақ таңба емес. Адай таңбаның пайдалану уақыты бойынша ежелгісі, ортадағы тілік жеке салынатын түрі. Оның атауы М.Қашқари бойынша «Тылақ» деп аталады. Он екі ата Байұлы құрамында «Сегіз арыс Адай» аталатын бірлестікте тек қана «Адай» таңбалары кездеседі.

Футарка құрамындағы осындай екі таңбаның, пішін кестесінде шығатын геометриялық өзгерген түрі бойынша тағы да бірнеше таңба өзара біртектік тізіміне ене алады. Бірінші – «Перт, яғни, » таңба. Оның С.Аманжоловтың ру таңбалары тізбесінде, оның 90 градусқа бұрылған түрлі  – қаракесек таңбасы деп берілген; Екіншіден, футарканың «лагуз, «ілмек», «» яғни Л» рунасының осындай бұрылған түрі Шеркеш руы өкілінің деректерімен 1861 жылы бақилық болған азаматтың эпитафиясында көрсетілген. Үшіншіден, «Кано –  , яғни К» рунасының, 90 градусқа бұрылған пішініндегі ру таңбасы, Қарасақал, Алшын, ал оның теріс таңбасы Төртқараның руының төл таңбасы. Төртіншіден, «Эуаз , яғни Е» таңбасының нұсқасы – «Әлім» рулық белгісі. Олай болса, рунамен айналысатындар айтатын, геометриялық орыны өзгерген руна нұсқаларының аты да, заты да өзгермейді, тек қана оның әсер ету күйі және берері мен алары өзгереді деген көзқарасына жүгінетін болсақ соңғы ру таңбаларын да футарка руналық әліпбиінің аясында деп санай аламыз. Олай болса, футаркадағы 24 таңбаның 16-сында арқықазақтық, яғни дей-түркілік баба ізі бар, яғни оның 66,7%-ында түркі танымынан үлгі алу үдерісі бар дей аламыз. Ал оны қолданушылар не дейді?



















Руналар (жекеше – руна) – I–II ғасырлардан бастап XII ғасырға дейін қазіргі Дания, Швеция және Норвегия аумағында қолданыста болған ежелгі германдардың жазуы. X–XIII ғасырларда Исландия мен Гренландияға тарады, Швецияның орталықтан шалғай Даларна аймағында XIX ғасырға дейін қолданылды. Руна символдары тастарға, металға, ағашқа, сүйекке ойып салынды. Олардың қалыптасқан

пішіндері кесіп және ойып салуға ыңғайлы. Солтүстік Еуропа елдері христиандықты қабылдағаннан кейін, жазу ретіндегі рунаны латын жазуы қолданыстан ығыстырып шығарды. «Руна» атауының өзі ежелгі герман тіліндегі run («құпия») түбірінен шығады. Қазіргі кезде, шамамен, 5000-ға жуық руналық жазбалар жинақталған, олардың негізгі бөлігі Швециядан табылған. Ортағасырлық Еуропада руналық күнтізбелер қолданылған. Тағы да ескерте кетелік, негізінен, көп дауыстылы қазақы дыбыс қатары сөз түбірі ретінде – күн сәулесіндей шұғыла шашады, асыл тастай түрленеді. Бұл құдірет, қазақтың бір тақырыпты бір-біріне мүлдем ұқсамайтын дыбыстық-тілдік негізбен бере алуы, жаны да, қаны да, тілі де – «ақын» болуының табиғи негізі. Дауысты дыбыстары азаятын көптеген «шолақ» тілдер дей-түркі терминдерінің бастапқы дауыстыларын түсіріп айтады. Мысалы: «Адай және дай», «Ұрын, Ұрұн» және рун». Руна атауындағы екі дауыссыз да толықтай оның этимологиялық тегінің түркілік екендігін куаттайды.

Халықаралық ғылыми кеңістіктегі «Ежелгі түрік, мажар, бұлғар әліпбилеріндегі тік сызықты, бұрыштап қосылған бұтақшала-ры бар жазуларды да руна деп атайды. Бірақ олардың герман ру-наларымен туыстық қатынасы анықталмаған», – деген тұжырым дәйексіз, дауысты жеткізу шолақтығынан туған, ойлап-пайымдау шолақтығының салдары.

Қойшығара Салғараұлы адай таңбасының пішіні туралы:

«Ежелгі қыпшақ таңбасы «қос әліп» (II) аталған таңба екен. Ұлы Дала Шыңғыс хан шапқыншылығынан өрт шалып, азып-тозып кеткені белгілі. Кейін, қазақ халқының тайпаларынан құралған Алтын Орда, Ноғай Орда да талан таражға түсіп, сол өрт шалған жұртта Қазақ хандығы құрылды. Ел «Алшын» атала бастады. Алшын сөзі құрып кете жаздаған қыпшақ сөзіне балама болып, қайта жанданғанын, қыпшақтың қатар жатқан қос әліп таңбасының басын біріктіріп, жаңа таңба қабылдады (Λ). Сол кезде адайлар қабылдаған таңба қазіргі кейбіреулер айтып жүрген жебе белгісі емес, қос әліп таңбасына тіреу қойылған белгі (Λ), – деген пікір білдіреді. Бұл пікір жорық кезіндегі тынығу уақытында қаруды өзара пирамидалап мосылап қоятын тәртіпке сай «Үш оқ» ұстанымына да тура келеді. Тағы бір мысал, мезоамерикалық психологиялық әліпби.

Майя нұскасы						
Түркілік мәні	поп молла	уб' үй үю	сип себу сүйеу	соц сұс сес	цек шек шекара	шуль шөл шу-су
Майя нұскасы						
Түркілік мәні	яш-к'ин жас-күн	моль мол	чен шек ішек	яш жас	сак сақ	кех кек көк
Майя нұскасы						
Түркілік мәні	мак мақұл	Кан-кин Хан-күн	мули малу	паш бас	Кайяб Қайжак	кумху көму

Сурет. 4. Майя ишара жазуындағы дей-түркілік ұғымдар

Ғылыми таным әдісі ретінде мәдениет типологиясын анықтау оның құрылымын нақтылаудан, мәдениет ұғымы құрылымын сараптау мәдени игіліктерді есепке алудан басталады. Игілікті мирасқа қалдырудың бірден-бір құралы – жазу-сызу. Мәдениеттіліктің айқын белгісі сөздің мағыналы таңбасын, яғни гуманитарлық таным объектісін түсіну, тану. Сондықтан да жазу мәдениеті ақиқат өркениет белгісі ретінде ерекше құнды. Таңбалы мәтін ежелгі өркениет пен тарихи белгілі мәдениетке қатыстылықты білдіретін болса, оны жинақтау, ұғыну, кәдеге жарату ұрпақ парызы.

Қазіргі заман мәдениетінің ерекшелігі – мәдениет ұғымын барша мәдениетті жеке тұлғаның тәни және рухани болмысына жинақтаушы, философиялық дербес ұғымдарды жеке тіршілікіесі санасында тоғыстырушы тұтастық түйіні, тәлім-тәрбиежелісі деп түсінуде. Сонда ғана бар қуаты бір мақсатқа шоғырланған, тіршілік ету өзегі табиғатпен үйлесімге құрылған, ата-баба рухын құрметтеуден күш алып, Адамзаты ғұмыр бойы тырнақтап жинаған құндылықтарға ие болып, оны байыта алатын азамат қалыптастыруға болады. Тегі бар елдің ертеңі елеулі, ұрпағының өрісі кең. Әріп тектестігі семиотикалық түпкі ортақ тамыр дәле



**Қазақстан тарихы пәнін оқытудағы заманауи
технологияларды қолданудың қажеттілігі.**

*Едилханова Светлана Алқажанқызы тарих
ғылымдарының кандидаты,
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және
инжиниринг университеті*

Бүгінгі күні Қазақстанның тарих ғылымының алдында, бұрын қалыптасқан идеялық-теориялық, методологиялық негіздердің өзгеруіне орай, тарихты оқытудың, тарихи зерттеулердің мазмұнын жаңарту міндеті - ең өзекті мәселе.

Қазіргі кезде ғылыми салада интеграциялық үрдіс байқалуда. Ал тарих ғылымында осы үрдіс тарихи-экономикалық, тарихи-әлеуметтік және т.б. пәнаралық, кешенді зерттеулермен сипатталады. Осыған байланысты тарих ғылымына аралас пәндерден келетін әр түрлі ақпараттардың үлкен ағымы жыл сайын ұлғайып келеді. Олардың маңызды бөлігін сандық мәліметтер құрайды. Өйткені, бүгінгі қоғамның кез келген саласын статистикасыз елестету мүмкін емес. Аталған жағдай болашақта тарихшылардың алдында сандық мәліметтерді сапалы талдап, оларға объективті түсінік бере білу талабын туындатады.

Тарихшы ғалымдардың математикалық әдістерді игеруі ХХ ғасырдың екінші жартысында тарих ғылымының ішкі заңдылықтарына байланысты болды. Оған ақпараттық және компьютерлік технологиялардың білімнің барлық салаларына тигізген әсері және ғылыми білімдерді интеграциялау үрдістерінің өсуі ықпал етті. Әсіресе бұл тенденциялар 60-шы жылдардың аяғында және 70-ші жылдардың басында айқын көрінді. Себебі, сол кезеңде гуманитарлық ғылымдардың көпшілігінде пәнаралық зерттеулер ерекше орын алды. Осы жылдары квантитативті, сандық тарихтың жетекші ұлттық мектептері қалыптаса бастады.

1980 жылдары тарихи информатика тарихи зерттеулер мен білім алуда ақпараттық, коммуникациялық технологияларды қолдануға қатысты практикалық және теориялық сұрақтарды зерттейтін пәнаралық салаға айналды. Тарихи информатиканың пайда болуы тарихи зерттеулердегі ақпараттық, коммуникациялық технологиялардың ролінің өсуін, жаңа деңгейге көтерілуін көрсетеді.

90 жылдардың аяғында жаңа тенденциялар пайда болды: әдістер мен технологиялардың жетілуі, ақпараттық ресурстардың маңызының өсуі. Бұл ресурстар ақпараттық желідегі электронды кітапханалар, журналдар, мәтіндер қорымен шектелген жоқ. Цифрлы деректердің қолжетімді болуы ХХ–ХХІ ғғ.

тоғысында зерттеу мақсаттары мен тарихи зерттеуді ұйымдастырудың өзгеруіне әкелді.

Тарихи информатиканың дамуының ресейлік жолын қарастырарсақ, 1990 ж. бірінші жартысында оның Ресейде және ТМД елдерінде қалыптасып, дамуымен, ақпараттық технологияларды өңдеумен, жаңа бағыттың теориялық негізіне қатысты сұрақтарды талдаумен байланысты. Аталған онжылдықтың екінші жартысы зерттеулердің әдістемелік, технологиялық құралдардың кеңеюімен тығыз байланысты екенін байқаймыз. 2000 ж. басы интернет-технологиялар мен ғылыми ресурстарды өңдеумен ерекшеленді. Ал ХХІ ғасырдың ең алғашқы ширегі тарихи информатиканың әрі қарай даму жолын іздестірумен, тарихқа бағытталған тәсілдерге мән берумен, тарихи деректерге ғана қатысты алгоритмдер мен бағдарламаларды талдаумен көзге түсті.

Квантитивті тарихтың маңызды бөлігінің бірі – тарихи деректерден ақпаратты шығарып алып, оны электронды форматқа аудару. Квантитивті тарихтың дамуына байланысты мұндай деректердің алғашқы түрлері пайда бола бастады. Алғашқы кезде олар цифрлы ақпараттық кесте түрінде перфокарталарда жазылып, мәтіндер кодталды. Бастапқы кезде олардың сақталуы және қайта қайта қолданылуы ыңғайсыз болды.

Квантитивті зерттеу дегеніміз - ғылыми әдістердің көмегімен құбылыстар мен процестерді зерттеу, оларға әр түрлі факторлардың әсер етуін анықтау және осының негізінде ғылым мен тәжірибеге қажетті дәлелденген шешімдер қабылдау. Информатикалық зерттеудің негізгі мақсаты - белгілі объектінің ішкі құрылымын, қасиеттерін және байланысын ғылыми тәжірибеде қолданылатын принциптер мен заңдар негізінде талдау және зерттеу.

«Тарихи информатика (ТИ)» – бұл тарих ғылымы мен білім берудің ақпараттандыру процесінің заңдылықтарын зерттейтін ғылыми пән. Тарихи информатика негізінде зерттеу практикасында тарихи деректердің барлық электронды түрлерінің теориялық, қолданбалы білімінің қажетті біртұтастығы жатыр. Тарихи информатиканың теориялық негізі - бұл ақпараттың (әлеуметтік ақпарат) пен теориялық деректануды, қолданбалы аймақта ақпараттық/компьютерлік технологияларды қосқанда, қазіргі кезеңдегі концепциясы. Тарихи информатиканың қызығушылық танытатын аймағына тарихи зерттеулерде ақпараттық технологияларды қолдану, тарихи база мен білімдер/мәліметтер банкін құру, құрылымдық, мәтіндік, суреттемелі деректерге талдау жасау, тарихи процесстерді компьютерлік модельдеу, ақпараттық желіні (Internet, т.б.) қолдану, мультимедиа және тарих ғылымын ақпараттандыратын жаңа бағыттарды дамыту, тарихи білім беруде ақпараттық технологияларды пайдалану».

Қазақстандық зерттеушілердің тарихшы-квантификаторлардың қоғамдастығына енуі ХХ ғасырдың 60-шы жылдарына келеді. Бұл кезде республикада ең алғаш рет антрополог ғалым О. Исмагулов мәскеулік ғылыми

орталықтардың алдыңғы қатарлы кеңестік мамандарымен қоса статистикалық әдістер негізінде краниология мен палеоантропологиядан зерттеулер жүргізе бастады.

70-ші жылдары әйгілі ғалым түрлі морфофизиологиялық жүйелердің ерекшеліктерінің негізінде республиканың қазіргі кезеңдегі тұрғындарын серология, соматология, одонтология мен дерматоглификаға сүйеніп, жоспарлы түрде антропологиялық зерттеуге кірісті. О. Исмагулов өз монографиясын қазақтардың қан тобын (ABO, MNSs және Rhesus жүйелері) зерттеуге арнады. Ол осындай материалды Еуразияның халықтарына да қатысты кең көлемді салыстырмалы сараптау жұмысын жүргізгенде, ЭВМ-ді (БСЭМ-4М түрі) және антропологиялық деректердің арнайы есебін зерттеуге ыңғайлы әдістердің кең математикалық арсеналын қолданды. Зерттеу барысында ғалым жан-жақты сараптау әдістерін қолданды: бөліктік, факторлы, «кси-квадрат» әдісі, Веллиштін гендік индексі, Р. Кнуссманның критерийлері. Аталған монографияның тағы бір жетістігі – қазақтардың түрлі рулық және аймақтық топ жүйелерінің фенотиптері мен гендік ерекшеліктерін орналастыру ақпаратын көрсететін графикалық және картографиялық материалдары.

1980 жылдары О. Исмагулов этногенездің күрделі мәселелерін зерттеуде антропологиялық материалдың тарихи ақпараттың дерегі ретінде математикалық-статистикалық әдіс түрлерін біршама кеңейтті. Өзінің фундаменталды «Этническая антропология Казахстана» атты монографиясын қазақ халқының соматологиясына арнады. Ол қазақтардың 30-дан астам топтарының арасындағы айырмашылықтың деңгейін анықтау жолында корреляциялық, дисперсті, кластерлі, одан басқа да моно- және жан-жақты сараптау түрлерін өткізді. Республикада мұндай зерттеу бұрын-соңды болмаған еді. Ғалымның жүргізген статистикалық сараптауы таблица, график, дендрограмма (иерархиялық классификацияның ағашы), карта, суреттерден көрініс тапты. Нәтижесінде автор қазақтардың ғана емес, республиканың басқа да халықтарының этногенезіндегі процесстер мен этникалық тарихына қатысты мазмұнды, әрі қомақты қорытындыларға келеді. Статистикалық зерттеулердің негізгі бөлігі ЭЕМ-нің ЕС түрінде жүргізілді. Бұл зерттеуде сандық әдістер мен ЭЕМ жан-жақты қолданылды. Алынған нәтижелер О. Исмагуловтың қазақ халқының этногенезі мен этникалық тарихындағы нәсілдік тип мәселесіне қатысты бұрынғы тұжырымдары мен қорытындыларын байытты.

Алдыңғы қатарлы антрополог қазақ ғалымының көптеген зерттеулері шетелдік әріптестерінен кең қолдау тапты. ҚР ҰҒА академигі О. Исмагуловтың ғылыми жұмыстарының өте жоғары деңгейде тұрғанын ғылымның халықаралық конференциялар, симпозиумдар, алыс және жақын шетел ғалымдарымен бірге ат салысқан жобалар дәлелдейді. Қазақстандық жүйелік зерттеулер саласында О.И. Исмагуловтың антропологиялық мектебінің қалыптасып, әрі қарай дамуы ерекше орын алады.

Бұл жерде тоқтала кететін нәрсе, ғалымның бұл ұлы зерттеуі республикадағы 1986 жылғы желтоқсан оқиғаларынан кейін қатты сынға ұшырады. Ғалымды партиялық элита трайбализмды гендік деңгейде таратушы деп жариялап, кітабын ғылымнан аластатты.

Жалпы, елімізде тарих ғылымы мен білім беруді ақпараттандыру процестері оң үрдіске ие болғанымен, өте баяу жүріп жатыр. Негізі себептері мыналар: тарихи информатика саласында болашақ мамандарды даярлау жүйесінің жеткіліксіз дамуы, дәстүрлі зерттеумен айналысатын ғалымдардың инерттілігі, тарихи ғылыми қоғамдастықтың жеткіліксіз ақпараты, ғылыми зерттеулер кезінде қолға түсетін мүмкіндіктерден бейхабар болуы, немесе әлсіз насихаттау жұмыстары, тарихи информатиканың әдістері мен технологияларын өте аз дәрежеде қолдану, ал тарихшылар негізінен интернет желіні қолануды тек ғылыми еңбек шығару кезінде анықтамалық ақпаратты пайдаланумен ғана шектеледі. Сондықтан, осы аталған келеңсіз жағдайды оң жаққа бұру үшін ғылымда да, білімде де қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды қолдануды барынша дәріптеп, насихаттап, тарату қажет.

Қорытындылай келе, білім саласына еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан – жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, жаңа идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал қазіргі заманның оқушысы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне үлкен мән береміз. Өйткені, оқытудың әр түрлі технологиялары зерттелініп, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп мектеп өміріне енуде. Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал білім беру әдістемелері арасында өздігінен білім алуға негізделген тәсіл кең тараған. Бұл теория оқушылардың ойлауын дамыту, олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және достарынан алған білімдерімен өзара әрекеттесуі жағдайында жүзеге асады деген тұжырымға негізделеді. Осыған орай оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда оқытудың жаңа технологияларын жетік меңгеріп қана жетуге болады.



**«Білім алушының тарихи санасын жандандыру,
тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру мен
дамыту жолдары»**

*Сейниханова Айжан Салимқызы, Маңғыстау
облысы, Ақтау қаласы №13 гимназиясы тарих пәні
мұғалімі педагог-зерттеуші, педагогика
ғылымдарының магистрі*

XIX ғ. қазақ даласында ағартушылықтың дүниеге келуі, XX ғ. басында қазақ зиялыларының қалыптасуына ықпал етті деген тұжырым – қазіргі педагогтер қауымы үшін үлкен ой саларлық дүние болуы шарт. Бұл ақпаратты оқушылар негізінен гуманитарлық пәндерден алады, бірақ сол ағартушылықтың негізін салушы Ыбырайды оқи отырып, оның Алаш партиясына әсері бар ма, оған бағалау жүргізе бермейді. Білімнің басты таратушысы ретінде біз, яғни педагогтер, тақырып бойынша білімді игерте отырып, болашаққа көз жүгіртуді үйретіп жатырмыз ба? Маңызына, түйініне баға беру дағдысын қалыптастырып жатырмыз ба? Кезекті республикалық тарихшылар конференциясының бірінде тарихшы әріптесіміздің «тарихты емес, тарихпен бірге оқыту керек» деген сөзі ұнады. «Күнделікті сабақта тақырыпты оқытпандар, оны бала өзі де оқиды. Сол тақырыпты өмірмен байланыстыра отырып, бала бойында жоғары дағдыларды қалыптастырып отырыңдар» деген мағына болуы керек. Жоғарыда атап өткен сол Ыбырайлардың ісін жалғастырушы мына біздер – ұстаздар қауымы. Мәселен осы бағытымды шыңдай түсіп, 2020 жылы шәкірттерімді республикалық «Елбасы медалі» жобасына қатыстырып, олардың бойында ұлттық, патриоттық, елжандылық, өлке тарихын құрметтеу, терең білім, қоғамға қамқорлық, салауатты өмір салтын ұстану сияқты қасиеттердің қалыптасуына зор үлесімді қостым. Адал еңбек, алғыр ойдың арқасында қатысушылардың еңбегі жанып, биік белесті бағындыра алды. Ұлттық бағдарлама өз мәресіне жетіп, «№13 гимназиясы КММ» 11 сынып оқушылары Шахатбаев Д, Балбай Н, Құралбаев Н, Сандыбаев А, Исабек Ж, Султанбек М, Садық І, Ихсан Н, Серикбай А, Еркін А, Темір К, Шахзадаев Р, Рахымова А, Аманбай Н, Серикбай А, Каримбаева Ж, Наурызова М, Құрман Қ, Муратова С, Арыстанова А, Жусупова А «Елбасы медалі»

республикалық жобасының алғашқы Қола медаль иегерлері атанды. Аталған медалисттердің 12-сі жобаның көмегімен еліміздің беделді ЖОО-ның мемлекеттік гранттарын ұтып алды. Мектебіміздің «Елбасы медалі» иегерлері алдағы онжылдықтарда болмысы бөлек қазақстандық үлгіні қалыптастырады деген сенімдемін [1], [8], [9].

Ұлт тарихын оқыту қашан да тарихи сананы қалыптастыруға жұмыс жасауы қажет. Сол сананы жандандыруға тырысқан ұлт зиялылары сауатсыздық, надандықта булығып жатқан қазақты оятамын деп, А.Байтұрсынов «Масасын» ұшырып, М.Дулатов «Оян, қазағын» ұран етсе, С.Торайғыров «Қараңғы қазақ көгіне, өрмелеп шығып күн боламынды» жалын етті. Қай заманда да мұндай ұлт зиялысын қалыптастыратын ұстаз екенін жадымыздан шығармайық. Ал зиялылықтың ең басты шарты – адам бойында тарихи сананың болуы. Әлемге жар салып, ғылым мен техникадан қанша озық болсақта, тарихи санамыз толық жетілмесе, болашағымыз бұлыңғыр. Тарихты білу, ұлттың тарихын қалыптастырушы ұлт тұлғаларының тағылымын зерделеу, ұғыну арқылы сана да келеді. Алаш зиялылары жазғандай, «өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел қайда жүріп, қайда тұрғандығын, не істеп, не қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай күн туатынына көзі жетпейді. Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынша өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады» [11]. Сол үшін де бүгінгі таңда тарихшы ұстаздың басты міндеті – тарихи саналы тұтас ұрпақты, ұлт жанашырларын тәрбиелеп, олардың бойында ХХІғ алпауыт мемлекеттердің арасында оза шауып, өз тәуелсіздігімізді ұстап тұру міндетін қалыптастыру.

Қилы замандардан қалған орыстандыру саясатымен де әлі күнге дейін күресіп келеміз. Толық цензура заманында халықты санасыздандыру бағытында астыртын жұмыстар атқарылғанын да білеміз. Бір ғана мысал ретінде, тарихшы Е.Бекмаханов және оның зерттеулерін алып қарасақта жеткілікті. Кеңестік кезеңде бір қазақ тарихшысы мен оның еңбегінде тұрған не бар еді? Отаршыл билік өкілдері халықтың ұлттық санасының оянуына жол бермеді. Талантты тарихшыны түрмеге жапты, қудалады. Бұл сол заманда ұлтқа жасалған қиянат еді. Тарихи санасы жансызданған этностың белгісі – өзінің даму үрдісіндегі болмысынан айырылып, асылын бағалай алмайтын, басқаның жасығын малданатын, санасы қортық, өзін басқадан кем

санайтын, кембағал түсінік сияқты сипаттары болады екен. (Б.Қайратұлы) Осы жерде академик Манаш Қозыбаевтың сөзімен де бөліскім келеді: «Бодан болған елдің санасын тұсап, рухани құлдыққа қарай икемдеу үшін қолданылатын ең төте тәсіл – халықты өз тарихи санасынан айыру».

Ал қазіргі заман еркіндік, бостандық заманы. Жастарымыздың тарихи санасын қалыптастыруға толық мүмкіндік бар. Ал тарихи саналы ұрпақтың қалыптасуына мектептегі жаңартылған білімнің ықпалы бар ма? Тәжірибемді сараласам, бар деп жауап берер едім. Біріншіден, жаңа білімнің оқу құралдарында бұрынғы дәстүрлі оқыту жүйесімен салыстырғанда, негізгі білімді игерту үшін - сыни ойлау дағдыларына, Блум таксономиясының жоғарғы деңгейлерінің тапсырмаларына бетбұрыстың болуы қуантарлық жағдай. Егер бұрынғы білім көп жағдайда Блумның төменгі деңгейіне негізделіп, білу мен түсіну дәрежесінің аясында шектеліп қалған болса, ал ЖБМ аясындағы білім берудің оқу мақсаттарының аясы кең. Мәселен, 10-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» оқулығының кез-келген бір бөліміне талдау жасайық [1]. Ұзақ мерзімді жоспардың «Орталық Азия және әлемдік өркениет» бөлімінде көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесі жүйелі түрде сипатталған. Мысалға алар болсақ, жоғарыда аталған бөлім келесі оқу мақсаттарын қамтиды: «10.1.3.1-Орталық Азия халықтарының материалдық мәдениет жетістіктерін талдау арқылы адамзаттың дамуына қосқан үлесін қорытындылау; 10.1.3.2 -Орталық Азия халықтарының рухани мәдениеті мен ғылым саласындағы жетістіктерін талдау арқылы адамзаттың дамуына қосқан үлесін қорытындылау» [5]. Аталған бөлімнің мазмұнына сәйкес оқушы бұрынғыдай сақ-скифтердің парсы, грек-македондықтармен соғысын біліп қана қоймай, сонымен қатар ендігі жерде олардың Алдыңғы Азияға жорықтары – Ұлы Дала көшпелі өркениеті мен ежелгі шығыстық өркениеттің арасында қандай байланыс орнатқандығын анықтауы қажет [2], [3]. Сақ-скифтер жаңа мемлекеттердің пайда болуына ықпал етті, сондай-ақ өз жерлерін сырт елдерден қорғай отырып, өзге халықтармен басқа да мемлекеттерге қарсы соғыстарға қатысады [1]. Мәселен, оқулықта Дарийдің «он мың ажалсыз әскерінің» қатарында сақтардың грек-парсы соғыстарына қатысқандығы, кейін македондықтармен бірге тандаулы атты садақшылар ретінде Үндістан жорығына қатысқандығы жөнінде

мағлұматтар бар. Ал ғұндардың Еуразия кеңістігіне әкелген өзгерісі өз алдына бір тарих. Яғни, жаңа білім көзі оқушыға Ұлы Дала көшпелілерінің халықаралық қатынастардағы орнын анықтап, баға беруіне ықпал етеді. Осылайша, білім алушы Ұлы Дала көшпелілерінің Шығыс пен Батыстың отырықшы-егіншілік өркениетімен тығыз байланыс орнатып, көшпелі өркениеттің әлемдік тарихқа тигізген әсерін зерттеуді үйренеді. Яғни оқушы халықаралық аренада өз орнын табуға ұмтылады [1].

Екіншіден, жаңа білім құндылықтарға, олардың маңызына бағытталады. Яғни, дәстүрлі білім бізге көшпелілердің мәдениетін нақтылап берсе [3], жаңа білім сол мәдениеттердің әлемдік өркениетке ықпал етуін айқындай түседі. Мәселен, неміс философы Карл Ясперс *«адамзат әлеміне өркениет әкелген екі нәрсе деген, олар жылқының қолға үйретілуі және теңіз қатынастарының пайда болуы»*. Оқушыларымыз сол жылқыны алғаш қолға үйреткен бабаларымызбен мақтанама ма? Осыдан бес мың жылдай уақыт бұрын бүгінгі қазақтың топырағында жылқының қолға үйретілгендігі әлемдік ғылымда дәлелденді. Осы жылқы арқылы өркениетін көтеруде, әлемге мәдени өзгеріс әкелудегі көшпелі мәдениет өкілдерінің тарих субъектісіне айналған тұлғасының негізінде тарихи сана феноменінің жатқандығын тарихтан жасыру мүмкін емес [11]. Тарихи ақиқатта көшпелілікке өтуіміздің бір себебі де жылқыны қолға үйрету еді. Бұл жерде еуроцентристік көзқарастарға тән Ратцел, Гумплович, Тойнби сияқты ғалымдардың *«Көшпенділер өз бетімен өркениет жасауға қабілетсіз, олар мемлекетті, басқа да өркениет жетістіктерін отырықшы елдерді жаулап алу арқылы ғана үйренді»* деген тұжырымына қайшылық тудырамыз. Бұған саралау жүргізген оқушы өз тарихына баға береді, ұлттық сананың, мәдениеттің құндылықтарын жинақтай алады. Демек, жаңа білім үлкен мүмкіндіктер береді деген сөз, ал біздің алдымызда отырған шәкірттеріміз осы білімді, тарихи құндылықтарымызды қаншалықты біледі, қаншалықты саралау жасай алады?

Тарихшы-педагог ретінде біздің міндетіміз – осы білімді балаға терең жеткізу. Баланың бойына өз тарихи түп-тамырын сусындата отырып, оның ұлттық қалыптасуына ықпал ету. Өйткені, тарих пәнінің міндеті – ол әуел бастан ақыл-ой потенциалы жетілген, ата-баба тарихын есте сақтай алатын адамды жасау ғана емес, сондай-ақ, өзінің

ұлттық бастауын жақсы білетін, мәдени-генетикалық кодын бойына сіңірген, өмірде өз орнын таба алатын тұлғаны қалыптастыру боп табылмақ. Тарихи білімі жетік, тарихи санасы қалыптасқан тұлға кез-келген ортада еркін пікір алмасып, өз білімін дәлелдеп, сырт елге өз тарихи тамырын еш қобалжымай, мақтанышпен таныстыра алады. Қазақстан тарихының әр сағатының басты мақсаты да осындай болуы тиіс. Сол үшін де сабақ үдерісінде білім алушыларымыздың өткен, қазіргі және болашақ тарихты өзара сабақтастыра отырып, ойлау деңгейінің дамуына ықпал етуіміз қажет. Осы тұста тақырыптарды топтастыра оқытудың маңыздылығына көп мән беремін. Мәселен, жоғарыда атап өткендей, сабақта Ы.Алтынсариннің қазақ даласына ағартушылық әкелуін зерттей отырып, білім алушыға оның келесі ғасырдағы Алаш зиялыларының қалыптасу тарихымен арасындағы байланысты ажыратуға бағыт-бағдар беріп отыру арқылы, баланың екітүрлі кезеңдегі тарихты салыстыра алуына, бір тарихи оқиғаның келесі тарихи оқиғаға қаншалықты әсер етіп, жаңа тарихи өнімнің пайда болуына қалай ықпал ететініне көз жүгіртіп, болжам жасап, бағалауға үйретеміз. Сондай ақ, тарихшы-педагог ретінде сабақта тұлғалық құзырлылыққа қол жеткізуде проблемалық, шығармашылық жұмыстардың мен үшін рөлі ерекше. Мәселен, бұл жерде *ПОПС формуласы*, *SWOT талдауы*, *STEEPLE талдауы*, *STEP талдауы*, *мәтінмен жұмыс*, *проблемалық оқыту* сияқты белсенді әдістерді атап өтуге болады [6]. Тарихи сананы жандандыра отырып, тұлғаның ойлау үрдісінің тереңдігіне әсер етеміз. Бұл әдістер Блумның жоғары деңгей мақсаттарын қамтып, баланың рухани интеллектісінің дамуына әкеліп соғады. SQ интеллект деңгейі тұлғаның өсуіне, өз мүмкіндіктерінің шекарадан тыс шығуына, қарапайымға жаңа, тың көзқараспен қарауына жағдай жасайды. SQ (*Spiritual intelligence*) маңыздылықтар мен құндылықтарды, білімді игеруге мүмкіндік береді. Зерттеушілердің пікірінше адам өзінің өмір сүру деңгейін рухани интеллектісін дамыту арқылы көтере алады. Тұлға өзінің әр қадамына есеп бере отырып, өміріндегі түрлі мәселелерді оңай шеше алады. Бұл интеллектіні дамыта отырып, біз өн бойымызға ақыл жинақтаймыз, сыртқы әлеммен гармонияда бола отырып, қоршаған ортаны тереңірек түсінеміз [4].

Шығармашылық жұмыстар арқылы баланың тарихи санасын жандандыру менің үздіксіз жұмысымның сипаты десем де болады.

Соңғы жылдары, өз тәжірибемнен байқағаным, егер осыған дейінгі республикалық олимпиада жүлдегерлерімнің жеңістері бір-біріне ұқсас, білімі мен біліктілігі дәстүрлі білім беру бағыты аясымен шектелген болса, 2020-2021 оқу жылындағы 11 сынып оқушысы Темір Кәусардың жеңісі өзгеше. Бұл жылы пәндік олимпиаданың басты ерекшелігі – жаңартылған бағдарлама бойынша жаңа, тың тақырыптардың енгізілуі болды. Тапсырмаға сай критерийлер де оқушыдан жоғарғы деңгейлі талдауды қажет етті. Мәселен, «Көшпелілер өркениетінің» тарихын жүлдегер оқушы дәстүрлі және жаңартылған білімнің оқу мақсаттарына сәйкес, бір-бірімен өзара тығыз байланыстыра отырып, толыққанды жеткізе білді, өткенді зерттеп, болашаққа бағдар жасай алды. Бұл менің жұмысымның тамаша нәтижесі емес пе? Жаңартылған бағдарлама бойынша келген жеңіс – ол жаңа жеңіс, себебі ендігі ұрпақ білімді тек біліп, түсініп қана қоймай, сондай-ақ өз біліміне сыни саралау жасай алады деген сөз. Олар таным мен ойлаудың жоғарғы деңгейіне жете отырып, ақпаратқа қорытынды жасап, өз жұмысының сапасына баға береді, оны дәлелдейді, материалдың маңызын анықтайды, бүтінді бөлшектерге ажыратады, өзіндік шешімдерін ұсына алады. Немесе «Адам және қоғам» пәнінен осыған дейінгі олимпиада жүлдегерлерімнің ішінен соңғы оқу жылындағы Исамадин Даниярдың құқықтық проблеманы халықаралық тұрғыда сипаттай отырып, баяндаудағы логикалық және талдамалық ойлау қабілеті, тұжырымды ой мен пайымдаулар жасауы кезінде жаңа білімге сай талдау, бағалау, жинақтау дағдыларының жиі орын алуы байқалды. Десек те, олимпиада жұмыстары кезінде немесе оқушылармен өлкетану, тарих не заң тақырыптарында ғылыми-зерттеу жұмыстарымен шұғылданған кезде де, олардың терең ойлану, іздену қабілеттерімен қатар, ең бастысы тарихи санасының оянуына жұмыстану қажет екенімізді тағы бір атап өткім келеді.

Жаңа білімнің оқу бағдарламасы мұғалімнің нақты оқу мақсаттары аясында жұмыс жасауына негіз болып отыр. Тоқсан бойына осы оқу мақсаттарын басшылыққа алған қысқа мерзімдік жоспар ішіндегі білім тоқсан соңында оқушының жоғары жетістікке жетуіне ықпал етеді. Былайша айтқанда, оқу мақсаттары ол оқу құралында берілген тақырыптың маңызы. Бұл оқу мақсаттары негізінде білім алушылардың «Тоқсандық жиынтық бағалау спецификациясы» бойынша тоқсан соңында ТЖБ жұмыстары

алынады. Жалпы орта білім беру жүйесінің (10-11 сыныптарының) білім алушыларына арналған ТЖБ жұмыстары спецификацияларға сәйкес Блум таксономиясының жоғарғы ойлау дағдыларын қамтиды. Сондықтан мұғалім тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстарын жасақтағанда бұл қағидатты міндетті түрде басшылыққа алып отыруы қажет. ЖБМ курсының сертификатталған тыңдаушысы ретінде мен бұл заңдылыққа қатты көңіл бөлемін. Өз тәжірибемде Қазақстан тарихы курсының 10-сыныбына арналып жасалған ТЖБ жұмыстарымның бірін ұсына аламын. Ұсынылып отырған жұмыс 2019-2020 оқу жылында Маңғыстау облыстық білім басқармасының қашықтан оқыту кезінде «Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларын әзірлеу» байқауында жүлделі I орынға ие болды.

IV ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

Тапсырмалар және балл қою кестесі «Қазақстан тарихы» пәні бойынша IV тоқсанға арналған жиынтық бағалау тапсырмалары

1-тапсырма: Берілген терминдерді олардың анықтамаларымен сәйкестендіріңіз.

№	Терминдер		Анықтамалары
1	әдет-ғұрып	А	Адамның ақыл ой, мәдени және сезім ұстанымдарының, дүниетанымының жиынтығы
2	салт-дәстүр	В	Символдық мән мағынадағы әлдеқандай оқиғаларды не күндерді мерекелеуге арналған әрекеттердің дәйектілігі
3	рәсім	С	Адам, топ, қоғам қабылдаған мінез құлықтың қалыптасқан бейнесі, нышандық мәні бар іс әрекеттер қатары

4	діл	D	Ұрпақтан ұрпаққа берілетін және қоғамдық қатынастарды реттейтін түсініктер мен ғұрыптар жиынтығы
---	-----	---	--

[4]

2-тапсырма: Төменде берілген *керекті сөздерді* орындарына қойып, кестедегі 4 топтың ақпаратын жинақтаңыз.

Табиғи ландшафтылы нысандар:	
<i>Қасиетті орындары</i>	<i>Ерекшелігі</i>

Археологиялық және сәулет өнерінің ескерткіштері:	
<i>Қасиетті орындары</i>	<i>Ерекшелігі</i>

Қасиетті діни қажылық орындар:	
<i>Қасиетті орындары</i>	<i>Ерекшелігі</i>

Тарихи тұлғалар мен саяси оқиғаларға байланысты жерлер:	
<i>Қасиетті орындары</i>	<i>Ерекшелігі</i>

Керекті сөздер:

<i>Қасиетті орындары:</i>	<i>Ерекшелігі:</i>
Әулие Ақмешіт тауы, Шарын шатқалы, Отпантау	Қиян кескі шайқастар, қазақ даласы тарихындағы қиын қыстау замандар, сондай ақ белгілі ірі мәдени тұлғалар баяндалады.
АЛЖИР кешені, Мәңгілік ел, Қазақ елі салтанат аркасы	Ежелгі мифологиялық кейіпкерлер, өмірде болған нақты тарихи тұлғалар.
Арыстан баб, Айша бибі, Маңғыстаудың жерасты мешіттері	Хан ордалары, жерлеу орындары, мәдени мұралар.

Тамғалы жартасы, Берел қорғаны, Сарайшық	Дінге сенушілердің пікірінше, емшілік және басқа да қасиеттерді иеленген бұл жерлер – тәуап ететін нысандар.
--	--

[8]

3-тапсырма: Кеңестік дәуірдегі мәдениеттің даму ерекшеліктеріндегі жағымды және жағымсыз жақтарына талдау жасай отырып, қорытынды жасаңыз.

Жағымды жақтары:	Жағымсыз жақтары:
Салдары:	Салдары:
_____	_____
—	—

[4]

4-тапсырма: Қазақстан мәдениетінің әлемдік мәдениетке кірігу процесін мысалдар арқылы түсіндіріңіз.

Кинематография	
Театр	
Музыка	

[3]

5-тапсырма: Сөйлемді аяқтаңыз «Халықаралық мәдени кеңістікке кірігу еліміз үшін маңызды, себебі ... »

[1]

БАЛЛ ҚОЮ

КЕСТЕСІ

Тап сыр ма №	Жауап	Ба лл	Қосымша ақпарат																		
1	<table> <tr><td>1</td><td>C</td></tr> <tr><td>2</td><td>D</td></tr> <tr><td>3</td><td>B</td></tr> <tr><td>4</td><td>A</td></tr> </table>	1	C	2	D	3	B	4	A	4											
1	C																				
2	D																				
3	B																				
4	A																				
2	<p>Төменде берілген <i>керекті сөздерді</i> кестеге енгізу арқылы, 4 топтың ақпаратын жинақтаңыз.</p> <table> <tr> <th colspan="2">Табиғи ландшафтылы нысандар:</th> </tr> <tr> <td><i>Қасиетті орындары</i></td> <td><i>Ерекшелігі</i></td> </tr> <tr> <td>Әулие Ақмешіт тауы, Шарын шатқалы, Отпантау</td> <td>Дінге сенушілердің пікірінше, емшілік және басқа да қасиеттерді иеленген бұл жерлер – тәуап ететін нысандар.</td> </tr> </table> <table> <tr> <th colspan="2">Археологиялық және сәулет өнерінің ескерткіштері:</th> </tr> <tr> <td><i>Қасиетті орындары</i></td> <td><i>Ерекшелігі</i></td> </tr> <tr> <td>Тамғалы жартасы, Берел қорғаны, Сарайшық</td> <td>Хан ордалары, жерлеу орындары, мәдени мұралар</td> </tr> </table> <table> <tr> <th colspan="2">Қасиетті діни қажылық орындар:</th> </tr> <tr> <td><i>Қасиетті орындары</i></td> <td><i>Ерекшелігі</i></td> </tr> <tr> <td>Арыстан баб, Айша бибі, Маңғыстауды</td> <td>Ежелгі мифологиялық кейіпкерлер, өмірде</td> </tr> </table>	Табиғи ландшафтылы нысандар:		<i>Қасиетті орындары</i>	<i>Ерекшелігі</i>	Әулие Ақмешіт тауы, Шарын шатқалы, Отпантау	Дінге сенушілердің пікірінше, емшілік және басқа да қасиеттерді иеленген бұл жерлер – тәуап ететін нысандар.	Археологиялық және сәулет өнерінің ескерткіштері:		<i>Қасиетті орындары</i>	<i>Ерекшелігі</i>	Тамғалы жартасы, Берел қорғаны, Сарайшық	Хан ордалары, жерлеу орындары, мәдени мұралар	Қасиетті діни қажылық орындар:		<i>Қасиетті орындары</i>	<i>Ерекшелігі</i>	Арыстан баб, Айша бибі, Маңғыстауды	Ежелгі мифологиялық кейіпкерлер, өмірде	8	
Табиғи ландшафтылы нысандар:																					
<i>Қасиетті орындары</i>	<i>Ерекшелігі</i>																				
Әулие Ақмешіт тауы, Шарын шатқалы, Отпантау	Дінге сенушілердің пікірінше, емшілік және басқа да қасиеттерді иеленген бұл жерлер – тәуап ететін нысандар.																				
Археологиялық және сәулет өнерінің ескерткіштері:																					
<i>Қасиетті орындары</i>	<i>Ерекшелігі</i>																				
Тамғалы жартасы, Берел қорғаны, Сарайшық	Хан ордалары, жерлеу орындары, мәдени мұралар																				
Қасиетті діни қажылық орындар:																					
<i>Қасиетті орындары</i>	<i>Ерекшелігі</i>																				
Арыстан баб, Айша бибі, Маңғыстауды	Ежелгі мифологиялық кейіпкерлер, өмірде																				

	ң жерасты мешіттері	болған нақты тарихи тұлғалар.		
	Тарихи тұлғалар мен саяси оқиғаларға байланысты жерлер:			
	<i>Қасиетті орындары</i>	<i>Ерекшелігі</i>		
	АЛЖИР кешені, Мәңгілік ел, Қазақ елі салтанат аркасы	Қиян кескі шайқастар, қазақ даласы тарихындағы қиын қыстау замандар, сондай ақ белгілі ірі мәдени тұлғалар баяндалады.		
3	Кеңестік дәуірдегі мәдениеттің даму ерекшеліктеріндегі жағымды және жағымсыз жақтарына талдау жасай отырып, қорытынды жасаңыз.		4	Білім алушылардың мазмұнға сәйкес келетін кез келген жауабы қабылданады.
	Жағымды жақтары:	Жағымсыз жақтары:		
	Білім-ғылым дамыды. Өнер саласы дамыды.	Ислам дініне қарсы күрес жүрді. Мәдениет өкілдері қуғын сүргінге ұшырады.		
	Салдары: Сауатсыздық жойылды, Жоғары білім дамыды, қазақ әдебиеті дамыды, қазақ өнері жаңғырды.	Салдары: Атеистік насихат жүргізілді, қазақ мәдениеті, ғылымы, әдебиеті дамуының аясы тарыла бастады.		

4	<p>Қазақстан мәдениетінің әлемдік мәдениетке кірігу процесін мысалдар арқылы түсіндіріңіз.</p> <table> <tr> <td>Кинематография</td> <td>А.Әмірқұлов «Отырардың күйреуі», «Қош бол, Гүлсары», Р.Әбдірашев «Сталинге хат», «Қайта өрлеу аралы», Е.Тұрсынов «Шал» т.б</td> </tr> <tr> <td>Театр</td> <td>А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай» операсы Германия опера театрында сахналанды; британдық сазгер К.Дженкинстің өңдеуімен ұлттық тақырыптағы сюиталардың орындалуы.</td> </tr> <tr> <td>Музыка</td> <td>Х/а деңгейдегі жаңа жұлдыздардың пайда болуы, мәселен Димаш Құдайберген.</td> </tr> </table>		Кинематография	А.Әмірқұлов «Отырардың күйреуі», «Қош бол, Гүлсары», Р.Әбдірашев «Сталинге хат», «Қайта өрлеу аралы», Е.Тұрсынов «Шал» т.б	Театр	А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай» операсы Германия опера театрында сахналанды; британдық сазгер К.Дженкинстің өңдеуімен ұлттық тақырыптағы сюиталардың орындалуы.	Музыка	Х/а деңгейдегі жаңа жұлдыздардың пайда болуы, мәселен Димаш Құдайберген.	3	Білім алушылардың мазмұнға сәйкес келетін кез келген жауабы қабылданады.
Кинематография	А.Әмірқұлов «Отырардың күйреуі», «Қош бол, Гүлсары», Р.Әбдірашев «Сталинге хат», «Қайта өрлеу аралы», Е.Тұрсынов «Шал» т.б									
Театр	А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай» операсы Германия опера театрында сахналанды; британдық сазгер К.Дженкинстің өңдеуімен ұлттық тақырыптағы сюиталардың орындалуы.									
Музыка	Х/а деңгейдегі жаңа жұлдыздардың пайда болуы, мәселен Димаш Құдайберген.									
5	<p>Сөйлемді аяқтаңыз:</p> <p>Халықаралық мәдени кеңістікке кірігу еліміз үшін маңызды, себебі халқымыз басқа да халықтардың жетістіктерімен және өнердегі жаһандық үдерістерімен танысады, дүниежүзілік мәдениет жетістіктерін меңгереді.</p>		1	Білім алушылардың мазмұнға сәйкес келетін кез келген жауабы қабылданады.						
Барлығы:			20							

Қазіргі уақытта өз тәжірибеммен, соның ішінде баланың дамуына ықпал етерлік түрлі әдіс-тәсілдеріммен өткізген

жұмыстарыммен бөлісіп отырған арнайы Ютуб каналым бар (<https://youtube.com/@user-ti9vt5gr7x>). Ол жерде республиканың түкпір-түкпіріндегі әріптестеріме арналып жасақталған «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихынан» сабақтар жүктелген. Кейбірі 10 000 мыңға жуық қаралымға ие. Сонымен қатар «ҚР Үздік педагогтар эстафетасына» жасақталған сабағым да жүктелген [10].

Сөзімді «Тарихқа арқа сүйемесек, болашақ бұлдыр. Планетада мән-мағына мен құндылықтардың мылтықпен, мылтықсыз майданы күн сайын жүріп жатқан қазіргі күнде тарихи сананы сақтап қалу – жалпы, өзінді-өзің сақтап қалудың жалғыз жолы» деген сөзбен аяқтағым келеді. Егер тарихтан-тарихқа ұлттық құндылықтарды жалғап отырған да осы тарихи сана болса, біздің мойнымызда үлкен жүк тұрғанын ұмытпағанымыз абзал.

Әдебиеттер тізімі:

1. З.А.Джандосова. «Қазақстан тарихы» 10 сынып. Алматы. Мектеп. 2019ж
2. Ә.Төлеубаев, Ғ.Іргебаев. «Ежелгі Қазақстан тарихы» 6 сынып. Алматы. Атамұра. 2015ж
3. Ә.Төлеубаев, Ж.Қасымбаев. «Қазақстан тарихы» 10 сынып. Алматы. Мектеп. 2014ж
4. inskills.space Интеллект по Стивену Кови
5. Қазақстан тарихы. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар.
6. МАН.
7. <https://youtu.be/NC8l5a8tpOE> Видеопортфолио. Сейниханова А.С
8. «Қазақстан мұғалімі» республикалық газеті. Жастар – ел болашағы мақаласы. Сейниханова А.С
9. Маңғыстау мұғалімі. Жалынды жастар – ел болашағы. Сейниханова А.С
10. <https://youtu.be/s60N64WcJCI>
11. Үмбетхан Сәрсембин «Тарихи сана – рухани өріс өзегі» мақаласы. «Ақиқат» қоғамдық саяси журналы. news.arsu.kz



«Кейс-стади технологиясын қоғамдық-саяси пәндерді оқытуда қолдану»

Абикенова Гулишат Ахметовна
Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, С.Сейфуллин
атындағы «№7 мектеп-гимназиясы» КММ-нің
тарих пәні мұғалімі

Оқытудың кейс әдісі АҚШ-та Гарвард университетінің бизнес мектебінде пайда болған. 1920 жылы кейстер жинағы басылып шыққаннан кейін, Гарвард университетінің менеджментті оқыту жүйесі толығымен **case study** – нақты өмірде болған жағдаяттарға негізделген оқытуға ауыстырылды.

Технологияның атауы латынның **casus** – шытырман оқиға; сондай-ақ ағылшынның **case** - портфель, шағын чемодан сөздерінен шыққан. Терминдердің шығу тегі технологияның мағынасын көрсетеді. Оқушылар мұғалімнен құжаттар пакетін (кейс) алады және сол берілген құжаттардың көмегімен мәселені ашып, оны шешу жолдарын көрсетеді немесе мәселе анықталған болса, онда жағдаятты шешудің нұсқаларын дайындайды.

Кейс-стади әдісі талап етілген деңгейде мазмұнды игеру мен дағдыны қалыптастыруға, оқушының тұлғалық дамуына, топта жұмыс істеу икемділігі мен аналитикалық дағдыларын дамытуға, соның ішінде әсіресе аргументтеу мен дәлелдер келтіруді дамытуға жақсы әсер етеді. Сонымен қатар балалардың өзгені тыңдау мен баламалы көзқарасты түсіну дағдысы, таңдамалы баламаны есепке ала отырып, жалпылама шешімді шығару шеберлігі, өзінің әрекетін жоспарлау мен олардан шығатын салдарлардың алдын алу сияқты қасиеттерінің сапалы өзгеруіне белсенді әсер етеді. Бұл технологияның әдістері **«Құқық негіздері»** пәнін оқытуда негізгі әдістеме ретінде пайдаланылады.

Құқықтық жағдаяттарды шешуді мұғалім сабақтың әр кезінде қолдана алады. Жаңа тақырыпқа шығу үшін де, жаңа тақырыпты игеру үшін де, сондай-ақ сабақтың бекіту кезеңінде де кейс технологияның әдістерін ұтымды іске асыруға болады. Оқушыларға таратылатын кейс құрамы: *топта жұмыс істеу ережелері, бағалау критерийлері, құқықтық жағдаят, сұрақтар және құқықтық жағдаятты шешуге*

қажетті ҚР Конституциясының бабтары, ҚР заңдары мен кодекстерінің қажетті баптары мен тармақтары. Бір мысал келтіре кетейік: 9 сыныпта екінші тоқсанда «Еңбек жағдайлары» тақырыбын өту барысында оқушылар топтарға бөлініп төмендегідей жағдаяттарды талқылап, еңбек субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін ашты. Ұсынылған кейс құрамы: топта жұмыс істеу ережелері, бағалау критерийлері, құқықтық жағдаят, ҚР Конституциясының 24-бабы, ҚРЕК 22, 23-баптарынан, 16-тарауларынан қажетті тармақтар, сондай-ақ тапсырманы шешуге қатысы жоқ ақпараттар. «Артық ақпараттар» оқушылардың үлкен материалдар ішінен қажетті ақпараттарды бөліп алу дағдыларын дамыту үшін қажет.

1-топ: «Он алты жасар Асан құрылыс жұмысына қосалқы жұмысшы болып тұрақты жұмысқа тұрды. Құрылысты уақытында тапсыру керек болды. Соған орай Асанды түнгі уақытта жұмысқа шығуға міндеттеді. Ол бас тартты. Осы себептен оны жұмыстан шығарып жіберді. Кәмілетке толмағанын сылтауратып, еңбек жалақысы мен еңбек кітапшасын да бермей қойды» **(Әкімшіліктің іс-әрекетіне құқықтық баға бер, дәлелдер келтір).**

2-топ: «Жұмысты ұзақ іздеген Әлібек, ақырында, бір фирмамен еңбек шартын жасауға келісті. Әлібек бәріне де көнеді. Алайда фирманың директоры мерзімінен тыс жұмыстар болуы мүмкін екендігін, мерзімінен тыс қалай және қанша істейтінін басшылық шешетінін ескертіп, жалақының да өзгеріссіз қалатынын айтты». **(Әкімшілік ұсынған шарт еңбек заңнамасына сәйкес келе ме? Жауабыңды дәлелде)**

3-топ: «Зауытта апатты оқиға болады. Іс жүзінде барлық дерлік ұжым мерзімінен тыс жұмысқа тартылды. Кешкісін колледжде оқитын он жеті жасар Нұржанға ауысымнан кейін жұмыста қалуға талап қойылды. Сонымен бірге кадр бөлімінің маманы өздерінде Нұржанның сабақ кестесі барын айтады. Бүгін сабақ жоқ, сондықтан ол егер мерзімінен тыс жұмыстан бас тартса, оныкі заңсыз болады деп мәлімдеді».

(Он жеті жасар Нұржанға әкімшіліктің талабы орынды ма? Неге? Дәлелде)

Ендігі кезекте Қазақстан тарихы пәндерін оқытуда осы технологияны өз тәжірибемізге енгізудеміз. Белгілі бір қиындықтар бар. Бүгінде Қазақстан тарихы пәнін оқытуда технология жақсы нәтижелер көрсете бастады. Елде немесе әлемде бүгінгі күнде қалыптасқан немесе болашақта болуы мүмкін белгілі бір жағдайды немесе оқиғаны шешу

жолдарын табуда «кейс-стади» әдістері сабақтарда белсенді қолданамыз. Мысалы, 11 сыныпта «Әлеуметтік қақтығыстар» тақырыбын өту барысында әлеуметтік шиеленістердің алдын алудың жолдарын табуды үйрету мақсатында «*Жағдаятты шешудің ең оңтайлы жолын тап*» тапсырмасы орындалды.

Оқушылар елімізде өтуі мүмкін халықаралық конференция қонақтарын күту үшін құрылған ұйымдастыру тобының мүшелері ретінде делегаттардың діні, ұлты, мәдени ерекшеліктерін және өздері келген мемлекеттердің басқа елдермен қалыптасқан күрделі тарихи және саяси қарым-қатынастарын ескере отырып, қарсы алуда барынша қонақжайлылығымызды көрсету керек болды. Басты міндет: делегаттарды қонақ үйдің екі орынды номерлеріне орналастыру және бүкіл қонақтардың талғамына сай, талаптары мен дәстүрлеріне қайшы келмейтін мерекелі, дәмді, тойымды ас мәзірін дайындау. Қонақтар ретінде әр түрлі дін мен мәдениет өкілдерін, сондай-ақ тарихи және бүгінгі күнде саяси қақтығыстары мен өзара түсінбеушіліктері бар мемлекеттер өкілдерін ұсындық. Оқушылар осы жағдайды қонақ үй бөлмелеріне орналастыруда ескеруі керек болды.

Сонымен қатар, ас мәзірін дайындауда әр түрлі мәдениет өкілдерінің ерекшеліктерін (мұсылмандарда халал, үндістерде сиыр етін жемеу және т.б.) ескеру керек еді. Ұсынылған 18 елдің өкілін балалар ұтымды орналастырып, тойымды тамақтандыра білді. Оқушылар біздің ойымызша болшақта өте қажетті дағдылар мен өмірлік тәжірибе ала білді деп ойлаймыз.

Дегенмен, бұл технологияны қолдануда белгілі бір өзіндік қиындықтары болды. Өткен тарихи оқиғаларды жағдаят ретінде шешуге беру өзінше қиындау, себебі ол оқиғаның немен аяқталғаны алдын ала белгілі еді. Сондықтан біз негізінен кейстерді тақырыпты әлі толық ашпас бұрын сол тақырыпқа сай белгілі бір мәселені қойып соны анықтауды тапсырма ретінде бергенді жөн көрдік.

Оқушыларға қойылған мәселе бойынша деректер беріледі, олар деректерді талдай отыра оқиғаның себептерін және тарихи оқиғаның әрі қарайғы болашақ сценарийін құруға тырысты. Содан кейін ғана барып нақты сол тарихи мәселеге байланысты тарихи оқиғамен жан-жақты толық таныстық. Оқушылар өздерінің болжамдарының қаншалықты дәл келгенін анықтап жатты немесе егер оқиға мүлдем басқаша өрбісе, қандай факторлар оған әсер еткенін талдады. Бұл жерде ең бір маңызды

жетістігіміз оқушылардың өз ойларына нақты тарихи деректерден дәлелдер келтіруге үйренуі мен ойларын қашанда аргументтеп отыруы болды.

Сонымен қатар оқушылармен бірге белгілі бір тарихи оқиғаға қатысты әр түрлі деректерді жан-жақты талдадық. Әрі қарай осы деректерге сүйеніп, қойылған сұрақтарға жауап негізінде олар оқиғаға өздерінің интерпретациясын жасады. Тарих жазды. Тарихтың қалай жазылатынын үйренді.

Жүргізілген жұмыс барысында «кейс-стади» технологиясының ең бір ұтымды әдістері анықталды, мысалы: инцидент әдісі, жағдаятты талдау әдісі, «ИДЕАЛ» стратегиясы. Сонымен қатар «Мәселені шешу парағын» қолданудың да үлкен практикалық әсері болды деп ойлаймыз. «Кейс-стади» әдістері жоғары деңгейлі сұрақтарға жауап беруде белгілі бір алгоритмге негізделген күрделі және жан-жақты қарастырылған жауаптар беруге дағдыландырады.

Біздің ойымызша, осы технологияны тарих сабақтарында көптеген құжаттар мен түпдеректерді талдауды қажет ететін тақырыптар бойынша, сонымен қатар сұраққа бірнеше ақиқат дәрежесіндегі бір-бірімен бәсекелесе алатын жауаптары бар сұрақтар бойынша талдау жүргізгенде қолданған тиімді.

«Кейс-стади» технологиясын қолдану сабаққа дайындалу барысында көп уақыт пен ізденісті жұмсауды қажет етеді. Бірақ та сабақтың барысында оқушылардың қызығушылығын тұрақты ұстап тұруға және белсенділігін қолдап отыруға, аргументтеу және дәлелдер келтіру дағдыларын дамытуға үлкен мүмкіндіктер береді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Изменения в образовательных учреждениях: опыт исследования методом кейс – стадии / под ред Г.Н. Прозументовой.- Томск, 2003.
2. Козина, И. Особенности стратегии case-study при изучении производственных отношений на промышленных предприятиях России //Социология: методология, методы, математические модели. - 1995.- N5-6.- С.65-90.
3. Козина, И. Case study: некоторые методические проблемы // Рубеж.- 1997.- № 10-11.- С. 177-189.
4. Михайлова, Е. И. Кейс и кейс-метод: общие понятия/Маркетинг.- 1999.- №1.
5. Рейнгольд, Л.В. За пределами CASE — технологий // Компьютерра.- , 2000. - №13-15



«Өлкетану және музей сабақтары тәжірибесінен»

*Абилкадыров Арман Баянұлы
Ақмола облысы, Көкшетау қаласы
Сәкен Жүнісов атындағы №18 мектеп
лицейінің тарих пәні мұғалімі, педагог
зерттеуші*

Мектептегі өлкетану пәні білім беру мен тәрбиелеуді өмірмен байланыстыратын маңызды құрал болып табылады. Өз өлкесінің бұрынғы және қазіргі өмірін білу, өлкенің жаңаруына тікелей ат салысуымыз үшін қажет, өйткені туған өлке – шегі жоқ әлемнің бір бөлігі. Мектептегі өлкетану, туған өлкенің өткенімен, қазіргі кезімен және жорамалды болашағымен, табиғи, экономикалық, тарихи, мәдени және басқа да ерекшеліктерімен танысу оқушының дүниетанымын қалыптастыруға жағдай жасайды. Бұл оқушының өзінің бір нақты ұлт өкілінің қатарына жататындығын түсінуіне және ол үшін мақтаныш сезімінің туындануына көмектеседі. Туған жерге деген сүйіспеншілік, оның тарихын білу – бұл оқушыларды азаматтыққа тәрбиелеу процесінің негізі дей келе Көкшетау қаласы мектептерінің тарих қауымдастығы мысалында өз тәжірибеммен бөліскелі отырмын. Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейінің қолдауымен Көкшетау қаласы және облыс аудандарының тарихын кешенді зерттеу мақсатында «Бөрілі байрақ» жобасын қолға алдық. Бұл жобаның негізгі мақсаты – Ақмола облысының көне дәуірден бүгінгі күнге дейінгі аймақтарын жан-жақты зерттеу. Тарихи сананы нығайту мақсатында халық мұрасын, киелі жерлерін зерделеу, насихаттау. Қазақстанның тарихи өткеніне, өлкесінің тарихына қызығушылықтарын арттыру, азаматтыққа, отансүйгіштікке баулу. Жобаның тәрбиелік және прагматикалық маңызы бар. Тәжірибелік маңызы Көкшетау мен Ақмола облысының тарих кезеңдерін, аты аңызға айналған тұлғаларын, киелі жерлерін, тарихи мұра ескерткіштерін, ұлттық топонимдері мен гидронимдерін жүйелеуде. Ақмола облыстық тарихи өлкетану музейі және тарихи мәдени ескерткіштерді қорғау орталығының қолдауымен облыс аумағында ғылыми-зерттеу, тарихи-этнографиялық және

топонимикалық экспедициялар жүргізу, сонымен қатар материалдық емес мәдени мұраларын зерделеу жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Көкшетау жерінің географиялық аумағы мен елдің қоныстану тарихы бағытында архив құжаттарында бар деректердің негізінде сонымен бірге ауыз әдебиетіндегі мағлұматтар яғни Көкшетау қаласы тұрған жердің түпкі атауы және аңыздар мен деректер рулардың және қазақтан өзге ұлт өкілдерінің өсіп-өнген аймағы, олардың келіп қоныстанған жылдары жүйелі зерттеу жұмыстарының нысанына айналуға.

Тарихқа жаяу саяхат жобасы: Жобаның мақсаты оқушылардың туған қаласының сан қилы өткені мен бүгінгісін салыстыра отыра нақты тарихи орындарда көзбен көріп танысу. Өзін тарихи оқиғаны бақылаушы ғана емес жасаушы және қатысушы ретінде сезіне білу. Салауатты өмір салтын насихаттау. Көкшетау қаласының білім бөлімі және Көкшетау қаласының тарихы музейі арасында жасалған ынтымақтастық меморандумы негізінде 01.06-20.06.2022 ж. аралығында Көкшетаудың көне бөлігіне жаяу саяхатқа барлық қала мектептерінен мыңға тарта оқушы қатысты. Жоба біз ойлағанда табысты болып оқушылар мен ұстаздар тарапынан үлкен қызығушылық тудырды. Жаңа ойлар пайда болып бұл жоба биылда өз жалғасын таппақ.

Тарихи анықтама: Көкшетау қаласы – Ақмола облысының әкімшілік орталығы. Қазақстан Республикасының солтүстік бөлігінде, Бұқа тауының етегі мен Көпа көлінің оңтүстік жағалауындағы көркем жерде орналасқан.

XVIII – XIX ғғ. Көкшетау жерінде қазақ халқының тарихында айтулы роль ойнаған атақты Абылай, Қасым, Кенесары хандардың ордалары орналасты.

Көкшетау қаласының іргетасы әскери қоныс, Көкшетау сыртқы округының әкімшілік орталығы ретінде қаланды. Оның ресми ашылуы 1824 жылдың 29 қаңтарында Бурабайда, Көкшетау тауының оңтүстік беткейінде жүзеге асты. 1824 жылы 17 қыркүйекте Көкшетау округтік приказы ресми тізімге енгізілді.

Алайда бірқатар себептерге байланысты бұл жерде қоныс құрылысын жүргізу мүмкін болмады, 1827 жылдың жазында қолайлы орын – Бұқа тауының етегі, Қопа өзенінің жағасында анықталып, Көкшетау станицасын тұрғызу басталды. 1858 жылдан бастап қоныстың жанынан мешандық, қалалық бөлігі салына бастады.

1868 жылы сыртқы округтер таратылып, Ақмола облысы құрылды. Көкшетау сыртқы округі оған уезд ретінде еніп, Көкшетау станицасы оның орталығына айналды.

Көкшетау қала мәртебесіне ресми түрде 1895 жылы ие болды. Жалпыресейлік санақ мәліметтері бойынша аталған кезеңде Көкшетауда 5 мың тұрғын, ал 1917 жылы – 10 мың тұрғын өмір сүрді.

Кеңес үкіметі Көкшетау уездінде 1917 жылы желтоқсанда орнады. 1928 жылы әкімшілік реформаларға байланысты уездер таратылып, олардың негізінде аудандар құрылды. Көкшетау уездінен бірнеше аудандар, соның ішінде Көкшетау ауданы құрылды. Көкшетау аудан орталығына айналды. 1932-1936 жылдар аралығында ол Қарағанды облысы, 1936-1944 жылдары Солтүстік Қазақстан облысы құрамына кірді.

1944 жылы 16 наурызда Қазақ КСР Жоғары Кеңесі Президиумының Жарлығымен Көкшетау облысы құрылып, орталығы Көкшетау қаласында орналасты.

1993 жылы ұлттық топонимиканы жаңғырту мақсатында Кокчетав қаласы атауы Көкшетау болып өзгертілді.

1997 жылы Көкшетау облысы таратылып, қала облыс орталығы мәртебесінен айырылды және екі жыл бойы Солтүстік Қазақстан облысының құрамында болды.

1999 жылы 8 сәуірде Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Ақмола облысының орталығы Астана қаласынан Көкшетау қаласына көшірілді. **«Көне жәдігер»** : Ботай Республикалық музейімен Красный Яр кенті маңында және Ақмола облыстық тарихи мәдени мұраны қорғау және пайдалану орталығымен бірлесе Зеренді ауданы Кеңөткел ауылы маңында «көне жәдігер» жобасы аясында археологиялық қазба жұмыстарына қала мектептерінен 70 жуық оқушы қатысып мектепте алған білімдерін іс тәжірбие арқылы толықтыра түсті. «Кеңөткел 18» қола дәуірінің Алакөл кезеңіне қатысты яғни 3000 жылдық тарихы бар десе де болады. Жалпы Зеренді ауданында орналасқан Кеңөткел жерінде 200 ден астам қорым қоныстар анықталып отыр. Қала мектептері оқушыларының археологиялық зерттеу жұмыстарына қатысып кейін алған білім тәжірбиелері негізінде ғылыми жобалар жазып тарихи реконструкциялық жұмыстарға қатысты. Красный Яр кентіндегі №3 Қазақ гимназия мектебінде көне жәдігерлер музейі ашылып «Ер Көкше» археологиялық клубы ұйымдастырылды. «Ботай Республикалық музейі» және Ақмола облыстық тарихи өлкетану

музейінің қолдауымен жұмыс жүйеленіп дәстүрлі түрде өткізілуі жолға қойылды.

Тарихи анықтама: Красный яр қонысы XX ғасырдың 80-ші жылдары Ботай мәдениеті тұрағы анықталды. 50 ге жуық тұрғын үй орындарына барлау жұмыстары жүргізілді. Осыдан кейін 2000-шы жылдары ғана Қазақстан-Америка бірлескен экспедициясы мұнда археологиялық жұмыстарын бастады. Міне, екінші жыл қатарынан «Ботай» республикалық музей-қорығы тұрақты археологиялық қазба жұмыстарын жалғастыруда. 2022 жылы Красный яр елді мекенін қазу кезінде 1300-ден астам артефакт табылды. Көбісі кремнийден жасалған. Атап айтқанда, аң аулау үшін қолданылған жебелер, тері өңдеуге арналған қырғыштар бар. Сондай-ақ ағаш өңдеуге арналған тас балта, балық аулауға арналған арпун-сүйектен жасалған бұйымдар, тігуге арналған сүйек тескіш, қыш ыдыстарды өрнектеуге арналған тарақты мөртаңбалар, тұрмыс-салттық мақсаттарға арналған ойықтары бар өрнектелген фалангалар табылды. Сонымен қатар моншақтар да бар.

Музей сабақтары: Ұлттық дәстүр, әдеби және мәдени құндылықтар, тарихи тәжірибе — ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын асыл қазына. Осындай асыл қазынаны өскелең ұрпақтың бойына сіңдіруге әсерін тигізетін мәдени орындардың бірі – музей. Солтүстік өңірге қатысты қалыптасқан геосаяси жағдай Көкшетау аумағының отарлауға дейінгі тарихы және отарлық саясатқа қарсы шыққан тұлғалардың өмірі, күресі мен қызметін насихаттауды қажет етті. Сол себепті де Көкшетау жерінде дүниеге келіп ұлт азаттық соғыстың қаһарман басшысына айналған Қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымұлының 220 жылдық мерейтойына орай «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі» ММ, «Ақмола облыстық тарихи өлкетану музейі» қолдауымен 9-10 сынып оқушылары арасында **«Хан ордасы Көкшетау- қаһарманым Кенесары»** атты қалалық музей сабағын сабағын өткізуден бастадық.

Іс- шараның мақсаты: Көкшетау өңірінде дүниеге келген қазақтың соңғы ханы, ұлт азаттық соғыс жетекшісі Кенесары Қасымұлының өмірі мен күресі мысалында жас ұрпақ бойында азаматтақ патриоттық сезімдерді шыңдап, ерлікті, отаншылдықты насихаттау және тарихи сананы қалыптастыру.

Наурызбай Таласұлының (Науан хазірет) 180 жылдық мерейтойын атап өту қарсаңында **«Алаш қозғалысының рухани ұстазы- Науан**

хазірет» атты қалалық музей сабағы өткізілді.

Іс- шараның мақсаты: XIX ғасыр соңындағы Солтүстік өңірдегі танымал рухани ағартушы Алаш қозғалысының рухани ұстазы Науан хазіреттің рухани- ағартушылық, қайраткерлік тұлғасын ашу, рухани отаршылдыққа қарсы күресін дәріптеу, жас ұрпақты патриоттық рухта адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеуде Науан хазіреттің өмірі мен күресін үлгі ету.

Бір қуантарлығы Көкшетау өңірінде дүниеге келіп саналы ғұмырын азаттық үшін күреске арнап бар Қазаққа мәшһүр болған қос тұлғаға қатысты музей сабағы Ақмола облысы әкімшілігі және Көкшетау қаласының зиялы қауымы мен ғалымдары арасында қолдау тауып «Хан ордасы Көкшетау Кенесары ұлттық қаһарман», «Науан хазірет Таласұлының рухани ағартушылық қызметі және қайраткерлік тұлғасы» атты Республикалық ғылыми практикалық конференцияларға мұрындық болды.

Оқушылардың өлкетану жұмыстарының сапасы мен көлемі, олардың ынта-жігері мен ауқымы көбінесе мұғалімге байланысты. Балалармен және жасөспірімдермен өлкетану жұмысымен айналыса отырып, мұғалім бірінші кезекте өзінің зияткерлік деңгейін арттырады және кәсіби құзыреттілікті терең меңгереді. Өлкетану мұғалімі үшін – ғылыми-зерттеу қызметінің дұрыс жолы.

Осылайша, өлкетануды дамыту қазіргі заманғы білім берудің өзекті бағыты болып табылады, өйткені оның негізгі функциясы жас ұрпақтың азаматтық және патриоттық сезімдерін тәрбиелеу болып табылады.



«Педагогтердің біліктілігін арттырудың алуан түрлілігі-уақыт талабы»

*Аушахманова Бакытгуль Тулегеновна,
Павлодар облысы, Павлодар қаласы,
Павлодар облысы білім беру басқармасының
Білім беруді дамытудың инновациялық орталық,
педагог-шебер басқарушылық және
іскерлік әкімшілік магистрі*

Қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық жағдай мен білім беру жүйесі бүгінгі таңда білім беру үдерісінің барлық қатысушыларынан жоғары деңгейдегі кәсіби білімді, педагогикалық құзыреттілікті, шығармашылық көзқарасты, заңнаманың тез өзгеретін жағдайларында – білім беру жүйесін жаңғырту жағдайларында еркін бағдарлауды талап етеді.

Педагогтің кәсіби даярлық деңгейін сапалы іске асыруды, оның кәсіби амбициясы мен сұраныстарын құзыретті қолдауды қамтамасыз ету – кәсіптік білім беру сапасын арттыру жүйесінің міндеті. Ол үздіксіз болуы керек және қызметкердің өмір сүру деңгейін жақсартуға ықпал етуі тиіс. Біліктілікті арттырудың мақсаты-біліктілік деңгейіне қойылатын талаптардың артуына және кәсіби міндеттерді шешудің заманауи әдістерін игеру қажеттілігіне байланысты мамандардың теориялық және практикалық білімдерін жаңарту.

Қазіргі уақытта педагог кадрларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесінің алдында тұрған міндеттер ұлғайып, күрделене түсуде, олардың бірі өз тәжірибесін зерттеумен айналысатын педагогтерге ғылыми-әдістемелік көмек көрсету болып табылады. Бұл, біріншіден, білім беру мекемелерінің әртүрлі модельдерінің жұмыс істеуіне байланысты: даму орталықтары, лицейлер, гимназиялар-педагогтің өзінің зерттеу қызметін де, білім алушылардың оқу – зерттеу қызметін де ұйымдастыру және жүзеге асыру дағдыларының болуын болжайды. Екіншіден, көптеген білім беру бағдарламаларының, оқулықтардың, әдістемелер мен технологиялардың пайда болуымен білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу, көптеген педагогтер олардың әртүрлілігін бағдарлай алмайды және олардың кәсіби қызметінің тұтас тұжырымдамасын құра алмайды, бұл зерттеу жұмысындай

педагогикалық қызметтің құрамдас бөлігіне жеткіліксіз көңіл бөлуге ықпал етеді. Үшіншіден, педагогтің зерттеу қызметі теория мен практика арасындағы байланыс болып табылады, оның болмауы олардың қарым-қатынастарының бүкіл жүйесін бұзады, теория мен практиканың дамуын тежейді. Алайда, В.В. Краевский дұрыс атап өткендей, педагогтің практикалық қызметтен зерттеушілік қызметке ауысуы «өздігінен» жүзеге асырыла алмады: педагог-практик арнайы дайындықтан өтуі керек еді [1] және оны, ең алдымен, педагогикалық кадрларды кәсіби қайта даярлаумен және біліктілігін арттырумен айналысатын мекемелер жүзеге асыруы керек еді.

Бүгінгі таңда бұл жұмыс көп деңгейлі, көп қырлы және үздіксіз сипатқа ие болды, бұл, сөзсіз, педагог-зерттеушілердің біліктілігін арттырудың көптеген түрлерінің пайда болуына әсер етті.

Олардың ішіндегі ең тиімдісін қарастырайық:

- біліктілікті арттырудың көп деңгейлі курстары;
- қашықтықтан біліктілікті арттыру курстары;
- корпоративтік тренингтер.

Жоғарыда аталған нысандардың әрқайсысының тиімділігіне қол жеткізу біліктілікті арттырудың іске асырылатын функциясына байланысты: компенсаторлық, түзету-диагностикалық.

Компенсаторлық функция олардың ескіруіне байланысты білімдегі олқылықтарды жоюды, білімді тереңірек игеру, ғылыми-зерттеу қызметінде маңызды дағдыларды игеру қажеттілігін қамтиды. Бұл жағдайда көп деңгейлі және қашықтықтан біліктілікті арттыру курстары нәтижелі болады.

Біліктілікті арттырудың *көп деңгейлі курстары* әрбір педагог-зерттеушінің қарастырылып отырған тақырып бойынша белгілі бір білімінің, іскерлігі мен дағдыларының болуына байланысты тыңдаушыларды бірнеше топқа бөлуді көздейді. Үш топқа бөлу орынды. Біріншісіне толықтығымен, беріктігімен, ұтқырлығымен, білімнің мағыналылығымен, тиімділігімен, курстарда зерттелетін тақырып бойынша дағдылардың дәлдігімен сипатталатын педагог-зерттеушілер кіреді. Олар үшін жеке кеңестер ұйымдастыру ұтымды. Екінші топты жақсы теориялық дайындықпен сипатталатын, бірақ игерілетін тақырып бойынша практикалық тәжірибесі жоқ педагог-зерттеушілер құрайды. Тыңдаушылардың осы санаты үшін тәжірибеге бағытталған семинарлар мен зертханалық сабақтар ұйымдастырған жөн. Үшінші топты меңгерген

тақырып бойынша жеткілікті түсінігі мен тәжірибелік тәжірибесі жоқ тыңдаушылар ұсынады. Олар үшін дәріс және семинар сабақтарын өткізу қажет.

Осылайша, бір зерттелетін материалдың тереңдігі мен күрделілігі әр топта әр түрлі болады. Сонымен қатар, дайындық деңгейі бірдей және материалды игеру қарқыны мен мотивациясы ұқсас педагогтер өздерін жайлы сезінеді, бұл біліктілікті арттыру курстарының тыңдаушыларының оқу сапасына әсер ететіні сөзсіз.

Педагог-зерттеушілердің біліктілігін арттырудың қашықтықтан курстарын оқытылатын материалдың мазмұнын тыңдаушыларға беру формасымен сәйкестендіруді көздейтін loop input нысанында жүргізу неғұрлым тиімді [2]. Мысалы, зерттеу нәтижелерін ұсыну барысында педагогтің бейнені қолдануы туралы материалдарды бейне дәріс түрінде ұсынған жөн. Чат-семинар түрінде өткізілуі жоспарланып отырған семинарды педагогтің зерттеу қызметін немесе оқушылардың оқу-зерттеу қызметін ұйымдастыруды талдау бойынша чат мүмкіндіктеріне арнау ақылға қонымды. Педагогтердің тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргізуі және осы біліктілікті арттыру курстары өткізілетін білім беру мекемесінің сайтында құрылған форумда басқа елдердің зерттеушілерімен қарым-қатынас жүргізу кезінде форумның және электрондық поштаның мүмкіндіктері туралы пікірталасты ұйымдастыру да ұтымды болып табылады. Бұл ретте тыңдаушылар өздері жасаған материалдарды жібере алуы және зерттелетін тақырып бойынша қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы ала алуы тиіс. Өз бетінше жұмыс істеуге бөлінген уақыт курсты әзірлеушілер мен тыңдаушылар ұсынған материалдарды зерттеуге арналуы керек.

Loop input нысанындағы қашықтықтан оқыту курстарының нәтижелілігі тыңдаушыларды оқытудың тәжірибеге бағдарланған бағытының болуы және облыстық қалалар мен шалғайдағы ауылдық аудандардан педагог-зерттеушілердің біліктілігін арттыру мүмкіндіктеріндегі айырмашылықтарды нивелирлеу болып табылады.

Біліктілікті арттырудың түзету-диагностикалық функциясы педагог-зерттеушілердің қабілеттерін анықтау, олардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға және жүзеге асыруға дайындық деңгейін анықтау, шығармашылық әлеуетті ашу болып табылады. Осы функцияны іске асыру үшін корпоративтік тренингтер біліктілікті арттырудың пәрменді нысаны болып табылады.

Корпоративтік тренингтер белгілі бір білім беру мекемесінде ғылыми-зерттеу жұмысын сәтті ұйымдастыру үшін қажетті педагог-зерттеушілердің дағдыларын дайындау және дамыту болып табылады. Сондықтан тренингтік бағдарламаны әзірлеу кезінде білім беру мекемесінің тренингке деген қажеттіліктерін талдау, тренингтік ұсынысты әзірлеу, оқыту бағдарламасын құру және оқу материалдарын дайындау, педагог-зерттеушілерді оқытуды жүргізу, тренинг нәтижелерін бағалау және кейіннен сүйемелдеу міндетті болып табылады, соған байланысты корпоративтік тренингтің бағыты анықталады: түзету немесе тұлғалық-дамытушылық [3].

Түзету тренингі ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру және жүзеге асыру үдерісінде ұжымда туындайтын психологиялық мәселелерді шешу мақсатында бір күннен бірнеше аптаға немесе айға дейінгі ұзақтықта өткізіледі.

Жеке тұлғаны дамыту тренингі педагог-зерттеушінің ішкі құндылықтарын, өзіне және айналасындағыларға деген көзқарасын өзгерту, қажетті жеке қасиеттерін, дағдыларын дамыту мақсатында бір күннен бірнеше аптаға дейін өткізіледі.

Нәтижесінде, корпоративтік тренинг белгілі бір білім беру мекемесінің педагог-зерттеушілері ұжымының ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыруға және жүзеге асыруға дайындық деңгейін анықтауға, тренингке қатысушылардың шығармашылық әлеуетін ашуға, белгілі бір педагог, ұжым сәтсіз болған нақты жағдайды модельдеуге мүмкіндік береді, бұл кейіннен өзара әрекеттесудің жаңа тәсілдерін игеруге, даралықты көрсетуге, корпоративтік тренингке қатысушылардың белгілі бір жеке қасиеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Біз қарастырған біліктілікті арттырудың бірнеше тиімді нысандары педагог-зерттеушілерді заманауи оқытудың үлгісі болып табылады, сондай-ақ олардың үздіксіз кәсіби дамуы үшін белгілі бір білім беру кеңістігін құруды куәландырады.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі

1. Краевский В.В. Методология педагогического исследования. – Самара: Изд-во СамГПИ, 2014. – 165 с.
2. Маслюк А.А. Дистанционное повышение квалификации преподавателей иностранного языка в области ИТ// Филологические науки. – 2016. - № 4. – С. 40-41.
3. Богуш Н. Тренинги, краткосрочные семинары-практикумы, курсы повышения квалификации// Вестник ОГУ. – 2019. - № 9. – С. 21-30.
4. Нуриев Н.К., Журбенко Л.Н., Старыгина С.Д. Ключевые способности поддержки деятельности и формализованные условия потенциальной компетенции специалиста// Вестник Казанского технологического университета. – 2017. - № 5. – С. 199-205.



«Ұлттық құндылықтың бірі бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу»

*Бердибаева Нургуль Бағитжановна
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Рудный қаласы білім бөлімінің Міржақып
Дулатұлы атындағы жалпы білім беретін
мектебі» КММ
тарих пәнінің мұғалімі*

Ұрпақ тәрбиесі – болашақ қоғам тәрбиесі. Сол себепті келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, кәсіпке икемді, ақыл-парасаты мол, мәдени ой-өрісі озық етіп тәрбиелеу- біздің де қоғам алдындағы борышымыз. Бұл міндетті жүзеге асыруда мектептегі тарих пәнінің ерекшелігіне мән беріледі. Бұл тақырыпты таңдауда негіз болған, тарих пәнін оқытумен қатар, мектептегі әлеуметтік педагог лауазымдық қызметіммен байланыстырдым. Өз пәнімді оқытуда білім алушыларды өмір сүру дағдысына икемдеуде ең басты құндылықтар, білік пен дағды арқылы дербестік ізденімпаздық дені сау, салауатты өзгермелі әлеуметтік қоғамда білімді де білікті жасөспірімдерді жан-жақты жеке тұлға ретінде қалыптастыру. Осы мақсаттарды іске асыруда, бүгінгі мектеп оқушыларына қойылып отырған талаптар, күн сайын жетілдіріп отырады.

Кәсіби бағдар берудің негізгі мақсаты – оқушылардың мамандық таңдау үдерісінде тұлғаның қызығушылығы мен қабілетін еңбек нарығындағы қажеттіліктерді ескере отырып, оңтайландыру. Мектептегі кәсіби бағдар беру жұмысын ұйымдастырушы – МЕКТЕП, ақпарат таратушы – ОҚУ ОРНЫ, шешім қабылдаушы – АТА-АНА; ОҚУШЫ жұмыс жүйесі негізінде жүзеге асып отыр.

Қазіргі таңда білім берудің міндеті баланың жалпылама дамуын қамтамасыз ету ғана емес, ең бастысы оларды жастай өз қабілетімен қызығушылығына қарай белгілі бір мамандыққа арнайы бағыттай білу. Мектеп пен ата-ана арасында, кәсіптік және жоғары оқу орындарымен тығыз қарым-қатынас орнатуда жүйелі жұмыстарды өткіземін. Мысалы: «Үндестік жобасы» аясындағы ашық есік күні өткізіледі. Біздің мектебімізде жолға қойылған жұмыстардың бірі кәсіби бағдар беру болып табылады. Оқушыларға кәсіптік дұрыс бағыт-бағдар беру

мақсатында кәсіпорындарға экскурсия жасау, жергілікті оқу орындарының ұйымдастыруымен өткізетін ашық есік күндеріне қатыстыру, оқу орындарынан кәсіптік бағдар бойынша арнайы мамандарды шақыру іс-шараларын ұйымдастырамын. Пәнді оқыта жүріп, әр оқушының мамандыққа деген икемділігін анықтауға болатынына көз жеткіздім. Өз кәсібін таңдай білетін білім алушының бойында патриотизмді сезімді қалыптастыру пән мұғалім ретіндегі менің тікелей міндетім болып табылады. Және оны жүзеге асыру барысында, «Менің кіші Отаным» жас тарихшылардың интеллектуалды байқауының жеңімпаздары өлкелік тарихты мақтанышпен дәріптейді. Патриоттық сезімді қалыптастыруда «Амангелді Имановтың 150 жылдығы» мерейтойы қарсаңында өткізілген «Алау» әскери- спорттық байқауына қатысып, жүлделі орындарды иелендік. Отандық тарихты білу дүниетанымдық ой өрісті кеңейтуге, белсенді азаматтық позиция және ұлттық тарихи сананы құруға көмектеседі. Бұл жұмыстардың барлығы пәнді оқытуда баланың бойында ұлттық адами құндылықты шыңдайды. Өз сабақтарымда тарихи дағдыны

Білім алушылардың білімін бағалауда өткен тарихқа деген шынайы көзқарастарын қалыптастыру үшін, ПТМС талдауы, КӨМҚ талдау кестесі, ИДЕАЛ талдау кестесі жоғары тарихи ойлау дағдыларын дамытуда, негізгі әдістердің бірі болып табылады. Нәтижесінде, тарихи интерпретация, ой қозғау, тұжырымдау, саралау, сыни талдау, болжам жасау т.б дағдыларды меңгеру арқылы өмірге икемделу дағдысы қалыптасады. Бұл икемділігі мамандықты дұрыс таңдау арқылы, болашаққа деген бағдарын айқындайды.

Қортындылай келе, пәнді оқыта жүріп, оқушыларымды қоғамда әлеуметтенуіне үлесімді қосамын. Білім беру мен тәрбиелеуде білім алушылардың жеке тұлға ретінді қалыптасуына өміршең құндылықтарға баулимын. «Ұрпақ тәрбиесі – болашақ қоғам тәрбиесі» дей отыра, ақыл парасаты мол, мәдени ой өрісін озық етіп тәрбиелеу біздің қоғам алдындағы борышымыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында 2006-2011 жылдарға арналған кешенді тәрбие бағдарламасы
2. Источник: <https://www.tarbie.kz/24981>
3. Дереккөз: Абдилдабекова А.М. Отандық тарихты білу патриотизмді қалыптастыру факторы ретінде// <https://articlekz.com/article/11716>



«ҰБТ-ға оқушыларды дайындаудың тиімді жолдары»

*Кайрова Тамара Куангалиевна
Атырау облыстық Білім беру басқармасының
Әдістемелік орталығы әдіскері*

Білім берудің сапасын арттыру мен сапалы білім беру жүйесін құру мақсатында сонау 2004 жылдан бастап республикамызда Ұлттық бірыңғай тестілеу жүйесі енгізілді. Ұлттық бірыңғай тестілеу – жалпы орта білім беру ұйымдарында оқушыларды қорытынды аттестаттауының бір түрі. Бұл сынама – білім сапасының басты көрсеткіші. Бірыңғай тестілеу жүйесі жыл сайын жетілдіріліп келеді. Әр жылғы тест жүйесі мектепте қалай оқытып жатқандығымыз бен мектеп бітірушілердің нені талап ететіндігі арасындағы алшақтықты анықтайды. Бұл жағдай әр мұғалімнен ҰБТ-ға дайындаудың тиімді әдіс-тәсілдерін шебер меңгеруді талап етеді. Бүгінде тарихты оқытудағы басты мақсат – дүниежүзілік дамудағы адамзаттың орны ерекше екендігін, ол жасаған бүкіл әлемдік құндылықтарды білетін, олардың өз Отаны - Қазақстанның дамуы үшін ынталы, жан-жақты жетілген, өзінің қоғамдағы орнын түсінетін азаматты қалыптастыру. Бұл міндеттің орындалуында Ұлттық бірыңғай тестілеу сынағына оқушыларды жан-жақты дайындау үлкен роль атқарады.


Түлектердің соңғы жылдары Ұлттық бірыңғай тестілеу бойынша көрсеткіштері төмендігі – білім саласындағы мәселелердің бірі. Бұл мәселе – Атырау өңірінде де белең алып отыр. Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу шарттары жыл сайын өзгертілуде. Былтырғы оқу жылында ҰБТ-2022 қорытындысы бойынша тек шекті деңгейге өте алмағандардың ең жоғары проценті бойынша «ерекшеленген» үш облысты министр ерекше атады, – ол Маңғыстау, Түркістан және Атырау, осы аумақтарда бұл көрсеткіш 38-ден 35,4-ке дейін ауытқиды. Сондықтан ҰБТ –ға дайындық жұмысын күшейту – біздерде оқу жылы басталған уақыттан бастап қолға алынған болатын. Әр маманның қай жұмысты жасаған кезде өзіндік әдіс-тәсілдері болады. Менде осы жұмысқа қатысты тәжірибеде жүргізіп отырған жұмысым туралы, Ұлттық бірыңғай тестке дайындауда қолданған тәжірибемен бөлісіп,

ортаға салғым келеді.

Осы бағытта жоспарланған алғашқы отырыс – диагностикалық кезең, өткен оқу жылындағы Ұлттық бірыңғай тестілеу көрсеткіштерін, сараптама деректерін жинап, танысумен басталды. Осы деректердің ішінде қазақстан тарихы пәнінен ең төмен ұпай жинаған мектептердің диаграммасы жасақталды. Ары қарайғы жыл бойындағы жұмыстың ең басты дереккөзі – осы сараптама дерегі болды.

Алғашқы отырыс қала бойынша 11 сыныпқа сабақ беретін пән мұғалімдерінің бас қосуы. Жиын кәсіби сұхбат түрінде өтті, қатысушылар ҰБТ-дағы тарих пәні нәтижелерінің төмен болу себебін ортаға салып, диалогтық алаңға ұласты. Байқау тестілерінің сараптамалары арқылы қиындық тудырған мәселелер анықталды. Мәселелердің шығу себептері талқыланып, бұл мәселелердің белең алуын төмендегідей себептермен топтастырды:

1. Бағдарламалар мен кейбір оқулықтың сәйкессіздігі;
2. Ата-ана мен оқушы дайындығы;
3. Пән мұғалімінің жауапкершілігі.



Бұл бас қосуда практик мұғалімдермен ақылдаса келе, оқушыларды ҰБТ-ға дайындауда мынадай міндеттер қойдық:

1. Оқушыларды 100 пайыз оқу үлгеріміне талаптандыру;
2. Мәнмәтінмен жұмыс жасау, хронологиялық даталармен және картамен жұмыс жасау дағдысын күшейту, ең бастысы айтылым дағдысын, өз ойын білдіретін тапсырмаларға көбірек көңіл бөлу;
3. Оқушының тұлғаларды жеңіл меңгеруі үшін тақырыптарды тірек-сызба, кестелер, мысалдар арқылы түсінуіне жағдай жасау.
4. Оқушылар сабақта алған білімдерін өмірде қолдана білу дағдысын

дамыту;

5. ҰБТ-ның сапасын және орташа ұпайын жоғарылату.



ҰБТ-ға дайындық жүргізу мақсатында тарих пәні мұғалімдерінің кезекті бас қосулары – **практикалық кезеңдермен** жалғасты, практикумдар тарих пәнінде мәнмәтінмен берілетін тапсырмаларды талдау арқылы жүзеге асты. Барысы белсенді оқыту түрлерін қолдана отырып, тарих сабағындағы күрделі контекстік мәнмәтіндер талдауын жүргізумен жалғасты. Дәлірек айтқанда, тарих сабағында оқушыларға мәнмәтінмен берілетін тапсырмаларды беру арқылы логикалық ойлау, зеректік қабілетін дамыту жолдары қарастырылды. Бұл жерде жаңашыл болам деп әдістердің біршамасын қойыртпақтап бір процесстің үстінде араластыра беру өз кезегінде белгілі бір мақсатқа жеткізе алмауы мүмкін. **«Көп әдіс емес, дөп әдіс керек»** – деген еді бір мұғалім. Мен де осыған қосыламын. Жүргізілген жұмыстардың бірегейіне тоқталып өтсем, бір практикум кезінде аудиториядағы орындықтарға, тақта бетіне, жиһаздарға мәнмәтіндер мен олардың жауабы шашыраңқы ілініп, сұрақтары мен жауаптарын сәйкестендіру арқылы тапсырмалардың мазмұны, қай сыныптың қай тақырыбында қамтылатындығы талданды. Қандай жұмыс түрі ұйымдастырылған ҰБТ-ға дайындық жүргізу мақсатында келесі бас қосуларда оқушылардың есте сақтау қабілетінің дамыту үшін белсенді оқытуда тиімді тәсілдерін « Мен бастаймын, сен жалғастыр», «Үндеме» тәсілі (топтарға сұрақ қойылады, жауабын үндемей парақтарға жазады), «Дұрыс, бұрыс» , «Қателескен мұғалім» (мұғалім мәнмәтінді оқу барысында қате жібереді, сондықтан оқушылар асқан қызығушылықпен мәтінді қалт жібермей тыңдайды) пайдалану арқылы дайындық жұмыстары жалғасын тапты.

3 – кезең анықтаушылық, жылдық жоспар бойынша барлық өтілген

жұмыстар пысықталуда. Тақырыптар бойынша бақылау тесттері: Жабық тест, тіке жауап тест, анықтау тест, сәйкестік тест, толықтыру тест түрлері жүргізілуде.

Тест тапсырмалары қазақстан тарихы бойынша Мемлекеттік білім беру стандартына сай құрылды. Кейбір жекелеген сұрақтарды қалай тез орындауға болатынын талдап түсіндіреміз. Бұл жерде ең бастысы сұрақты асықпай, түсіне оқуға көңіл бөлінуі қажет. Мониторингте оқушылардың ұпайлары салыстырылып отырады.

Алдағы уақытта Ұлттық бірыңғай тестілеуде тарих пәнінен көрсеткіш ілгерілейді деген сенімдеміз.

Ел болашағы - білімді жастардың қолында, сол себепті білімді ұрпақ, жеке тұлға қалыптастыру-біздің ең басты мақсатымыз болғандықтан, қашанда үздіксіз білім бере аламыз деп сендіруге болады.



«Тарих сабағында білім алушылардың өмірлік дағдысын қалыптастыру»

*Касенова Шынар Слямкановна
Астана қаласы, №81 «Astana English School»
халықаралық мамандандырылған гимназия,
тарих пәні мұғалімі*

Тақырыпты ашуда халықаралық мектеп талабы бойынша білім беру үрдісінен өз тәжірибеммен бөліссем деймін.

Алдымен ХБ мектептері ерекшелігіне тоқтала кетсем.

Халықаралық Бакалавриат (IB) мақсаты – мәдениеттер арасындағы өзара түсіністік пен қадірлестікті дамыту арқылы жақсы және бейбіт әлемді құруға көмектесетін ізденімпаз, білімпаз және қамқоршы жас азаматтарды дамыту.

Осы мақсатта халықаралық білімді және жан жақты бағалау жүйесін ұсынатын бағдарламаларды дамыту үшін ұйым мектептермен, үкіметтермен және халықаралық ұйымдармен жұмыс жасайды.

Бұл бағдарламалар дүние жүзі бойынша оқушыларды басқа адамдарды да олардың ерекшеліктеріне қарамай дұрыс болуы мүмкін деп санайтын белсенді, мейірбан және өмір бойы оқуға бейімді болып қалыптасуына ынталандырады.

ХБ оқушысының үлгісі

Барлық IB бағдарламаларының мақсаты халықаралық тұрғыда ойлай алатын, адамзаттың ортақ мәселесін ұғынатын, жер шарын қорғауға белсенді қатысатын және бейбіт әлемді қалыптастыратын ұрпақты дамыту.

IB оқушылары:

ІЗДЕНІМПАЗ –мәселелі зерттеу мен зерттеуді жүргізу дағдыларын дамытып, біз әуесқойлығымызды арттырамыз. Өзіміз жеке және басқалармен бірігіп қалай оқу керектігін білеміз. Біз ынтамен оқимыз және өмір бойы оқуға деген сүйіспеншілігімізді қолдаймыз.

БІЛІМДІ – біз әр түрлі пәндерді оқу арқылы концептуалды түсінігімізді дамытамыз және қолданамыз. Біз жергілікті және жаһандық мағынаға ие идеялар мен мәселелерді қарастырамыз.

ОЙЛАНҒЫШ - біз күрделі мәселелерді талдау және оларға

жауаппен қарау үшін сыни тұрғыдан ойлау және шығармашылық ойлау дағдыларын қолданамыз. Біз негізделген, этикалық шешімдерді шығаруда ниет білдіреміз.

БАЙЛАНЫСҚА БЕЙІМДІ – біз бірнеше тілдер және түрлі жолдар арқылы өзімізді қарым-қатынаста сенімді әрі шығармашылық тұрғыда көрсетеміз. Біз басқа адамдар мен топтардың көзқарастарын зейін салып тыңдай отыра, тиімді ынтымақтаса жұмыс атқарамыз.

ҰСТАМДЫ – біз адалдық пен әділдік сезімдерін басшылыққа ала отырып, адам абыройы мен құқықтарына құрметпен қарап, дұрыс қадамдар жасаймыз. Біз өз әрекетіміз бен оның салдарларына жауапкершілік аламыз.

АШЫҚ ОЙЛЫ – біз өзіміздің мәдениеттеріміз бен жеке тарихтарымызды, сонымен қатар басқалардың құндылықтары мен дәстүрлерін сыни тұрғыда бағалаймыз. Біз әр түрлі көзқарастарды іздейміз әрі бағалаймыз және тәжірибе арқылы өсуге тырысамыз.

ҚАМҚОРШЫ – біз тілектестік, мейірім және құрмет көрсетеміз. Біз қоғамға қызмет етуге бейімдіміз және басқалардың өмірі мен қоршаған ортаға жағымды өзгерістер енгізуге әрекеттенеміз.

ТӘУЕКЕЛШІЛ - біз белгісіз жағдайларға мұқият және батылдықпен қараймыз; біз жаңа идеялар мен инновациялық стратегияларды зерттеу үшін жеке әрі бірлесе отырып жұмыс жасаймыз. Біз мәселелер мен өзгерістер туындаса да тапқырлық пен сабырлық танытамыз.

ҮЙЛЕСІМДІ –біз өзіміз бен басқалардың өмірін жақсарту үшін, өмірдің интеллектуалды, физикалық және эмоционалды сияқты түрлі салаларын үйлестірудің маңыздылығын түсінеміз. Біз басқа адамдармен және қоршаған ортамен өзара тәуелді екендігімізді мойындаймыз.

ТАЛДАҒЫШ - біз жеке идеямыз бен тәжірибемізді, әлем туралы ойымызды терең ойлана қарастырамыз. Біз оқуымыз және жеке дамуымызды қолдау үшін күшті және әлсіз жақтарымызды түсінуге талпынамыз.

ІВ оқушысының моделі әлемдік ХБ ұйымының мектептерінде қабылданған 10 атрибутты ұсынады. Біз осы атрибуттар және оған ұқсас басқа да атрибуттар, жеке адамдар мен топтарға жергілікті, ұлттық және әлемдік қауымдарының жауапты мүшелері болуға көмектесетініне сенеміз.

Мәселелі зерттеу арқылы оқыту және оқу

Мәселелі зерттеу, оның кеңірек алынған мағынасында түсінудің тереңірек деңгейіне бару үшін қолданатын процесс болып табылады. Мәселелі зерттеу спекуляция, зерттеу, сұрастыру және байланыстырудан тұрады. ІВ-дің барлық бағдарламасында мәселелі зерттеу әуесқойлықты дамытады және сыни тұрғыдан ойлау мен шығармашылық ойлауды дамытады.

МҮР ғаламдық мәнмәтіндерде концептуалды түсінікті дамыту арқылы жеке адамдар мен қоғамдардағы маңызды мәселелі зерттеуді құрылымдайды.

Оқытушылар мен оқушылар мәселелі зерттеудің идеясын дамытады және пәнді зерттеу үшін мәселелі зерттеу сұрақтарын қолданады.

Мәселелі зерттеу арқылы оқушылар арнайы пәнаралық және пәндік оқыту бағыттарының дағдыларын дамытады.

Концепция бұл «үлкен идея» - маңыздылығы белгілі бір шығу тектерімен, зерттеу тақырыбынан немесе белгілі бір уақыттағы орыннан тыс тарайтын қағида немесе термин болып табылады. Концепциялар оқушылар үшін жеке адамдар мен қоғамдардың маңыздылығын зерттеуге қажет құралдарды ұсына отырып, мәселелер мен жеке, жергілікті және жаһандық маңыздағы идеяларды мәселелі зерттеудің жолын оқушыларға ұсынады.

Оқыту мен үйренуге арналған ғаламдық мәнмәтіндер

Ғаламдық мәнмәтіндер оқуды ортақ адамзат өмірі мен планетаға бөлісе қамқоршылық етуді өздігінен және ортақтаса мәселелі зерттеуге бағыттайды. МҮР-дағы жеке адамдар мен қоғамдар келесілерді мағыналы түрде зерттей алады:

- Идентификациялар және қарым-қатынастар
- Уақыт пен кеңістікке бағдар
- Жеке және мәдени айқындау
- Ғылыми және техникалық инновация
- Жаһандану және тұрақтылық
- Әділдік және даму.

Оқыту бағыттары

МҮР-дегі барлық юниттері оқушыларға ATL дағдыларын дамыту және тәжірибеде қолдану мүмкіншіліктерін ұсынады. ATL дағдылары пәндік топтың мақсаттары мен міндеттерін орындауда оқушыларға құнды

көмекті ұсынады.

ATL дағдылары халықаралық білім бойынша ІВ жалғасымын қамтитын бес категорияға топталған. ІВ бағдарламалары сыныпта және сыныптан тыс жерде таныстыруға, тәжірибеде қолдануға және жетілдіруге болатын әрбір категорияның бөлек дағдыларын анықтайды:

Ойлау дағдылары;

Әлеуметтік дағдылар;

Байланысқа бейімділік дағдылары;

Өзін-өзі басқару дағдылары;

Зерттеу дағдылары.

Жақсы құрастырылған оқу іс-әрекеттері мен бағалаулар ATL дағдыларын тәжірибеде қолдану және көрсету үшін оқушыларға үлкен мүмкіндіктерді ұсынады. МҮР-дің әрбір юниті оқыту мен үйретуге бағытталған және сол арқылы оқушылар өз қабілеттерін көрсете алатын ATL дағдыларын анық айқындайды. Қалыптастырушы бағалаулар жеке дағдыларды дамыту бойынша маңызды фидбэкті ұсынады, және көптеген ATL дағдылары пәндік топтардың міндеттеріне негізделген қорытынды бағалауларда жетістіктерін көрсетуде оқушыларды қолдайды

Енді әр дағдының өзіндік ерекшелігіне тоқталсам:

Білім алушылар өзара әрекеттесу арқылы қалай қарым-қатынас жасайды?

Өзара әрекеттесу арқылы ойлар, хабарламалар және ақпараттармен алмасу.

Мағыналы кері байланыс беру және қабылдау.

Әртүрлі аудиторияда өзара әрекеттесу үшін әртүрлі айтылым әдістерін қолдану

Ой және хабарламамен бөлісіп, мұғалім және құрдастарымен мәмлеге келу

Әр түрлі цифралық орта және медианы қолдана отырып, әріптестер және эксперттермен ынтымақтасу.

Бұл дағды өмірде жеке тұлғаны қоғаммен жақындастыруға, көпшілік арасында еркін сезінуге, өз ойымен бөлісе білуге, жасалынған жұмысқа аз да болса өз үлесін сезінуге үйретеді. Бұл дағды қазіргі адамзат қоғамындағы ең керек тәжірибе деп санауға болады. Бұл дағды жұптық жұмыстан бастап топтық, ұжымдық жұмыстарда қалыптасады. Жұмыстар қалыптастырушы және қортынды тапсырмалар орындауда

қолданылады. (Презентация)

Білім алушылар қалай сыни ойлай алады?

Сыни ойлау дағдылары

Сұрақтар мен идеяларды талдау және қорытындылау.

Мәселені анықтау үшін зейінді мұқият қадағалауға жаттықтыру.

Дәлелді тұжырымдау үшін тиісті ақпарат жинау және ұйымдастыру.

Тұрақсыз болжамдар мен қате түсініктерді тану.

Деректерді түсіндіру.

Дәлелдемелер мен дәлелдерді бағалау.

Ұсыныстарды тану және бағалау.

Саналы және жалпылама тұжырымдар жасау.

Жалпылау мен қорытындыларды сынақтан өткізу.

Жаңа мәліметтер мен дәлелдерге негізделген түсінуді қайта қарау

Тәуекелді бағалау және басқару

Идеяларды әртүрлі тұрғыдан қарастыру.

Бір-біріне қайшы және қарама – қарсы дәлелдерді дамыту.

Күрделі тұжырымдамалар мен жобаларды олардың құрамдас бөліктеріне талдап, жаңа түсінік қалыптастыру үшін оларды синтездеу.

Әр түрлі шешімдерді ұсыну және бағалау.

Үрдіс пен болжам мүмкіндіктерін анықтау.

Жүйенің кемшіліктерін жою.

Жүйелер мен қосымшалардағы кемшіліктерді жою.

Сыни ойлауды дамыту барысында эссе жазғызу өз тәжірибемде жиі қолданылады. Эссе қорытынды жұмыс болғандықтан, эссе жазу элементтерін қалыптастырушы тапсырмаларда жиі қолданамын. «3 аргумент 3 дәлел» «ПТМС» әдістері сыни ойлауды дамытуға жақсы көмектеседі. (презентация)

Зерттеу дағдысы.

Ақпаратты табу, түсіндіріп беру, пайымдау және құрастыру

Деректерді жинау, жазу және тексеру.

Ақпарат алу және басқаларды ақпараттандыру үшін ақпаратқа қол жеткізу.

Әр түрлі ақпарат көздері арасында байланыс орнату.

Ақпаратқа қол жеткізу, өңдеу және еске түсіру кезінде жеке сенсорлық оқытудың артықшылықтары мен шектеулерін түсіну

Ұзақ мерзімді жадты дамыту үшін есте сақтау әдіс-тәсілін қолдану

Ақпаратты әртүрлі форматта және платформада ұсыну.

Шешімді анықтау және хабардар ету үшін мәліметтерді жинау және талдау.

Мәліметтерді қайта өңдеу және нәтижені баяндау.

Ақпарат көздері мен сандық құралдарды олардың нақты міндеттерге сәйкестігі негізінде бағалау және таңдау.

Технологиялық жүйелерді түсіну және қолдану.

Анықтамалар мен дәйексөздер жасау, ескерту/түсіндірмелерді қолдану және танылған шартты белгіге сәйкес библиография жасау.

Аталған дағды зерттеу жұмыстарын орындауда дамиды. Жеке, жұптық, топтық болып та зерттеу жұмыстарын жүргізуге болады. Жеке жұмысқа 6-сыныптар үшін «Менің шежірем-менің құндылығым» атты қорытынды зерттеу жұмысын мысалға алғым келеді(презентация) Әр оқушы өзінің шығу тегін зерттеу арқылы, өз шығу тегінің шағын шежіресін жасайды.

Ендеше осы аталған дағдылар тарих пәні арқылы әр оқушының жеке тұлға, әрі қоғам мүшесі ретінде қалыптасып, дамуына тигізер ықпалы зор.

Қосымша ресурстар

Оқытушыларға арналған оқу орталығы (<http://occ.ibo.org>).

МҮР бойынша ІВ дүкені (<http://store.ibo.org>) табуға болады.



«Тарих сабақтарында оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың шарттары мен талаптары»

*Нұрмағанбет Гауһар Шағырбайқызы
Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы
«№19 мектеп-гимназиясы» КММ
Тарих-құқық негіздері пәні мұғалімі*

Өзіндік жұмысты ұйымдастырудың негізгі шарттары мыналар:

- мұғалімнің нақты тапсырмалар беруі;
- жұмысты орындаудың уақытын белгілеу;
- мұғалімнің басқаруымен оқушылардың дербестігінің өзара байланысы-олардың жұмысты өз еркімен және қолдарымен істеу, оған әсер ететін мотивтер;
- өзіндік жұмыс барысында орындалатын тапсырмалардың мазмұнын оқушы түсінуі керек;
- оның орындалуы жайлы оқушыларға нұсқау беру керек;
- жұмыстың орындалуын қадағалау керек;
- өзіне-өзі талдау жасау, байқау;
- оқушылардың жұмысын тексеру, қателерін анықтау.

Өздік жұмыстар ұйымдастыруда мынадай талаптар орындалуы қажет:

1. Өздік жұмыстың мазмұны бағдарламаға қойылатын талаптарға сәйкес келуі керек;
2. Оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға тиісті;
3. Өздік жұмыстар түрі және мазмұны жағынан әртүрлі болуы керек;
4. Әрбір өздік жұмыс тексеріледі және бағаланады;
5. Өздік жұмысты тек қайталау кезінде ғана жүргізбей, сабақтың барлық кезеңдерінде, орынды жерінде өткізу керек.

Оқушының өзіндік әрекетінің нәтижесінде оның бойында мынадай қасиеттер қалыптасады:

- 1.Өз бетінше ойлау біліктері мен ізденімпаздылығы.
- 2.Оқуға деген қабілетінің артуы.
- 3.Берілген білімді игеру ғана емес, оны жаңалап және тиімді

игеру жолдарын түсіне білу ниеті.

4.Басқа оқушының түсіндірмелеріне сын көзбен қарау.

5.Өз ойының дербестігі.

Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру түрлері.

Оқушылардың дербестігінің даму дәрежесіне қарай, олардың өздігінен істейтін жұмыстары репродуктивтік және шығармашылық болып екі топқа бөлінеді. Репродуктивтік жұмыстарға оқушылардың дайын үлгіге еліктеу негізінде жасайтын жұмыстары (жай жаттығу, көшіріп жазу, мұғалімнің берген сұрақтарына кітаптан жауап беру, берілген жоспарға сәйкес оқулықтағы мәтінмен жұмыс істеу т.б.) жатады. Шығармашылық жұмысқа оқушылардың өздігінен шығарма, баяндама, реферат, пікір жазу, модельдер т.б. жатады. Репродуктивтік және шығармашылық жұмыстар өзара байланысты болады, біріншісі екіншісіне ауысып отырады. Төртінші топқа – мұғалімнің тапсыруынсыз: міндетті түрде емес, оқушылардың өз еркімен, ықыласымен жасайтын жұмыстары жатады: қосымша әдебиеттерді оқуы, ғылыми үйірмелер мен ұйымдардың жұмысына араласып, байқау, олимпиадаларға қатысуы, қоғамдық пайдалы жұмыстарға, үгіт-насихат, көпшілік мәдени-ағарту, өлкетану жұмыстарымен шұғылдану т.б.

Тарих сабақтарында өзіндік жұмыстар ұйымдастырудың маңыздылығы

Оқушылар өздігінен жұмыс істей білуі үшін, алдымен, мұғалімнің берген үлгісіне қарай еліктеу негізінде қарапайым тапсырмалар орындайды. Мұндайда жұмыстың мазмұнын жасау әдістерінің бәрін мұғалімнің өзі айтып береді, ал оқушы тек орындаушы ғана. Ал егер мұғалім оқушыға бәрін өзі айтпай, бұрын алған білімдерін қолдануға лайықты жағдайлар туғызатын болса, сол кезде оқушы өздігінен ізденіп, жаңа міндеттерді шешуге тырысады. Сондықтан мұғалім оқушылардың өздік жұмысын ұйымдастырғанда, алдымен оларды өздігінен жұмыс істеуге дайындайтын жаттығулардан бастап, кейін мұғалімнің көмегімен жасайтын жартылай дербес, ең соңында толық өздігінен жасайтын жұмыстарға үйрету қажет. Сонымен өзіндік жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырған оқушы өз бетімен еңбектеніп, терең білім алуға қабілетті, саналы, жауапкершілігі мол тәрбиелі адам болып қалыптасады. Біздің алдымыздағы негізгі міндетіміз де осы, Қазақстан

Республикасының саналы өз қабілеттерімен дербес жұмыс істей алатын білімді тәрбиелі азаматын тәрбиелеу.

Қазақстан тарихынан өзіндік жұмыс түрлері

1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс

- 1.«Қазақ» газетіне жарияланған Ә.Бөкейхановтың мақаласы.
- 2.Онда автор қай соғыс туралы пікірін білдірді?
- 3.1907-1912ж.ж.Қазақстанға қанша адам келіп қоныстанды?
- 4.1913ж.өзінде : «Қазақ ұлтының өмір сүруінің өзі проблемаға айналды»-деп жазған кім?
- 5.Көтерілістің негізгі себептері.
- 6.Көтеріліске түрткі болған негізгі фактор.
- 7.Патшаның маусым жарлығында не айтылды?
- 8.Түркістан мен Дала өлкесінен қанша адам алу көзделді?
- 9.1916ж.20 шілдеде Түркістан өлкесінің ген-губер-ры болып кім тағайындалды?
- 10.1916ж.23 тамыздағы Куропаткиннің құпия бұйрығында не туралы айтылған?
- 11.Көтеріліске шыққан халық бірінші кезекте нені қалпына келтірді?
- 12.Дала ақсүйектерінің 9 өкілі хан көтерілген уездер.
- 13.Хан және 4 қазы сайланған Ақмола облысының болыстары
- 14.Болыстық басқару жүйесі жойылып,қандай лауазымдар тағайындалды?
- 15.Көтеріліске шыққан халық күш біріктіру қажет екенін түсінген,Верный уезінің көтерілісшілері қандай уездердің көтерілісшілерімен бірікті?
- 16.«Қазақ секілді іргелі жұрт өзгелер қатарында соғыс майданында қару-жарақ асынып, мемлекетті қорғауға лайық еді,қатарда жоқ қара жұмысқа байлануын кемшілік санаймыз»-деп жазған кім?
- 17.«Тыңдаңыздар,қан төкпеңіздер,қарсыласпаңыздар!»-деп жазған кімдер?
- 18.1916ж. қозғалыс қамтыған аймақтар.
- 19.Қозғалыстың басты күші.
- 20.Қазақтарды қолдаған өзге ұлттар.
- 21.Казактардан жазалау отрядтарын ұйымдастырып,оларға винтовкалар мен патрондар жіберген Жетісу ген-губ-ры
- 22.Жазалау орядтарының жанынан уездік қалаларда қандай соттар

құрылды?

23. Жетісу орталығының ірі шайқас болған жерлері.

24. Жетісудағы басшылары.

25. Түркістан өлкесінде жазаланған адамдар саны.

26. Жетісуда көтеріліс жасаған ауылдардың қанша халқы Қытайға ауып кетуге мәжбүр болды?

27. Көтерілістің мейілінше ұзақ әрі табанды болған орталығы.

28. Торғай уезінің қыпшақ руының көтеріліске шыққан қазақтары кімді хан етіп сайлады;

29. Ол кімнің ұрпағы еді?

30. Торғай көтерілісінің ерекшелігі неде?

31. Амангелді құрған сарбаздардың саны қаншаға жетті?

32. Қазан айының соңында А.Иманов бастаған 10 мың көтерілісші қай қаланы қоршады?

33. Көтерілісті талқандау үшін патша үкіметі кімді жіберді?

34. Партизандық күрес әдісіне көшкен жерлер

35. Амангелдінің серігі, атақты мерген.

36. Торғай орталығының ірі шайқастары болған жерлер.

37. Торғай өңірінен жазаланған адамдар саны.

38. IV Мемлекеттік Думаның мінберінен жазалаушыларды әшкерелеп, патша үкіметін және Түркістан мен Дала өлкесінің отаршыл әкімшілігін сынға алған кім?

39. Қостанай социал-демократиялық ұйымдарын құрушылардың бірі, публицист, «Қарабалықтағы оқиғалар туралы сөз» деген үнқағазын шығарған.

40. Торғайда көтерілісшілерді соғыс өнеріне үйретіп, өзі жазалаушыларға қарсы шайқастардың бірінде қаза тапқан.

41. Қозғалыстың Қарқара ошағының ұйымдастырушыларының бірі.

42. Көтерілісшілер жағында шайқасқан кәсіпкердің қызы.

43. 1916ж. Қазақстан халқының саны қаншаға кеміді?

44. Көтерілістің жеңіліс табуының себептері.

45. Боралдай асуында дарға асылған Жетісудағы көтеріліс басшысы.

46. Абақтығы қамалып, басқа да 12 басшымен бірге азаптап өлтірілген Қарқарадағы көтеріліс басшысы.

47. «Қырғыз-қазақ осы көтерілісте көп адамын өлтіріп, шаруасын күйзелтсе де, келешекке қандай ел екенін білдірді...» деп жазған кім?

4. Дүние жүзі тарихынан өзіндік жұмыс түрлері
 5. Тарих сабақтарында өзіндік жұмыстар ұйымдастырудың маңыздылығы
- Пайдаланған әдебиеттер

Пайдаланған әдебиеттер

1. Абдурахитова Озатгүл. «Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру».,// Қазақстан мектебі. № 11-12. 2005 ж. 29-30 бет.
- 2 .. Бейсембаева Зәмзия. «Өзіндік жұмыс- кәсіби біліктіліктің көзі». // Бастауыш мектеп., 2002, №5, 14 -16бет.
3. Есипов Б.П. Самостоятельные работы учащихся на уроке., Москва, Педагогика, 1961 г.
- 4.Р.Есеева «Өзіндік жұмыс түрлерінің оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытудағы ролі». // Қазақстан мектебі., 2005, №5, 22-24бет.
- 5.Қазақстан тарихы (XVIII ғасыр-1914 жыл) Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық
Н.Алдабек,Р.Бекіш,К.Қожахметұлы.Алматы «Мектеп» 2016 жыл



«Музейно - экскурсионная педагогика – инновационный метод для формирования у учащихся гуманистической ценности в жизни»

*Эбуталиева Элия Асқарқызы
Атырауская область, город Атырау
Учитель истории СШ № 24,
Педагог-модератор*

Введение

Музейная педагогика является одной из инновационных технологий в области личностного воспитания учащихся и создает предпосылки для формирования гуманистических ценностей в жизни учащихся. В современном мире идея создания условий для совместной работы учеников сегодня набирает популярность.

Все мы очень хорошо знаем, что музей является одним из носителей культуры, более близким к нашему образованию. Сохраняя и изучая, популяризируя музейные коллекции, раскрывающие разнообразие материальной и интеллектуальной деятельности человека и окружающей среды, музей формирует основу для визуального эмоционального понимания истории и современности.

Основная цель музейного образования - вовлечение молодого поколения в музей, творческое развитие личности, а также прививка к общественной жизни.

Что дает нам музейная педагогика в образовательном процессе? В своей практике преподавания истории я использую музейное образование.

Посещая музей вместе с нашими учениками, мы обогащаем наши знания на практике. У учащихся развивается любовь к научной работе. Уважение к истории начинается с рождения ребенка.

Музейная педагогика в преподавании предмета истории

Самое красивое культурно-историческое и музейно-образцовое пространство Атырауской области, где буквально каждый метр земли, каждое место таит в себе множество замечательных великих событий и достижений, позволяет использовать полученный исторический материал в учебно-воспитательной работе со школьниками.

Очень важно, чтобы любовь к Родине в жизни подрастающего

поколения стала хорошей созидательной силой для окружающего мира и для них самих. Творческий человек должен быть способен на реальные поступки, улучшающие его внутренний мир и окружающую жизнь.

Необходим "ключ" для правильного понимания сложившейся ситуации и достижения необходимого воспитательного эффекта, положительный пример для конкретных людей, таких как вы сами, которым вы можете доверять, которые сталкиваются с теми же проблемами и преодолели их. Таким "ключом" в педагогической работе школы может стать музей, деятельность которого основана на принципах музейной педагогики.

Зачем нам нужно музейное образование в школе? Это может оказать неоценимую помощь в воспитании детей, помочь ребенку стать творческой личностью, помочь ему прожить не одну свою жизнь, а сотни других жизней, включенных в сферу культуры. На этой территории нет места вандализму - интересно не разрушать, а создавать.

Цели музейной педагогики в преподавании предмета истории:

1. Развивать эмоциональную сферу детей и прививать школьникам любовь к Родине;
2. Развивать у учащихся способность проникать во внутренний мир (назначение, историю, полезность, культурное и экономическое значение) предметов и осознавать их истинную ценность;
3. Воспитывать в учениках элементы исторического сознания;
4. Предоставить ученикам конкретные знания в области истории, привить учащихся чувство национальной самобытности и любовь к истории своей родины.

Задачи музейной педагогики:

Воспитание любви к школе, уважения к учителям;

Воспитывать любовь к родине и людям, которые заботятся о ее процветании;

Формирование уверенности в себе, формирование активной жизненной позиции, способности успешно адаптироваться к внешнему миру;

Развитие творческих и организаторских способностей, позволяющих реализовать себя в соответствии со своими склонностями и интересами, раскрыть свою уникальную индивидуальность;

Формирование совместной деятельности детей и взрослых на материале музейной практики;

Освоение нового типа учебных единиц, формирование профессиональной компетентности музейного педагога;

Формирование системы критериев и механизмов оценки педагогического результата музейной педагогики.

Актуальность этого вопроса сегодня определяется особой ролью музеев в современном обществе. Музей и экскурсия являются основными средствами дополнительного образования школьников, которые позволяют им проявить познавательный интерес к истории своей страны.

Роль экскурсии в школе.

Экскурсии имеют большое образовательное значение. Они расширяют и углубляют знания учеников. Образовательные экскурсии на уроках истории дают ученикам возможность заняться научной работой.

В последние годы образовательные экскурсии все чаще используются на уроках истории. Экскурсии являются важным источником знаний. Они конкретизируют представления учеников об исторических процессах, знакомят их со средой, в которой эти процессы развиваются, с местом их действия, с памятниками материальной и духовной культуры.

Исторические экскурсии реализуют принцип иллюстративного преподавания истории и помогают накапливать конкретный иллюстративный материал.

Цель экскурсии - пробудить интерес к теме и обогатить изучаемый иллюстративный материал.

В зависимости от роли и места проведения исторических экскурсий в процессе обучения различают учебные экскурсии (для изучения нового материала), повторяющиеся и, наконец, вводные (по учебной теме).

Повторяющиеся, обобщающие и вводные руководства могут быть краткими и тематическими по содержанию.

Основным средством знакомства с местным регионом являются краеведческие экскурсии.

Это археологические экскурсии не только по музеям, но и по местам стоянок, курганам. Посещение мемориалов, улиц и площадей, осмотр памятников материальной культуры.

Учащиеся нашей школы под руководством учителей истории

подготовили такие экскурсии: "Исторические памятники Атырау", "Экскурсия по музеям нашего города", "Путешествие в Страну Великих", "Маршрут выходного дня", "Хан Ордасы Сарайшык".

Таким образом, мы выяснили, что в существующей системе форм преподавания истории школьные экскурсии играют существенную роль и являются эффективной и незаменимой формой организации учебного процесса. Содержание экскурсий имеет прямую связь с материалом, пройденным на предыдущих уроках, и в то же время идеи и идеи, полученные в ходе экскурсии, результаты наблюдений, а также собранный природный материал могут быть использованы на многих последующих уроках, а также во внеклассных работах. работа и внеклассные занятия.

Эффективное применение музейной педагогики в преподавании истории.

На уроках истории по определенным предметам я использую музейную педагогику. Например, по теме: "Сарматы" в 5 классе мы посетили музей, ученики своими глазами увидели экспонат "Золотого человека", найденный во время археологических раскопок в 1999 году в Жылойском районе в кургане Аралтоба. Раскопками руководил известный археолог, ученый, кандидат исторических наук З. Самашев. Захоронение датируется сарматским периодом, II веком до нашей эры. Ученики отвечали на вопросы. Затем они дали описание выставки. На глазах у детей мы видим, насколько они интересуются историей. Также в Атырауском краеведческом музее есть множество экспонатов, а также помещения, в которых можно проводить занятия не только в пятом классе, но и в старших классах школы. Я провел внеклассное мероприятие, посвященное Дню Победы, в Зале Великой

Отечественной войны, квест-игру "Я отведу тебя в музей...". Ученикам был предложен маршрутный лист, по которому они должны были найти экспонат и сообщить о нем. Администрация Атырауского краеведческого музея тесно сотрудничает со школой. Вместе с учителями истории они проводят конференцию и семинары.

Еще один музей - палеонтологический музей, в котором представлены находки экспедиции, проведенной специалистами музея и краеведческого общества "Мирас" в меловых горах Имангара, Аккерегешин и Актогай. Они обнаружили останки древних рыб, простейших моллюсков: радиант-кораллы, относящиеся к классу

кишечнополостных, иглокожих морских ежей, мягких моллюсков, аммонид и белемнитов, брахиопод – барахиопод и губок, а также зубы древних акул. Все эти находки заняли свое законное место в зале музея. Здесь также представлены останки мамонтов, шерстистых носорогов, примитивных туров и оленей, найденных в этом регионе.

В этом палеонтологическом музее мы проводим интегрированные уроки учителями географии, биологии.

Таким образом, музейное образование помогает улучшить качество знаний и привить любовь к истории.

Моя малая Родина. Экскурсия "Хан Ордасы Сарайшык"

Древняя городища – Сарайшык, является одним из старейших и самых священных памятников Казахстана. Сарайшык, колыбель Казахской Орды, уникальное наследие нашей независимой республики, великим достоянием казахского народа. Сарайшык - это дань уважения древним истокам и связующая нить на будущее. Сарайшык - это дань уважения мудрецам, которые жили и писали летопись нашего государства, и благодарность за возрождение забытого. Историки относят историю происхождения этого города к 13 веку. История восходит к XII веку, то есть они связывают ее с творением Чингисхана и Бату-хана.

Ученики №24 школы каждый год посещают старейшее историческое место Сарайшык, которое находится в 50 км от нашего города. Помимо экскурсий, мы также занимаемся научной работой, в рамках которой мои ученики 10-х и 9-х классов, Биман Томирис и Адиль Адай, продолжают заниматься исследовательской научной работой в этом историческом месте. Эти ученики приняли участие в городском конкурсе "Моя Малая Родина" с исследовательской работой и заняли второе и третье места. В программе по истории есть темы, связанные с сараем. Чтобы у учеников было представление об этой теме, мы проводим эти туры.

Комплекс, внесенный в список II категории, был построен в 1999 году. Одна из достопримечательностей нашего города Атырау и Атырауской области.

Каждый год туристы приезжают со всего государства и мира, чтобы увидеть историческое место, где также были похоронены семь ханов.

Структура комплекса выполняет:

1. Ханские пантеоны. У каждого из них по восемь граней, и они

достигают 17 метров в высоту. Между стенами находится памятник семи ханам, похороненным в сарае. На черном мраморе высечены имена ханов и указана дата их правления.

* Мунке Темир (1266-1282)

* Токтаж (1291-1312)

* Джанибек хан (1343-1353)

* Амир Охас (14-й), -1447)

* Касим-хан (1511-1518)

* Мамай хан (1542-1549)

* Джусип-хан (1549-1554)

2. Мечеть. Мечеть имеет длину 13 метров и ширину 6,5 метров. Мечеть полностью оборудована изнутри, установлены михрабас и минбарас. Здесь есть библиотека, в которой, помимо Корана, есть и другие религиозные книги. Каждую пятницу здесь проводится пятничная молитва. Сначала читается Коран, затем произносятся молитвы. В мечети установлены технические средства для евангелизации.

3. Музей. Музей оснащен экспонатами, представляющими историческую ценность. Они были найдены во время археологических раскопок. Планировка города Сарайчик была разработана в 14 веке.

Деятельность учеников на экскурсиях очень разнообразна. Они наблюдают за предметом, который им показывают, слушают учителей, делятся своими впечатлениями, высказывают суждения, фотографируют.

Все самостоятельные занятия учащихся на экскурсиях организуются и направляются учителем. Как показывает опыт, активные действия учеников даже на экскурсиях - лучший способ сформировать свое мировоззрение.

Заключения.

Музейная педагогика как уникальная образовательная и развивающая среда.

У каждого музея своя история и свое лицо. Краеведческий музей рассматривается не как иллюстрация к учебнику в традиционном понимании музея, не как придаток к книжным знаниям, а как самостоятельное учебное заведение, инструмент познания, целостное мировоззрение, хранилище народной памяти, норм и моральных ценностей, как "школа наглядного восприятия", как средство присвоения



знаний и культурным ценностям, как пространству деятельности, как уникальной образовательной и развивающей среде.

Местный и познавательный характер экскурсии включает в себя такие аспекты, как знакомство с историей, возникновение интереса к миру материальной культуры и формирование гражданской позиции учащихся.

Как правило, такие экскурсии носят кратковременный характер, со стационарной базой. Это позволяет совершать несколько радиальных поездок - как пешком (зимой они сочетаются с лыжными прогулками), так и на автобусах. Проведение краеведческих экскурсий позволяет сформировать фонд школьного музея, выявить способности и ориентиры личности подростка для дальнейшей совместной деятельности. Этому также способствует проведение ролевых игр, конкурсов и групповых проектов во время тура. Большое значение имеет коллективность данного занятия, общение в возрастной группе (учащиеся, родители, учителя). Это способствует созданию сплоченной команды единомышленников для дальнейшей творческой деятельности.

Ученики должны увидеть историю, почувствовать ее. Одно дело рассказать им об основных приемах ремесленнических мастерства, и совсем другое - рассказать историю своей родной страны.

Литература.

1. Глозман Е.С. Музей-мастерская и профессиональная подготовка учащихся (метод. рекомендации). Методический сборник «Школьные музеи». - М.: Изд-во ДЮЦТТ «Медведково», 1998.
2. А.Ф. Родин «Экскурсионная работа по истории», Москва, «Просвещение» 1965
3. Сборник статей «Кружковая работа по истории и обществоведению», Москва, «Просвещение» 1984
4. Герд В.А. Экскурсионное дело. – М.: Госиздат, 1928.



**«Оқушылардың туған өлке тарихына
қызығушылықтарын арттырудағы
«Өлкетану» курсының рөлі»**

*Айтказина Алтынгүл Айтказиевна
Абай облысы білім басқармасының «Облыстық
инновациялық-әдістемелік орталығы» КММ әдіскері,
тарих пәні мұғалімі*

Кез келген оқиға немесе құбылыстың болуына себепкер болатын ілмек не сылтау, дәлірек айтқанда итермелеуші мотив болатыны анық. Менің мақаламның тууына себепкер болған осы конференция болса, оның мазмұнына арқау болған оқиғалар желісі 2017 жылы «Өлкетану» курсының ресми түрде «Қазақстан тарихы» пәнінің құрамдас бөлігі болып енгізілуінен басталды деуге болады. Әрине мұндай курстар бұрында болды, сыныптар мен ұжымдар өңіріміздің елеулі жерлерін аралап көріп жүрдік. Бірақ әркімнің жеке ісі болып, экскурсоводсыз жасалған саяхат тәрізді болған сияқты... Осы мақалада «Рухани жаңғыру» бағдарламасының арқасында жүргізілген жұмыстың бір мысалдар тізбегін көрсетуді ойладым. Әрине бұл бағдарламаға көзқарас әртүрлі, бірақ оның бірқатар жағымды жақтары бар екенін де мойындауымыз керек деп ойлаймын.

Сонымен істің мән-жайына көшсек, «Өлкетану» курсының бір сабағын өткізу мақсатында бір сыныптың оқушылары (оның ішінде өз қызымда бар) және бірнеше ұстазбен бірге көптен көруге аңсап жүрген, «Сакралды Қазақстан» картасына енгізілген Абай облысы, Абай ауданындағы «Қоңыр әулие» үңгіріне экскурсияға бардық. Қызымды ерту себебім, кішкене кезінен ата-жұртты көрсем ғой деп армандайтын, әрі тарихи әңгімелер мен аңыздар тыңдағанды ұнатады. Баланың қызығушылығын байқап, әрі ата жұрттың топырағын басып, кие-қасиетін көрсін деген ой болды. Әрі өзгенің баласын апарар алдында өз баламының реакциясын да көргім келді.

Әрине сапарға шығар алдында осы қасиетті аймақта орналасқан әрі өзінің де қасиеті туралы аңыз қазақ елінен тыс та кең тараған «Қоңыр әулие» үңгірі туралы мәліметтер базасын қарап шықтық, сол жерде ғұмыр кешкен адамдармен әңгімелестік, содан түйгеніміз:

«Қоңыр әулие» үңгірі – Шыңғыстаудың сырт жағында, Шаған

өзенінің бойындағы Абай ауданы, Тоқтамыс ауылынан 18
шақырымдай жердегі Ақтас тауында орналасқан екен. Қоңыр әулие
үңгірі табиғи құбылыстың негізінде пайда болған, таудың қуысында
бірден көзге түсе қоймайтын үңгір болған екен бұрындары. Бала
шағымызда Ақтас тауына барып ойнап жүргенде сондай үңгір бар
екендігі айтылатын, бірақ барып көрмеппіз. Себебі онда кіру өте қиын,
тізірлеп кіресің, өзіңмен бірге шырақ жағып алып жүруің керек деп
айтатын үлкендер. Ал қазір «Сакральды Қазақстан» картасына енгелі
бері адамдардың кіріп-шығуына, үңгірдің ерекшеліктерін көріп-білуге
бірқатар комфортты жағдайлар жасалған. Ал сол үңгірдің ішіне кірсеңіз,
астында қасиетті, мөлдір таза, тастай суық көл бар. Бұл көлдің құдіретін
сезбеу мүмкін емес. Көлдің мұздай суы сенің тұла бойыңды бір сергітіп
береді. Адамдар ем, шипа іздеп келеді, суы көптеген ауруларға ем.
Мысалы өзіміздің Ақтөбеде тұратын нағашы апамыз бала-шағында өрт
әсерінен алған аяғындағы күйіктен әкесінің осы үңгірдің суымен емдеп
жазғанын айтатын, және де қартайған шағында бірнеше рет арнайы
келіп, буын ауруларына ем ретінде суына түсіп, және өзімен бірге алып
кеткені, сол судың шынымен де ауруына ем болғанын айтып қуанып
жүргені есімізде, Яғни бұл жерде ең бастысы сенім, сондықтан ем іздеп
немесе күш-қуат алу үшін келгеннен соң, таза ниетпен, дұрыс пейілмен
келу керек. Қоңыр әулие үңгіріне келушілер әрдайым көп болады,
өзіміздің көзімізше бірнеше автобус пен ондаған жеңіл көлікпен келген
адамдарды көрдік. Бұл бір күн ғана. Оған себеп, еміне шипа іздеп
келгендермен қатар, таңғажайып табиғатты тамашалауға келетіндер де
бар.

Өзіміздің барған саяхатымызға оралсақ, алған әсеріміз ұшан –теңіз
болды десек артық айтпаспыз. Кезінде орыс телеарналарының бірінде
«Места силы» деген хабарлар желісін көрген едім, жүргізуші әлемдегі
күш-қуат берер жерлер бар екендігін дәлелдеп көрсетіп жүретін. Осы
саяхат барысында сондай күш-қуат беретін жердің бірі осы «Қоңыр
әулие» үңгірі екендігіне көз жеткізгендей болдық. Қазіргі тілмен
айтқанда «зарядталып» келдік деуге болады

Ал қызыма келсек, осы саяхаттан кейін өткізілген «Жас тарихшы»
қалалық олимпиадасына белсене қатысып, І орын иегері атанды.
Атажұрттың рухани көмегі тиген де шығар кім білсін...

Дана Абай дүниеге келген өңірдің ен далада, инфрақұрылымы енді
қалыптаса бастаған жерінде орналасса да өзіне адамдарды «тартып»

тұратын «Қоңыр әулие» үңгіріне қатысты сөзімді былай аяқтағым келеді: қасиетті жер ретінде, туристік объект ретінде барып, тамашалау, қажетімізге пайдалану барысында мына бір дүниені есте сақтау керек сияқты, ол «Қоңыр әулие» үңгіріне жайдан жай барып, суын тасып әкетіп, болашақ ұрпаққа осы жерде кезінде керемет қасиетті үңгір болған деп отырмасақ болғаны. Сондықтан барымызды барында бағалап, өлкеміздегі қасиетті объектілердің сақталуына да назар аударсақ құба құп болар еді. Сонда болашақ ұрпаққа да «Өлкетану» курсы оқыту барысында осындай мақтанарлық жерлер бар екендігін суреттен немесе бейнефильмнен емес, көзбе-көз көрсетуге, қажет болса күш-қуат немесе ем алуына жағдай жасауға мүмкіндік сақталар еді.

Сонымен кез келген істің бастауымен қатар нәтижесі де болатыны айдан анық. Бір жыл көлемінде оқытылып келе жатқан «Өлкетану» курсы өзінің мазмұны мен қатар ұсынылуының ерекше формасының арқасында оқушыларымыз арасында танымалдылыққа ие болуына қарап, жалпы ел, өлке тарихына, ескерткіштеріне, тіпті табиғатына да қызығушылықтары сәл де болсын пайда болды деген тұжырым жасай аламыз. Бұл елімізді, өлкемізді жарнамалауға, туризм дамуына септігін тигізері анық. Себебі бір баланың өз көргенін бірнеше адамға айтуы, әлеуметтік желілер арқылы ақпарат не фотолар таратуы біршама адамдарда осылай жасауға болатындығы жайлы ой туғызуы, оларды өңіріміздегі танымал жерлерге саяхат жасауға итермелеуі мүмкін. Бұл алға қозғалыс, жаңа қадам. Басты мақсат, (әсіресе тарих пәні мұғалімдерінің) өңір оқушылары арасында өз өлкесіндегі киелі жерлер, олардың рухани және экономикалық тиімділігі жайлы мәлімет алуға, оны өзге аймақ немесе шетелдердегі осындай жерлермен салыстыру арқылы туған өлке ескерткіштерінің қолжетімділігі жайлы түсінік алуына ықпал ету болып отыр.



ТАРИХ САБАҚТАРЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Журасова Бибигул Шугаевна,
Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, Госплемстанция
жалпы орта білім беретін мектебінің тарих пәні мұғалімі*

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық саласы технологияларын меңгермейінше сауатты жан-жақты маман болуы мүмкін емес. Инновациялық технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық және де басқа көптеген адами қабілетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі — тек біліммен қаруланып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, оның мазмұнының түбегейлі өзгеруі, оның дүниежүзілік білім кеңістігіне енуі бүкіл оқу әдістемелік жүйеге, мұғалімдер алдына жаңа талаптар мен міндеттер қойып отыр. Бұдан шығатыны, ХХІ ғасырдың алғашқы жылдарының бірі — «Білім — бүкіл өміріңе» қағидасынан «Білім — бүкіл өмір бойына» қағидасына өте алатын білім жүйесінің ұйымдық құрылымдарын іздеу болып табылады. Қазіргі білім беру ісінің шарттарының бірі болып оқушының өзіне керекті мәліметті өзі іздеп табуына үйретіп, олардың өз оқу бағыттарын өзінің таңдай білуі деп есептеледі.

Білім саласына еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан – жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, жаңа идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал қазіргі заманның оқушысы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне үлкен мән береміз. Өйткені, оқытудың әр түрлі технологиялары зерттелініп, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп мектеп өміріне енуде.

Тарих ғылым және пән ретінде аса маңызды білім саласына жатады. Ол адамзат тарихын, жинаған тәжірибесін баяндайды, тарихи оқиғаларды, құбылыстарды талдай отырып, олардың біртұтас тарихи қозғалысқа жататынын түсіндіруге көмектеседі және де өз халқы мен өзге халықтардың тарихы мен мәдениетін құрметтей білу сезімін қалыптастырып, мәдени мұраны сақтауға және байытуға үлес қосуға тәрбиелейді, сонымен қатар дүниеге деген көзқарас қалыптастырып, адамзат жинаған әлеуметтік, рухани, адамгершілік тәжірибесін меңгереді.

Қазіргі таңда сабақта жаңа технологияларды тиімді пайдалану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, шығармашылық қабілеттілігін арттыратыны сөзсіз.

Оқу – тәрбие үрдісінде жаңа технологияларды енгізу мынадай кезеңдер енеді:

1. жаңа идеяны енгізу, ақпаратты іздеу;
2. жаңалықтарды ұйымдастыру, оқу-тәрбие үрдісінде жаңалық енгізулерді алғашқы байқаудан өткізу;
3. жаңалықтарды енгізу, оқу тәрбие үрдісінде инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану;
4. жаңалықтарды бекіту, оқу-тәрбие үрдісінде енгізілген жаңалықтардың нәтижесін бағалау.

Осы жаңа технологиялардың педагогикалық негізі қағидаларды:

- оқушыға ізгілік тұрғысынан қарау;
- оқушының танымдық күшін қалыптастыру және дамыту;
- оқу мен тәрбие бірлігі;
- оқушыны өз бетімен әрекет жасауын меңгерту;
- оқушының танымдық және шығармашылық икемділігін дамыту;
- барлық оқушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу.

Оқушыларда тарихи жаңа білім біліктілік, дағдыларды қалыптастыру үшін кіріспе лекциялар, оқу семинарлары, қайталау сабақтары, оқулықпен жұмыс, өзіндік жұмыстар арқылы оқу құралдары, электрондық оқулықтарын, көрнекіліктерді, техникалық жабдықтарды пайдалана отырып, тәжірибелік, зерттеу әдістері арқылы жүзеге асады. Тарих сабағының педагогикалық түрлеріне жататын, жиі қолданатын бұл мәселелік оқыту, жобалау, сын тұрғысынан ойлауды дамыту т.б. әдістер жатады. Сабақта ақпараттық технологияны пайдалану сабақтың тиімділігі мен сапасын арттырып, білім берудің табысты болуын ықпал етеді. Ақпараттық – коммуникативтік технологияны барлық деңгейде жүйелі пайдалану арқылы оқушы сабақтарда алған білімге талдау жасай біледі. Ақпаратты дұрыс таңдау жауапкершілігін қалыптастырып және өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландырады. Оқушының компьютерде жұмысты салауатты орындауы ақпарат көздерін ала білуі жеке тұлғаның қалыптасуына әсер етеді. Ақпараттық – коммуникативтік технологияларды пайдаланып өткізілетін сабақтарды жоспарлаудың талаптары: ақпараттық – коммуникативтік технологиялармен жұмыс істей білуге үйрету, тарих пәніне деген қызығушылығын туғызу, өз бетінше орындалатын жұмыстарға жауапкершілікпен қарауға, шығармашылықпен жұмыс істеуге, үйрету. Өзіндік пікір, тұжырым келтіру, салыстырмалы жұмыс істеу, тұжырымын дәлелдей және қорғай білуге дағдыландыру болып табылады. Ақпараттық технологияларды пайдаланып оқытудың артықшылықтары:

1. оқу үрдісіндегі тақырып шеңберіндегі мәліметтер көлемі кеңейеді;

2. білімге қашықтықта орналасқан әр түрлі оқу орындарында отырып қол жеткізуге болатындығы;
3. оқу жүйесіндегі көп деңгейді жетілдіруі олардың оқу сапасын арттыратындығы;
4. білім алушының өз бетінше және топпен жұмыс істеуіне мүмкіндік алатындығында;
5. білім алушының танымдық іс-әрекетінің күшеюі, өздік жұмыстарды тез орындау мүмкіндіктерінің артуы болып табылады.

Жалпы оқу процесінде компьютерлік технологияны қолдану оқушы шығармашылығын арттыра отырып, ақпарат көздерін ала білуі дара тұлғаның қалыптасуына зор үлес қосады. Компьютер оқушы үшін қоғамды, қоршаған ортаны танудың табиғи құралы болып табылады. Осы бағытта *«Thinglink.com»* электронды парақ пен немесе интерактивті плакат деп айтуға болады.

Бұл парақтың тиімдісі: бір парақ бетіне бірнеше мәліметті пайдалану болып табылады. Бұл оқушы мен мұғалім үшін өте тиімді. Себебі тақырыпқа сай электронды параққа орналастырылған тапсырмалар арқылы оқушы көп мәлімет алады. Бұл арқылы мұғалім өз сабағын түрлендіріп өткізу арқылы білім беру мен оқу процесінде орнықты, кең терең сапалы білім беруге, үйренушілердің оқу танымдық, икемділік, бейімділік және ерекшеліктеріне байланысты әр деңгейлі оқытуға, оқушылардың үйренуіне жан-жақты потенциалы жоғары және ресурсы таусылмас өзімен-өзі жетілуіне толық мүмкіндігі бар, өзінің құрылымдық элементтерін әрбір педагог жеткілікті түрде өзгертуге, түрлендіруге үлкен мүмкіндігі бар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мұхамеджанова С.Т., Жартынова Ж.Ә. Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. Алматы, 2008.
2. Бөрібаев Б, Балапанов Е. Жаңа ақпараттық технологиялар. Алматы, 2003.
3. Ахметова С.Р. Пікірсайыс технологиясын педагогикалық үрдісте пайдалану. Семей, 2005.
4. Қ.Сарбасова Инновациялық педагогикалық технологиялар. 2006 ж
5. Ғылыми әдістемелік журнал «Ұстаз» №2 (54) 2012 ж № 1(58) 2013 ж